


РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



International Taraz
Innovative Institute

Ыбырай
Алтынсарин



**«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Тараз, Қазақстан, 26-27 қараша, 2021 ж.

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ТВОРЧЕСКИЙ МИР ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА»**

Тараз, Казахстан, 26-27 ноябрь, 2021 г.

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"CREATIVE WORLD OF YBYRAY ALTYNSARIN"**

Taraz, Kazakhstan, November 26-27, 2021 y.

III-ТОМ

Тараз – 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ
INTERNATIONAL TARAZ INNOVATION INSTITUTE**

**«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
ЕҢБЕКТЕРІ**

Тараз, Қазақстан, 26-27 қараша, 2021 ж.

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ТВОРЧЕСКИЙ МИР ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА»**

Тараз, Казахстан, 26-27 ноябрь, 2021 г.

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"CREATIVE WORLD OF YBYRAY ALTYN SARIN"**

Taraz, Kazakhstan, November 26-27, 2021 y.

3-ТОМ

Тараз –2021

ӘОЖ 002

«Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық әлемі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Т.3 – Тараз, 26-27 қараша, 2021. – 191б.

«Творческий мир Ыбырая Алтынсарина» – сборник материалов **Международной научно-практической конференции**. Т.3 – Тараз, 26-27ноябрь, 2021. – с.191.

ISBN 978-601-7402-87-2

Жинаққа 2021 жылдың қараша айының 26-27 жұлдызында өткізілген **«Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық әлемі»** атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына қатысты ғылыми зерттеулер мен тұжырымдарды негізге ала отырып, «Ыбырай Алтынсарин және филология ғылымы», «Ыбырай Алтынсарин еңбектеріндегі тәрбие мен оқыту мәселелері», «Ыбырай шығармаларындағы философиялық, саяси-әлеуметтік ұстанымдар» бағыттары бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына ҚР және шетел ғалымдарының, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, институт ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы, мектеп мұғалімдері, магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстары енгізілді.

**Редакция алқасы:
Редакционная коллегия:**

Саурықов Е.Б. – ф.ғ.д., профессор – төраға; Мүшелері: Тажибаев С.Д. – э.ғ.д., профессор, Пертаева Э.Қ. – ф.ғ.к., доцент м.а., Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., доцент м.а., Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Құттымұратова Р.А. – доцент, PhD, Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., профессор, Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Ойсылбаева А.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Әбілов М.Ә.– ф.ғ.к., доцент м.а., Қазжанов Ғ.Т. – п.ғ.м., Игілікова Э.С. – аға оқытушы, Сарсенбаева М.Б. – аға оқытушы, Стамкулова Б.Ш. – п.ғ.м., Тлепова Б.П.– аға оқытушы, Семембаева Г.Ә. – оқытушы, Саржаев О.Т. – оқытушы, Байлыбеков Ғ.

ISBN 978-601-7402-87-2

ӘОЖ 81'1:81'32

«ШАҢНАМЕ» ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ЖЫРЛАУЫНДА

ИБРАГИМОВА Г.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Великий памятник восточной литературы «Шаһнаме» Фирдоуси оказал большое влияние на устную и письменную литературу народов Средней Азии. Мы знаем это от персонажей «Шаһнаме», ставших популярными и легендарными среди народов, и видим это в распространении множества легенд и стихов в сети «Шаһнаме».

Summary. The great monument of oriental literature «Shahnameh» Ferdowsi had a great influence on the oral and written literature of the peoples of Central Asia. We know this from the characters of «Shahnameh» who have become popular and legendary among the peoples, and we see this in the spread of many legends and poems in the «Shahnameh» network.

Ертеректе шығыс әдебиетінің бай мұрасынан сусындамаған, тәлім алмаған ақын-жазушылар жоқтың қасы десек те болады. Шығыс елдерінің Орта Азия халықтарымен ғасырлар бойы жалғасқан мемлекеттік, сауда-саттық байланыстары әр елдің мәдениеті мен әдебиетінде өзіндік елеулі іздерін қалдырған. Сол кезеңдерде қазақтардың көпшілігі Орта Азияның көне мәдениет, білім ошақтары – Бұхара, Самарқанд, Хиуа қалаларына барып білім алған. Осы қалалардағы атақты медреселерде қазақтан шыққан қаншама ғалымдар, тарихшы-шежірешілер, ақын-жазушылар шығыстың әдебиеті мен мәдениетін, көне ілімін терең меңгерген.

Шығыстық әдебиеттің ұлы ескерткіші Фердауси «Шаһнамесінің» Орта Азия халықтарының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіне тигізген ықпалы өте зор. Оны біз халықтар арасында таралып, аңыз болып кеткен «Шаһнаме» кейіпкерлерінен білеміз және «Шаһнаме» желісінде көптеген аңыз-әңгімелер, жыр- дастандардың таралуынан көреміз. Ал қазақ жұртына ең бірінші ауыз әдебиеті арқылы жеке-жеке сюжеттері еніп, халық арасында тарала бастады. Кейіннен эпопея тараулары аудармалар арқылы таныла бастады.

Қазақтың жазба әдебиетіне «Шаһнаме» сюжеттерін 1836-1870 жылдар аралығында алғаш аударған Ақмешіт қаласынан шыққан Ораз Молда деген кісі. Ораз молданың туған, қайтыс болған жылдары толық мәлім емес. Ол Бұхарада Көкелташ медресесінде оқып, араб, парсы, түркі тілдерін жетік меңгерген. Шығыс ақындарының шығармаларымен сусындап, байсалды білім алған. Алайда кедейліктің кесірінен оқуын жалғастыра алмай, туған еліне қайтып оралады. Ауыл арасында жүріп бала оқытады, өлең жазып аудармамен айналысады. Ол «Шаһнамені» Өткелбай деген бір бай кісінің тапсырысы бойынша аударып шығады. Ақын дастанның түркі тілдеріндегі нұсқаларын жинап, солардың ішінен «Рүстем-Сохраб» атты тарауын аударып шығады. Ораз молда дастанның үш түрлі қолжазба нұсқасын қара сөзбен қалдырады. Қара сөз арасына қысқа-қысқа бәйіттер қосып отырған. Қазіргі таңда сол үш нұсқаның біреуі ғана Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы кітапханасының ескі қолжазбалар бөлімінде сақтаулы тұр. Белгілі шығыстанушы Ө.Күмісбаев Ораз Молда аудармасын зерттей келе: «Автор шығарманың бас жағында немесе аяғында «Шаһнамені» кімнен, қайдан алғанын ескертпейді, бірақ бар мазмұныны Фердаусиден алынғаны көрініп тұр» дейді [1,61б.].

Ораз молда аудармасы жөнінде кезінде революциядан бұрын М.Сералин, кейіннен Т.Жүргенов, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Сатыбалдиев, М.Байділдаев және т.б. жазушы, әдебиетшілер баспасөз беттерінде өз пікірлерін білдірген.

Ораз молдадан кейін XIX ғасырда қазақ топырағында «Шаһнаме» тарауларынан қалам тартқан адам – Сердалы Мырзаұлы. Оның аудармасын 1901 жылы қайта көшіріп баспаға тапсырған Ноғай Молла Құсайын. Мағына жағынан Рүстемнің бейнесін суреттеген жерінен басқасын ақын өзінше жырлаған. Аударма Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы. (1901 жыл, №319 фонды, 4340 жолдан тұрады).

Бұл аудармалардан кейін «Шаһнаме» аудармасына ден қойған қазақтың белгілі журналист-публицисті, ақын Мұхаметжан Сералин (1872-1929ж. ғұмыр кешкен. Қазіргі Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Өрнек колхозында дүниеге келген). 1880 жылы Троицкідегі медреседе оқыған, кейіннен Қостанайдағы 2 кластық орыс-татар мектебін бітірген. 1919-1922 ж. «Ұшқын» газетінде қызметкер, 1922-1923 ж. Қостанай губаткомы председателінің орынбасары, 1923-1926 ж. «Ауыл» газетінің редакторы болып қызмет атқарған. Шығармаларын 1911 жылдан бастап жазған. Сералиннің журналистік қызметі екі кезеңге бөлінеді. Журналистік қызметінің бірінші кезеңіне – Қазан төңкерісінің бұрынғы «Айқап» журналында басылған мақалалары жатады. М. Сералин демократтық, ағартушылық бағыт ұстанған, ол басқарған журнал кезінде прогресшіл рөл атқарған [2, 595б.]. Осы «Айқап» журналында редакторлық қызмет атқарып жүрген кезінде «Шаһнаме» дастанының В.А.Жуковский аударған нұсқасының «Рүстем-Зораб» бөлімін қазақ тіліне тәржімалайды. Бұл аударма тікелей түпнұсқадан тәржімаланбаған. В.А.Жуковскийдің өзі бұл нұсқаны неміс аудармашысы Рюкерттің аудармасынан еркін жырлаған. Түпнұсқамен салыстырғанда дастанның тарауы біршама қысқартылып, оқиғалары жылдамдатылған. Е.А.Бертельс өзінің парсы-тәжік әдебиетін зерттеу туралы жазған ғылыми еңбегінде В.А.Жуковскийдің аудармасына наразылығын білдіреді. Аударманың түпнұсқадан әлдеқайда алшақ кеткендігін сынға алып, түпнұсқамен таныспай тұрып аудармадан аударма жасаудың қаншалықты қауіпті екендігін айтады. Ал шығыстанушы И.С.Брагинский болса «Шаһнаме» бойынша «Жуковский жасаған «Рүстем-Зораб» аудармасы – орыс поэзиясына қосылған тамаша үлес» деп бағалайды [3,5б.]. В.А.Жуковский болса досы Зейдлицке жазған хатында былай дейді: «Это поэма не есть чисто персидская. Все лучшее в поэме принадлежат Рюккерту. Мой перевод не только вольный, ни своевольный. Я многое выбросил, многое прибавил» [4, 267б.].

Сералин аудармасын «Айқаптың» 1974-1915 жылдардағы жеті нөміріне бастырады. Оның алдында аудармашының өзі үлкен кіріспе мақала жазып, оқушыларды «Шаһнаме» дастанының тарихымен, маңызымен таныстырып өтеді. Кіріспе сөзінде «Рүстем-Зораб» тарауын түпнұсқадан аудармағандығы жөнінде, шамасы келгенінше Жуковскийдің шығарған қалыбынан алыстатпай аударуға тырысқандығы жөнінде айтады.

Жоғарыда аталған аудармалардың барлығы дерлік Орта Азия халықтары арасында ауызша, жазба түрінде тараған «Шаһнаме» дастанының түрлі тараулары негізінде жасалған. «Шаһнаме» дастанының тақырыптарына арналған жүзден астам шығармалар туындаған. Шығыс әдебиетінің шоқтығы биік жұлдыздары Низами Ганжауи, Жәми, Науаи, Дехлеви, Абай Фердауси шығармасын зор ықыласпен атап өткен. Сонымен қатар Жамбыл Жабаев та «Шаһнаменің» Рүстем батыр жайлы жырын ауызша жырлап өткен. Бұған дәлел «Шаһнамені» түпнұсқадан орыс тіліне толық аударған әйгілі ақын А.Лахутидің зайыбы аудармашы Ц.Б.Банудың сөздері: «Звучные строки одного из первых поэтических переводов «Шахнаме», с которым мне довелось познакомиться, я услышала из уст казахского акына Джамбула» [5, 593б.].

«Шаһнаменің» қазақ жеріндегі нұсқалары, аудармалары жайында зерттеуші ғалымдар Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев, Ө.Күмісбаев, И.Жеменейлер өздерінің зерттеу еңбектерінде, мақаларында толыққанды мағлұматтар береді.

Қазақ даласындағы «Шаһнаме» дастанының бірде аударма, бірде қайта жырланған нұсқасы деп айтатын еңбектердің ішіндегі көркем аудармаға жататын еңбек – Тұрмағамбет Ізтілеуұлының аудармасы. Тұрмағамбет ақын қазақ шайырларынан Шығыс тақырыбына батыл барып, мәнді де мазмұнды шығармалар берген ақындардың бірі. Ол «Шаһнаме» дастанын Фердаусидің мың жылдық мерейтойының тойлануына байланысты аударды. XIX-XX ғасырдағы қазақ поэзиясының ішінен Шығыс тақырыбына жырланған көлемді туынды екендігі ескеріліп, Республика Кеңесінің Президиумы 1936 жылы ақынның елеулі еңбегі үшін оған дербес зейнетақы жариялап, жазушылар одағына мүшелікке қабылдайды [3, 48б.]. Өлең жолы 40 мың

қатар, 50 поэмадан тұратын Тұрмағамбеттің еңбегі 1961 жылы «Рүстем-Дастан» деген атпен кітап болып басылып шығады. Оқырман қауымға 70 мың данамен тараған бұл шығарма жер жүзі халықтары әдебиетінің байланысы мәселесін қараған Азия, Африка елдері жазушыларының форумы – Екінші конференциясына 1962 жылы ақпан айында Каирге апарылады.

Қазақ елінде «Шаһнамаға» деген қызығушылық еш толастаған емес. 70-ші жылдардың басында да «Шаһнаме» тарауларының тура, түпнұсқаға барабар аудармалар пайда болды. Солардың бірі 1972 жылы қазақ ақыны Б.Алдамжаров дастанның «Манушеһр» жырын жария етеді. Бұл жырда Манушеһрдің патшалық құрған кезеңі, Залдың туылуы, батырлық жорықтары бейнеленеді.

Б.Алдамжаровтың екінші аудармасы 1976 жылы тәржімаланған «Кейхүсрау жыры». Бұл ақынның алғашқы аудармасының жалғасы болып табылады. Аударма «Бижан мепн Маниже» поэмасымен аяқталады. Б.Алдамжаровтың жасаған аудармасын қазақ зерттеушілері соңғы кездердегі ең ұтымды аударма деп баға берді.

Қазақ ақын-жазушыларының «Шаһнаме» дастанының тарауларын аударумен қоса оның авторына арнаған жыр шумақтары да бар. Солардың бірі С.Мұқановтың Фердаусиге арнаған өлеңінде:

Тәжіктің бар тарихын кең қаусырған,
Бөлмеген ақын үнін ел даусынан.
Толқын болып саулаған сарқылмай сөз,
Атақты Әбілқасым Фердаусидан, –

дейді.

Сонымен қатар К.Жармағамбетовтың «Фердауси балладасы» атты туындысы қазақ әдебиетіндегі Фердаусиге арналған поэтикалық шығармалардың алғашқыларының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. –Алматы, 1994. –61б.
- 2.Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. –Алматы, 1999. – 595б.
- 3.Яна Рипкина. Предисловие к книге «История персидской и таджикской литературы. – Москва,1970. –5б.
4. Жуковский В.А. Собрание сочинений. –Москва,1902. –267б.
- 5.Фирдауси. Шахнаме. –Москва,1957. –593б.

ӘОЖ 82.056

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ АҚЫНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БОЛЫМЫСЫ МЕН ЛИРИКАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

ҚҰРМАНБЕКОВА А.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается художественная специфика национального самосознания и лирики поэтов советского периода.

Summary. The article examines the artistic specifics of the national identity and lyrics of the poets of the Soviet period.

Поэзияның бағалылығы тақырыптардың сонылығы алуандығына емес, сол жырлаған тақырыптар көркем құндылыққа ие бола ала ма – оқырман қауым соған қарайды, сонымен бағалайды. Тақырыптың төбесі де, төмені де бар. Замана биігінің шоқтығындай халық өрлеуіне белгі болар нәрлі нышандарды қазіргі ақындар қайдан тауып, қалай жырлап жүр? Осындай

үлкен сауалдардың ығында одан гөрі кішірек, бірақ мәнді сұрақтарда туындайды. Солардың бірі – ақындарымыздың бейнелеу құралдарды іздеп табудағы талаптары мен қажыр қайраттары. Тілдік ізденістер қашанда көркемдік ізденістерге саяды. Бейнелегіш құралдарға бейғам қарайтындар көп сыбағадан қағажу қалады. Іздегендер мен ізденгендер ғана олжа табады. Халық тапқырлығы тілді байыту, жаңғырту, көріктендіруге кереметтей ерекше.

Ақынның табиғи шешендігі үстіне, ананың ақ сүті сыйлаған тілмарлығы үстіне жеке басының сөздік қоры да мейлінше бай болуы шарт екені айтпаса да белгілі. Қазіргі және ежелгі халықтардың көптеген ақыны фабула мен өлшем арасын шектемейді. Сонымен қатар, ақындық тақырыпқа ерекше өлшем қоймайды. Бұдан тек қана ежелгі гректер ғана тыс тұр. Олар әрбір ақындық тақырыпқа ерекше өлшем қолданған. Соған қарамастан өлшемнің көпшілігі жалпы болып есептеледі. Философтың поэзия өнеріне байланысты тұжырымдарында келтірілген топтауларына сәйкес өз ретімен келтірсек, ақындарды үш топқа бөлген абзал.

Біріншісінің табиғи дарыны өлеңді жазып, келісті оқуға қабілеті бар: олар поэзияның көптеген түрінде, не қайсыбір жеке түрінде бейнелілікке, тамаша теңеулер құруға керемет бейім. Бұл ақындар қандай болғанда да өлең өнерінің сын-сипатымен онша таныс емес, тек аса алғырлығымен бейімділігі арқасында жырлары үшқыр, жүрекке жылы тиіп жатады. Бұл ақындардың туындылары мүлде кемеліне келмегендіктен немесе өнерде берік қоныс теппегендіктен, шын мәніндегі екі ой қорытындысынан үшінші қорытынды туындататындар қатарына жатпайды, тек олардың жалпы поэзиямен айналысатынына қарап, екі ой қорытындысынан үшінші қорытынды туындадатындарға қосқанның жөн-жосығы келеді.

Екінші топтағы ақындар – өлең өнерімен толық таныс: қай тәсілді таңдамасын олар қағиданың да, бейнелеу құралының да қайсысына болсын жетік келеді. Мұндайларды екі қорытындыдан үшінші қорытынды жасайтын ақындар сапына толық жатқызуға болады.

Үшіншілердің қатарына ақындар мен алғашқы екі топтағылардың шығармаларына еліктейтіндер жатады. Олар бейнелеу мен теңеуде әлгілердің ізденістерін дамытып отырса да поэзияның қағидаларына онша қанық емес. Осындай ақындарда қателіктер мен мүлт кетулер жиі болып тұрады. Үш топқа жататын ақындар шығармалары табиғи дарын мен немесе арнайы жаттығу жағдайында туындауы мүмкін. Жоқтау жазуға икемделіп, төселген адамды кейде жағдай сатира немесе басқа поэзия түрлерін де жазуға мәжбүр етеді. Сондай-ақ өнерді зерттеп, белгілі поэзия түрін меңгеріп басқаларға немқұрайды қарамайтын жанды, ерекше себептерге байланысты – өзі білмейтін түрде жазуға сыртқы не ішкі жағдай итермелейді. Дегенмен ғажап поэзия еркіндікте тұмақ. Одан әрі ақындар өлең жазуда кемелденгендігімен не баландығымен ерекшеленеді: бұл құбылыс ақын ойының әсерімен бірге, не оқиға өрбітуімен, не өлең тақырыбына байланысты пайда болады. Ал алғашқылармен салыстырғанда ақын идеясы өте-мөте пайдалы, кейде залалды болуы мүмкін, өйткені, қажетті психологиялық шарт кейде басым, кейде тіпті жоқ болмақ. Дегенмен айтып отырған тұжырымда бұған қатысты майда-шүйдеге мән бермегеніміз дұрыс, қалай болғанда да, бұл этика мен физиологиялық жай күй, оның жеке салалары туралы ойларда анық айтылған. Өлең тақырыбына мән бергенде кейде ұқсас заттарды теңегенде ұзақ сонарға түсіп кетеміз. Ал басқа жайда өзінен-өзі көрініп тұр ғой. Мұдай сәтте ақын кемелдігі мен баландығының темірқазығы – заттардың ұқсастығының түр-түсіне қатысы бар. Кейде қайдағы бір әрі-сәрі жазылған өлеңнің өзі нағыз шебердің туындысына бергісіз керемет өлең шығаруы таңқаларлық емес. Бірақ оның себебі тек сәйкестік пен кездейсоқтықтан деп білген дұрыс. Ондайларды екі қорытындыдан үшінші қорытынды жасайтындардың сапына жатқызуға әсте болмайды. Алайда, қазақ ақындарының қаламынан кеңестік дәуірде де көптеген тамаша жырлар мен дастандар дүниеге келді.

Қазақ ұлттық поэзиясы өзінің жаңа белесіне көтеріліп, кең тыныс ашты. Ұлттық поэзиямызды тек қана партиялық поэзия деп, қызыл саясатты жырлаған поэзия деп біржақты бағаласақ, тарихқа қиянат жасаймыз. Ұлы Абай негізін қалаған қазақ жазба поэзиясы әлемдік әдебиетпен үндесетін биік дәрежеге көтерілді. Поэзия әлеміндегі жауһар туындыларды қазақша сөйлету өз алдына, қазақ өлең сөзінің де өрісі кеңейіп, орыс тілі арқылы әлем халықтарының тілдеріне аударылып, шартарапқа тарап жатты. Енді, бүгін, өткенге көз жіберсек, қазақ ақындарының Абайдың асқар шыңына иек арта қапталдаса созылған өркеш-өркеш сілемдеріндей

Шәкәрім мен Мағжанның, Ілияс пен Сәкеннің, Қасым мен Әбділданың, Жұбан мен Сырбайдың, Қуандық пен Тоқаштың, Мұқағали мен Қадырдың, Тұманбай мен Жүмекеннің, Төлеген мен Фаризаның, Ақұштап пен Жәркеннің, Темірхан мен Жұматайдың, Жарасқан мен Күләштің, Ұлықбек пен Есенғалидың, т.б. жалғастырған жыр көштеріне қарап көз сүйсінеді, көңіл тояды.

Поэзия—тылсым әлем, тылсым күш. Мұңайғанның жүзіне күлкі сыйлаған, бейқам көңілді тұңғыық ойға шомдырған, ғашық көңілдердің асық жүректерін бір арнаға тоғыстырған не күдірет?...Әрине, ол—поэзия.

Өлең-сөздің патшасы екендігі бұрыннан-ақ белгілі. Сонау замандағы «Алып Ер Тұңғаны жоқтау» жырынан бастап, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай атамызға дейінгі һәм одан кейінгі барша ақындар осыны дәлелдеп берді емес пе?!

Абай ата көрсетіп кеткен ұлы жолдың үстімен жүріп, поэзия көгінің айқанат қырандарына айналған қаншама ақиық ақындарымыз бар: М.Жұмабаев, С.Торайғыров, С.Сейфуллин... бертін келе М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Қ.Мырзалиев, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, М.Шаханов... Осы аталған ақындардың (аты аталмаған қаншама жыр жампоздары бар) жыр-жауһарларының куәсі – XX ғасыр. Ал біз, тәуелсіз заманның жастары, кімдерді оқып жүрміз немесе қазіргі қазақ поэзиясының арналары кімдер?

Еліміз Тәуелсіздік алған тарихи күнде дүниеге келген ең алғашқы өлеңдердің бірі мынадай сыр ақтарады :

Өзіңдікі – Елің де,
Өзіңдікі –Жерің де.
Өзіңді өзің еткен Бақ –Тәуелсіздік – төріңде!
Қара мына ғажапқа,
Теңдік тиді қазаққа –
Езгідегі ұрпағың
Енді айналмас мазаққа!
... Қанатыңнан қайрылып,
Қыр-арқаңнан майрылып,
Қонақ –Тәуелсіздіктен,
Қала көрме, айрылып!.. – [1, 976],

Ақын Иран-Ғайып «тауың да, бақша-бауың да, досың да, қатал жауың да – сенікі», «Туың да, От пен Ауа, Суың да – өзіңдікі» деп шалқып-тасып оқырманымен сыр бөлісіп отырады да, «Қонақ –Тәуелсіздіктен,Қала көрме айрылып!...» деп күтпеген түйін жасайды. Ойыңызды он саққа жүгіртеді. «Адам – өмірге қонақ». «Өмірде адамдар бір-біріне қонақ». Жарайды. Бұл түсінікті. Ал тәуелсіздік неге қазаққа – қонақ ?! Оу, бүгін қонып, ертең аттанатын қонақ болса, ол қашан келеді деп ғасырлар бойы несіне зарыға күттік?! Не үшін күресіп, не үшін қан төктік?! Төрімізге шығарғанымыз, тәуелсіздікті, қадірлі қонағымыздай қадірлеп-құрметтегеніміз шығар. Тәуелсіздік «тек төр менікі» дейтін шіренген қонақ па?! Тәуелсіздік тек төбемізге көтеріп, құлдық ұрсақ қана бізді ұната ма?! Қонақ – Тәуелсіздік аяғына жығылып, жалынып, жалбарынып, тілеуін тілесек қана аттанып кетпей, аялдап қалатын қонақ па?! Иран-Ғайып қайдағы-жоқтағы теңеуді тауып алып, тәуелсіздікті – қонақ деп қабылдатқысы келетіндей көрінуі мүмкін,

Ал осы тәуелсіздікті жүрегі жарыла қуанып қарсы алған қазақ азаматының, ұлт перзентінің үні қазақ поэзиясында да әр қырынан көрініс тауып, естіліп жатты. Әсіресе, «Егемен Қазақстанда» жарияланған Темірхан Медетбектің «Тәуелсіздік» атты өлеңі – тағдырлы өлең.

Тәуелсіздік!
Тәуелсізбін мен бүгін,
Келді, міне, азаттығым,теңдігім.
Бостандықта байлығым мен ендігім.
Шешіл енді шема болған шерлі үнім! [2, 6б.]

Ақын асып-тасқан көңілмен, тау қопарар қуат-күшпен, шалқыған шабытпен жыр нөсерін төккен. Тауым да, орманым да, көлім де, далам мен балам да, жарым да, жаным

да, арым да, заңым да, әнім де – бәрі-бәрі тәуелсіз, азат, бостан деп шартарапқа шаттық құсын ұшырған арқалы ақынды түсінуге болады.

Қызыл саясатқа құлшынып қызмет істемеген, санаулы санаткер ақындардың бірі Қуандық Шаңғытбаев:

Азат елдің азаматы – мен енді,

Кең кезеңге кеуіл сорлы кенелді.

Келем, міне, алшаң басып елімде

Ағытып ап мойнымдағы көгенді[3, 64б.],–дейді. Ал баяғы «Ақтабан шұбырындыны» еске алған Ұлықбек Есдәулет:

Атамекен – алып тозақ

Мойыныңды қамытқашап,

Мойыдың-ау, ғаріп қазақ, аһ ұрып [4, 25б.],–депті. «Образға бірінші тән қасиет – ұлттық ерекшелік, ұлттық бояу» [5, 35б.],–дейді академик Рымғали Нұрғалиев. Назар аударғанға, Т.Медетбек«бұғау» мен «кісенді» еске алса, Е.Раушанов «Аяғыма қараймын – шідерім жоқ» десе, Қ.Шаңғытбаев «Ағытып ап мойнымдағы көгенді» десе, Ұ.Есдәулет «мойыныңды қамыт қажап» деп үндескен. Яғни, кешегі дәуірлерде қазақ кешкен азапты ақындар «бұғау» «кісен», «қамыт», «көген», «шідер» сөздерімен түспалдап, астарлап жеткізіп отыр. Енді, осы, көген, шідер, қамыт атаулыдан құтылсақ, бұл – тәуелсіздіктің арқасы дейтін емеурін өлеңнің өзекті идеясына айналғанына куәміз.

Егемендік пен тәуелсіздік алған жылдар ең алдымен тарихи сананы ояту арқылы басталды десек, қателеспейміз, сірә. Жаңа қоғам құру үшін өткен қоғамдағы тарихымызда нендей құндылықтар ескерусіз қалып еді, нендей асылдарымызды жарқыратып көрсете алмадық, енді жас ұрпаққа қай бағытта тәрбие берген жөн, өз тарихын өзіне қалай оқыту керек деген секілді қадау-қадау сауалдар күн тәртібіне өткір қойыла бастады. Кешегі коммунистік идеология күйрегеннен кейін оның орнына ұлттық идеологияны орнықтыру қажет дейтін пікірлер жиі айтыла бастады. Бірақ, қарама-қайшы пайымдаулар мен топшылаулар қақтығысы жүріп жатса да біздің философтарымыз бен тарихшыларымыз идеологиялық майдандағы ту ұстар идеямызды анықтап, тұжырымдауға асықпады. Ал ақын Мұхтар Шахановтың мына бір өлеңінде:

Тағдырынды тамырсыздық індетінен қалқала,

Әр адамда өз анасынан басқа

Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада

Болу керек күдіретті төрт ана:

Туған жері – түп қазығы, айбыны,

Туған тілі – сатылмайтын байлығы,

Туған дәстүр, салт-санасы - тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі,

Және туған тарихы, еске алуға қаншама

Ауыр әрі қасіретті болса да [6, 27б.],–

деп тәуелсіз ұлттың негізгі төрт тірегі, төрт ұстыны дәлме-дәл аталған. Ал, «Төрт ана» дейтін ұғым қазақы менталитетке жұғысымды, сіңімді деу қиын. Себебі, біз аспанда Ай – жалғыз, Күн –жалғыз, адамда – Ана жалғыз, Әке – жалғыз, Туған жер – жалғыз дейтін, –Көк әлемінде Тәңірі – жалғыз дейтін наным-сенімнің, иланымның тәрбиесінде өскенбіз. Бізге «төрт ана» ұғымы жат. Бұл әлгі көп «құдайлары» бар елдердің пайымдауларымен сәйкесер, бәлкім...

Егемендік, Тәуелсіздік тақырыбы сол Егемендік пен Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін кілт тиылса керек еді, жоқ қайта өтпелі кезеңдегі өткелектерден шыдам-төзімінің арқасында халқымыз аман-есен өткеннен кейін, бұл тақырып қайтадан үздіксіз жыр арқауына айналып жүре берді.

Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келе жатқаны сезіледі. Өлеңнің түрленуі, сөздің талғампаздығы, бейнелілік, автордың поэтикасы, ақын жеке «меніне» сұрақ қоя білуі, солар арқылы қоғамдағы қайшылықтарды, ақтара білуін

баса айтуымыз керек. Мұндай жаңалықтар әдебиет тарихының қай дәуірінде де болған. Алайда, өлең өрісіндегі ізденістер бір-біріне ұқсамайды. Қазіргі қазақ поэзиясының постмодердік сипатта дамып, өрістеуіне бір шама жылдар ізденістер қажет болды. Қазіргі қазақ поэзиясының эстетикалық, ырғақтық түрленуіне аға ақындар С.Ақсұңқарұлы Ж.Ерман, Б.Жақып, Е.Раушанов, Т.Әбдікәрімов, С.Томанов, Г.Салықбай, А.Ыбыраев, Б.Үсенов, М.Райымбекұлы үлкен әсер етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Иран-Ғайып. Жыр әлемі.– Алматы: Атамұра, 2004.– 352 б.
2. Медетбек Т. Тәуелсіздік // Егемен Қазақстан, 2011, 24 желтоқсан.
3. Шаңғытбаев Қ. Азаттық күнгі жыр // Қазақ әдебиеті, 2003, 22 қазан.
4. Есдаулетов Ү. Өр мінезді өлең /Ү.Есдаулетов // Жұлдыз, 2004.–16 қыркүйек.
5. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық шығармалар. –Алматы: Жазушы, 2-т., 2000.–576б.
6. Шаханов М. Жаңа қазақтар. –Алматы: Білім, 2000. –224 б.

ӘОЖ 82.085

ҚАЗАҚТЫҢ ТҮРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ «ЖЫЛАУ-ЖОҚТАУ» ӘН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

ОРЫНБАСАРОВА А.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается место «оплакивания» среди казахских народных песен.
Summary. The article discusses the place of "mourning" among the Kazakh folk songs.

Қазақтың тұрмыс-салт жырлары– халық ауыз әдебиетінде алатын орны ерекше жанр. Халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, дәстүр салтына байланысты туып қалыптасқан өлең жырлар. Өр халықтың тұрмыс-салт жырларында тақырып, мазмұн, түр жағынан ұқсастықтар кездеседі. Қай елде болсын адам өмірінің үш кезеңі – дүниеге келу, үйлену, қаза табу кезеңдеріндегі дәстүрлі салттар, жаңа жыл салтанаты, еңбек мерекесі секілді құбылыстар өлең жырсыз өтпейді. Қазақ халқының тұрмыс-салт жырлары – тақырыбы, мазмұны бай, түр жанры мол қазына. Олар әдет-ғұрыпқа байланысты бесік жыры, тойбастар, жар-жар, сынсу, жұбату, беташар, той тарқар айтылады. Мұң-шер жырлары (қоштасу, естірту, жоқтау, көңіл айту, жұбату) жеке адамның, елдің басына түскен қайғы-қасіретті бейнелейді.

Қазақ фольклорындағы тұрмыс-салт жырлары арасындағы «қоштасу» сияқты «жоқтаудың» да тақырыбы сан алуан. Оның негізгі тақырыбы — өлген адамды жоқтау. Біреудің жанашыр жақыны, сүйікті баласы өлсе немесе халықтың қадірлейтін адамы қаза болса, соларды жоқтап өлең-жыр шығару салтқа айналған. Қазақта дүние салған адамды жыл бойына, ас бергенге дейін жоқтау салты ежелден бар, тіпті күні бүгінге дейін сақталып келді. Әдетте, жоқтауды өлген адамның әйелі, шешесі немесе қарындасы айтатын болған және олар жоқтауын өздері шығаруға тырысқан. Сонымен қатар, кейбір жоқтауларды белгілі ақындар шығарған. Жоқтаулардың қайсысында болса да, өлген адамның жақсы істері, қызметі, сүйкімділігі, мінезі, оның қадір қасиеті мадақталады, оның қазасының орны толмас өкініші, ауыртпалығы айтылады. Жоқтау өлеңдері өлген адамға жасалған ескерткіш секілді болған.

Жоқтау жырларын зерттеу 19 ғасырдан басталады. Ш.Уәлиханов [1, 59б.] оған алғаш ғылыми баға беріп, бірнеше үлгісін жазып алған. Жоқтау ауыз әдебиетінің бағалы үлгісі ретінде жинап, 1926 жылы “23 жоқтау” деп аталатын кітап етіп шығарған Ахмет Байтұрсынұлы болды. 19 ғасырдың соңы 20 ғасырдың басындағы ақын-жыраулардың шығармаларында әр түрлі жоқтау үлгілері кездесіп отырады. Әсіресе, 20-ші ғасырдағы қиын кезеңдерде ақын-жазушылар қаламынан туған жоқтау жырлар, Ұлы Отан соғысынан оралмаған, ерлікпен өмірін қиған ұлдарына арнаған халық жоқтаулары жеткілікті.

Жоқтауды Ахмет Байтұрсынұлынан кейін жүйелі түрде жинап, зерттеген тілші-ғалым Т.Арынов болды. Ол қазақтың жоқтау жырларын мұқият жинастырып, “Боздағым” деген атпен кітап етіп, бастырып шығарды (1990) [2]. Жоқтау – қазақ халқының дәстүрлі ғұрыптық салты, тұрмыс-салт жырларының бір түрі.

Жоқтаудың ежелгі үлгілері шумерлердің Гильгамеш туралы жырларында да, үнді эпосы “Махабхаратада” да, Гомердің поэмасы “Илиада” да, Мысыр жырларында да кездеседі. Жоқтау үлгісіндегі жырларды ежелгі грек трагедияшылары, сондай-ақ Рим ақындары Катулл мен Вергилий де жазған. Түркі әдебиетіндегі жоқтаудың ең көне үлгілерінің бірі – “Алып Ер Тонғаны жоқтау”. “Бөрідей ұлып жылады, Жоқтады жыртып жағасын” дейді жырда. Махмұт Қашқаридың жазуы бойынша, жоқтау – ежелгі түркі тайпаларының ерлік тұрмысынан туған жырлардың бір түрі. Алып Ер Тонға^{<ref>Афрасиаб</ref>} түркілердің арғы тегі сақ ұлысының аты аңызға айналған билеушісі, жауларын тізе бүктірген алып батыр. Жыр мазмұнынан батырдың бейнесі, ерлік өмірі анық байқалады. Жоқтау жырлары ежелгі түркі халықтарына ортақ басқа әдеби мұраларда да кездесіп отырады. Соның бірі – оғыз-қыпшақ дәуірінің (8 – 9 ғасырлар) ескерткіші “Қорқыт ата кітабындағы” Дирсеханның жалғыз ұлы Бұқашты анасының жоқтау жыры. Осындай жоқтаулар ауыз әдебиетіндегі “Қобыланды батыр”, “Алпамыс батыр”, “Ер Тарғын” сияқты қаһармандық эпостарда, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Қыз Жібек” сияқты ғашықтық жырларда да ұшырасады. Бұл жоқтау батырдың ел-жұртынан амалсыз айырылған кезінде, жау қолына түсіп дұшпанынан қорлық көрген кезінде туыстарының қайғысымен аралас суреттеліп отырады. Жоқтаудың бізге жеткен көне үлгілері халық тарихындағы болған оқиғалармен сабақтас. Осындай оқиға Қодан тайшының атақты жоқтауымен байланысты халық жадында сақталып қалған. Қара қыпшақ Қобыланды Әбілхайыр ханның қазысы, арғынның әділдігі үшін Ақжол аталған биі Дайырқожаны өлтіреді (1456). Сонда әкесі Қодан тайшының қаза болған ұлының сүйегін айналып жүріп айтқан, “Қара қыпшақ Қобыландыда, Нең бар еді, құлыным” деп басталатын жоқтау арада сан ғасыр өтсе де халық жадында сақталып қалған. Дайырқожа өлгеннен кейін Жәнібек, Керейлермен бірге Шу бойына көшкен Қодан тайшы Қазақ хандығының шаңырақ көтеруіне өз үлесін қосқаны тарихтан белгілі. Қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша, жоқтауды марқұм болған адамның артында қалған әйелі, қызы, қарындасы, келіні, басқа да туыстарының әйелдері айтады. Ел ішіне кең тараған жоқтау жырлары негізінен айтар ой сарыны, ұйқасы, образды сөз кестесі жағынан бір-біріне ұқсас болып келеді. Елге қадірлі, беделді адамның қазасын лайықты жырмен жоқтау оның артындағы қалған ел-жұртына салмақты сын болған. Әдетте, жаттанды сөздермен көпке белгілі жоқтау үлгілері ондай кезде жаңаша айтылып, мазмұны жағынан толығып отырады. Ел есінде сақталған осындай жоқтау үлгілері ауызша тарап, көпшілігі кейінгі ұрпаққа жеткен. Осындай жоқтаулардың бірі – “Мамайды шешесі Қараүлек ананың жоқтауы” (1559). Қараүлек ана Мамайдың бойындағы асыл қасиеттерін терең жеткізіп, осындай адам өлген соң елдің келешегі не болады, орнын кім толтырады деп тебіренеді. жоқтаудың айтылған уақыты да, ондағы адамдардың өмір сүрген дәуірі де тарихи деректерге сәйкес. Атақты Қаз дауысты Қазыбек биді қызы Қамқаның жоқтау жыры да (1758) – аяулы азамат есімін қастерлеп, кейінгіге оның ісін жоқтау жыры арқылы жеткізе білудің жарқын үлгісі.

Өткен ғасырда қазақ поэзиясының кешегісі мен бүгінгісін мол қамтып, өлеңнің даму динамикасы тұрғысында соны топшылаулар айтқан ғалым М.Базарбаевтың «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» атты монографиясында ұлттық дәстүр мен жанашылдық мәселелері, түр мен мазмұн ерекшеліктері, әдебиеттер байланысын парықтаған. Ғалым «Поэзия әдебиеттің көне саласы, бірақ жасаған сайын жасара түсетін жанды саласы»,–деген теориясының ауқымында өз

заманындағы поэзияның қыры мен сырын, поэтикасын, өлеңнің құрылымы, техникасы жайында саралай отырып, өлең жанрында негізгі үлгі классикалық әдіс екендігін баса айтқан [3, 626.].

Поэзияның халықтың үлгісінің ең көп тараған түрі тұрмыс-салт жырлары екендігі мәлім. Тұрмыс-салт жырлары жанры ұлттық әдет-ғұрып пен халықтың өзіне тән дәстүр сабақтастығының көрсеткіші һәм жалғастырушы нысаны. Мұнда көптеген идеялық мән-мазмұн ауқымын өрнек, көркемдік сипаттау, теңеу, салыстыру арқылы өсиет пен өнегелі сөздердің этникалық тәрбие құралына айналдыру үрдісі басым. Халық ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салт жырларының байырғы үлгілерін нақты белгілі бір авторларға еншілей алмасымыз хақ, алайда өткен ғасырдағы жазбаша әдебиет нұсқалары мен дәлелі бұлтартпас тарихи оқиғалар желісінде қолға алынған ғылыми сауалдар өз жемісін берді әрі беріп те келеді. Жаңа дәуір деп аталған кеңестік қоғамда жаңашылдық идеясы жаңа мақсұтты талап етті.

Тұрмыс-салт жырлары ерте замандардан ел арасына ауызша айтылуы бойынша жеткен. Қазақтардың тумысынан зерек, есте сақтау қабілеті аса жоғары екендігі қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін ең алғашқы болып зерттеген шетелдік саяхатшылардың естеліктерінде, этнографтардың әдейілеп нысанаға алып байқампаздықпен хатқа түсіріп отырған жазбаларында көптеп кездеседі. Әсілінде оларды таңғалдырған қазақтардың ауызша әдебиетке ерен құмарлығы, қара өлеңнің ауыздан ауызға көшу үрдісінде бірден жатталуы, қазақтардың есте сақтау қабілетімен қатар тұрмыс-салт жырларының орындалуы этникалық ғұрыптардың сұраныс-ауқымына құрылу ерекшеліктері болды.

Қазақтың ауызша әдебиетіндегі тұрмыс салт-жырлары алғаш рет баспаға XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей Империясының арнайы тапсырысымен жариялана бастады.

Қазақстанның Ресей құрамына енуіне байланысты өлкенің жер жағдайын, табиғатын, тарихын, этнографиясын, мәдениетін т.б. зерттеу қажеттілігі пайда болып, арнайы экспедициялар ұйымдастырылғаны, сол экспедициялар құрамында Е.П. Ковалевский, Н.А. Северцев, В.И. Даль, В.И. Небольсин, В.П. Васильев, Н.В. Ханыков, Г.И. Данилевский, М. Пospelов т.б. адамдардың алуан түрлі деректер жинап, ғылыми ой-пікірлер түйгені туралы 1988 жылы «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты ұжымдық еңбекте айтылған [4, 586.].

Аталмыш зерттеуде қазақ фольклорының жиналып зерттелуіне 1800 жылы Қазан қаласында Азия халықтарының баспаханасы ашылып, 1808 жылы Университет баспаханасы іске қосылғандығы және 1845 жылдан іске Орыс географиялық қоғамының жұмысы туралы зерттеу жұмыстарын қолға алудың қажеттілігі туралы да айтылған. Сонда көптеген ауызша әдебиет нұсқаларының мәтіндерінен, ежелден айтылып келе жатқан тұрмыс-салт жырларының шығу тарихы, мәдениеті мен ұлттық әдет-ғұрыптардың мазмұн-мағынасына терең бойлап қана қоймай, өлкенің тұрмыс-тіршілігі туралы деректер де шығатындығы кәміл.

Орыс географиялық қоғамының атқарған істерінің арқасында орыс тіліне тәржімеленген нұсқалары бойынша қазақ фольклорының құрамындағы тұрмыс-салт жырлары П.Паллас, Н.Рычков, И.Георги, Г.Ю.Кларпорт, Г.И.Спасский, Г.Мейендорф сынды ғалымдар еңбектерінде мән берілген.

1992 жылы Ф.Оразаева Ә.Диваевтың жинаған халық әдебиетінің онша мәлім емес үлгілері мен бұрын қазақ тілінде жарық көрмеген бір топ этнографиялық жазбаларына алғы сөзі мен түсініктемелер бере отырып, «Тарту» атты жинаққа топтастырды. Бұл 256 беттен тұратын еңбек Ә.Жұмашевтің редакторлығымен «Ана тілі» баспасынан жарыққа шықты. Әбубәкір Диваевтың қолжазбаларының ішіндегі мол мұраның біразы – халық поэзиясы. «Айтыстар, мысал-өлеңдер, тақпақ-жаңылтпаштар, салт өлеңдері» деп топтап, баспаға әзірлегенімен түрлі себептермен баспа бетін көре алмаған өлеңдердің ішінде «Бесік жыры» мен «Көңіл айту» жырларының бірнеше нұсқасы табылған [5, 896.].

Тұрмыс-салт жырларының ішінде рухани өмірге бастау болатын соны үлгісі – балалар жырында. Ауызша әдебиет үлгісінің ішіндегі ананың баласына, әженің немересіне айтатын «әлди, әлди» бесік жыры дүниедегі барлық жақсылық пен ізгілік ұрпақ бойына дарысын деген ниетте айтылатын тілек жыр. Мысалы, «Бесік жырының» 36 куплетке бөлінген үш нұсқасында да «Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем» сөздері қайталанып келгенмен ары қарай ананың арман-тілегімен ұштасып отырады. Ол шумақтарда:

«Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?»

немесе:

«Таңдайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?»,—

деген жолдарынан қазақ баласының батыр не шешен болғанда ел құрметіне бөленетін, халық қалаулысы болуынан үміт ететіндігін көреміз.

Ал мына жыр жолдарынан балаға деген таусылмас махаббаты терең сезіммен, биік теңеулермен ұштасады:

Ауадағы жұлдыздай,
Суда жүзген құндыздай,
Өзім қалап сүйгенді,
Үжмақтағы хор қызды-ай,
Әлди балам, әлди.
Көзімнің ағы, қарасы,
Жүрегімнің парасы...

Бесік жырлары құлаққа жағымды, байсалды мақаммен айтылады. Бесік жырларын алғаш рет нотаға түсірген А.В.Затаевич (1869-1936).

Айта кетерлік маңызды мәселе, бұл еңбектің тарихы сонау 1924 жылға апарып тірейді. Ф.Оразаева Ә.Диваев туралы алғашқы толғамды сөз айтқан және еңбегіне талдау жасап баға бергендердің бірі М.Жұмабайұлы болғандығын айта келіп, ең бірінші рет «Тарту» жинағын құрастырған да Мағжан екендігін нақты дәлел келтірген. Ол осы кітаптың 1992 жылғы нұсқасына Қазақ-қырғыз білім комиссиясының мүшесі. М. Жұмабайұлының 1923 жылы, 30 мамырда (Ташкент қаласы) жазған «Әубәкір ақсақал—Диваев» деген алғысөзімен берілгендігі. Онда М.Жұмабайұлы сөз басын «Елге еңбегін сіңірген ер қымбат»,—деп бастап, «қарлығаштың қымбаттылығы тасыған суының молдығында емес, жүрегінің адалдығында екендігін Әубәкір ақсақалдың да қазақ-қырғызға қымбаттығы, өткен еңбегінің ұшан-теңіздігінде емес, адал ойлы қамқор болуында»,— деп бағалайды. М.Жұмабайұлының қысқа-да нұсқа жазған алғысөзінен Ә.Диваевті толық тануға мүмкіндік бар екендігін мына жолдардан байқаймыз: «Алайда, Әубәкір ақсақалдың еңбегі бір адамның өміріне татырлық. Әубәкір ақсақал қырық жыл бойына қазақ-қырғыз елінің ауыз әдебиетін, жол-жорасын жинаған. Елдің елдігін сақтайтын әдебиеті, тарихы, жол-жорасы, қазақ-қырғыз елінің ел болуын тілеген Әубәкірдің әдебиет, жол-жора жинау жолына кіруінің мәнісі — осы. Ол күндерде қазақ-қырғыз тілінде газет, журнал жоқ болғандықтан, Әубәкір жинаған әдебиет орыс тіліне аударылып, орыстың газет-журналдарында бастырып отырған. Ол күндерде қазақ-қырғыз елін, аузын арандай ашып жұтып жатқан орыс елі қазақ-қырғыз елінің жақсы жағымен, терең жанымен, сұлу сөзімен Әубәкір бастаған әдебиет арқылы танысқан. Түрік халқын тексеріп, таза ғылым жолында жүрген орыстың Радлов, Катанов, Бартольд, Самойлович сықылды ғалымдары Әубәкірдің қазақ-қырғыз туралы жазған мақалаларына кең орын беріп, қабыл алып, сол Әубәкір мақалалары арқылы қазақ-қырғыз елінің жайын арғы Европа ғалымдарына да білдірген. Сөйтіп, қырықжыл бұрын Сырдария губернаторының кеңсесіне тілмаш болып кірген Әубәкір қырық жыл бойына жапанда жатқан қазақ-қырғыз елімен орыс һәм Европа арасына адал тілмаш болған» [5, 51б.].

Қорыта айтқанда, тұрмыс-салт жырларындағы ата-бабаларымыздың дүниетанымынан, өмірдегі тәжірибелерінің түйінінен туындаған асыл сөздері бүгінгі таңда ұлттық сананы жаңғыртуға, ұлттық кодты бағамдауға бағдаршам тәрізді екендігін есте ұстаған ләзім демекпіз.

Ұлттық тәрбиенің бастаулары сөз өнерінің қадірінде екендігін жете түсінуде тұрмыс-салт жырларының көне үлгілеріне құрметпен қарап, жаңа үлгісінде жазатын ақындардың ұлттық дүниетаным көкжиегінің ауқымынан аттамаса және ұлттық сананың саңылауы көмескіленбесе екен деген тілегімізді білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Орда, 2015. – 245б.
2. «Боздағым» қазақтың жоқтау жырлары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 198б.
3. Базарбаев М. «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы». Монография. – Алматы: Білім, 2000. – 165б.
4. Жүсіпов Н.Қ. XX ғасырдың жартысындағы қазақ фольклортану ғылымының зерттелу жағдайы. Мақала. Материалы международной научно-практической конференции к 170 летию Г.Н. Потанина. – Павлодар: ПГУ им. С.Торайгырова, 2005. – 185-186 сс.
5. Диваев Ә. Тарту. Құрастырған, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Флора Оразаева. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 219 б.

ӘОЖ 82.041

ХАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДА САТИРА МЕН ИРОНИЯНЫҢ КӨРІНІСІ

ОРЫНБАСАРОВА С.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается использование сатиры и иронии в фольклоре.

Summary. The article deals with the use of satire and irony in folklore.

Сатира – халқын сүйген, оның болашағына алаңдаған әлеуметшіл ақынның жамандықпен, жағымсыздықпен күрес құралы, өткір қаруы. Сатираға мінез керек. Сондықтан барлық дарынды ақындардың шығармашылығынан сатира іздеу, талап ету орынды болмас. Ақын «ызалы жүрек, долы қолмен» сатираға әдейі бетбұрыс жасайды, оған қажеттілік себеп болады.

М.Әуезовтің: «Сатира әсте өмір шындығынан тыс тұрған жағдайдан тумайды. Қайта өмірдегі мол міннен, сан сорақыдан, көп көргенсіздіктен туады. Соларды жиып топтайды да, сатира обобщение жасайды», – деген пікірінің маңыздылығы осында [1, 68б.].

Дүниеде сатирамен қабыса дүниеге келген осынша рухани мұраны ескермей жазылған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбектегі: «...Ирония, сарказм ... халықтың ауыз әдебиетінде де кездеседі. Бірақ, ол кездесулерде заңды жоба бар дей алмаймыз. Сондықтан ол кездейсоқ ғана нәрсе. Кездейсоқ қай кезде болсын жоққа тең», – деген пікірге кезінде сатираны зерттеуші ғалым Т.Қожакеев: «Біздіңше, сатира, юмор ауыз әдебиетімізде тек кездеседі, оның өзі жобасыз, кездейсоқ нәрсе, ол жоққа тән деу даусыз қате. Бұл фольклорлық сатирамыздың қоғамдық, әлеуметтік мәнін жоққа шығарғандық, халқымыздың мәдени, әдеби мұра жасаудағы дарын-қабілетіне, сықақшыл, әзілкеш қасиетіне шек келтіру, оның бастан-аяқ ирония мен сарказмге құрылған күлдіргі, аңыз ертегілерін, аңыз-өңгіме, хикая-анекдоттарын, жұмбақ-жаңылтпаш, мақал-мәтелдерін менсінбегендік. Қазақ ауыз әдебиетінің сатира, юморға өте бай екендігін мойындамағандық», – деп үзілді кесілді қарсы шығады [2, 194б.].

Расында біздің қазақ – қалжың қой халық. Ол от басы, ошақ қасында, той-томалақ, бас қосу отырыстарда қалжыңдаспай, қағыспай, тақаспай, күліспей отыра алмаған. Қазақ фольклоры да қылт етпе тапқырлыққа, сипай қамшылаған әзіл-оспаққа өте бай. Әзіл сөзге ұста, қалжыңды қатырып айта білетін халқымыздың сандаған ғасырлық рухани мұрасында сатира мен юмор жоқ деу қате пікір.

Бұл туралы көрнекті ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Қазақ халқы да өмір үшін талай алыс-жұлыс, талас-тартысқа түскен. Әділетсіздік пен теңсіздікке, жамандық пен оңбағандыққа еш төзбеген. Ондай дерттерге ашуланған, ызаланған, жырымен, тілімен соққы беріп отырған. Бұл ретте өзінің өткір тілді, шешен де тапқыр, әзілкеш жұрт екенін еркін танытқан. Біздің ел бірде күңіреніп,

бірде күйзеліп, тағы бірде жадырап жүріп ұлттық юморын, әр қилы күлкі-сықақ, аңыз-әңгімелерін мол туғызған» [3, 576.], – деп жазса, ғалым М.М.Тлеужанов: «Сатираның алдына қойған мақсаты – қоғамның өрескел жақтарын сатираның объектісі ете отырып, әшекерлеу. Қазақ әдебиетіндегі туындыларға көз жүгірте келе, біз олардың қатарында сатира мен юмор кездеспейтіндері кемде-кем екендігіне күмән келтіре алмаймыз» [4, 141б.], – деп атап көрсетеді.

Дүниежүзілік әдебиет дәстүрімен ортақ белгілері бар ұлттық сөз өнерінде де сатира әр алуан жанрлық, түрлік сипаттарымен, көркем шығарманың өн бойында кездесетін әдіс-тәсілдік көріністерімен қалыптасып дамыды.

Сол себепті де ұлттық сын-сықақ өнерінің әлемдік сатира арнасымен ортақ бірліктері, заңдылықтары болумен қатар, даралық ерекшеліктері, ең алдымен, сол халықтың наным-сенімімен, дәстүр-салтымен, шаруашылық жайымен, географиялық ортасымен, бір сөзбен айтқанда, ұлттық таным-мінезімен, психологиясымен тығыз байланысты.

Әдемі әзіл араласқан беташар, тойбастар, жарапазан тәрізді тұрмыс-салт жырлары, юмормен суарылған Алдар көсе, Қожанасыр, Жиренше шешен туралы аңыз әңгімелер, қоғамдағы келеңсіз мәселелерді, астарлы әжуәмен бере білген күлдіргі ертегілер, дүниеқоңыз, бас пайдасын халық мүдесінен жоғары қоятын, ақымақ, ұрдажық Қодар, Бекежан, Ұлтан, Көгібар сияқты сатиралық образдарымен халықтың ойындағысын дөп басып айта білген, іс-әрекеттерін оқып отырғанда жирене отырып еріксіз езу тартқызар «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан» тағы басқа батырлар және ғашықтық жырлары, тұла бойы тұнып тұрған сатира мен юмордан құралған айтыс өлеңдер осының айғағы. Әр халықтың күлкі-сықағы, әзіл-әжуасы алдымен халық фольклорында жақсы орын алған. Адам бар жерде күлкі бар, қуаныш пен реніш бар. Адамның ішкі жан дүниесіндегі толқуы, көңіл-күйі әртүрлі сипатта көрінері хақ. Сатира – ғасырлар бойы өзімен бірге жасап, қайғы-қасіретіне ортақ болып, келе-келе оның жазба әдебиетіне енген. Жазба әдебиетіндегі тәрізді, фольклордағы сатирада да өз кезеңінің ащы тұстары көрініс табады анық. Бір байқағанымыз, қай кезеңдегі әдебиетті қарасақта – адамгершілік мәселесі, адам бойынан табылар асыл құндылықтар маңызды. Мысалы, қазақ фольклорындағы сатираның да сыни, сықақ нысанасы – адами қасиетке жат қылықтар: жалқаулық, еріншектік, берекесіздік, өтірікшілдік, алаяқтық, сарандық, ойсыздық т.б. Өзге елдердің әдеби шығармаларындағыдай, қазақ фольклорында да сатира әр түрлі, әр текті үлгіде беріледі. Бірде ол ұнамсыздықты бетке айтар ашық сатира болып келсе, келесі бір тұста ақыл-кеңес үлгісін қолдана отырып, сынап-сықақтайтын дидактикалық сатира болады. Енді бірде шешендік өнерге тән тақпақтай әшкерелейтін шешендік сатира түрінде көрінсе, тағы бірде аллегориялық сипат алады.

Сатира арқылы сол халықтың болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық жағдайын, тіпті қай дәуірде қандай дәрежеде жүріп жатқандығын білуге болады. Жалпы сатиралық шығармалардың басты ерекшелігі жеңіл юмордан фельетонға дейінгі аралықта бірталай даму сатысынан өтеді. Ол жеке адамның басындағы кішкентай кемшіліктерінен бастап, бүкіл қоғамдық проблемаларды сынға алады. Көбінде қозғағалы отырған объектісін тақырыптарынан-ақ оңай байқауға болады. Әрине, еркіндік, сөз бостандығы жазушылардың шығармашылық көкжиегін кеңейте түсті. Ал қоғамдық қайшылықтар мен әлеуметтік тартыстар да сатириктеріміздің назарынан тыс қалған емес. Дей тұрғанмен халықтық дертке айналып бара жатқан адамзаттық проблемаларды Мыңбай Рәштің сатирасынан аңғаруға болады. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері қарай, бүгінгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда балалар үйіндегі жетімдер жыл санап артып бара жатыр. Сатирик шығармаларынан олардың хал-күйін суреттейтін «Бүлдіршіндер монологы» памфлетін атауға болады.

Жай қарағанда олардың көңілді, шат-шадыман тірлігі көз алдына елестейді. Ал іші өте терең философиялық мәні бар екенінде сөз жоқ. Кіршіксіз таза жүректерінен бір-бірлерін жатсынбай тез-ақ жақын тартып, тату-тәтті өмір сүріп жатқанын көреміз. Алайда, кінәсіз періштелердің осындай бейбіт заманда жетім балалар үйіне әкелініп тоғытылуын асқан қатыгездік пен қаталдықтың көрінісі дегенде не деуге болады. Суреткер шындықты айтқан, шын сырын айтқан. Оның үстіне памфлетке құрылған өлеңге қаншама үлкен проблеманы

сиғызып, жеткізіп берді. Өлеңін тән жан толқытар өрнектер заман үшін, адамзаттың келешегі үшін түйінін шешуді қажет етеді.

Сатиралық шығарманың өзі адам мен адам, адам мен қоғамның өзара қайшылыққа түсуінен туындайды. Айналамыздағы жағымсыз құблыстар бейне бір маздап тұтана бастаған от сияқты. Белгілі тұлғаның оған қарсы дер кезінде тосқауыл қоярлықтай, қоғамдық пікір туғызатын және оны қайталамауға, одан жиіркенуге шақыратын тілдік құралы. Оған сатирик жазушыларымыздың шығармалары дәлел.

Халық фольклоры, халық ауыз әдебиеті – атадан балаға мирас болып келе жатқан рухани мұраларымыздың бірі.

Халық ауыз әдебиетін жан-жақты зерттеген көрнекті ғалым М.Ғабдуллин ол туралы былай дейді: «Жазу-сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүниетанудағы көзқарасы жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі, яғни, ауыз әдебиеті деп атаймыз. Бұдан, әрине, ауыз әдебиетін көп адам бірлесіп отырып шығарған деген ұғым тумайды. Ауыз әдебиетінің қандай үлгілерін болса да әуел баста жеке адамдар шығарған. Бірақ ерте кезде, жазу өнері болмағандықтан, ауыз әдебиетін шығарушылардың аттары хатқа түспеген, сақталмаған. Халық олардың шығармаларын ғана есіне сақтап және ауызша айтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген, сөйтіп, жеке авторлар шығарған әдеби туынды кейіннен өңделіп, сұрыпталған, оған коллектив болып творчестволық өзгерістер енгізіп отырған. Бертін келе ондай шығармалар көпшіліктің еңбегіне, яғни, халықтың ауызша шығарған әдебиетіне айналып кеткен» [5, 30б.].

Халық ауыз әдебиеті әдебиеттану ғылымында фольклор деген терминмен де аталады. Ағылшын сөзінен аударғанда ол – жалпы халық шығармашылығы, ел арасында ауызша тараған рухани дүниелер, атадан балаға мұра болып қалған сұрыпталған көркем туынды деген мағынада айтылады. Ауызекі туындаған шығармалар, яғни халықтың ауыз әдебиетін әлем халықтарының барлығында бар екені шындық. Аталмыш дүниелерді ғылыми түрде зерттеу фольклористиканың еншісінде. Олай болса, фольклористика яғни, фольклортану – халықтың қазыналы құнды байлығын зерттейтін ғылым. Фольклортанушы ғалымдардың зерттеу нысанасы – халық арасында тараған ауызекі шығармалар. Олардың басты назарында ата-бабадан қалған рухани дүниелерді жинау, топтап жүйелеу, жарыққа шығару, әдеби тұрғыда жан-жақты зерттеу, көркемдік қырын тану, шығу тарихы мен типологиялық жақтарын қаза қопарып қарастыру, жанрлық, синкреттік сипатын, поэтикасын анықтау болып табылады.

Бүгінгі таңға дейін берері мол, тәрбиелік мәні зор халық ауыз әдебиетін көптеген ғалымдар зерттеп, өздерінің құнды пікірлерін білдірді.

Ал, осы фольклорлық шығармаларда сатираның көрініс алуы, «жалпы ауызекі туындыларда сатира мен юмор кездесе ме» деген сауалға жоғарыда айтып өткеніміздей ғалым, профессор Т.Қожакеев «Кеңестік дәуір тудырған әдебиетке дейін қазақ әдебиетінде сатира болған ба?» деген сұраққа ғалым Т.Қожакеев қатты шамдана келе былай деп жауап жазады: «...қазақта кеңес дәуіріне дейінгі әдебиетте, халық фольклорында, жыраулар поэзиясында сатира, юмор болған, бүгінде де бар, болашақта да бола береді» [2,29б.], –деп жауап береді. Жалпы әдебиет тарихына көз жүгіртсек, әрбір сатиралық дүниелердің дүниеге келуінде өзіндік бір мақсат, міндет, атқарар қызметі болғандығын байқаймыз. Себебі, аталмыш туындылар арқылы біз өткен дәуірдің шындығын көз алдымызға келтіреміз. Халқымыздың қиын-қыстау жолдағы күресін, жан күйзелісін, тағдыр талайын, көңіл күйі мен сезім қуатын көреміз. Олай болса, сатиралық туындылар – тарих айнасы десек артық айтқандық болмас. Ол бір кезеңдерде халықтың қолындағы қаруына айналды

Қысылтаяң тұстарда халық сатиралық туындыларды күрес қаруы ретінде пайдаланды. Бұл сатираның сонау ерте кезеңдерден-ақ пайда болғанын паш етеді. Әдебиет халық тарихымен бірге жасасып келе жатса, сатира да халықпен бірге туып, біте қайнасып, дамып келеді. Халық фольклорында сатира кең көрініп, зор тыныс ала дамиды.

Қазақ халық ауыз әдебиетінің көлемді бір саласы – тұрмыс - салт жырлары. Қазақ әдебиетінде тұрмыс-салт жырларын зерттеп, бірнеше терминдер пайдаланылған ғалымдар аз емес. Олар: Ә.Диваев, Б.Кенжебаев – салт өлеңдері, А.Байтұрсынов – сарындама, М.Әуезов – сыршылдық салт өлеңдері, С.Сейфуллин – салт өлең-жырлары, М.Ғабдуллин – тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармалар, Б.Уахатов – әдет-ғұрыппен байланысты өлеңдер, Ә.Қоңыратбаев – тұрмыс-салт жырлары деп атаған.

Халық қиял-ғажайып ертегілердегі қаскөйлік пен қаскүнемдікті, арамдық пен дұшпандықты, жақсылыққа жамандықты сықаққа жығып, сынап отырудың өзіндік басқа да идеялық сырлары бар. Ата бабамыз өз ертегісіндегі қаһармандарын айрықша бір күшті, айралы, әрі ақылды көрсету үшін өз батырларын жалмауыздай ажал, тажалдарға қарсы қояды. Олардың қарсы күресер жауын да шектен тыс керемет, сұмдық та сұмпайы, жаны сірі етіп суреттейді.

Басқа халықтардағы сияқты, қазақ фольклорында да сатира әр түрлі, әр текті. Бірде ол мінді, дертті бетке айтар ашық сатира болса, бірде ақылкеңес бере отырып, сынап-сықақтайтын дидактикалық сатира болады. Тағы бірде шартты түрде тақпақтай әшкерелейтін шешендік сатира түрінде көрінсе, енді бірде сыңары мен идеясын астарлап айтар аллегориялық сатира ретінде көрінеді. Қазақ ауыз әдебиетіндегі күлкі, юмор да алуан сырлы сипатта болады. Күлдіргі ертегі мен әзіл әңгімелердегі юмор көбінесе жұртты жадырата күлдіруді, көңіл аулауды көздейді. Әдемі әзіл-әжуалар айту арқылы елдің еңсесін, рухын көтермек болады. Бір жағынан халықтың тапқырлығын, тілмарлығын, қиял байлығын паш етеді. Мұндағы күлкі достық рәуіште, зілсіз, қуақы түрде көрінеді.

Хайуанаттар ертегілерінде сатира сарыны жақсы көрініс тапқан. Таптық қоғамда үстем тап өкілдерін әр түрлі жан-жануарлар арқылы бейнелеу болған. Бұл ертегілерде халықтың меңзеп отырғаны аңдар арасындағы жайлар емес, әлеуметтік теңсіздіктер деуге болады. М. Әуезов былай деп жазды: «Бұндағы шеберлік қасиеттің бір алуаны – бейнелеу (олицетворение). Сол тәрізді көркемдік әдістер арқылы, көбінше неше алуан айуандар; жыртқыш аңдар, қанқорлар арқылы хандардың, билердің, ілгері-соңғы әкімдердің жайлары, таптық-қоғамдық тұлғалары көрінеді. ...Осыған байланысты қазақтың хайуанат жайындағы ертегілері қоғамдық сатира екендігін, сол арқылы тап тартысының астары, тамыры тереңдеп ашыла отырғанын, көп уақытта юморлық, мысқыл ажуаның, өтімді, күлдіргі тілдің тамаша шебер үлгілерін танытатынын есте түту шарт» [1, 436].

Хайуанат жайындағы ертегілерде сатира, юмор басқаша әдіс-тәсілмен көрінеді. Мысалы, салт ертегілерде сын ашық айтылып, халық езушілерді өз өкілінің тапқыр сөз, шешен тілімен тура әшкерелеп отырса, мұнда астармен, аллегориямен келекелейді. Тіпті мұндағы сын-сықақ, әлгі қиял-ғажайып дүниелердегіге қарағанда, күрделірек, мәндірек болып келеді. Бәрімізге белгілі «Арыстан, қасқыр, түлкі және түйе», «Маймыл мен түлкі» сияқты халық ертегілерінде айлалы түлкі, айбынды арыстанды, қорқау қасқырды, момын түйені асқан қулығының арқасында орға жығып кетсе, маймылды қақпанға түсіріп, «Екі бақ болады, бірі басқа, екіншісі аяққа қонады. Сенің аяғыңа тепкілесен де кетпейтін темір бақ қонды», – деп әбден әжуалайды.

Қиял-ғажайып ертегілеріндей емес аңыз, хайуанаттар жайындағы ертегілердегі күлкі, юмор мәндірек болады. Онда таптық, саяси бағыт, әлеуметтік тартыстың тарихи шындығы, болмысы жатады. Яғни, ол қоғамдық күлкі дәрежесіне көтеріледі.

Халықтық сатира мен юмордың тудырылу, көріну тәсілі де әр қилы. Тұрмыс-салт жырлары мен шешендік сөздерде ол тіл жүйесінде емес, айтылған пікірдің мәнінде, мазмұнында жатса, өтірік өлеңдерде тілдік құралда – гипербола мен әсірелеуде жатады. Күлдіргі – аңыз әңгімелер мен ертегілердегі сатира, юмор бірде тапқыр сөз жүйесімен, пікірімен берілсе, көбіне қызықты іс-әрекет, жүріс-жорық, хикая арқылы беріледі. Батырлар жырында сын-сықақ жыршының ез атынан баяндауымен, сипаттаумен айтылса, лиро-эпоста сатиралық образдардың өз аузымен айтылады. Күлкілі әрекет, күлкілі сөзді солардың ездері істеп, өздері айтып жатады.

Халықтық сатира мен юмордың мазмұн-идеяны берудегі қолданар әдіс-тәсілі де басқа-басқа. Бұл, әсіресе, ертегілерден айқын көрінеді. Күлдіргі, аңыз ертегілерде езушілер халық өкілінің тапқыр сөз, шешен тілімен ашық сыналса, хайуанат жайындағы ертегілерде олар астармен, аллегориямен, мысалданып сыналады. Алдар әңгімелерінде басқалар алданып, ақымақ

етіліп, мазақталып жатса, Қожанасыр әңгімелерінде оның өзі аңғал, аңқау етіліп көрсетіліп жатады.

Сөйтіп, қазақтың халықтық сатира, юморы үлкен үлгі, өнеге қалдырды. Одан бірде от шашып тұрған тапқырлық, бірде тепсініп тұрған қатал сарказм, енді бірде көтере әсірелеу, тағы бірде айтылуына айтары сай келмейтін ирония сияқты сықақтық әдіс-тәсілдерді үйрендік. Сатира, юмор – қиын да биік өнер. Ол ерекше ақыл-парасатпен қатар, биік идеялылықты, тапқыр таланттылықты, болашаққа үңіле білуді, идеалға сенуді қажет етеді. Яғни, халық мұрасы – әр кездегі әдебиетіміздің ұлы мектебі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әуезов М. Он екі томдық шығармалар жинағы, III т. – Алматы: Ана тілі, 2000. –416б.
- 2.Қожакеев Т. Сатира негіздері. Оқулық. – Алматы: Санат, 1996. – 464 б.
- 3.Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. –Алматы: Қазақстан, 2001.–362б
- 4.Тлеужанов М.М. XX ғасыр қазақ әдебиетіндегі сатиралық шығармалардың кейбір көркемдік приемдары. –Орал: Аруна, 1999. –156б.
- 5.Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1999. –436б.

ӘОЖ 82.052

Т.ҚОЖАКЕЕВ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ

ТАЗАБЕКОВА Ж.Ж.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются исследования Т. Кожакеева по казахской литературе.

Summary. The article deals with the research of T.Kozhakeev on Kazakh literature.

Темірбек Қожакеев 1926 жылдың 17-желтоқсанында Жамбыл облысының Мерке ауданы, Ойтал ауылында дүниеге келді. Темірбек Қожакеев 1944 жылы 18 жасында әскерге шақырылып, Сталинград, Баку, Дағыстанның әскери штабтарында қызмет етеді. Елге оралған соң, оқуға түсіп, оны үздік бітіреді. Ғылым жолына біржола бет бұрады.

1953 жылы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөлімін бітіреді. 1947-1948 жылдары Мерке аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарады. 1953-1972 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің оқытушысы, аға оқытушысы және доценті болып қызмет етеді. Одан соң ұзақ жылдар бойына (1972-1986 жылдар аралығында) аталған жоғары оқу орнының журналистика факультетінің деканы болды. Филология ғылымдарының докторы (1970 жыл), профессор (1972 жыл). Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1996 жыл). Қазақстан жоғары мектебі ғылым академиясының құрметті академигі (1996 жыл). Темірбек Қожакеев «Құрмет Белгісі» орденімен, алты медальмен марапатталған. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері. Жамбыл облысы Мерке ауданының құрметті азаматы (2002 жыл).

«Қоғамның әрбір мүшесі жалтақ, жағымпаз, күнбағар болмай, асқан-тасқан басшылардың теріс іс-әрекетіне тойтарыс беруге жарамды, бетті, ел тағдыры, адам тағдыры шешіліп жатқанда шындық, дұрыстық қасынан табылуға өзін дағдыландырып тәрбиелеуге тиіс», – деген Темірбек Қожакеевтің өмірлік ұстанымы болды [1,136.].

Т.Қожакеевтің темірдей иілімсіз тік мінезі мен шыншылдығы, қатал тәртібіне байланысты өз кезеңінде «Т.Қожакеевтің темір тоқпағы», «тотыжайын тілді Темірбек», «тепкісі темірден де қатты Қожакеев» немесе «Ұйықтап жатып, жан шошырлық қорқынышты түс көрем, арасында ылғи Қожакеев жүреді» сынды аңызға айналған тіркестер де шыққан екен [1].

Т.Қожакеев туралы З.Қабдолов былай дейді: «Темірдің ерекше металл екеніне ешкім күмән келтіре қояр ма екен! Сонау ықылым заманнан бері темірдің орны айрықша екені белгілі. Темір – қоршау, темір – құрсау, темір – құрал, темір – ыдыс... Айтпаңыз деймін, темірдің бағасы мүлде бөлек! Әскери ұғымда: «Темірдей тәртіп керек» деп жатады. Сонау дүниені дүр сілкіндірген сұрапыл соғыста да Қазақстан ақындарының айтыс шымылдығын ашқан жыр алыбы Жамбылдың:

«Асу да асу белім бар,
Айдын да шалқар көлім бар,
Ел басқарған ерім бар,
Жер қойнына қарасаң
Лықсып жатқан кенім бар,
Алтын, құрыш, қалайы,
Қорғасын, мырыш, – Темір бар!», -

деп төгілгенде де жүрек тебіренісін темірмен түюі тегін емес! Ал, енді о заманда бұ заман темір тегеурінді адамды көрдіңіздер ме, алдияр? Жиырмасыншы ғасырдың 74 жылын тұтас жасап, жиырма бірінші ғасырдың бастапқы үш жылын көзімен көріп, өз болмысымен көп көңілін тояттатып, саф сөздерімен санамызды сусындатып өткен сайып қыран сатирик, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, аяулы азаматты білетін едік. Ол темір тұлғалы Темірбек Қожакеұлы болатын. ...Қысқасы, Темірбек деген бір мық шеге! Дүниенің қаны қашқан, қаусаған, қаңыраған жерін қағып-қағып жіберіп, қалпына келтіру үшін осындай адамдардан шеге жасар ма еді» [2, 31б.].

Шындығында Темірбек Қожакеевтің журналистика, әдебиеттану, қазақ сатирасы тарихы хақында инемен құдық қазғандай, тер төгіп қалың оқырманға ұсынған қадау-қадау зерттеу еңбектеріне орыс, әзірбайжан, қырғыз, өзге де көптеген халықтардың ғалымдары жоғары баға берген.

Қазақ филологиясында елеулі орын алатын, белгілі Алаштанушы, артына өшпес із қалдырған ірі тұлғалардың бірі – Темірбек Қожакеев. Ғалымның шығармашылығын бірнеше бағытта алып қарастыруға болады. Нақты тоқталар болсақ:

- 1) сатира;
- 2) сын;
- 3) зерттеу еңбектері.

Ғалым өзінің «Қым-қуыт іздер» еңбегінде өзара тектес ғылым салалары әдебиеттану мен журналистиканың бүгінгі күн үшін зәру, мәдени-әлеуметтік маңызы жоғары ірі де іргелі мәселелерін қарастырады [3, 56б.]. Кітап төрт бөлімнен тұрады.

«Әңгіме әдебиет әлемінде» деп аталатын бірінші бөлімде М.Жұмабаев, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин секілді қаламгерлердің шығармашылығы мен өмірі пайымдалады. Автор өз ойлары мен пікірлерін әдебиеттануда бұрын ғылыми айналымға түспеген дерек көздері негізінде тұжырымдап, жаңа қорытындылар жасайды. Көркем әдебиеттегі әзіл, әжуа жайы, жазушының тілі мен стилі, сюжет, композиция түзу жолдары туралы ойлар мен толғаныстар автордың талдау және жинақтау шеберлігін, ойлау мәдениеті мен ой түю машығының сәулетін ашып, оқырманды да ойға түсіріп, ойласуға бастайды [3].

Журналистиканың тарихы мен теориясы мәселелері жөніндегі еңбектер «Жүздесу журналистика жөнінде» деп аталатын келесі бөлімде топтастырылған [3]. Ш.Уәлиханов, М.Сералин, Б.Майлин, тағы басқалардың журналистік қызметін, публицистикалық шығармашылығын талдай отырып, автор алғашқы қазақ журналистикасының өзекті мәселелеріне назар аударады. «Айқап» журналы мен «Еңбекші қазақ» газетінің тарихы, қалыптасу, даму сатылары, сондай-ақ олардың бағыт-бағдарын белгілеген іргелі мақалалардың, публицистикалық еңбектердің әлеуметтік беті, журналистиканың жанрлық түрлерінің дамуы мен жетілуі жайларын пайымдауда да ғалым танымының тереңдігімен, кәсіби шеберлігінің кемелдігімен дараланады.

Сонымен бірге автор республикада журналист мамандар даярлаудың сапасын жақсарту жайына да ерекше назар аударады. Кітаптың соңғы бөлімінде «Толғаныс тарихи тұлғалар,

тағдыр төңірегінде» деген атпен автордың, публицистикалық еңбектері, эсселері жинақталған [3].

Автордың өз өмірінің белестері, Ұлы Отан соғысына қатысып, Рейхстагқа ту тіккен қаһарман қазақтардың бірі Мұхамеджан Данияров, көрнекті ғылым және білім қайраткері Төлеген Тәжібаев, мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов, белгілі өнер қайраткері Асқар Токпанов және басқа ел игілігі үшін, Отан үшін еңбек сіңіріп, тер төккен, жауға қарсы аттанып, қаны мен жанын берген азаматтардың өмірі мен қызметі туралы шығармалары тарихи таным байлығымен, деректілігімен бағалы.

Кітапқа енген еңбектер әр жылдар ойларының көрінісі болғандықтан, оларда белгілі бір мезгілдің, уақыттың тынысы айқын сезіліп тұрады. Ғылым мен білім үшін бұл аса маңызды және қажетті сапалық қасиет болып табылады. Ғылым жолындағы мамандар бұл еңбектерден қазақ журналистикасы мен әдебиеттануы бойынша ғана емес, солармен қатар тарих, саясаттану, мәдениеттану мәселелері бойынша да тарихи маңызы жоғары ғылыми мәліметтер табуға болады [3].

Ғалым Т.Қожакеев кейінгі уақытта, әсіресе еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ұлт мұратын, тарих тағылымын, қазақ зиялыларының тағдыры жайлы игілікті ізденістер жасап, ізгілікті істер атқарды.

Сын жанрларын зерттеумен айналысқан ғалым Д.Ысқақұлы сын жайында мынадай пікір айтады: «Сынның әдеби, ғылыми, эстетикалық сипаттары секілді, публицистикалық сипаты да негізгі қасиеттерінің бірінен саналады. Сынның публицистикалық сипатына қарай, оны журналистика деп қарайтын пікірлердің бар екендігіне жоғарыда тоқталып өттік. Сын журналистика емес, публицистикалық – оның табиғи қасиеті. Енді осы ойымызды нақтылай түсейік. Рас, сынның дамуында баспасөздің рөлі айрықша. Сынның негізгі өмірі – баспасөзде. Баспасөз бар жерде әдеби сын бар. Сынның дамуы баспасөздің дамуына тікелей байланысты. Баспасөз жоқ кезде шын мәніндегі әдеби сын да болмады. Баспасөз – сынның өмір сүру формасы, даму арнасы» [4, 178б.].

Сыншының осы пікірін негізге ала отырып, Т.Қожакеевтің мақалаларына талдау жасайтын болсақ, жазушының әр жылдарда жарияланған мақалаларының ішінде әдебиет жанашырлары туралы бірнеше қырынан танытатын материалдарды кездестіруге болады. Мысалы, І.Жансүгіров туралы «Журналист Жансүгіров», «Сатира саңлағы», «Үш жәдігер», «Ірілік», «І.Жансүгіров – журналистика жүйрігі»; А.Байтұрсынұлы туралы «Алыптың өмірінен үш үзік сыр», «Ахаң атын әлем білген», «Айтулы тұлға Ахаң еді-ау»; Ж.Аймауытов туралы «Жүсіпбек және жастар», «Заман түзелер деумен жүрмін», «Сатираның сардары», «Дарқан дарын», «Ж.Аймауытов – ұстаз журналист»; Б.Майлин туралы «Бейімбеттің алыптарды аралауы», «Табындырар тағылымдар», «Қалам майталманы»; Б.Кенжебаев туралы «Үлкен ұстаз, білікті ғалым», «Абзал азамат», «Ұмытылмас ұлағат иесі», «Б.Кенжебаев – баспасөз байрағы»; Ғ.Мүсірепов туралы «Ғабен шеберлігінің кейбір сырлары», «Жазушының баспасөзге келуі», «Күлкі кемеңгері», «Талант қыры» деген мақалалары мен ғылыми еңбектері жарыққа шыққан. Т.Қожакеевтің алаштанушы ғалымдар туралы жазған еңбектері ащы шындыққа құрылған.

Темірбек Қожакеұлының қазақ баспасөзінің зерттеушісі ретінде жазған еңбектері де бір төбе. Мәселен, «Газет жанрлары», «Қазіргі қазақ баспасөзінің тарихынан», «Жас тілшілер серігі», «Қым-қуыт іздер» атты сүбелі еңбектері – жоғарыда айтқан сөзіміздің айғағы. Ғалым бұл оқулықтарға енген зерттеу еңбектерінде қазақ басылымдарының тарихы мен журналистерінің әдеби һәм публицистикалық мұраларын терең талдап, таразылап, ғылыми бағасын беріп, тасқа басты. Сондай-ақ сол кездегі қазақ баспасөзінің көкейкесті мәселелерін қозғап, газет жанрлары туралы кеңінен түсінік береді. Бұл еңбектер – жас журналистер мен ізденушілер үшін таптырмайтын оқу құралы! Ұлттық журналистиканың шежіресін шертетін құнды қазына! Қожакеевтің қолтаңбасы!

«Үркіншілік» деген жинағы повестер мен әңгімелерден тұрады. «Үркіншілік» повесі – Меркі өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілісіне арналған деректі шығарма. Бұл туындысында автор Ақкөз батырдың патша үкіметіне қарсы көтерілісті қалай ұйымдастырғаны жөнінде нақты оқиғаларды тарихи деректерге сүйене отырып суреттейді. Сөйтіп, тарихи шындық пен көркемдік

шындықты шебер үйлестіреді. Бұл шығарма – қарымды қаламгердің жазушылық қырын білдіреді әрі терең тарихшы екенін танытады.

Сондай-ақ Темірбек Қожакеұлы аударма саласымен де айналысқан. Кезінде ол Н.Кальманның «Джимлифтер» және «Қызыл башлақ», С.Шевцовтың «Тынымсыз балалар», Е.Ильинаның «Дуал мен шуыл» атты балаларға арналған шығармаларын қазақ тіліне тәржімалады. Бұл туындылар 1954-1955 жылдары «Қазақстан пионері» газетінде жарияланған. Сатира сардарының бұл аудармашылық қырын екінің бірі біле бермейді.

Зерделі зерттеуші өмірінің соңында, яғни 2002 жылы Тараз қаласының 2000 жылдығына арнаған «Керімсал кенті» атты кітап жазды. Бұл шығармасында туған елі мен кіндік қаны тамған жері һәм оның айтулы тұлғалары туралы толғады, өскен ортасы жайлы толғанды. Сөйтіп, тарихи шаһардың шынайы шежіресін мұқым елге паш етті.

Ұлағатты ұстаз Темірбек Қожакеевтің ерен еңбегі дер кезінде бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен және алты медальмен марапатталды. Сондай-ақ Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Қазақстан жоғары мектебі ғылым академиясының құрметті академигі. Жамбыл облысы Меркі ауданының құрметті азаматы.

«Білімдінің сөзі – ем, мейірімі көп, өзі кең!» деген екен ғасыр ақыны атанған Мағжан Жұмабаев. Сол айтқандай, Темірбек Қожакеұлының қаламынан туған дүниелердің бәрі қалың елі – қазақ халқы үшін дәру болары хақ. Ғұлама ғалым қайтыс болғаннан кейін 7 томдық шығармалар жинағы тасқа басылды. «Тау тұлғалы Темаға», «Ұстаз. Ғалым. Қайраткер» атты естеліктер кітабы жарық көрді. Қара шаңырақтағы журналистика факультетінде Темірбек Қожакеев атындағы мәжіліс залы ашылды. Жыл сайын Т.Қожакеев оқулары аясында «Жас тілшілер» атты ғылыми форум дәстүрлі түрде өтіп келеді. Жамбыл облысы Меркі ауданындағы №39 мектеп-гимназиясына Темірбек Қожакеевтің есімі берілді. Сол мектептің ауласына мүсіні қойылды. Алматы қаласы мен Меркі ауданының бір көшесі Темірбек Қожакеев атымен аталады. «Ғалымның хаты өлмейді» деген – осы!

Қорыта айтқанда, филология ғылымдарының докторы, профессор, ұлағатты ұстаз Темірбек Қожакеевтің сатиралық жанрды түбегейлі зерттеп, нақышына келтіріп берген еңбектері күлкімен әшкерелеу өнерінің тарихын, теориясы мен тәжірибесін, топталу мен жіктелу жүйесін алғаш рет арнайы сөз еткен қомақты дүниелер деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тау тұлғалы темаға: ғылыми басылым / құраст. М.Қожакеев, Қ.Ботбай. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2004. – 639 б.
2. Қабдолов З. Мықшеге // Егемен Қазақстан, 1996, 16 наурыз.
3. Қожакеев Т. Қым-қуыт іздер. – Алматы: Санат, 1999. – 400 б.
4. Ысқақұлы Д. Әдебиет айдыныда. – Алматы: Арыс, 2009. – 320 б.

ӘОЖ 82.052

XIX ҒАСЫРДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИ МЕКТЕПТІ АЙҚЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АЛИПБАЕВА С.Н.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается определение региональной литературной школы XIX века.

Summary. The article deals with the definition of a regional literary school of the 19 th century.

Қазақ әдебиетіндегі белгілі бір дәуірде жасаған үлкен әдеби мектептің басы – Дулат өз заманындағы сауатты, білімді аса мәлім мәшһүр ақынның бірі.

Қазақ кітабы тарихы дамуының екінші кезеңі деп 1867-1900 жылдар арасын қамтып қарастыруында Ш. Елеуқеновтің XIX ғасыр әдебиетінде болып өткен айрықша елеулі құбылысты құлаққағыс етуі тегін емес.

“Екінші кезеңге тән және бір жаңалық – қазақ кітабының ел өмірін жазуға батыл бет бұрғандығы. Қазақ әдебиеті Шығыс әдебиетінен алатынын алды, бойына сіңіретінін сіңірді, бірақ ықпалында, ығында кеткен жоқ. Кетпеуінің басты себебі – қазақ елінің рухани бірлігінде, талай жаумен шайқас, алыс-жұлыстарда шыныққан тірлігінде еді. Сондықтан ел өмірінің ағысы өз арнасынан ауған жоқ. Сондықтан ол кездердегі әдебиетіміздің жетекші жанры поэзия өз халқының өмірінен тың тыңдады, жаңа идеяларды Шығыс мифологиясынан емес, боданға түскен елінің зарынан қарпыды, көз жасымен суарды. Ұлт мүддесін, мұң-мұқтажын шығармаларының өзегі еткен ақындардың өлеңдерінің алды кітап боп жарыққа шыға бастады” [1, 109 б.].

Ғалым Дулат пен Шортанбай кітабындағы өлеңнің жыр үлгісінде келгенімен публицистикалық жалынға оранғанын айтады. Заман күйін толғауда памфлет стильді толғаулар туғызды деп, зар заманды тек күйреуден туған өлең заманы деп ұғынудың шынайы негізіне жүгінеді.

“Өлеңнің аты “Зар заман” деп аталады демесең, Дулат, Шортанбай ақындардың бұл өлеңдерінде торығушылық, күңіренушілік сарыны естіле ме? Қайта бұл – патшаның өзінен бастап ел билеуші күзғындардың бет пердесін аяусыз жұлып әшкерелейтін, өлең найзасын өңменінен өткізе шаншатын батылдық, ерліктің үлгісі емес пе еді?! [1, 110 б.]

Зар заманда ұлт мүддесін шығарма өзегі еткен ақындықтың шығуы, қазақ әдебиетінің Шығыс ықпалында кетпеуі дәстүрі мықты әдеби құндылығымыздың қуатынан тарағаны сөзсіз.

“Болмыс-бітімдерін нақты категориялардың көмегімен кескіндеп-кейіптеуден гөрі, ойлы образдар немесе образды ойлар арқылы айшықтауға бейім көшпенділер жұрағаты – қазақтардың тарихи тағдыр-талайын зерттеп-зерделеуде әсіресе олардың поэзиясының тұла бойында тұтас тұнып тұрған қыруар қазынаға жүгінудің жөні бөлек. Өйткені ұлттық поэзия қай тұста да елдік мұрат пен мүдденің, арман мен аңсардың шығармашылық шежіресіболумен қатар, зобалаң замандарда азаттық жолындағы арпалыстың қуатты құралы ретінде де риясыздық танытты” [2, 30 б.].

А.Шәріп ұлттық әдебиетіміздің төлтумалық қасиетін өзгеше құндылауды, айрықша бағалауды атап көрсете отырып былай дейді: “Былайғы жерде байқай бермейміз, әйтпесе, біздің жат жұрттық (жоңғарлық, орыстық, қоқандық, хиуалық, қытайлық) өктемдікке наразылық білдірген әдебиетіміздің туған тілімізде өсіп-өркендеуінің өзі ұлттық кемелдіктің бұлжымас айғағына айнала алады. Неге десеңіз, көптеген Азия, Африка және Латын Америкасы халықтарының отаршылдыққа қарсы күрес кезіндегі көркем шығармаларының дені метрополия тілдерінде – ағылшынша, испанша, французша, португалша жазылды. Әдбетте, бұл этностық сана-сезімнің әлі де дәрменсіз күйін дәйектейді” [2, 41 б.]. Осы тұста Еуропа жұртына әдебиет жасау үлгісін шығармашылық үрдіспен емес, көшірме түрде алып отырды деп, туған әдебиетінің тарихын торыға толғаған кәдімгі Виссарион Белинский де ойға оралады.

Ұлтымыздың тарихтың талай талапай кезеңінде көбесін сөгіп, кіндігін үзбеген Сөз өнері үшін және бір қанағат сезім бойынды буып, марқая түсесің.

Дулат Бабатайұлы 1802 жылы қазіргі Семей облысының Аягөз ауданында туады. Мұсылманша сауат ашып, оқу оқыған, өз уақытының аса білімді адамының бірі. Жалпақ қазақ жұртының жыр өлкесінде дара шапқан тұлпардың бірі – Дулат ақын 1871 жылы қайтыс болады.

Дулат қазақ поэзиясының атты шулы үздігі. Өз уақытының жан ауыртқан жайларын өлеңге түсіруші жыршы ғана емес; сол жайлардан үлкен әлеуметтік ойлар түйген ойшыл.

Дулаттың жыр кестесі қазақ поэзиясының жаңа мүмкіндік көкжиектерін көтеріп кеткен ғажайып көркемдік әлем болды.

Күні бүгінге шейінгі қазақ әдебиетінің тарихына қатысты зерттеу-зерделеулерде Дулат ақынның аты қағаберіс қалып көрген жері жоқ. Дулат Абайдың алдыңғы жаңа сапаға

ойысқан қазақ өлеңінің зергері. XIX ғасырда жасаған, орыс отаршылдығы бар ойраныны салып жатқан уақытты көзбен көрген Дулат сол дәуір туғызған зар заман әдебиетінің аса көрнекті өкілі.

Дулаттың бүгінге жеткен жыр мұрасы шамамен 1500 жолдай делінеді. 1839-1919 жылдар арасында ғұмыр кешкен Байділдә деген Дулаттың көз көрген, замандас адамы Дулат өлеңдерін жазып алып, қолжазба күйде сақтап ұстап, кейінгіге табыстайды. Оны беріге жеткізген Ғаббас Байділдәұлы мен Шәкір Әбенұлы.

Дулат Бабатайұлының өлеңдері Қазан төкерісіне шейін “Өсиетнама” деген атпен Қазанда (1880) басылып шыққан. Баспаға Мүлкен Сейілулы даярлаған. Бұл жинаққа өсиет, ғибарат өлең, толғаулар енді. Жалпы көлемі 800 жолдай.

Дулат ақынның өмірбаян деректері, өлеңдері кейіннен жиналды. Әдебиет тарихына қатысты еңбектерде алғаш көрінуі С.Мұқанов пен Қ. Бекхожиннің 1939 жылғы хрестоматиясында. Мұнда ақын өмірбаяны мазмұндалады.

Қ.Жұмалиев 1940-1941 жылғы шыққан мектеп оқулығында өмірі мен шығармаларын талдап жазды. “Қазақ әдебиеті тарихында” қысқаша мәлімет бар. “XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары”, “Үш ғасыр жырлайды”, “Дастандар”, “Бес ғасыр жырлайды”, т.б. жинақтарда Дулат шығармалары басылды. Дулаттың әдеби мұрасына қатысты толымды, жүйелі зерттеу жүргізген, ақын мұрасының ақиқатын қорғау жолында жақсыны да жаманды да көрген ғалым – Ханғали Сүйіншәлиев. Дулат әдеби мұрасын мазмұндық, көркемдік жақтан жүйелеп, бағалады, шығармаларын насихаттап, баспа бетіне жариялады. Алғашқы ауыз толтырып, айтарлық зерттеудің бірі – “Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері” атты монографиясында. 1959 жылғы конференцияда ақын мұрасын бірден-бір арашалап сөйлеген – Х. Сүйіншәлиев.

Қажым Жұмалиев Дулат ақынның шығармашылық мұрасын теориялық, әлеуметтік-саяси, тарихи жақтарын қарастырды.

Дулат поэзиясының көркемдік өлшемі, қисапсыз құндылығы жайлы жеріне жеткізе Р. Сыздықова, Қ. Өмірәлиевтер сөйледі. М. Мағауин Дулатты өз заманының аса сауатты адамдарының бірі деп, ақын бағасын береді. “Дулат қазақ поэзиясын мазмұн, тақырып жағынан байыта түсті, түр, көркемдік тәсілдер тұрғысынан жаңа сатыға көтерді” [40,26 б.]. Біздіңше Дулат шығармашылығының ең басты өзгешелік сипаты: ақын өлеңі – бірнеше ғасыр ішіндегі қазақ поэзиясының тоқайласқан тұсы. Дулатта ескінің түсі де жаңаның түрі де – бәрі де бар.

Х.Сүйіншәлиевтің мына бір тұжырымы әбден рас. “Дулат өлеңдерінің мазмұны, тілі халық ауыз әдебиетімен ғана үндесіп жатпайды. Соған қоса Абай, Ыбырай, Махамбет, Шортанбай сияқты кейінгі ақындармен үндесіп, пікірлері астасып жатады”. Дулат шығармаларының сарыны – замана күйі. Өз уақыты туғызып отырған құбылыстар. Дулат шығармаларының шеберлік сырлары шексіз.

“Тегімді менің сұрасаң” жырында сонау қарға бойлы Қазтуған жыраудың “Мадақ жырымен” үндес мақам жатыр. Қазтуған барлығын туғып көтеріп, мадақ айтады; Дулат асып туған өнеріне шалқиды.

Сырымды менің сұрасаң,
Тұманың тұнық суынан.
Кеудеме қайғы толған соң,
Тұнық жырмен жуынам.
Сорғалаған нөсердей
Жырын тыңда Дулаттың.

Дулатта қазақ поэзиясындағы дәстүрлі сарынның бірі тұлпардың сынын суретке көшіру. Абайдағы аттың сынына ойысқан сурет, келісім.

Зар заман поэзиясының кесек тұлғасы Шортанбайдың әдебиет тарихындағы алатын орны XIX ғасырдың аяқ шенінен бастап-ақ айғақтала бастады. Шортанбайтанудың басында, біздіңше, халқымыздың әдебиет үлгілерін жинап-зерттеуші, бағалап-саралаушы, қазақ әдебиетінің ғылыми сипаттамасын жасаушы В.В. Радлов тұр. Ол өзінің халық жайлы, әдебиет жайлы танымдық, ғылыми еңбектерінде ел ішіндегі әдебиет үлгісіне, түріне, сарынына, ерекшелігіне барлау

жасайды. Әдебиет түрін айғақтап отырып айтқанда, ел жағдайын, ислам дінінің жағдайын қамтып отырады. Кейінде Шортанбайға діншіл, діни деген атақтың ажырамастай болып жабысуының бір ұшы Радлов мәліметтерін ұшқарылау қабылдап, соған сүйене сөйлеуде жатқан сияқты.

В.В.Радловтың мына бір пікіріне әсіресе назар аудармасқа болмайды. “Зар заман” мен “Заман ақыр” тәрізді ғибрат өлендер Ертістің шығысында дала қазақтарының молдалары шығарған қол тума туындылар [3, 56б.]. Ертістің шығысында дала қазақтарының молдасы деп отырғаны кім екенін жазбай тануға “Зар заман” деп бүкіл бір дәуірге ат берген толғаудың өзі-ақ сілтеп тұр. Әрі бұл дерек Шортанбайдың жазба ақын да болғандығын айғақтайды.

В.В.Радлов Шортанбай толғауларын тұңғыш жинаушы, әрі бастырушы. Шортанбайдың қазақ әдебиетінің тарихындағы орны ертеден-ақ белгілі болғанын Мұхтар Әуезов 1927 жылы айтып, зар заман ақындарының ішіндегі ірі жырау, үлкен ақыны екенін атап өтсе де, өкінішке орай, қилы-қилы замандарда Шортанбай мұрасын бағалау мәселесі қилы саққа жүгіртілді. Тұтастай зерттеу нысанасына ілігіп, жан-жақты жүйеленіп, талдана қойған жоқ. Қайткенде қайшылық, кемшілігін ащы айтып, қатты айтуға бейім тұрғанымыз рас. Көбіне ақынның шығармасындағы саяси астарларға назар аударыла берді де, ақындық шеберлігі қағаберіс қалып, жалпылама қамтылды. Жалпы ел ішінде болсын, әдебиеттануымыздағы қайсыбір зерттеулерде болсын Шортанбай жырау деген тіркес те жиі ұшырасады. Шындығында Шортанбай шығармашылығының жыраулар өнерімен аса туыс тұстары көп. Сол төңіректе де біраз мәселені қарастыру, айғақтау қажет десек, оның өзі де жалпы әдебиетіміздегі жыраулық өнер, жырау статусына байланысты бұрынғы-соңғы тұжырымдарға жүгіне отырып сөйлеуді қажет етеді. Жырау өнері ту бастан зар заман әдебиетінің де бір түрі, басты түрі екенін ескерсек, ол ұғымның Шортанбай мұрасымен тоқайласар тұсы көп.

Шортанбай өлеңін талғам таразысына салуда М.Мағауиннің ескі поэзиямызға байланысты мына бір тұжырымын есте ұстағанымыз жөн. “Көркем шығарма қашан да өзін туғызған дәуір кейпімен, сол кездің ой-өрісімен салыстыра бағаланбақ, өз заманымен өлшенбек. Және көркем әдебиетке қойылар талап, оның критерийі әр уақытта әр түрлі болғандығын да есте тұтқан жөн. Яғни шығармаларында кездесетін кейбір кінәраттар жырау талантының кемдігінен емес, оның заманының ескіргендігінен, біздің көркем әдебиетке қояр талабымыздың өзгергендігінен” [4, 29б.].

Әдебиет тарихындағы алабөтен орны жайлы Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С.Мұқанов сынды сөз асылын сүйіп өткен алыптардың сонау ертеректе айтқан тұжырым-пікірлері бүгінгі әдебиеттану ғылымымыздағы түбегейлі зерттеулер негізінде толығы, беки түсуде. Мұрат мұрасы халқымыздың қымбаты мен қимасының алтын кесегі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елеукенов Ш. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – Алматы: Білім, 2011. –321б.
2. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Алматы кітап, 2000. – 336б.
3. Радлов В.В. Алтын сандық / Құрастырушылар: С. Қасқабасов, К. Матыжанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 256б.
4. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Ғылым, 2011. –432б.

С.СЕЙІТОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**АБДИЕВА К.А.**Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.**Резюме.** Статья освещает жизнь и творчество С.Сейтова.**Summary.** The article highlights the life and work of S.Seitov.

Ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің әрқелкілігін, ағымдардың пайда болып, өркендеуін, қаламгердің әдеби мұра қорына қосқан үлестерін анықтауда ғылым жолындағы ар тазалығын сақтап, әдебиеттің дамуына ерінбей еңбек еткен ғалымдарымыздың бірі халыққа майдангер-ақын ретінде аты мәлім – Сағынғали Сейітов. Ол Кеңес дәуірі кезеңіндегі қазақ әдебиетінің әр түрлі мәселелерін өз еңбектеріне арқау етті. Ғалымның әдеби-сын саласында атқарған еңбектері де жеткілікті. Ақын-жазушыларымыздың поэзия, проза жанрларында қалам тартқан шығармаларын халыққа танытуда, әдеби-сын тұрғысынан талдау жасауда С.Сейітов жемісті еңбек етті. Сондай-ақ, ол қазақ әдебиеті ғана емес, басқа көрші халықтар әдебиетіне қатысты ақын-жазушыларымыздың поэзия, проза жанрларында қалам тартқан шығармаларын халыққа танытуда, әдеби-сын тұрғысынан талдау жасауда С.Сейітов жемісті еңбек етті. Сондай-ақ, ол қазақ әдебиеті ғана емес, басқа көрші халықтар әдебиетіне қатысты мәліметтерді жинап, елеулі зерттеулер жүргізді.

Ғалым өзге ел қаламгерлері мен олардың шығармалары туралы терең мағлұмат беріп, кең көлемде ғылыми талдау жасай отырып, басқа ұлт рухы мен мәдениетін сезіну арқылы өз мәдениетіміздің деңгейін көтеруге, ықпал етуге тер төкті. Оның шығармашылық өмірінің мәні–әдебиеттегі халықтардың ынтымағы мен ұлы достығын ұлықтау және насихаттау. Сондықтан осы заманғы ғылым талаптарын ескере отырып, С.Сейітовтің ғылыми еңбектерін жинақтап, зерттеулеріндегі өзіндік ерекшеліктерін айту, ғылымдағы ұстанған бағыты мен ғылыми пайымдауларын саралау бүгінгі қазақ әдебиеттануының қажеттілігі деп білеміз. Қазақ әдебиетінің соғыстан кейінгі уақытта дамуына алғашғылардың бірі болып атсалысқан ғалым әдебиет тарихы, сыны, теориясы, аудармасы төңірегінде орнықты ойларын ортаға салып, құнды еңбектер қалдырды.

Пікірлер мен көзқарастар таласы әдебиеттану ғылымының өркендеуіне жол ашады. Өткенді ой елегінен өткізіп, бүгінгіні байыптап, болашағын бағдарламайынша, ешбір ел ертеңнің асуынан аса алмайтыны белгілі. Осы ретте, ең алдымен, қай саланың болмасын ғылымның атқаратын қызметі баға жеткісіз. Қоғамдық ғылымдардың ішінде рухани-көркемдік дамуға үнемі сергек қарайтын ғылым – әдебиеттану ғылымы. Ең алдымен халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтауға іңкәр әдебиеттанудың қоғамдық маңызы да содан туындайды. Адам баласы дүниені ғылым арқылы танып біледі. Табиғат пен қоғам құбылыстарының заңын ашатын, мәнін түсіндіретін нәрсе – ғылым. Адам баласының көркемдік танымының нәтижесінде дүниеге келген өнердің бір түрі болып табылатын көркем әдебиетті алуан қырынан саралай қарастыратын ғылым әдебиеттану деп аталады [1, 3б.]. Ол көркем әдебиетті, көркем әдебиеттің түп-төркініні, мән-маңызы мен даму үрдісін зерттейтін ғылым”,–деп К.Ахметов сипаттама берсе [2, 41б.], әдебиетші ғалым Б.Ыбырайымов “әдебиеттану – халықтың рухани-әлеуметтік жоқшысы, толғанис, тұжырымы”,–деп бағалайды [3, 30б.].

Сағынғали Сейітовтің азаматтық ұстанымының танылған, қазақ поэзиясына өзіндік үнін қосқан жырлары осы тұста – сұрапыл соғыс өрті мен жауынгерлердің Отанды қорғаудағы ерен ерліктері туралы өлеңдерінен айқын танылады. Бұл, әсіресе, “Самғау” жинағының “Сұрапыл” тарауындағы жырлардан айқын аңғарылады. Мәселен, “Отан мені шақырды”, “Окопта”, “Комиссар”, “Шегінбе!”, “Еділдегі ер қала”, “Барлаушы”, “Днепр суы”, “Шабуыл жолы”, “Минскіні босатқанда”, “Айқас”, “Таң сәріде” т.б. өлеңдерінен ерлікке шақырған азаматтың ел

үшін жанын қиятын патриот ақын бейнесін жазбай тануға болады. Қаламгердің поэзиялық шығармаларына аз-кем тоқталып өткеніміз артық болмас деп ойлаймыз. Тыңдап көрелік:

Жалтақтама, жасқанба,
Шегінбе, жолдас шегінбе.
Қайраттан, бекін, қатулан,

Басыңды име өлімге”,– деп, қасындағы қарулас жауынгерлерге рух берсе, енді бір жыр жолдарында ақын асқақ эпикалық қуатын жарқырата, жауға айбат көрсетеді :

Жиырмадан жаңа асқан жас жігітпін,
Мүз еріттім деміммен, тас жібіттім.
Жетпей жатып жеңіске, бел шешпеймін,
Жетегіне ермеймін басқа үміттің.

Тағы бір өлеңінде:

Қайраттана үмтылдым,
Қатуланып қабағым.

Тегеуріні темірдей

Намыстан туған баламын.

Серттесіп жасыл темірмен,

Сынамаққа талабым.

Махаббат, жастық сен үшін

Ұрысқа кетіп барамын! – деп тебіренеді.

Көріп отырғанымыздай, С.Сейітов құр қиялдың ақыны емес, намысын ту қыла білген, айналасындағыларға сұрапыл суық күндерде отты өлеңдерімен рух бере білген, өмірге деген күштарлығы асқақ ақын екенін байқаймыз. Көбінесе ақын өлеңдері шымыр, шағын шумақтарға құрылады. Замандасы Есет Әукебаевтің бір естелігінде С.Сейітов туралы былай дейді: «Сағынғали қаламын да, қаруын да тең ұстады. Жауған оқтың астында, дүркіреген зеңбірек даусының, зуылдаған снарядтардың арасында жүріп, майдан өмірінен солдат ерлігіне толы жырлар жазды. Бұған оның «Шегінбе!», «Шабуыл жолы», «Жүрсем де от пен оқтың арасында» т.б. өлеңдері айғақ. Ақын бұл өлеңдерінде соғыстың не бір қиян-кескі шайқастарын, сондай қиын тұста туатын ерлік деп аталатын солдат жанының сұлулығын бейнелі де, шебер де бере білген» [10, 436.].

С.Сейітов Соғыста майдан газетінің тілшісі болып, қан майданда өз көзімен көрген туған елді қас қақпай қорғаған майдангерлер ерлігін тебірене толғаған-ды. Оны өзі де: «Соғыс уақытында мен «Отан үшін», «Майдан ақиқаты», «Жеңіс туы» деген майдан газеттерінде істеген қазақтың. Соғыстың басынан аяғына дейін, жалпы әскерде алты жыл жүрдім»,– деп айтқан [11, 236.]. Қаламгер сол кезде жазған мақалаларын жинақтап, Жеңістің жиырма бес жылдығына орай «Сөз сұрайды солдаттар» деген атпен кітап етіп, жинақтап шығарады. Мұнда автор қаһармандардың темірдей төзімі мен қайсар қасиетін, өмірге деген шексіз сүйіспеншілігін, отаншылдығын, жауға деген өшпенділігін әсерлі суреттейді. Бұл – ұрыс арасында аз-кем тыныстаған кездерде, қилы-қилы айқастар мен шабуылдардың алды-артында, түн қатып, түс қашып жүрген шақтарда қанмен жазылған шынайы жазбалар. Бүгінгі күні тарих үлесіне еніп, төрден орын алып, атын алтын әріптермен айшықтайтын, санаулы ардагар қаламгерлердің бірі де осы – Сағынғали Сейітов. Ол: «Көз алдымда көп суреттер... Шайқастар мен жорықтар, адамдар мен оқиғалар. Есімде ел ерлерінің кескін-келбеттері, Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен қаһармандық қимылдары мен асқан адамгершілік қасиеттері.

Қазақ лирикасына өзіндік қолтаңбасын осылай қалдырған С. Сейітов махаббат, жастық жалын, сезім иірімдерін жырлауы шығыстық дәстүрмен келетін мәдениеттілігімен құнды. Оның «Махаббат жырының антологиясы» деген атпен жарияланған «Ғашықтарды жақтаймын», «Сүйдім сені», «Мың шүкіршілік» т.б. өлеңдері сүйгеніне жүрегін айқара ашқан жан сыры адалдықпен, пәктіктің жылы шуағындай жырланады.

Зәру емен аруға,

Ажар-көркін тануға.

Мен әзірмін жаныңда,

Маздап мәңгі жануға!

Сүйдім сені,
Періштедей пәктігіңе сендім де.
Кете бардым,
Махаббаттың жетегіне ердім де! –

немесе:

Жүрегімнің маржанын
Үрлап кеттің дер едім.
Сонан бері мен өзім
Сөзден маржан теремін.

Жалпы адамзатқа тән махаббат пен ғалауат сыры ақын жүрегін осылайша тербейді. Ақынның өлеңдері көбіне пішіні жағынан қысқа алты-жеті буынды шымыр шумақтарға құрылады. Поэзиямыздағы аз сөзбен көп мағына беруде, шағын сөзге терең түйсік ұялата білу С. Сейітов шығармашылығының бір ерекшелігі деп түсінгеніміз дұрыс. Әдебиетші Ә. Нілібаевтің сөзімен айтсақ: «Аз жол өлеңмен көркем сурет жасай алған ақынды өз басым қазақ поэзиясында сирек кездестірдім. Шағын да шымыр лирика, оның үстіне пейзаждық лирика С.Сейітовтің талмай ізденушілігінің, жаңалыққа ынтызарлықтың нәтижесі» [14, 25б.].

С.Сейітовтің ақындық қыры, өлең өлкесіндегі қалдырған том-том кітаптары ілгеріде айтқанымыздай, терең пәлсапалық тұжырымдарға толы, өткір ойлы, батыл көзқарасты танытатын рухани қымбат дүниелер. Үш кезенді – от пен оққа оранған соғысты, соғыстан кейінгі кеңестік дәуірді, бүгінгі қазақ елінің тәуелсіздігін өз көзімен көрген қаламгер. Оның айтары да мол, жазары да жетерлік еді. Қаламгер өмірінің соңына дейін қолынан қаламын түсірмей, ақындық қабілетін де, зерттеушілік қызметін де, азаматтық тұлғасын да жоғары қоя білді. Ол әдебиет, тіл, өнер, уақыт, адам, қоғам, заман, мінез, сезім мәселелерінің бәріне биік парасат тұрғысынан қарап, ой елегінен өткізіп, өлеңмен өрнектеп, пікірін мақала етіп жазып отыруды өмірінің мәні еткен адам еді. «Ой керуені» жинағында қаламгердің барлық жүріп өткен жолы сайрап тұр. Адалдық пен мәрттік, биіктік пен білімділік оның әр сөзінен көрініп, пенделіктен ада, таза өнер туындысымен қауыштырады.

Көңілім ояу,
Санам сау, сезім – сергек,
Арғыны да,
Бергіні көзім көрмек.
Қалам қолда,
Қашанда қаңтарылмас,
Қажетсінсем,
Аламын сермеп, сермеп, –

деген сөздері осыны аңғартады.

С.Сейітов поэзиясы туралы сөз қозғағанда шартты түрде өлеңдерін мынандай топтарға бөлуге болады: туған жер туралы толғаныстар, жастық, махаббат жырлары, жорық жырлары, көңіл-күй пернелері, азаматтық үн (тіл, әдебиет, өнер, ел, жер туралы өлеңдері), тәуелсіздік жырлары, әдеби портреттер («Тұстастар» әдебиет арыстары туралы өлеңдері), арнау өлеңдер, пәлсапалық ой-маржандары. Абыз ақсақал бар ғұмырын қалам мен қағазға арнаған соң осы мәселелердің бәрі оның назарынан тыс қалған емес. Алмастай өткір ойлары оқырманды бей-жай қалдыра алмайды. Жалтақтау мен жарамсақтанудан ада, Тәңірден берілген ақындық қасиетін жан сарайының үнін жеткізуге ғана арнаған қаламгер рухы биік жыр жолдарын ғана жазуға тырысады:

Туған әдебиетіміздің туын биік ұстау үшін қыруар іс тындырып, халқына қымбат қазына қалдырса да, осынша еңбек жазып, қарапайым қалпынан айнымаған С.Сейітов ұлттың рухани игілігі үшін тер төккен, ғылымға адалдығы мен әділдігін берік сақтаған ғалым болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Білім, 2005. – 320 б.
2. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. – Қарағанды: Арко, 2004. – 212б.
3. Ыбыраймов Б.Б. Қазақ ұлттық әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері баяндама / Ұлттық әдебиеттану ғылымының көкейтесті мәселелері. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Білім, 2001. – 285б.
4. Әукебаев Е. Азамат ақын. «Жетісу» газеті, 1977ж. 19 ноябрь.
5. Сейітов С. Мен елім үшін соғыстым. «Дала мен қала» газеті, 2006. – 5 мамыр.
6. Нілібаев Ә. Мақала: Ақын. Ғалым. Азамат. «Қазақстан мұғалімі», 1977. – 18 қараша.

ӘОЖ 82.41

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

СЕМБАЕВА Б.П.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы көркемдік ізденістер қарастырылған.

Summary. В статье рассматриваются художественные искания казахской поэзии в начале XX века.

Кеңестік кезеңде XX ғасыр басындағы әдебиет туралы ресми идеологияның қағидалары Қазан революциясына дейін қазақ халқында кәсіпқой жазба әдебиет болған жоқ деді. Керісінше, әдебиет аталып жүргендері көркемдігі шамалы, мазмұны мәнсіз, дінді уағыздайтын, реакциялық туындылар деп тапты. Тіптен онда тап тартысы көрсетілмейді, орыс халқымен қосылудың маңызын, мәнін дұрыс ұғынбағандықтан ұлтшылдық идеяларды насихаттайды деп атап көрсетті.

XX ғасыр басындағы әдебиет туралы осы пікірге бірден-бір қарсылық көрсеткен ғалымдардың бірі – Б.Кенжебаев болды. Ол тіптен өзінің жинаған материалдары арқылы басты қағидаға айнала бастаған осы пікірдің негізсіздігін дәлелдеп берді.

Кеңестік идеология әсерімен білдірілген жоғарыдағы пікірдей емес, тарихи-әдеби деректер шындығы басқа болатын. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті даму жолында өзге елдер әдебиетінен қалмай, көшпен бірге жүрген. Бүкіл әлемде өтіп жатқан ірі оқиғаларға қанаттаса үн қосып, шығармашылық ізденістермен үлкен жетістіктерге жеткен. Әдебиет даму барысында жаңа, жоғары сатыларға көтерілген, қоғамдық сана мен халық тұрмысын суреттеуде заман лебін жырлауда философиялық тереңдік пен көркемдік биіктерге шыққан. Ш.Құдайбердіұлы [1], А.Байтұрсынұлы [2], М.Жұмабаев [3], Б.Күлеев [4], М.Дулатов [5] бастаған қаламгерлер шығармашылығы осыны көрсетеді. Қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдардың дәлелдеген тарихи-әдеби деректер мен тиянақты талдаулары міне осы қорытындыға алып келді. Бұл мәселені сонау Кеңестік кезеңде айтуға болмайтын. Мұны кезінде зиялы қауым білді, көпшілік те сезді. Бірақ оны жазу түгіл, айтуға да бата алмады. Отыз жетінші жылдардың үрейі, ауық-ауық соғып тұратын «ұлтшылдыққа, жат идеяларға қарсы күрес» науқандары сауатты адамдарды қатты шошытты. Тырнақ астынан кір іздеген қытымыр заманда қып-қызыл отқа түсуге екінің бірі тәуекел ете алмады. Сондықтан да ресми идеологияға қарсы келмейтін зиянсыз, жалпы сөздерді айтумен ғана шектелді. Осындай саяси идеологиялық жағдайда XX ғасыр басындағы мәдени-әдеби ахуал туралы шындықты жазуға бекіну ғалымның қажыр-қайратына, ар-ұжданына ғана байланысты еді. Ал ғалым Б.Кенжебаев XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін халықтың сан ғасырлық әдебиет тарихындағы елеулі ірі кезең дегенді ақырын өз зерттеулерінде айтқан болатын. Қытымыр саяси идеология құрсауында қазақ әдебиетінің тарихына қажетті жаңа

мәліметтер мен тың деректердің, терең талдаулар мен негізгі зерттеулердің қорытындыларын жариялауға жағдай жасайтын өзіндік әдістеме, тәсіл іздеді. Бұл өткен ғасырдың қыркыншы жылдарының ортасы болатын. Ғалым шығармашылығының ұзақ сапарында үнемі екі оттың ортасында болды. Бірі ресми идеология болса, екіншісі тікелей шындық, тарихи-әдеби деректер.

Б.Кенжебаевқа ағартушы демократтық бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығы туралы мәлімет жинаудың өзі күшке түсті. С.Торайғыров пен М.Сералиннің өмірбаяндық мәліметтерін жариялаудың қаншалықты қажытқанын ғалымның өзі айтып отырған. Кейбір материалдарды мұражайдан іздеудің, біреуден сұраудың өзі қауіпті болатын. Ғалым қолда бар мүмкіндіктерді мейлінше пайдалана отыра, әдеби-тарихи деректерді сөз ете бастады.

Алдымен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің қоғамдық санадағы ролін бағалады: «Қазақтың XX ғасырдың басындағы ақын-жазушылары өздерінің таңдаулы шығармаларында қазақ халқының бұрынғы, өз тұсындағы әдебиетінің жақсы үлгі дәстүрлерін әрқайсысы өз әлінің келгенінше ілгері дамытты, оны қазақ халқының бүгінгі барша озат, терең идеялы, көп жанрлы, барынша көркем әдебиетіне әкеліп ұштастырды», - дей келе оған дәлел ретінде С.Торайғыров, М.Сералин, С.Дөнентаев, Ә.Тәңірбергенов т.б. қаламгерлердің шығармашылығын айтады [6, 216.]. Түрлі әлеуметтік топтардың заман екпініне ілесе алмауынан туындайтын сан алуан жанрлардағы, пафостағы, стильдегі шығармалардағы бейнелеу сырларын терең талдаулар арқылы көрсетеді. XX ғасыр басында қазақ қоғамының ілгері жылжуына кедергі болған кемшіліктерді суреттеп, адамгершілікке, оқуға шақырған қаламгерлердің аз болмағанын дәлелдей келе, олардың шығармаларындағы түрлі көзқарастардың кездесуін мәнді жаңалық ретінде тілге тиек етеді.

«Ағартушы ақындар» туралы еңбектерінде олар өскен дәстүр, білім алған оқу жайына айырықша тоқталады. «Мұсылманша орта, жоғары дәрежелі білім алды, кейбірі тіпті көп оқып, ғұлама болды», - деп жазады [6, 256.]. Қазіргі таңда ешбір оғаштығы жоқ бұл пікірлермен ол кезде ойнауға болмайтын, қауіпті, «халық үшін зиянды» қателер бар еді. Мұсылмандық оқу түгіл, шығыс мәдениетіне состиа қараған заманда сол оқу орындарынан оқып, «ғұлама болды» деп жазу үлкен тәуекелді ғана емес, сақтықты да керек ететін. Осыны мұқият ескерген профессор Б.Кенжебаев қажет жағдайда шегінетін жолдарын да есептеген тәрізді. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне арналған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты оқулықтың алғашқы бөлімдерінде шығыс оқуына қатысты «жаттанды кітаби білім шәкірттерге түсініксіз жат» болатын деп жазса, дінге байланысты пікірлеріне діни фанатизмді тіркейді. Демек дін мен діни фанатизм бір емес. Сөйтіп, кеңестік идеологтар құлағына жағатын сөздерді айта отырып, күтпеген жерден әлгіндей «күмәнді ойларды» қыстырып та жібереді.

Б.Кенжебаев халқымыздың қоғамдық санасы мен әдебиетінің тарихына қатысты жинақталған, жаңадан табылған тың материалдар мен зерттеулердің қорытындыларын мейлінше пайдалануға тырысқан. Сол үшін ресми идеология қағидаларынан көсемдер сөздеріне сүйене, сілтеме жасай отырып, өзінің аса даулы пікірлеріне жол салды. Тарихи деректерді алға тартып, айтуға болмайтын талай шындықтарды айтады. Мәселен, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті дамуына қолайлы әсер еткен күрделі жайларды айту үшін сол жылдардағы қоғамдық жағдайға жан-жақты талдау жасайды. 1958 жылғы «XX ғасыр басындағы қазақтың демократ жазушылары» атты монографиясында қоғамдық санадағы пәрменді қозғалысты көрсетуге қазақстандағы ағартушы демократтық қозғалыстарға, оның түрлі ағымдарына, бағыттарына тоқталады. Өзі басы-қасында болған қазақ мерзімді баспасөзінің, баспа ісінің қалыптасу тарихын жазады. 1950 жылғы «Қазақ баспасөзі тарихынан», 1956 жылғы «Қазақ баспасөзі тарихынан мәліметтер», 1962 жылы Т.Қожекеевпен авторлық бірлестікте жазған «Қазақ совет баспасөзі тарихынан» атты еңбектерінде осы мәселелер кеңінен сөз болады.

Күресі мен тартысы мол дәуірді ерекше ықыласпен зерттеген ғалым – Б.Кенжебаев бұл саламен отызыншы жылдары айналыса бастаған. Ол кезде А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхаммедұлы, Ә.Қоңыратбайұлы т.б. ғалым жазушылардың еңбегі қараланған. Ұлт әдебиеті тарихын жаңа бастаған еңбектері аяқсыз қалды, енді басталған дәстүр үзіліп кетті. Міне, осындай жағдайда әдебиетке жалындап келген ақын,

сыншы, әдебиетші алдында қазақ әдебиеті тарихын қайта жасау міндеті тұрды, сондықтан да ол өз замандастары секілді оқу құралын түзіп, оқулық, зерттеу жазуға ден қойды.

Б.Кенжебаевтың XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеуі үш бағытта жүргізілді. Бірінші, әдеби мұраны жинаушы, жариялаушы және кітап етіп шығарушы. Екінші – оқу құралдарын /хрестоматия/ құрастырушы. Үшінші – оқулық жазушы.

Қазақ әдебиеті тарихында жиырмасыншы ғасырдың бас кезі айырықша аталады. Кеңестік кезеңде көп әдебиетшілер бұл салаға үрке қарады. XX ғасыр басындағы ақын-жазушылардың демократиялық-ағартушылық көзқарастары ашылмады. Тіптен Абай, Сұлтанмахмұт тәрізді ақындардың өзін де жөнді тани алмай келдік, таныған күнде де олардың шығармаларына бірсарынды пікірлер айтылып жүрді. Міне, осындай күрделі кезеңнің басын ашып, ол кездегі ақын жазушылардың өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, дұрыс бағасын беру керек болды. Сондықтан да көп ізденген Б.Кенжебаев архивтерде отырып, құжаттар мен шығармалардың түпнұсқасын салыстыра зерттейді. Б.Кенжебаев бұл кітабында жиырмасыншы ғасыр басындағы қоғамдық, мәдени жағдайды баяндай келіп, одан ары қазақ даласында болған мәдени өзгерістерге жан-жақты шолу жасайды. Осы тұста «Түркістен уәлаяты газеті», «Торғай газеті», «Ешім даласы», «Серке», «Қазақ» газеттерінің шықты. 1911 жылы «Қазақстан» газетінде сол кездегі халқымыздың хал-жағдайлары, өнер-білімге ұмтылу, орыс мәдениеті мен әдебиетінен үйрену мәселесі күнбе-күн қойылып отырыпты. Газет бір номерінде Абайды қазақ әдебиетінің таңы деп, оның өлеңдеріне жоғары баға беріпті. «Айқап» журналының жаңашылдық жолындағы қызметі, әсіресе надандыққа қарсы күресі, әйелдер теңдігін қорғаудығы ролі жазылған. Журнал қазақ әдебиетінің жаңа бағытта өркен жая бастауына себепші болған. Әдебиетіміздің сол кездегі белгілі өкілдері осы журнал арқылы көрінген. «Олардың атаулы шығармалары тұңғыш рет осы журнал бетінде жарияланған», – дейді ғалым [6, 16б.]. Бұл жылдары кітап басып шығару мәселесі де оңай болмаған. Қазақ тілінде бар-жоғы 70 шамалы ғана әдеби кітап шығыпты. Солардың көбісі Қазан, Уфа, Орынбор қалаларында жеке адамдар баспасынан шыққан поэзиялық, прозалық жинақтар еді. Автор атап көрсеткендей, сол кездегі баспа жұмысының жағдайынан, онда қандай кітаптар басылып шыққанынан хабардар болды. Монографияда Ақмолла Мұхамедиярұлы, Әубәкір /Кердері/ Шоқанұлы, Мақыш Қалтаев, Нұржан Наушабаев, Шәді Жәңгірұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев сияқты діни бағытты ұстаған ақындар шығармашылығы жеке бөлім болып қарастырылған. Еңбектің келесі бөлімдері С.Торайғыров, М.Сералин, С.Көбеев, С.Дөнентаев, Бекет Өтетілеуов, Нармамбет Орманбетов, Әкірәм Ғалымов, Әріп Тәңірбергенов шығармашылығына арналған. Олардың басты-басты шығармаларына тоқталып, туындыларды әдеби тұрғыда талдаған. Әсіресе, С.Көбеев, М.Сералин сияқты ақын-жазушылар өмірі мен туындыларына жеке-жеке тарау арнап, олардың журналистік, ақындық, педагогтік, ағартушылық қызметтеріне тоқталады.

XX ғасыр басындағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылығының зерттелуі туралы айтқанда академик Р.Нұрғалидың есімін ерекше атауға болады. Олардың шығармаларына шығармашылық өмірбаяндарын түзіп, туындыларына тиянақты талдау жасап, салмақты ой айта білген ғалымдың қолтаңбасы бұл салада тайға таңба басқандай анық көрінеді. Оның екі томдық «Арқау», «Әуезов және алаш», «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» сияқты зерттеу еңбектері жиырмасыншы ғасырда қазақ әдебиетіне олжа салған А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин сияқты тағы басқа классиктердің суреткерлік, ғалымдық ерекшеліктерін айқындау жолында жасалған баға жетпес жәдігерлердің қатарына қосылды.

Р.Нұрғали Кеңес Үкіметінің қылышынан қан тамып тұрған кездің өзінде Алаш мұрасымен танысып, ол туралы пікірлерін университеттегі дәрістерде айтып жүргенін тыңдаған шәкірттері баспасөз беттерінде жариялады. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізе қоймаған кездің өзінде Қазақ энциклопедиясының бас редакторы қызметінде отырып «Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясының» үшінші және төртінші томдарына Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев, т.б. сияқты Алаш ардақтылары туралы мәлімет беруі, ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтан алған Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі туралы пікірін баспасөзде жариялауы ғалымның Алаш тақырыбын зерттеуге алғашқы қадамы іспеттес. Кейіннен іргелі зерттеуге айналған

«Әуезов және Алаш», «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры», «Алашордашы» т.б. еңбектері осы бастаманың жалғасқан нәтижесі болып табылады.

Академик Р.Нұрғали қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынов туралы: «Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынов әдебиеттануды әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан, әдеби тілге еніп кетті», – деп жазуы боямасыз шындық еді [7, 38б.]. Кеңестік жүйе ғалымның өзін атқанымен сөзін жоя алмады. Тіл білімі мен әдебиеттанудағы терминдер мен заңдылықтар А.Байтұрсынов қалыптастырған негізбен қолданылып келді. Р.Нұрғали «Маса», «Қырық мысал жинақтарындағы мысалдар мен өлеңдерді талдап, А.Байтұрсынұлының аудармашылығына да кеңінен тоқталады. Абай аудармаларына қарағанда Ахметтің аудармалары еркін, түпнұсқадан алшақтау екенін көрсетеді. Мәселен, 17 жолдан тұратын «Өгіз бен бақа» мысалы қазақшалағанда 36 жол болғанын айтады. Яғни, «Ол И. Крылов мысалдарының әңгімесі мен сатиралық-әжуалық ең қымбатты ішкі мәнін алады да, өзінше жазады. Сыртқы түр өзгешелігін көп күнттай бермейді. Өйткені, Ахмет елді ағартушылыққа шақырып, қазақ оқырмандарына ой салу мақсатын көздей отыра, мысалдарға неғұрлым саяси-әлеуметтік мән-мазмұн беруге тырысады», – деген тұжырым айтады [7, 41б.]. Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық, ақындық, қайраткерлік, журналистік, т.б. қырларын зерттеуде Рымғали Нұрғалидың әдебиет тарихына қосқан үлесі өлшеусіз.

XX ғасыр басындағы ақындар поэзиясында ортақ сарынға ие болған халық басындағы уыр хал, азаттық, тәуелсіздік тақырыптары қазақ тарихындағы күрделі кезеңдермен, тұтас дәуірлермен, елеулі оқиғалармен сабақтасып жатқанын байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы. 1989. – 560б.
2. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚКМӨБ, 1959. – 552б.
3. Жұмабаев М. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым. 1992. – 390б.
4. Күлеев Б. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 276 б.
5. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Рауан. 1992. – 248 б.
6. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1970. – 382 б.
7. Нұрғали Р. Алашордашыл. – Алматы: Рауан, 2005. – 251б.

ӨОЖ 82.41

ӘРШТІҢ АЙТЫСТАРЫ МЕН СӨЗ ҚАҒЫСТАРЫ

ҚАНАТҚЫЗЫ Д.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются письма и речевые стадии письма в казахской литературе.

Summary. The article discusses letters and speech stages of writing in Kazakh literature.

Бүгінгі биіктен төл әдебиетіміздің тарихына көз тоқтатар болсақ, уақыт сілемі алыстаған сайын асқақтай түсер ұлы тұлғалар бейнесі төбе-төбе болып көзге шалынады.

Өз заманының саңлағы атанып, туған халқының атын әлемге әйгілеген ұлылар болашақ буынның ұранына айналып, күннен-күнге даңқы артып, үркердей жарқырай түспегі хақ. Ұлылық пен ізгілік қатар дарыған қасиетті қазақ топырағы да осындай ренессанстық тұлғалардан кенде емес. Мәселен, Орта ғасыр, қазақ халқына Ахмет Иассауи әлемімен танымал болса, XV ғасыр әдебиетін Асанқайғы атымен атаймыз. XVIII ғасырыңыз буырқанған Бұхар жырымен өрілсе, өткен ғасырдың аяғы – қазақ поэзиясының шыңы – ұлы Абай дәуірі екеніне еш таласыңыз жоқ...

Тарихымызды тыңнан толғап, туған әдебиет төріне бүгінгі биіктен қарасақ, ұлттық болмысы мен мәдени дамуы түбірлі өзгерістерге толы екі ғасыр тоғысында өмір сүрген, ұлы Абайдай поэзия Алатауының асқаралы шәкірттерінің бірі, қазақ әдебиеті тарихының өзіндік бір биігі – Әріп Тәңірбергенұлының әдеби мұрасы жаңаша пайымдаулар тұрғысынан жан-жақты, терең зерттеуді қажетсінеді.

Абай – өзінен кейінгі қазақ поэзиясының бағытын айқындар темірқазығына айналған ұлы кұбылыс...

Қоғамдағы түбегейлі бетбұрыстар ұғым-түсінігімізге құрсау болып келген кешегі кеңестік идеологияның торын үзіп, рухани өрісімізге тың серпіліс әкелгеніне де біраз уақыт болды. Сондықтан да кешегі тарихымызға, әдебиет пен мәдениетімізге дәл қазіргі күн көмбесінен үнілгенде байқайтынымыз, қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша тұжырымдау – өскелең уақыт талабы. Кеңестік идеология келмеске кетіп, елдік тізгін өз қолымызға тиген тап қазіргі шақ қазақ әдебиеттану ғылымына қыруар міндеттер артып отырғаны сөзсіз.

Қоғамдық бетбұрыстар әдебиеттану ғылымының даму процесін жаңа бір бағытқа бұрды. Әдебиет әлемінде аз уақытта атқарылған істер қазақ әдебиеттану ғылымын ақтаңдақ беттерден арылтуға бет алды. Әдебиетімізге қайта оралған ұлы тұлғалармен қатар, кешегі тәжіке-таластардан тұралап қалған Абайдың ақындық мектебі еңсесін түзеп, керегесін бүтіндеуде. Абай балалары – Ақылбай, Мағауия, Тұрағұлдардың мұралары өз бағасын алып, Көкбай, Шәкәрім сынды шәкірттерінің шығармалары енді-енді көпшілік кәдесіне жаратылуда.

Алайда, батпандап кірген індетті әдебиет бетінен бір күнде сылып тастау мүмкін емес. Сондықтан да ғалым Т.Кәкішұлының сөзімен айтсақ: «...адамзат тарихында айрықша кезең есептелетін XX ғасыр қазақтың рухани мәдениетіне әкелген олжаларды жаңаша пайымдайтын уақыт келді, туды. Оны жасамасақ, ескі сараппен тарта берсек ел-жұрт алдында күнәкәр боламыз» [1, 62б.].

Қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы өкілдерінің қатарынан орын алып келгенімен, Абайдың талантты шәкірті ретінде танылуы бертінге дейін көлегейленіп келген Әріп Тәңірбергенұлы тұлғасын жаңа тұғырдан танып, ақын мұрасының зерттелу ауқымын кемелдендіре түсудің кезі келгендей. Ұлы Абай мұрасына ғұмырын арнаған Мұхтар Әуезов кезінде «қоғамға жат» саналып, жарыққа шықпай қалған «Көкбайдың ақындығы» деген мақаласында Тәңірбергенұлы тұрасында алғаш боп мынандай пікір білдіреді: «Абай мектебінің ақындарын айтқанда сол «Абай шәкірті» деген атаққа лайығы бар тағы бір топ ақындар жайын әзірше жазғамыз жоқ. Бұл қатарда алдымен аталатын Әріп ақын мен Әсет сияқты әдебиет, көркемөнер қайраткерлері бар екені даусыз... Бұл жерде, мысалы, Әріптің Көкбайға ұқсаған және одан гөрі де молырақ, таланттырақ шығармалар тудырған бағалы еңбектері бар екенін білеміз» [2, 117б.], – дейді. Әріптің ақындық қуатын алғаш танытып, ақын мұрасының кейінгі зерттелуіне тікелей қозғау салған қысқа ғана ой ұшығының келешекте кеңейіп, ғылыми түрде өрістеуіне уақыт қыспағы ырық бермеді...

Қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы ақындар қатарында аты аталып, әдеби мұрасының кеңестік идеологияға жаққан тұсы ғана назарға ілігіп, ал нағыз ақындық тұлғасы бертінге дейін көмескі қалып келген Абайдың талантты шәкірті–Әріп Тәңірбергенұлы.

Әріп Тәңірбергенұлының ақындық қуат, ой тереңдігінің, сөз салымының, бір сөзбен айтқанда, суырыпсалмалық өнерінің бірден-бір куәсі – оның айтыстары мен сөз қағыстары. Ақын мұрасының тағы бір қырын қамтитын бұл сала Әріп ақындығының аламан тынысын таныта түседі.

Айтыс өнеріне әдейілеп бет бұрмағанымен, Әріптің айтыс-қағыстары – тақырыптық тұрғыдан тың бағыт алған, өзіндік соны нақышы бар ерекше дүние. Әріп – негізінен жазба ақын. Әйтсе де, табан астында суырыпсалма өнерге тым шебер, айтыс табиғатына бейім. Сондықтан да оның айтыстары жазылып та, реті келген жерде тосыннан суырыпсалма күйде де туып отырған.

Әріптің алғашқы айтыс-өлеңдерін Көкбай естелігінен кездестіреміз. Ол заңды да. Ақын айтыстарының бізге жеткен ең көлемді де, көрнектісі – өзінің нағашы туысы, әрі сыйлас досы Көкбаймен болған айтыстары. Көкбай: «Әріп екеуміз құрбы болатынбыз. Кездескен жерде әрқашан бірер ауыз өлеңмен жанасып қалатынбыз» [3, 161б.], – деген сөзіне қарағанда, бүгінгі ұрпақ екіақын арасындағы асыл сөз жарыстарының бір үзімін ғана ұстап қалғанға ұқсайды, Әріп айтыстарына ғылыми түрде тоқталған Ө.Есназаров: «Әріп поэзиясының басқа жырларымен бірге осы айтыс жанрына да шын құмарта қараған, белсене араласып отырған. Бірақ Ө.Тәңірбергенұлының айтыс өлеңдерінің көбі сақталмаған. Әзірге қолда бары Көкбай, Қаумет, Қуанышбай тәрізді ақындармен айтысы, Әсет, Сәдір, Бейсеке сияқты ақындармен сәлемдесу үстінде туған қалжың өлеңдері ғана бар. Бұл аталғандардың ішінде кейбіреуі толық емес» [4, 15], – деген қынжылыс білдіреді. Сондықтан да біз ақын айтыстарының осыншалық жұтаңдық жайын ескере отырып, қолда бар деректер мен кей тарихи мұраларды кірістіріп, ақынның айтыс-қағыстарын кеңінен сөз қылуға тырысамыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ақынның ең көп саналатын айтыстары Көкбай ақынмен болған. Олардың алғашқы айтыстары екеуі де Семей қаласында орысша оқуда жүргенде басталған. Айтыс табиғатына келсек, екі ақын арасында ешқандай зіл, ауыр сөздер жоқ, керісінше, айтыс негізінен әзіл-қалжың, шымшыма, қисынды қағытпадан аспайды.

Жалпы, Әріп пен Көкбай айтыстарының өз еңбегіне енгендеріне Қ.Мұхамедханұлы барынша толық түсініктеме жасап, әдебитұрғыдаталдаулар берген. Сондықтан да біз зерттеушілер қозғамаған кейбір жайларға тоқталып, Әріптің айтыс өнеріндегі ақындық қуатын айқындай түсейік. «Бұрынғы халық ақындарының айтысынан сонауғұрлым жоғары, қисынды, көркем болып келеді», дегенмен, Әріп пен Көкбай айтыстары да алғашқы кездерде «өз руын, болмаса руының адамын көтермелеумен болды». Көкбаймен алғашқы айтыстарының бірінде Көкбай Найман еліне соқтығып, сол елден Семейде оқып жүрген Сымайыл, Шәкет және Әріптің өзіне соқтыға сөйлейді. Әріп оған жауабында:

Бұл жерде Найманды айтып жамандауға,

Сымайылдай алдырар жаман дауға, – дей келіп, надандық Найман ғана емес, Тобықтыны да жайлаған қасірет екенін тілге тиек етеді. Көкбайдың:

Енді бірі оқып жүр Шәкет жынды,

Үйінде Айтқазының ол не қылды?

Әйтеуір құрбылықтың жөні осы деп

Жас баладай шымылдыққа сиіп тынды, –

депсөккен сөзіне Әріп:

Шәкеттің шымылдыққа сарығаны,

Айтқазыға бір қыдыр дарығаны.

Белағаштың болысы мәстек жеккен

Бұдан былай ауы атқа жарығаны, –

дейді. Байқасаңыз, Әріп Сымайылдың надандығын мойындағанымен, Шәкетті қорғап, тіпті көтере сөйлейді. Өмірінде Әріп пен Шәкет таныс-біліс, сыйлас адамдар болған. Кейіннен Шәкет құдай жолын ұстанып, Меккеге барған, қажы атанған адам. Қ.Мұхамедханұлының «Абайдың ақын шәкірттері» кітабындағы (III-кітап) «Жаналинға» деген өлеңі – Әріп пен Шәкеттің аралас-құраластығын қуаттайтын шығарма. Осы өлеңнің шығу тарихына тоқтала келіп Қ.Мұхамедханұлы: «Шәкет Әріппен құрдас. Екеуіқатты қалжыңдасатын болған» [5, 113б.], – дейді.

Өлеңнің шығу тарихы да осы құбылысты көрсете алады. Осы арада Шәкет қажының өмірінің соңғы жылдарына көңіл қойсақ, Шәкәрім қажы тағдырымен түйісіп жатыр. Шәкәрім Құдайбердіұлының өліміне куәгер болған, сол кездің қатарындағы милиционері М.Түңілікбаевтың айтуынша: «Кеңес үкіметінің қасақана қысымына қарсы болған Шәкет қажы

1930 жылы елін бастап көтеріліске шығу ниетімен Шәкәрімнен бата сұрай келеді. Дегенмен саяси салқынның ызғарын терең түсінген Шәкәрім бұл қантөгіске қарсы болады» [6, 156.]. Шәкет қажы өмірінің соңғысәттеріне куә болған тағы бір милиционердің естелігіне құлақ қойсақ: «30 жылдары Абыралы-Сарытау жерінде 200-250-дей халық жазықсыз қырылды. Сол қырғын кезінде ерекше бір адамның тағдыры әлі есімнен кетер емес. Екі милиция алпыстың ар жақ бер жағындағы бір қарт адамды милиция бастығы Есбай Бекқожинге алып келді. Алып келген екі милиция қызметкерлерінің қартты жақсылап тұрып соққандары айтпай-ақ белгілі болып тұр. Бетіндегі қамшының осып өткен жерінен қан тамшылайды...Қартты алып келген екі милицияның бірі: «Мына шал, мені Бекқожинге алып барындар, мені сол атсын деп сұраған соң тілегін орындап өзіне алып келдік», – деп әлгі қартқа қарады. Қарт әлгі сөзден кейін еңсесін тез көтеріп: «Қарағым, Есбай, менің атым Сыбан Шәкет қажы. Тобықтымен Сыбан іргелес, бір құдықтан су ішіп, бір төбені бөліп жайланған ел еді. Мені Семейдің орыстары атсын, Семейдің түрмесіне жібер, сенен сұрарым осы ғана», – дейді. Есбай айдап әкелген екі милицияға мына кісіні ұрмай-соқпай Семей түрмесіне апарындар деп қағаз жазып берді. Одан кейін ол қарт туралы еш хабар білмедім. Естелік сөзі кезінде Әріп пен Көкбайдың айтысында сөз болған Шәкет қажы өмірінің соңы қаншалықты қасіретке айналғанынан хабардар етеді. Әріппен сыйлас, дос болған адамның туған халқы үшін басын оққа байлап, құрбан болған Шәкеттей өр тұлғаның тағдырын таныта түседі бұл естеліктер.

Әріппен айтысында Көкбай көбіне ата қуып, рушылдыққа салмақ сала сөйлейді. Тобықтының белдісі Айтқазының шашбауын көтере мақтап, Сыбанның жуандары Өзбекан, Жұмақан, Серікбай қажыларға тиісе сөйлейді. Қақтығыстың аяғында Көкбай Абайды алға тартып, Әріптің алдында бағын асырады. Өз руының ұранын шақыра, ата қуа айтысқан екі ақынға бір кездерде Абай да төрелік айтқан. Бұл айтыс турасында Көкбай естелігінде толық нұсқасы бар. Айтыста:

Найманшам, адырайма кеуіп-пісіп,

Ежелден Арғын аға, Найман кішік, – деп ата аруағын шақыра сөйлеген Көкбайға Әріп:

Арғынға Көкше сенен Қызай жақын

Ата қумай түзей бер өз бетінді, –

немесе:

Тіпті Тобықты Арғын емес, Көкше түрсын,

Ата қуып қайтесің өзің жүрсің, –

деп ата жолын ұстана сөйлеген қарсыласына адамдық биіктен қарайды. Екі ақынның айтысына берілген мына бір пікір де шындықтан шалғай жатқан жоқ: «Көкбай ақынның сөздерінде... шыққан руы мен ата тегін мақтан ету де, ру, ата атынан сөйлеп жол алу да бар. Әріп бұл жерде руға да, атаға да табынбайды, әділетке, адамгершілікке сүйенеді» [5, 174б]. Десек те, кезінде айтылған бұл пікір тым біржақты. Әріп мүлде ата атынан сөйлемейді деуге болмайды. Екі ақын да өз руының шашбауын көтерер айтыстарының бірі – «Сыбанның Торғай шалы қаны сұйық» деп басталады. Сыбанның Торғай деген мықтысын қырына ала сөйлеген Көкбайға берген жауабында Әріп:

Ағамды не демейді көрмеген ел,

Бағына бағы теңдес келмеген ел.

Қайта тірі Торғайды қойып жүр ғой

Қадірін Құнанбайдың білмеген ел, –

деп жақсысының қадірін білмеген елінің нашарлығын Көкбай алдына көлденең тартып, ұтымды жауап қайырған екен. «Жақсының жақсылығын айт» дегендей, Торғайдықорғап, Құнанбайды қолдап сөйлеген Әріп сөздері кеңестік кезеңде бұрмаланып, «Әріп...Торғай мен Құнанбайды үлкен кекесінмен өлтіре соғып отыр» [7, 204б.], – деген көпе-көрнеу қиянатқа да ұрынып жатты.

Қай айтыс болмасын, сөз жарысы, өлең өнерінің сынасуы болғандықтан, бір ақын жеңіп, екіншісі ұтылуы – заңды нәрсе. Кей тұстарда бұл құбылыс айқын көрінбегенмен, бірінің сөзден мұқалғанын айтыс табиғаты-ақ анықтап береді. Осы құбылысты бізге толық жетпеген «Көкбай, Әріп, Боранбай» айтысынан анық көруге болады. Айтыстың шығу тарихына Қ.Мұхамедханов өз еңбегінде тоқталғандықтан [5, 174б.], біз бірден айтыстың ішкі табиғатына көшейік. Көкбайдың:

Тобықты ежелден-ақ аты шулы,
Анасы жерігенде ішкен уды.
У құдықтан жерігі қанғаннан соң
Тұқымы тентек болып содан туды, –
деген сөздерін дөп басып, қапысын тапқан Әріп:
Шешенді затты болсаң неге сөктің,
Орны жәннәт деуші еді ұлы көптің.
Жерігі удан қанған долы еді деп
Кемпірдің абыройын жерге төктің.
Қапылыста айтылған сөзден қарсыласының осал тұсына шүйліккен Әріп жараны қансырата
қажай түскендей:

Сенің атаң Арғынның келімсегі,
Өзі бай ешкімге жоқ берімсегі.
Өлген, кәрі шешесін жамандайды
Секілді бейне өзінің келіншегі.
Мұнымен де толастамайды:
Балаға ата-ананы сөкпек обал,
Не айтар ең тіріліп кеп, десе «жоғал»,
Нағыз Арғын шешемен ойнамайды
Белгісі келімсектің қандай доғал.

Көкбайдың уға жерік шешені тілге тиек еткен осы бір сөзіне сұқпалай тиіскен Әріп, әр айтыста тілге тиек етіп келе жатқан Тобықтының Арғынға кірме, келімсектігіне апарып тірейді. Қарсыластың ұрымтал тұсын тапқан Әріптің қарымтасы ұғымды еді. Осы бір Әріптің Көкбайды сан қақтырған оңтайлы тұсы жазушы Т.Қызыровтың көркем шығармасына да әсерлі арқау болған.

Қорыта айтқанда, Ә.Тәңірбергенұлының асыл мұрасы – айтыстары мен сөз қағыстарының қолымызда бар бөлігінің өзі оның ақындық, айтыскерлік, суырыпсалмалық қасиеттерін таныта алады. Әрине, өз тұсындағы арқалы айтыстар деңгейінен орын алмағанымен, Әріптің айтыстары тақырыптық жағынан тың, идеялық жағынан жаңа бір белдеуден көріне білді. Айтыс табиғатын терең меңгергендіктен, «Біржан-Сара», «Тәуке-Үрқия» көріктендіре көмкеріп жазған Әріп өз айтыстарында заман биігінен қарап, жалпы адами-тағылымдық тақырыптарды көтеруге тырысты. Осы тұрғыдан алғанда Әріп айтыстары тек, ақын мұрасының жанрлық қырын көрсетумен шектелмей, оның әлеуметтік көзқарасын танытар жаңашылдығымен бағалағанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Кәкішев Т. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар / Т. Кәкішев // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 26 тамыз.
- 2.Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері / М. Әуезов. – Алматы: Санат, 1999. – 448 бет.
3. Көкбай ақын. – Алматы: Руханият, 2004. – 245б.
- 4.Тәңірбергенов Ә. Ұмытпаңыздар мені / Ә. Тәңірбергенов. –Алматы: Жазушы, 2011. – 180б.
- 5.Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері / Қ.Мұхамедханов. – Алматы: Дәуір, 2012. – 3 кітап. – 320 бет.
- 6.Құдайбердиев Ш. Шығармалары / Ш. Құдайбердиев. – Алматы: Білім, 2013. – 230б.
- 7.Есназаров Ә. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің кейбір мәселелері (Әбсалық Күнғожин Баймұхамет Айтқожаев, Тайыр Жомартбаев, Әріп Тәңірбергенов ақындардың шығармалары негізінде): канд.диссерт. / Ә. Есназаров. – Алматы, 1998. –154б.

А.БАЙТҮРСЫНОВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

ОСПАНОВА М.Д.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается литературное наследие А. Байтурсинова.

Summary. The article considers the literary heritage of A. Baytursinov.

Туған халқымыздың әдеби, мәдени, тарихи, рухани, ұлттық құндылықтарын бар болмыс-бітімімен қабылдау үшін оның шығу тегі мен тарихи даму сатыларын мұқият қарастыру керек. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жазғандай, «Өткенді тану, тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді» [1, 29-б.]. Тәуелсіздік алғалы қазақ әдебиеті туралы ғылымымызда А.Байтұрсынұлының ғылыми-теориялық тұжырымдары қай деңгейде қолданылғандығын анықтап, кеңінен насихаттау басты парызымыз. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының дамуына мұрындық болған іргелі ғылыми зерттеулердің авторы десек, Тәуелсіздік кезеңіндегі ғылымда да оның әдеби-теориялық мұралары өз маңызын жойған жоқ. Бұл тұста ең алдымен ауызға «Әдебиет танытқыш» [2] ілінеді.

Алғаш толымды ой-пікір білдірген – Р.Нұрғалиев «Алып бәйтерек» атты ғылыми мақаласында: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел «Әдебиет танытқышта» қалыптастырылған» [3], – дейді.

А.Байтұрсынұлының ағартушылық, ғылыми қызметі оның өмірбаянынан да, шығармашылық мұрасынан да баршаға мәлім. Дәуіріміздің дара тұлғасы М.Әуезов «Ақанның елу жылдық тойы» (1923) атты мақаласында: «... сыннан өткен деп Ахаңның ғана ардақты атын айтамыз. Одан басқа жалпақ елдің сынына толып, мейірін қандырған кісілері санаулы. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі орнын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Ахаң еңбегі жанған жанның бірі. Оның арты Ахаң мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды. ... өмірінің ұзақ болып, еңбегінің өнімді болуын тілеуден қазақ баласы ешқашан қайтпайды» [2, 19 б.], – деп жазған шындығына ешкім де дауласпас.

Академик З.Қабдолов жаңаша ойлау тұрғысынан жазып, жариялаған «Көзқарас» (1996) атты әдеби сын, ғылыми зерттеуінде қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу еңбек «Әдебиет танытқышты» Аристотельдің «Поэтикасымен» қатар қояды: «... Егер Лессинг өзінің «Гамбург драматургиясында» Аристотель «Поэтикасын» мінсіздік тұрғысынан «Евклид элементтерімен» қатар қойған болса, біз бүгін Ахаңның «Әдебиет танытқышын» Аристотель «Поэтикасымен» салыстырар едік. Мұның мәнісі екеуі де: бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы «әліп-билері». Асылы, үздік қасиеттер бір-бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне соғұрлым ұқсас болады» [4, 68 б.], – дейді.

Ғалымның соңында қалдырған рухани мұрасын жан-жақты, зерттеген академик З.Ахметов: «... Ахаңның ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастыруға үлкен мән беріп, «Ер Сайын» жырын Мәскеуде жариялағанын, «Жоқтау» кітабына енгізген 23 жоқтау үлгілерін атаған жөн. «Әдебиет танытқыш» кітабына, қазақ тілінің оқу құралдарына кіргізілген көптеген әдебиет нұсқаларын, өлең-жырлардың да құнды дүниелер екені талассыз» [5, 106 б.], – дейді.

А.Байтұрсынұлының қазақ ғылымын дамытудағы еңбегін ғалымдар жоғары бағалап, өз зерттеулерінде атап өтеді. «Әдебиет танытқыштың» гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі

орнының ерекше екенін Т.Кәкішев те жеріне жеткізе жазды: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. ... Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған қондырғы-фундамент» [6, 210б.].

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің саналы ғұмырын ХХ ғасыр басында қазақ қоғамында ғылым-білімнің жоғары бағаланып, ағартушылық бағыттың қалыптасқан кезінде бастады. Ғалым қазақтың тілі мен әдебиетіне, мәдениеті мен дәстүріне, ғылымы мен білімне өте мол үлес қосты. Сонымен бірге осы ғылым салаларын зерттеуді қолға алған қазақ ғалымдарының ішіндегі ең алғашқыларының бірі. А.Байтұрсынұлы әдеби, мәдени мұрамызды жазуда, зерттеуде және оны насихаттауда сол уақыттағы айтулы шығыстанушы ғалымдардың алдыңғы сапында тұрады. Көп халықтарда енді ғана қолға алына бастаған жәйттерге ғалым сонау ХХ ғасыр басында-ақ өз тұжырымын айтып, өз бағасын береді. Жалпы А.Байтұрсынұлы жазба әдебиеттің тарихи жүйесін – діндәр дәуір және ділмәр дәуір деп екіге бөліп қарағанда тек хронологиялық шартты дәуірлеу тұрғысынан келмеген де болса керек. Бұл жөнінде А.Ісімақова «Ахмет Байтұрсынұлы үшін қазақ әдебиетінің хронологиялық шеңбері ғана емес, сөйлеу жүйесіндегі әуезе, толғау, айтыстың орнын айқындау маңызды болды» [7, 109 б.], – деп жазады. Қалай болғанда да, егер әдебиеттің тарихын қоғамдық сананың тарихы деп ұқсас, ғалымның ұсынған бұл екі атауы да жалпылай алғанда өздерінің ішкі мазмұнын дөп басып ашып тұр. Діндәр дәуірдің мақсаты діни-танымдық үлгіге құрылса, ділмәр дәуірде ділмәрлық та, шеберлік те, көркемдік мақсат та қатар келеді. Осы мән-мағыналық тұрғыдан алғанда бертінгі әдебиет тарихын діндәр, ділмәр деп бөлу сәтті шыққан. Бірақ, жалпылай мағыналық жүйелеу бір басқа да тарихи жүйелеу бір басқа болатыны белгілі. «Әдебиет танытқышта» осы тұсы да ескеріліп, әдебиет дамуынадағы Абайдан кейінгі кезең «Сындар дәуір» делініп, оның да жеке жүйесі беріледі. Сонымен ішкі мазмұндық талап тұрғысын алып қарағанда А.Байтұрсынұлы жүйесінде ділмәр дәуір мен сындар дәуірдің алаңы бір болып шығады да, діндәр дәуірдің қазақ әдебиетіне қатынасатын жерін бөлек алып тарихи түсіндірме ретінде беріледі

«Әдебиет танытқыштың» көлемді тарауы – «Қара сөз» бен «Дарынды сөз» жүйесі деп аталады. Ғалым осы бөлімде қазақтың қара сөзі мен дарынды сөзінің табиғатын жан-жақты аша талдап, құнды пікірлер айтады. Өз сөзімен жазар болсақ, « ... жалаң лебізбен айтылған сөздерді қара сөз, көрнекі лебізбен айтылған сөздерді дарынды сөз» [8, 252 б.] және жалаң лебізбен айтылған сөз «Сөйлеу» орнына, көрнекі лебізбен айтылған сөз «Толғау» орнына жүреді деп пікір түйеді. Адам бір нәрсе туралы сөйлегенде «я тиіс жағынан алып, я түйіс жағынан алып түрін, түсін, тұрпатын, ісін алып сөйлейді». «Көркем сөз – көңіл тілі, дүниеде болуға ықтимал деген нәрселерді сөз етеді, ал жалаң сөз – зейін тілі, дүниеде шын болған нәрсені тұрған қалпында алып айтады» [8, 253 б.], – дейді. Жалаң сөздің «Қара сөз» ал, көркем сөздің «Дарынды сөз» делінуінің мәнісін осылай дәлелді, нақты түсіндіреді.

Қазақтың қара сөзі мен көркем сөзінің арасында болатын ең басты айырмашылықты А.Байтұрсынұлы «Дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қарасөзден адам тек ұғым алады. Арабша айтқанда қара сөзді «насыр» деп, дарынды сөзді «назым», ал қазақша айтқанда «қара сөз, дарынды сөз» [8, 255 б.] немесе « ... қара сөз ғалымдардың, шешендердің сөзі. Дарынды сөз ақындардың, арқалылардың сөзі» [8, 272 б.] деп, «сөйлеу жанрларының» арақатынасын нақтылайды. Ғалым қазақ сөз өнерінің эстетикалық мәні мен құндылығын осылай түсіндіреді.

М.М.Бахтин «сөйлеу жанрлары» туралы былай дейді: «Тематическое содержание, стиль, композиционное построение неразрывно связаны в целом высказывания и одинаково определяются спецификой данной сферы общения. Каждое отдельное высказывание, конечно, индивидуально но каждая сфера использования языка вырабатывает свои относительно устойчивые типы, таких высказываний, которые мы и называем речевыми жанрами» [9, с.251].

Қазақ әдебиеттану ғылымында А.Байтұрсынұлы 1926 жылы «Әдебиет танытқышта» тілтану, әдебиеттанудың негіздерін, көркем сөздің басты-басты мәселелерін бір арнада, бір-бірімен қатар тереңдей зерттеп, жүйелеп берген. Осы мәселелерді яғни көркем сөз, көркем әдебиеттегі стиль, жазушы стилі туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары өткен ғасырдың 30-

жылдары ғана орыс әдебиеттану ғылымында Г.О.Винокур («Критика поэтического текста», 1927), В.В.Виноградов («Эволюция русского натурализма», 1929; «О художественной прозе», 1930, «Теория художественной речи» 1934), В.Б.Шкловский («О теории прозы», 1929), Л.И.Тимофеев («Теория литературы», 1934; «О теории поэтической речи», 1934) және И.А.Виноградов («Теория литературы», 1936) еңбектерін атауға болады.

Сонымен, қара сөз нәрсенің тиіс жағы яғни объективті ғалам, ал дарынды сөз нәрсенің түйіс жағы яғни субъективті ғалам екен. Объективті түрде ойлағанда ойымыз ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді:

1. *Ғалам тарапына* (жаратылыс) яғни адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі нәрсенің бар-жоғын танып, одан *данальқ ұғым* (философия) алады. Оның мақсаты бүтін ғаламды танып, дүниенің жұмбағын шешпек, даналықтың ес ұғымына тиісті жағы – *сан данальқ* (метафизика), ал іс ұғымына тиісті жағы – *салт данальқ* болады;

2. *Құдай тарапына* (*уағыз*) яғни адамның зейіні Құдайды тану жағына жұмсалады. Құдай турасындағы мәселені шешпек болғанда *дін жүйесі* яғни адамның діни және адамгершілік санасын тәрбиелеу пайда болады. Бұны «ғақайд» деп атаймыз;

3. *Әлеумет тарапына* яғни адамның зейіні әлеумет мәселесіне (қоғам өміріндегі сот, есеп-қисап, ауыл шаруашылығы, мектеп, мемлекеттік құрылымдар туралы ой-пікірлер) жұмсалса, *көсемдік ұғым жүйесі* (публицистика) пайда болады;

4. *Ғылым тарапына* (наука) тарабы яғни адамның зейіні табиғат құбылысын тану (мысалы: физикалық, химиялық, биологиялық құбылыстардың және психологиялық, экономикалық, техникалық, медициналық даму заңдылықтар, оның қасиеттерін ұғып, білу жағына жұмсалып, одан *ғылым жүйесі* пайда болады;

5. *Үгіт-тәрбие* (идеология) яғни зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолына жұмсаса, *үгіт-тәрбие жүйесі* (педагогика – бала тәрбиесі немесе дидактика яғни жас өспірімдер тәрбиесі мен психология) пайда болады;

6. *Сын тарапына* (критика) яғни зейін басқаның ісін таразылап, ұнамды, ұнамсызын тексергенде *сын жүйесі* пайда болады.

Сынның ғылыми, философиялық, публицистикалық түрлерінен басқа теориялық және қосалқы мәндері болуы да мүмкін. Өнер туындыларын сынағанда (поэзия, проза, кескін, мүсін, сәулет т.б. болсын) оның маңызы мен мәнділігі қатар түсіндіріледі. Кәсіби әдеби сынның орны тіпті бөлек.

Осы анықтамаларынан шығатын қорытынды мынау яғни ғалым ғылымның барлық салаларына жеке-жеке тоқталып, сол саланың зерттеу аясын, шеңбер-шегін де айқындап береді. Сонымен бірге ғылымды теориялық (*ес ұғымы*) және практикалық (*іс ұғымы*) түрғыдан ұштастырып, ұғым түрлерін осылай ұлттық санаға сай саралайды.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуға. XX ғасыр басында тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-теориялық еңбегінде ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми түрғыда негіздеген өміршең зерттеулерін қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Туған елім – тірегім. – Алматы: Рауан, 2001. – 128 б.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер // Құраст.: Ә.Шәріпов, С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
3. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // Қазақ әдебиеті, 21 сәуір, 1989.
4. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. – 256 б.
5. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы: Орт. Ғыл.кітапхана, 2001. – 262 б.
6. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 264 б.
7. Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: Таңбалы, 2009. – 376 б.

8. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығ. жин. /Құраст., А. Ісімақова, Г. Пірәлиева және т.б. I-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.

9. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – Москва: Искусство, 2001. – 423 с.

ӘОЖ 82.056

МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ

БИТАБАРОВА Г.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается творческая биография Мурата Монкеулы.

Summary. The article discusses the creative biography of Murat Monkeul.

Мұрат Мөңкеұлы 1843 жылы қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында туған. Әкесі Мөңке кедей, шаруа адам болыпты. Мұраттың шыққан тегі, әулеті, өмірбаяны жөнінде түрлі нұсқадағы деректер көп жинақталған. Олардың бірқатары М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында және республикалық Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы. Халел Досмұхамедұлының ақын өмірінен берген мәліметі мынадай: «Мөңке баласы Мұрат 1843 жылы туып, 1906 жылы 63 жасында опат болды. Кіші жүздегі Байұлы беріш деген рудың Қаратоқай деген арысынан, аққолы деген бөлімінен болады. Туған жері Орал облысы, Гурьев (Үйшік) уезі, Қарабау деген. Жүрген жері–Бөкейлік, Орал. Мұраттың ата-тегі мал баққан шаруа қазақ. Мұрат жасында аз-кем молдаға оқыған, қара танып, хат жазарлық қана оқығаны болған. Мұрат бала күннен-ақ өлең айта бастаған. Он бестен асқан соң той-тобырда өлең айтуды мүсе етпей, заманындағы айтқыштардың бәрін айтысып жеңген... Мұрат мақтау өлең айтып, мал таппаған адам. Заманындағы ұлықтарға шығарған асқақ сөзі көп» [19, 406.].

Мұраттың анасы Қырықжылқы деген әнші, ақын адам екен. Мұратқа, ағасы Матайға ақындық осы анасынан, нағашы жұртынан дарыса керек. Мөңкенің үлкен баласы Матай көпке мәлім ақын екен, бірақ кейін Мұраттың өнері асып, жалпақ жұртқа жайылады.

Мұрат шығармалары негізінен өлең-толғау, жыр-дастандардан, айтыс өлендерінен тұрады. Айтыс өнеріне ақынды жас кездегі Қаратоқай руының белді биі Есеттің өзі баулыпты, ел мен жер тарихын, ру шежіресін ұғындырып, үйреткен осы Есет би деседі. Бала Мұрат кішкенедең әр рудың батыры мен биі, әйгілі тұлғалары жайлы, қайсыбір бетке шіркеу келенсіздіктері жайлы көп әңгімені бойына сіңіріп өседі.

Б.Омарұлының [20] анықтамасында Есет–Есет Қараұлы (1778-1868) жұртшылыққа айыр тілді шешен, қара қылды қақ жарған әділ би, қол бастаған батыл ретінде танылған. Кәдімгі «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» жинақтарына «Тауға біткен қайыңның, солқылдар басы жел өтсе» деп басталатын өсиет өлеңі енген Есет бидің өзі. Мұраттың ұстазы болған Есет осы.

«Мұрат отыз жасына дейін сұр бойдақ боп, ел аралап, айтысқа түсіп, өлең айтумен болады. Отыздан асқан кезде үйленеді. Бірақ, өлең шығару, ел аралап, айтысқа түсу әдетін үйленгеннен кейін де тастамайды... Мұраттан екі бала қалған. Оның бір баласы Гурьев облысы, Қызылқоға ауданында» деп жазды Қажым Жұмалиев [21, 496.] Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы деректерде: «32 жасында Есен беріш Иман дегеннің Науша деген қызына үйленеді. Мұраттан Дәулетқали, Сары, Сүндетқали деген үш ұл, Сәбила деген қыз туады» делінеді [22, 102б.]. Ал, Мұраттың ұлы Дәулетқалимен бірнеше рет жүздескен атыраулық жазушы Б.Қорқытовтың айтуынша ақынның екі ұлы болыпты. Біріншісінің аты Сары екен. Ақын оны үнемі жанынан тастамай ертіп жүрген. Бір ғажабы, әкесі жыр нөсерін селдетіп отырғанда әлгі баланың іші кеуіп мазасыздана бастайтын көрінеді. Қолына домбыра ұстатса,

ішінің кепкені қайтып, жаны жай табады. Үлкендер «бұл тегін бала емес, әкесіне тартқан төкпе ақын болатын шығар» деп таңдай қағысады. Сары он жасқа толар-толмаста көз тиіп қайтыс болған.

Мұраттың Сарыдан кейінгі ұлы Дәулетқали шамамен 1877-78 жылдары туып, 1960 жылдардың басында қайтыс болған. Өйткені Дәулетқалидың өзі «әкем баяғы қоян жылғы жұтта Маңғыстауға көшіп келіп, “Сарыарқаны” жырлайтын кезде емізулі бала екенмін» дейтін көрінеді.

Дәулетқали Мұратов бертін келе Атырау өңіріне белгілі ақын атанған. Оның бірсыпыра шығармалары республика Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы.

Мұрат өзінің бірнеше толғауларын, тарихқа байланысты жырларын өмірге алып келген ақын. Ол өз Отанын жырға қосқан мына толғаулары: «Жалғаншы фәни жалғанда» («Во времени обманном, бреном»), «Әттең қапы дүние-ай» («Омир, суетный, скротечный»), «Өлім» («Смерть») ал қалған өлеңдерінде батыл, батыр, ержүрек жігіттерді, қалыңдық, қыз-келіншектер, бүркітпен аңға шығу, сонымен бірге өмірдің қысқа екені туралы және де өмірдің құбылмалы сәттері көп деп өз өлеңдеріне қосқан.

Мұраттың толғаулары да оның ақындық болмысын жан-жақты танытады. «Топқа түскендегі толғауы», «Жалғаншы фәни жалғанды», «Әттең бір қапы дүние-ай» деп аталатын толғауларында ақын айналысындағы құбылыстарға талдау жасап, өз шешімін айтады. Қазақ жұртының ықылым заманнан қалыптасқан салт-дәстүрі, қазақ ауылының сән-салтанаты, қазақ даласындағы қызықты тіршілік – ақын толғауларының алтын арқауы. Өлім мен өмір, өткен күн мен келешек, жақсы мен жаман, дос пен дұшпан арасындағы қатынас Мұрат жырларында өзгеше көрініс табады. Ақынның көркем тілі, келелі ойлары, берік логикасы толғауларын биік сатыға көтерген.

«Жалғаншы фәни жалғанды» толғауы ата-дәстүрді, ұлттық әдет-ғұрыптарды дәріптеуге арналса, «Топқа түскендегі толғауы» өмір құбылыстарын зерделеп, жыраулық дәстүрдің үлгісімен философиялық түйіндеулер жасауға негізделген. Алғашқы толғауда сүйсіну, ризалық белгісі ретінде тілек-талап көп айтылса, соңғысында нақыл сөз, өсиет сипатындағы даналық ойлар басым. Философиялық тұжырымдар кестелі өлең орамдарына айналғанда, Мұратты тек ақындық деңгейден ғана емес, қайраткерлік пен даналықтың биігінен де көреміз. Бұрыннан қалыптасқан халықтық қағидаларды ақын өзінше өрнектейді. Қаймағы бұзылмаған қазақ ауылының тыныс-тіршілігіне Мұрат ақын қоғамдық-әлеуметтік таным тұрғысынан ғана емес, эстетикалық көзқарас тұрғысынан да зор маңыз береді. Бұл көзқарас қазақ қоғамының ұлттық болмысын жоғалтпау, дәстүрлерді дәріптеу мақсатын көздегендігімен күнды.

«Әттең, бір қапы дүние-ай» толғауында тақырыбы жағынан «Үш қиянда» көтерілген мәселелер қозғалады. Мұнда дүние, өмір, тіршілік жайлы толғамдар жоқ. Бұл – атақоныстың патша отарлаушыларының талауына түскеніне ашынғаннан, ел мен жердің қадірі кеткеніне налығаннан туған жыр. Атамекеннің келешегін ойлап, торығу, өткенді аңсап сағыну сарыны басым. «Әттең бір қапы дүние-айдағы» бір ерекшелік, ақын шұрайлы жерлердің өзгенің қолына көшкенінің себебі халық арасындағы ауызбіршіліктің жоқтығынан екенін атап көрсетеді. Ынтымағы жарасқан іргелі елді жау ала алмайтынын айтады:

Бұрынғы өткен заманда,
Ел қорғаны барында,
Белгілі екен ерлерге
Жаудың да келер шамасы!
Қоныстың бәрін жоғалтқан,
Ноғайлы, қазақ надан жұрт,
Бірлігіңнің де кемісі!

Мұрат толғауларының өміршеңдігі оның кең ауқымды халықтық мәселелерді көтеріп, қайраткерлік тұрғыдан философиялық ой-тұжырымдар жасауынан байқалады. Бір ғасырға жуық уақыттың өзі ақынның жырмен түйіндеген қағидаларының мән-мағынасын өзгерте алған жоқ. Мұраттың өлең-толғауларының көбісінің көтерген тақырыбы халықтың тұрмыс-тауқыметімен,

ауыр тағдырымен орайлас. Ақынның мұны мен зары туған жердің, ата-қоныстың қадір-қасиетін бағалаумен қатар, жас ұрпақтың ұлттық тәрбиесімен, халықтық салт-дәстүрлердің сабақтастығымен үндеседі.

Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығы туралы айтқанда ең алдымен Халел Досмұхамедұлы еске оралады. Ғалым қазақтың ақын-жырауларының еуропалық түсінікке сай келмейтін ерекшеліктерін көрсетіп, оларды сол заманның идеологтары, ел тарихын, өткеннің өнегесін, арғы ұрпақтың жүріп өткен жолын кейінгі ұрпаққа таныстырушы, тарихи білімдерді жалғастырушы қоғамдық тұлға деңгейінде бағалайды. Ол фольклорлық мұраның тарихилығы туралы Шоқан Уәлиханов айтқан пікірлерді жалғастырып, қазақ халқының тарихи санасы мен тарихи білімінің рөлін атқарған батырлық жырлар мен фольклордың ел тарихымен байланыстылығын ақын-жыраулар шығармашылығы арқылы көрсетті.

Халел құрастырған «Мұрат ақынның сөздері» атты кітаптың алғы сөзінде қазақтың бес ғасыр бұрынғы тарихи оқиғалары тарихи жырларда көрініс тауып, оларды кейінгі ұрпаққа жеткізуші ақын-жыраулардың көші Қазтуған мен Шалғезден басталып, Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығымен аяқталғанына назар аударады. Бұл жинақта қазақтың ноғайлы дәуіріндегі оқиғалары қазақ тарихымен байланыстырыла баяндалған.

Доспамбет пен Қазтуған, Шалғез сияқты ақын-жыраулар шығармашылығындағы елдік идеялар мен ұлттық дәстүрсарындар Мұрат ақын мен Махамбеттің өлеңдерінде жалғасын тапқан. Бұл жалғастықта ортақ елдік сабақтастық бар. Қазақ әдебиетінде Ноғайлы дәуірі деп аталатын уақытты тарихи тұрғыдан Алтын Орданың ыдырау кезеңі деп түсінген жөн. Өйткені, Алтын Орда термині – қазаққа жат ұғым. Ордаға салық жеткізуші Москва княздерінің ханның алтын зермен қапталған киіз үйін атауына сәйкес, тарихи әдебиетте осы термин орныққан. Ал Алтын Орданың халқы өздерін ноғайлы деп атап, Өзбек пен Жәнібек хандар кезіндегі бақуатты заманды аңсаған. Осы өткен заманды армандау, аңсау сарыны Қазтуған мен Доспамбет, Шалғез жырлары арқылы халыққа тарап, Мұрат ақын жырларымен сабақтасқан. Өйткені, Доспамбет те, Қазтуған да Ноғайлы, яғни Алтын Орда заманының басынан дәурені өткенін, халықтың кезіндегі тарихи тағдырын жырласа, бодандыққа түсіп, берекесі қашқан жұртының тағдыры Мұрат өлеңдеріне арқау болады.

Мұрат ақын – Ноғайлы-қазақ бірлестігі жырауларының соңғы көшінің өкілі. Қазақ зиялылары – билер, ақындар өздеріне берілген қабілетті жеке бастың қаракеті үшін емес, елге, халқына қызмет ету деп түсінген. Солай істегендері халық жадында қалып, ұрпақтан-ұрпаққа танылып, мәңгі өмір сүрген. Жырау – көшпелі қазақ өмірінде саяси идеолог рөлін атқаратын тарихшы, тарихнамашы іспетті. Еуропалық тарихнамадағы анналдар (тарихи әңгімелер) сияқты көшпелі қазақ қоғамында тарихи сана мен танымның ерекше формасы ретінде тарихи жырлар қалыптасқан.

Әдебиеттанушы Қ.Мұқатаева «Мұратты қаншама халыққа танылды дегенмен, Абай мен Махамбеттей, Ақтамберді мен Бұқардай мол орнығып, санаға сіңе қойған жоқ. Махамбет жырлары халыққа Мұрат арқылы мәңгілік ғұмырға ие болды. «Қырымның қырық батырын», Ноғайлы жырауларының толғауларын, көптеген батырлар жырларын Мұрын жыраудың Мұрат ақыннан үйренгендігі шындық», – дейді [24, 336.].

Алайда Мұрат Мөңкеұлының қазақ тарихы мен әдебиетіндегі орны әлі де тасада қалып келеді. Ол арқылы қазақтың бес ғасырлық тарихи дастандарын үйреніп, біздің заманымызға жеткізген жырау Мұрын Сеңгірбайұлының шығармашылығын маңғыстаулық тарихшылар, зерттеушілер ұлықтап, оған арнайы зерттеулер, ғылыми-тәжірибелік конференциялар арнады.

Батырлық, қаһармандық жырлардың көптігі тек қазақ халқына ғана тән сипат, сонысымен біз мақтанамыз және өзге халықтардан ерекшеленеміз. Алайда осыншама мол мәдени мұраны көздің қарашығындай сақтап, жазусыз – сызусыз заманда кейінгі ұрпаққа жеткізуді мансұқ етіп, шәкірттер тәрбиелеп, солар арқылы ел жадында берік орын алған Мұрат Мөңкеұлы сияқты ақын-жырауларға тарихымыз қарыздар. Республиканы айтпағанның өзінде, тіпті Атырау топырағында да Мұрат Мөңкеұлының атын ұлықтайтын шаралар жаппай қолға алынып жатқан жоқ. Кеңес өкіметін орнықтырған аталарымыздың атына көше, мекеме, ғимараттар беріліп

жатқанда, қазақтың қазақтығын өзіне танытқан сұңғыла, шежіре ақын, азамат аты неге шеттеу қалуға тиіс?

Ноғайлы жырларының елге кең таралуына зор үлес қосқан Мұрат ақын ұлт руханиятының басты тұлғаларының бірі санала бермек. Мұрат Мөңкеұлының шығармаларын әр қырынан алып қарауға болады. Ол – сөз сайысында алдына жан салмаған, үшқыр ойлы, суырыпсалма айтыскер. Қызыл тілдің майын тамызған суреткер, шешен. Ел тарихын, жер тарихын өте жетік білетін шежіреші. Мұрат – халқына сүйеніп қана қоймай, жұртын қорғаған, ата-қонысты қызғыштай қорыған күрескер ақын.

Қорыта айтқанда, Мұраттың шығармашылық өмірі қоғамдағы қайшылықтармен тығыз байланысты. Отарлау саясатының етек алуы, халықтың басына түскен қайғы-қасірет ақынның шығармашылығына әсер етті, айналасында болып жатқан өзгерістерден ой түйген ақын өмір кұбылыстарын өзінше топшылады.

Мұраттың ақындық ғұмыры қайшылыққа толы күрделі кезеңде өз үнін танытқандығымен, өз елінің қайраткер ұлы болғандығымен, қазақ әдебиетінің тарихында үлкен орны бар ақын ретінде қалғандығымен бағаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Құр.: Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 176 б.
2. Омарұлы Б. Бұғауға бағынбаған жырлар. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 112б.
3. Жұмалиев Қ. Кезеңдер сәулесі. – Алматы: Білім, 1972. – 145б.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының архиві, 36-қор, 2-тізбе, 1224-іс.
5. Мұқатаева Қ. Мұрат ақын. – Алматы: Білім, 2003. – 159б.

ӘОЖ 82.085

Қ.А.ЯССАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ ПОЭТИКАСЫ

ҚЫРГЫЗАЛИЕВ А.Е.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается поэтика хикметов Х.А.Яссауи.

Summary. The article discusses the poetics of Hikmetov H.A.Yassawi.

Ықылым заманнан бергі өткен дәуірде қазақ топырағына табаны тиген сандаған ұрпақтың өкілдері Қожа Ахмет Яссауи есімін ауызға алғанда, ең алдымен қасиетті Түркістанды түркі жұртының кіндік қазығына айналдырған ұлы әулиенің көкпен таласқан күмбезді, ал аузындағы аңыз-әңгімелердің даңғайыр сарынымен қарапайым халықтың көкейіне өшпестей болып ұялаған кеменгер сұлбасын бір сәт көз алдына келтірері хақ. Бірақ та Шығыс әлеміне Яссауи есімі қаншалықты белгілі болса, оның өмірбаянын, тағдыр жолын анықтайтын деректер соншалықты күңгірттік қойнауында жатыр. Біз ақынның пірі боп танылған Хамадани сопы мен Хамадани мектебіне қатысты жазбалардағы мәліметтерге сүйене отырып қана Ахмет Яссауидің XI ғасырдың соңғы ширегі мен XII ғасырдың бірінші жартысында ғұмыр кешкенін айта аламыз. Әл-Уағиздің «Рашахатында», Ибн Халликанның «Уафайат, ҮІІ», Шағаранидің «Табакат ал-кубра» жазбаларында, Халис Ефенди кітапханасынан табылған «Жауахир-ул-әбрар мин әмуажи-л-бихар» риуайатында, Жәмидің «Нафахат ал-унс», Науаидің «Насойиму-л-махаббат» деген еңбектерінде Ахмет Яссауи өз заманының білікті маманы, атақты сопысы екенін және де шәкірттік жолын Хамадани мектебінен бастап, кейіннен осы мектептің халифасы, яғни,

жетекшісі болғанын хабарлайды. Бірер жылдар бұрын танылып, ғалым М.Жармұхамедовтың зерттеуіне енген «Насаб-нама» сияқты құнды деректер [1], Қ.А.Яссауи болмысын уақыт тұманынан ажыратып, тарихи тұлғасын таныта түскендей болды.

Диуани хикмет, «Ақыл кітабы» – Қожа Ахмет Ясауидің сопылық идеясын жыр еткен, этикалық-дидактикалық мазмұндағы әдеби шығармасы.

Ақын өз кітабын қыпшақ даласы мен Орталық Азия түркілеріне кезінде түсінікті болған шағатай тілінде жазған. Мұның өзі араб тілінде жазылған Құран Кәрім мен түрлі хадис, тәфсирлердің күрделі қағидаларын жергілікті түркі халықтарының түсініп оқуына мүмкіндік берді. «Диуани хикмет» – көшпелі елдің ауыз әдебиеті үлгілеріне негізделіп, түркі халықтары фольклорының тілдік-стильдік, модельдік тәсілдерін зор шеберлікпен пайдалана отырып жазылған көркем туынды. «Диуани хикметтің» түпнұсқасы сақталмаған. Ең ескі нұсқасы XV ғ-дың орта кезінде араб әрпімен көшірілген. Бертін келе «Диуани хикмет» Қазан (1887–1901), Стамбұл (1901), Ташкент (1902–11) баспаларынан жарық көрген.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің жазылу тарихын, поэтикасын, сопылық-философиялық идеясын, қоғамдық-әлеуметтік мән-мағынасын, ислам дінін таратудағы рөлін М.Ф.Көпрулузаде, Н.С.Банарлы, Е.Э.Бертельс, А.К.Боровков, Э.Р.Рустамов, В.И.Зохидов, т.б. ғалымдар жан-жақты зерттеді. Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикметте» «Аллаға жақындай түсу үшін» әрбір адам өзінің өмір жолында төрт басқыштан өтуі керектігін айтады. Біріншісі – шарифат. «Шарифат» – ислам діні қағидалары мен шарттарын тақуалықпен мүлтіксіз орындауды әрі құдайға құлшылық жасауды талап етеді. Екіншісі, «тариқат» – дін ғұламаларына шәкірт болып, жалған дүниенің түрлі ләззаттарынан бас тарту, Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсу болып табылады. Бұл басқыш сопылықтың негізгі идеясын, мұрат-мақсатын аңғартып тұр. Үшіншісі, «мағрифат» негізінен дін жолын танып-білу сатысы деуге болады. Бұл басқыштың негізгі талабы – күллі дүниедегі болмыс-тіршіліктің негізі «бір Алла» екенін танып-білу, түсіну. Төртіншісі, «хақиқат» («фано») – Аллаға жақындап, оны танып-білудің ең жоғары басқышы. Сопылық түсінік бойынша, «шарифатсыз» «тариқат», «тариқатсыз» «мағрифат», «мағрифатсыз» «хақиқат» болуы мүмкін емес. Бұлардың бірі екіншісіне өту үшін қажетті басқыш болып табылады. Қожа Ахмет Ясауи Аллаға (яғни Хаққа) жету жолында міндетті түрде төрт асудан мүдірмей өтуі керек деген пікір айтады. Ақынның айтуы бойынша, Хаққа жету жолындағы әрбір асудың он-оннан мақамы (тоқтамы) бар. Демек, осы төрт асудың қырық мақамын игерген пенде ғана «жабарут» (адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік), «мәләкут» (өмірдің мәнмағынасына қанық болу), «лахут» (бұл жалғаннан безіп, о дүниенің рухани әлемін меңгеру), «насут» (жоғарыда аталған үш өлшемнің басын қосып тұрған күш) деп аталатын рухани дүниенің сырын пайымдауға мүмкіндік алады.

«Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін күдіретті күш, айқын бағдарлама деуге болады. Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жүрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды. Ал имандылық дегеніміздің өзі Алланың құлына ғана тән, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш деп түсіндіреді. Ақынның айтуы бойынша, имандылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылады. «Диуани хикметте» әрбір адамға қажетті қанағат-ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. «Ақыл кітабы» адамның ішкі жан-дүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады.

Бүкіл әлемдегі түркі халқы «Диуани хикмет» арқылы исламның рухани әлемімен, сол дәуір үшін ілгерішіл саналған сопылық ағымның философиялық ой-пікірлерімен танысты. «Диуани хикметте» жырланған адамгершілік, имандылық, қанағат, кішіпейілділік, жомарттық жайындағы этикалық-дидактикалық тұжырымдар бертін келе, қазақ ақын-жыраулары поэзиясынан өзінің көркемдік жалғасын тапты.

«Мұсылман әлемінде аты әйгілі, орта ғасырлық сопылық әдебиеттің ірі өкілі, Қожа Ахмет Ясауиартына мәні өшпестей аса елеулі мұра қалдырды. Оның «Диуани Хикмет» атты екі әлемнің де мән-жайын сипаттайтын туындысы адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді сипаттап ашып көрсетуге арналған. Бұл дүниедегі адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынас: мансап пен байлық, билік, кедейлік пен қанағатшылдық, нәпсі мен тәубашылдық, Хаққа сыйыну секілді түйінді жәйттер дін талабы тұрғысынан сарапталады. Бұл дүниенің баянсыздығы мен мен ол дүниенің бақилығын салыстыра отырып, қанағат, адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды. Осыған орай, ол Мұхаммед пайғамбардан үрдіс болып келе жатқан жол: жиған малдың қызығын тек өзі көрмей, өзге жетім-жесір, мүсәпірлерге де қайырымды болу, жасаған күнәнді дер кезінде түсініп, тәубаға келу, Аллаға сол туралы шын көңілден жалынып-жалбарынудың қажеттігін ұтымды түрде сипаттайды».

Қожа Ахмет Ясауидің өз хикметтеріне алтын арқау еткен басты мәселесі: Алла Тағаланың пенделеріне деген кеңшілігі мен олардың жасаған күнәларын кешудегі қайырымдылығы, нұр шапағатын талмай сипаттап бергендігі дер едік. Ол бұл мақсатта Құдай дидарына ғашық болған пенделерінің өзге қызықтың бәрінен баз кешіп, күндіз-түні тек Аллаға құлшылық етуі қажет, бұл жолда жан мен тәнін де аямауы керек. Сонда ғана хақ дидарын көруге болады деген пікір ұсынады:

Сүннатларын махкам тутиб уммат булгил,
Кеча, кундуз айтыб улфат булгил.
Нафсидан кечиб, жафасини рахат билгил,
Андаг ғашық еки кузи қирян иурур...
Лала дегил, ғалам сені кафир десун,
Кафир тию Мансур сифат дарға ассун.
Башиң берил хақ курсатсин,
Башиң берган хақ дидарын курар ирмиш.

Бұдан байқалғандай, әулиенің Құдай салған қиыншылық пен азапты да шыдамдылық, сабырмен жеңе білу, төзімділік таныту жөн, тынбай жылап дертін тарт, Құдай көзді тек көру үшін ғана емес, жас ағызып жылау үшін де берген дейді. Бұлай болмаған күнде Хақ Тағаланың кісі күнәсін кешу-кешпеуі екіталай, өйткені бәріне де оның әмірі ғана жүреді дегенді ескертеді:

Таубе қылсам кечармикун қадир Алла,
Иуқ ирса ниткум анда мен ру сияһ,
Таңла барсам имек аяғ барча куә,
Хақ алдида һар не шилар асан иурур.

Өмірдің қызығы мен қиыншылығын пенде бастан қанша кешірсе де, қиыншылыққа төзіп, қуанышқа сабыр, шүкірлік етуі шарт. Бұл үшін ол үнемі бір Құдайға жалбарынып, соның кешірімін алуы қажет. Біздің халықта: «Аруақ ұрған оналмайды, Құдай ұрған оңалады» деген мәтел бар. Немесе кейде: «Күнәсін мойындағанды Құдай да кешеді» – дейді. Сондықтан адам, алдымен, өзінің Аллаға деген көңілін, сенім-нанымын, пиғылын жөндеп алуы керек. Өмірдің қуанышынан қайғы-қасіреті көбірек, сол себепті ол Құдайға деген сенімін кемітпей, қайта оның шарапатына, кешірімділігіне нық сенгені дұрыс.

«Қожа Ахмет Ясауи бірі Аллаға деген қалтқысыз сенім-нанымның ақыры оған жан-тәнімен берілген шын сүйіспендікке, ғашықтыққа ұласуын қалайды. Егер адам тек сырттан ғана құдайшыл болып, іштен басқа пейілде болса, ол екіжүзділікке, опасыздыққа ұрынады деп баяндайды. Мұндай алдамшы, аяр жандар сабырсыз, төзімсіз келеді, оның соңы надандыққа (жәһілдікке) ұрындырады деген ой ұсынады» [2].

Ол надандықтың адам баласына келтірер зияны мен бүлігін жеріне жеткізе, өлтіре сынап, бұған жаңалықты ғана қарама-қарсы қояды, үміт-тілегін де даналарға арнайды:

Наданмен өткен өмірің тозақ болар,
Надан барса тозақ одан қашар.
Наданмен тозаққа қарай қылма сапар,
Надандардың ортасында суық шалғандай болдым мен-ә.

Надан хәлін менен сұрама, көңілім қапа,
Хақтан қорқып, қайғы тұтсам, күлер «қақа».
Араны ашық, нәпсі ұлық, мысалы лақа,
Надандардан қорқып саған келдім мен-ә.
Жер астына қашып кірдім надандардан,
Қолым жайып дұға тілеймін жомарттардан.
Фәріп жаным мың садаға даналардан,
Дана таппай жер астына кірдім мен-ә!

Қожа Ахмет Ясауи Құдайға беріліп құлшылық етушілердің өзін жалған ғашықтар, шын ғашықтар деп жүйелейді.

Ясауи шығармалары зікір (есек алу), жад (мадақ), уағыз, насихат, үгіт-өсиет түрлерін бір басында қамтыған, жинақтаған хикметтер деген атауға сәйкес өлеңдер болып табылады. Бірақ бұл хикметтерге тоқталмас бұрын Ясауи мұрасы ішіндегі дастан деп атауға болатын үш көлемді шығармаларымен таныссақ. Бұл дастандарға хикметтерден бұрын тоқталу себебіміз, біріншіден, дастан бір сюжетке бағытталған хикметтердің басын құрайды, сондықтан дастанды талдауда хикмет құрылысы да талданып, Ахмет Ясауи поэтикасының жалпы нақышымен таныса аламыз. Екіншіден, Ясауи хикметтері діни-философиялық тақырыпта болғандықтан оның әр тармағы, шумағы белгілі бір сопылық образдарға, бейнелерге байланысты келеді де, оқушыдан әр сөзінің мәнін терең де, жан-жақты қарастыруын талап етеді, ал дастан болса, белгілі бір композицияға бағынып, баяндау, түрінде желілініп отырады да, оқушы ойын шашыратпай, дастанқұрылысына, әр шумағына зейін сала талдауға жеңілірек тиеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жармұхамедов М. Қ. А. Ясауи. Хикметтер. – Алматы: Қазақстан, 2012. – 235б.
2. Ясауи тағылымы. Ғылыми мақалалар мен жаңа деректер жинағы. – Түркістан: Мұра, 1996. 125б.

ӘОЖ 82.08.21

ХҮІІІ-ХІХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ САТИРАСЫ

ОСПАНОВА А.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Мақалада ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ сатирасы қарастырылған
Summary. The article examines the Kazakh satire of the ХҮІІІ -ХІХ centuries

Кез-келген кезең әдебиетінен сатираның үлгісін табуға болады. Әлбетте, оның нысанасы, бейнелеу әдіс-тәсілдері, көркемдік жетістігі мен ізденісі, көрінісі әрқелкі, әр түрлі дәрежеде келуі мүмкін. Қалай дегенде де, әдебиет бар жерде – сатира бар. Себебі, адам санасы төңірегіндегі жайларға өз бағасын бере алмай, көңіліне жақпаған көріністерге қатысын білдірмей тұрмайды. Адам санасының осы бір сыншылдық өрісі қаласын-қаламасын әдебиет өнерінің бір саласы сатираның дамуына белгілі дәрежеде ықпалын жасайды.

Жыраулар поэзиясынан да сатира белгілері айқын танылады. Суреттеу объектісінде, амал-тәсілдерінде өзгешелік болғанмен, сыншылдық ой, әшкерелеу, мінеу кездеседі. Қазақ

поэзиясында сатира жанрының кең көрінуі, тың өріс ашуы XIX ғасыр әдебиетіне қатысты деп есептейміз.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында сатира жанрын жан-жақты зерттеген ғалым Т.Қожакеев бұл кезеңдегі сатираның дамуын «Абай дәуіріне дейінгі қазақ сатирасы және қоғамдық жағдай» және «Абай дәуіріндегі қоғамдық өзгерістер және қазақ сатирасы» деп қарастырады [1]. Әдебиетті дәуірлеу жөнінде қазір көптеген пікірлер айтылуда. ХҮІІІ-ХІХ ғасыр әдебиетін «Отаршылдық кезең әдебиеті» деп атау да ұсынылды. Ғасырмен дәуірлеу де әлі күнге дейін қолданылып келеді.

Біз XIX ғасыр әдебиетіндегі сатираның тақырыптық-идеялық, жанрлық дамуын, көркемдік ізденісін ғалым Т.Қожакеев зерттеуін негізге ала отырып айтуды жөн санаймыз [1]. Өйткені ғылыми этика осыған міндеттейді. Зерттеу нысанасына бармас бұрын ол туралы кімнің не айтқанын білу және оны жүйелеу аса маңызды. Мұның жақсы бір ықпалы ғылыми нысананы танумен бірге, оның ішкі мәселелеріне қатысты ой туындайды. Өзіне дейінгі ғылыми ой-пікір, зерттеуді білу болашақ ізденіске жол ашады.

Абайға дейінгі қазақ сатирасының дамуында Бұқар жырау, Шал Құлекеұлы, Көтеш ақын, Махамбет пен Шернияз, Дулат Бабатайұлы, Сүйінбай Аронұлы, Шөже Қаржаубайұлы сынды ақындардың есімі аталады. Әрине, бұл арқалы өнер иелерінің шығармаларының барлығы сатираға арналған жоқ. Бірақ қоғамдық-әлеуметтік мәселелер алға тартқан өткір жайларға бұл тұлғалар бітіспес көзқарасын, әшкерелеушілік үнін, халықтың наразылығын, жиренішін білдіретін жекелеген туындыларын арнады.

XIX ғасырда қазақ елі түс-тұстан қыспақ көріп, патшалық отаршылдық езгі мен ішкі феодалдық езгінің тақсиретін бірдей тартты. Азаттық аңсаған ұлт-азаттық қозғалыстар, шаруалар көтерілісі күшейді. Бұл сатираның дамуына жол ашты. Мәселен, Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан толғауларынан «Өкпеңменен қабынба!», «Жұртыңа жаулық сағынба!» деген зіл, сын байқалады [2]. Т.Қожакеев Бұқардың сынау, шеней сөйлеу сарыны бар туындыларын шартты түрде дидактикалық сатира және шешендік сатира деп бөледі.

«Ағайынның аразы,

Елдің сәнін кетіретер», –

деп келетін үлгіні дидактикалық сатира, яғни өсиет-ғибрат үлгісі десе,

«Айтқан сөзге түспеген,

Жаман емей немене?

Сұрағанды бермеген,

Сараң емей немене?» –

деп келетін жанамалай сынамай, қайта тура, ашық айтып, мінездеу бар үлгіні ақыл-өсиеттен гөрі шешендік сипаты басым дейді [1].

Бұқар жыраудың арнау, терме, толғауларынан әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді көтергені, өзі өмір сүрген қилы заман келбеті, ащы шындықты айту, оны сынау, шенеуге дейін барғаны айқын танылады. Өмірде көргені көп дана қарт жырларын шешендік сөздер түрінде тақпақтап, мәтелдеп толғаған. Қайталап оқысақ:

«Айтқан сөзге түспеген

Жаман емей немене?

Сұрағанды бермеген,

Сараң емей немене?

Кісі ақысын көп жеген,

Арам емей немене?

Ішке бүккен қулығың,

Амал емей немене?

Еңбексізге біткен мал,

Бекер емей немене?» –

деп жаманның, арамның, сараңның, амалдың, жалқаулықтың не екенін ашық айтып, термелей толғаған. Мұнда ұнамсыз іс-амалдарды әшкерелеу үні мен мінеу бар, шешендік сипаты басым.

«Аталыдан би қойсаң,

Адаспас жол мен жорадан.
Атасыздан би қойсаң,
Босанбас аузы парадан»,

немесе,

«Батпақты сайға су түссе,
Атың арып келгенде,
Өткел бермес өтерге.
Қайырсыз итке мал бітсе.
Аңқаң құрып келгенде
Саумал бермес ішерге», –

дегенде тектілікке мән беріп, тексіздердің қайырымсыз, парақор, іші тар, сараңдығын әшкерелей, тіпті итке теңеп тақпақтап, адамгершілікке үндеген.

Бұхарда шешендік сатира көріністері мен дидактикалық сатира үлгілері мол. Ол жайында ғалым Т.Қожакеев: «дидактикалық сатира да шешендік сатира да шартты түрде, өмірде қорытындыланған, жинақталған пікір негізінде айтылады. Олар көбіне моральдық-этикалық мәселелерді қозғайды. Басты пафосы адам санасы үшін, адамгершілік үшін күрес болып келеді» – деген [1, 596.].

Шешендік сатира үлгісіндегі:

«Екі жақсы қас болмас,
Екі жаман дос болмас,
Дос болғанмен хош болмас.
Екі жақсы дос болмас,
Дос болса түбі бос болмас», –

деген өлең жолдарында достық, сыйластық, адамгершілік туралы мақал-мәтелге арналып кетерлік тұжырымды ойларын замандастарына ғана емес, келер ұрпаққа да айтып кеткен. Параллелизм тәсілі арқылы бөлек-бөлек пікірді бір арнаға алып келіп, өмірде әртүрлі өзгеріс болатынын меңзейді.

«Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз,
Айнала ішсе таусылмас
Көл суалмас деменіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас деменіз,
Қу таяқты кедейге,
Дәулет бітпес деменіз».

Жырау мұнда әшкерелеу емес, алдын-ала сақтандыруды көздейді.

Бұхар поэзиясындағы дәстүрлі, бай арнаның бірі – өнеге, ғибрат, өсиет сөздер.

«Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса үй кетер.
Жатқа тізгін бермеңіз,
Жаламенен бас кетер.
Жаманмен жолдас болмаңыз,
Көрінгенге күлкі етер», –

немесе,

«Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмаңдар жанжал-ерегес», –

деп қадір-қасиетінді білмейтін, өзіне залалын тигізіп, күлкіге қалдыратындарға жолама деген, татулық, бірлікке үндеген философиялық ақыл-кеңесін береді. Опасыздық пен екіжүзді – патуасыздықты мінеп, сақтандыру бар. Осы үлгіде:

«Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетіретер,

Абысынның аразы

Ауыл сәнін кетіретер», –

деп ел берекесін кетіретер араздықты әшкерелеп бірлік, ынтымақ, ауызбірлік, татулыққа үндеу бар. Осы шумақтарды дидактикалық сатираның көрінісі деп білеміз.

«Айнала алмай ат өлсін,

Айыра алмай жат өлсін,

Жат бойынан түңілсін,

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз», –

дегенде майдалап ақыл айту, емеурінмен ел арасындағы келіспеушілікті шенеу бар.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырда сатира кеңінен дамып, түр, көркемдік амал-тәсіл алуандығы айқын көрінді. Тұрмыстық эпиграммалар, сатиралық портреттік суреттемелер мен шолу бұрынғыдан да гөрі кемелденді. Сюжетті сықақ өлең, уытты арнау мен айтыс өлеңдері, зілді шумақтар сатираның әлеуметтік мәнін күшейтті.

XIX ғасыр әдебиетіндегі сатира дамуы – тұтас көркемдік әлем. Бұл кезеңдегі сатира дүниежүзілік әдебиеттің озық дәстүрлерімен сабақтас жетілді. Сондықтан бұл дәуір сатирасын зерттеуде типологиялық салыстырулар, зерттеулердің жүргізілуі аса маңызды деп білеміз. XIX ғасырдағы ағайындас қырғыз, қарақалпақ, өзбек елдерінде сатира қалай дамыды, ортақ желі, үндестік пен өзгешелік бар ма деген жайларды салыстыра қарастыру қажет деп есептейміз. Рас, жеке тұлғалардың шығармалары зерттелгенде, сатирасы туралы да айтылды. Бірақ ортақ бірлікте қарау, әдеби процестегі сатираның орны мен көркемдік ізденісін талдап көрсету, көкжиегін тану, дәстүр мен жаңашылдықты айқындау қазақ әдебиеттану ғылымында әлі қолға алынған жоқ. Қазақ сатирасы кейінгі кезеңде де түрлі жағдайларды бастан өткізді. Әр дәуір, әр кезеңнің өз тынысы, өз пафосы мен талабы, өз міндеті мен мақсаты болды. Соған орай олардың өз сипаты бар рухани байлығы, әдебиет-мәдениеті, күлкі-сықағы болғаны да даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожакеев Т. Адам. Қоғам. Сатира. – Алматы: Қазақстан, 2003. – 17

2. Қалқаманұлы Бұқар. Ай, Абылай, Абылай! – Алматы: Жалын, 2016. – 96б.

ӘОЖ 82.390

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ШЕБЕРЛІГІ

ТИЛЕУШОВА А.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается художественное мастерство современной казахской прозы

Summary. The article examines the artistic mastery of modern Kazakh prose

«Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көп ұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке келуіміздің заңды жолын көрсетуге тиіспіз. Жалпы

ұлтпен, ұлт мәдениетімен бірге қайшылықты жолдан өткен біздің әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды керек етеді» [1, 10б.].

Соңғы жиырма жыл ішінде қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер әлеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Кеңес кезіндегі саяси шектеуден, социалистік реализм құрсауынан босаған қазақ көркем сөзі алғашында абдырап қалғаны рас. Мұның өзі қоғамда «қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырады, бүгінгі заманның жедел даму қарқынына ілесе алмай қалды» деген пікірлер тудырды. Алайда, көркемөнер тез күш жинап, уақыт көшінен қалмай, жемісті ізденістерге батыл кіріскенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Үшқыр да оңтайлы жанр – поэзияны былай қойғанда, шығармашылық толғанысы ұзаққа кететін проза жанры ширақ қимылдап, жаңа заман биігінен қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттерді алып келді.

Қазақ қоғамының тарихи бетбұрыстағы кезеңі – тәуелсіздік тұсында туған прозалық туындылар табиғаты күрделілігімен назар аудартады. Бұрын болып көрмеген тосын көркемдік амал-тәсілдерге бару арқылы қаламгерлердің көпке белгілі жағдайлардың өзін жаңаша суреттеуі жаңа заман оқырманының талабынан туып отыр. Әсіресе, ұлттық идеяны берудегі әлеуметтік символиканың ролі басымдық алуда. Ұлттық идеяға негізделген біршама дүниелер өмірге келді. Қазіргі қазақ прозасында қазақ халқының жадын жаңаша толықтырған «қасқыр-бөрі», «ағаш-бәйтерек», «үй-Отан-туған жұрт» т.б. ұғымдар әр қаламгерде әр тарапта көркемдік мән иеленген. Көптеген жаңа тарихи оқиғалар, мысалы, Желтоқсан оқиғасы мен оның қазақ халқының тағдырындағы қасіретті таңбасы алғаш рет зерттеу нысанына алынып отыр. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасындағы үлкен бір жаңалық – дін тақырыбы. Бұл – туған әдебиетімізде үлкен шектеуге ұшырап, әдебиет ішінен өз орнын ала алмай жүрген тақырып. Міне, осындай рухани мешеулік жайлаған атмосферадан кейін С.Досанов, Т.Ахметжан, Д.Амантай, А.Кемелбаева, Д.Рамазан, Е.Әбікен, т.б. қазақ қаламгерлері өте жаңашыл, ірі қадам жасады. Қаламгерлердің бірқатары – А.Кемелбаева мен Д.Амантайлар өздерінің дінге бет бұруын жалған бояулармен әсірелемей, ішкі болмысты таза қалпында көрсеткісі келеді. Ал, Д.Рамазан сынды жазушыларымыз дін тақырыбындағы сонылықты Құраннан тікелей аударма жасап, ремиссенция әдісіне жүгінеді. Сонымен қатар, Құранның ең қадірлі, ірі маңызды сүрелеріне үлкен мән беріп, Құранға үстірт мойын бұрмай, үлкен суреткерлікпен қарап жазған көркемсөз шеберлері де баршылық. Құран сүрелерінен үзінді келтіру арқылы дүниеге келген туындылар – автордың бар идеялық-эстетикалық тұжырым, байлауын көрсетеді.

«Тәуелсіздік жылдары» деп аталатын кезеңнен басталған жаңашыл пайымдаулар рухани түлеудің жаңа бір кезеңі болды да, қазақ әдебиетіне көркем ойлаудағы жаңа ұстанымдарды алып келді. М.Мағауиннің «Құмырсқа қырғын», «Коммунистік реализм», «Қасқыр – Бөрі», «Қисық ағаш», «Қос Ағаш», Т.Нұрмағамбетовтің «Кене», А.Алтайдың, т.б. шығармалары әлеуметтік өмірдің ең бір өзекті мәселелерін, сыншылық-философия саралайды. Жазушыларымыз өз шығармаларындағы айтар ойын, суреткерлік көзқарасын түспалдап, психологиялық тұрғыда жеткізуі немесе әлеуметтік символикаға ден қоюы – заңдылық. «Астарлап, ишарамен сөйлеу, сөзге сараңдық, үкім айтудан, соңғы ақиқатпен кездесуден қашу – постмодернистік рухтағы бүгінгі қазақ прозасына тән басты қасиеттердің бірі» [2, 515б.].

Жаңашылдық қашан да соны идеялық-көркемдік ізденістермен толығады. Тақырыптың жаңалығы барша табысқа кепіл емес. Жаңалық жазушының өмір құбылыстарына келу тұрғысынан, көз көрген, құлақ естіген фактілерді қорыту, ойлау ұстанымы мен суреттеу принциптерінен, белгілі бір идеяны жеткізу ерекшелігінен, әлеуметтік талдау пайымынан аңғарылмақ. Бұған кейіпкер таңдау, сюжет, композиция құру тәрізді суреткердің дара стиль өзгешеліктері де қосылады. Алайда, әр автордың қайталаудан алыс, жаңалығы мол тың шығарма беруге ұмтылысы әрдайым дәстүр сабақтарымен астасып жатқанда ғана жемісті.

Қазақ прозасында символды қолданудағы шеберлікті Ғ.Мүсіреповтің «Өмір жорығы», «Қыран жыры», М.Мағауиннің «Құмырсқа қырғын» атты әңгімелерінен көруге болады. «Құмырсқа қырғын» атты философиялық ойға құрылған әңгіме табиғат құдіретіне бас июді ғана емес, өмір үшін күрес, қазіргінің жалғасы, болашақтың тұтқасы – жас ұрпақ пен ертеңіміздің кепілі – жер-анамызды қастерлеу туралы сыр десе де, болады. Автор-кейіпкер құмырсқа илеуін

көркемдік деталь ретінде ала отырып, оны бір қауым елдің, тіпті мемлекеттің символдық (рәміздік) белгісіне айналдырады. М.Мағауиннің бұл әңгімесіндегі көзге түсетін, көңілге ұялайтын ерекше жәйттар – символикалық пен философиялық сипаттардың берік жымдасып, табиғи кіріге түсуі. «Құмырсқа қырғынындағы» өзгешеліктің бір ұшығы осында. Қаламгер бұл шығармасында тырнақ ұшындай көзге көрінер-көрінбес құмырсқалар тіршілігін адамдар өмірімен қатарластыра алады. «Жекелеген құмырсқалар ішке кіріп, тары дөнінен сәл ғана үлкен, сопақша жұмыртқаларды тістеп алып шыға бастады.

Мұндағы ең үлкен олжа – болашақ ұрпақ өндімек панасыз жұмыртқалар. Өз илеуіне апарды. Шайқап шығарады. Содан соң... ата-тегін білмейтін жетімдерді түгел жұмыскер – мұндағы билеуші жұртқа тегін азық-түлік жинайтын құл-құтан немесе басқа бір, жат әулетпен соғысқа, тіпті, кешегі өз нәсіліне қарсы майданда алға салатын жанкешті жауынгер етіп шығарады. О, күдірет! Тура өзіміздің мәңгүрттер!» [3, 103б.] – деп, терең философиялық тұжырымның да мәнін ашады. Дүниедегі ең кішкентай жәндіктер тіршілігіндегі әділетсіздік, теңсіздік арқылы адам баласына ой салу, мәңгүрттік сананың тамыр-тегін ұқтырудағы авторлық қолтаңба барлығы да бүгінгі прозаның ерекше бітімі ретінде зерделенді. Қазақ халқының ғасырлар бойғы жаратқан ең аяулы қасиеті – өзара ауызбіршілік пен өзін-өзі құрметтеу, жатқа берілмеу, ұрпақ болашағын ойлау мұраты түспалданғандығы талданды.

Ұлт әдебиетіне ортақ жаңа сапалар, өлшемдердің елеулісінің бірі – қазіргі қазақ прозасының символикалық сипаты. Біздің басты назар аударатынымыз да бұрыннан бар тәсілдің қазіргі заманғы жаңа болмысты прозадағы өзгеше жаңғыруы мен түрленуі болмақ. Осы тұрғыдан алып қарағанда, М.Мағауиннің тағы бір алып отырған символикасы – Қасқыр – Бөрі. «Қасқыр – Бөрі» [3, 329б.] атты шағын әңгімесі өзінің құрылымдық жағымен ерекшеленеді. Шағын әңгіменің «Қазақтың қасқыры – қасқыр емес, шене, құрт кезінде, яғни бағзы заманда әлемдегі ең айбарлы аң болған» дейтін бастауынан бастап бабамыздың байрағына түсіп, жүрек пен рухтың, қайтпас ерліктің ұранына айналған боз құрт, шене туралы толғанысы назар аудартады. Бөрінің орнына қасқыр келді, бірақ шын мәнісінде екеуі – бір-ақ аң: бөрі деген – қасқыр, қасқыр деген – бөрі. Сырттай қарағанда, атау ғана ауысқан тәрізді болып көрінеді. Ал, шын мәнісінде... бөрі өзгерді. Кейінгі қасқыр бұрынғы бөрідей бола алмады. Абыройсыз істің бөрі қасқырға телінді. Баяғы құрт пен шенеден, кешегі бөріден қалған бақ, көшкен рух қасқырға қонбапты. Бұрын батырды бөріге теңесе, енді қадыр-қасиеттен ада зұлым адамды қасқырға теңейтін болыпты. Дегенмен, қасқыр мен бөрі – атауы бір, түп негізі ортақ, бір-ақ мақлұқ емес пе? Қасқыр қанша азса да, оның бөрі атауының ескірмеу себебі неде, қасқырға қашан, қалай айналғаны туралы ой толғайды. «Ал мен көрген сияқтымын. Бөрінің қасқырға емес. Қасқыр атанған бөрінің қайтадан әуелгі – бөрі кейпін тапқанын» [2, 330б.], – деп әңгіменің ішіндегі әңгімені бастайды. Ырсиған, арық, қу сүйек қасқырдың жалаңаш денесі мен иленген теріні бір-біріне антитеза пішінінде қарама-қарсы алады. Ырсиған қасқырдың жалаңаш денесі қандай аянышты болса, жаны жоқ, тіпті ішкі мүрдесі де жоқ иленген тері сондай. Мұхтар Мағауиннің «Қасқыр – Бөрі» атты әңгімесі қазіргі қазақ әңгімесіне құрылымдық, түрлік өзгешелік әкелген соны туынды болып табылады. Сондықтан бұл әңгімені – аманат әңгіме деп пайымдауға толық негіз бар. Біз өткен ғасырдың 20-ыншы жылдарында дүниеге келген «Көксерек» повесін қазіргі қазақ прозасындағы «қасқыр-бөрі» бейнесін ашу мақсатында салыстырдық. Асқар Алтайдың «Алтай элегиясы (Қызыл бөлтірік)» повесть-притчасының, Думан Рамазанның «Көкжалының», Жанат Ахмадидың «Кезінгеннің кезі», «Ажал аузында», «Кие» атты әңгімелерінің негізінде іздену жалғастығы мәселесін қарастырдық.

М.Әуезовтің соңғы сөйлемі, Көксеректі басқа тебуімен аяқталды. Өлі қасқырды басқа тепсе, ал керісінше Жанат Ахмадидің «Кие» әңгімесінде авторлық ой басқаша өрбиді. Автор хайуанаттар паркіне қамауға түскен Қызылшолақтың іс-әрекетінің өзін өзгеше суреттеп кесек бейнелейді. М.Мағауиннің «кейінгі қасқыр – бұрынғы бөрідей бола алмады...» дегеніндей Қызылшолақ қасқыр өзінің бөрі қалпын сақтап қалған – кейінгі қасқыр. Оны мынадан көруге болады. Қызылшолақ өзінің тектілігін көрсетіп, хайуанаттарды бағып-күтетіндердің берген тамағын кісі көзінше жемейді. Еті бар кесек сүйектерді алдына тастағанда оған көз қиығын ғана салып қойып, мойнын қырыс бұрып жатып алады. Жаратылысынан сонша ашқарақ жыртқыш

өшейінде өлгенше күресуге бар тамақ үшін басын да игісі келмейді. Автор Қызылшолақтың қайсар қиқарлығынан нағыз бөріге тән тектілікті көрсеткендей. Қырыс, қияс – деп қасқыр мінезін портрет арқылы берген жазушы Көкшұңқырдай көк мұнар тауын аңсаған көкжал тұтқынның қамауға көнгісі келмей, тамағы тоқ болса да ыстық қамау жеп қойған арып-аршыған жабағы түрі – табиғаттың өз таразы өлшемі бұзылғандықтан деп пайымдайды. Қызылшолақ бейнесі осы зоопарктегі аңдар патшасы деп саналатын арыстан мен жолбарыстардың, түлкінің өзімен психологиялық параллелизмен қатарластыра алады да бір-біріне антитеза тәсілі арқылы қарсы қояды.

Автор осы үш түз тағысының тас қамауда өздерін қалай ұстайтындарына оқырман назарын аударып салыстырмалы-салғастырмалы түрде өз ойын ортаға салады. «Қасқыр атаулының зоопаркте ұйығып, бөлтірік ертіп күшіктегенін көрген кісі бар ма екен? Ұрпағын қасіретке бөлегісі келмегендіктен бе, әлде кекшіл, қайсарлығынан ойынды қойып, ұйығуға да қырыстана ма екен?» – деп автор риторикалық сұрақ қояды. Қасқыр өзінің еркіндігіне, еркіне шек қойғызбайтындығының бір мысалы: цирк өнеріне қасқырдан басқа жыртқыш біткеннің бәрін де, тіпті аң патшасы арыстанды да, сонан кейінгі жолбарысты да баулуға болады екен. Тек қасқыр ғана адам баласының айтқанына көніп, айдауына жүрмейді екен.

Автор бұл шығармасында кие концептісін негізгі арқау етіп алған. Ш.Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбегінде: «Қазақтар киеге үлкен мән береді. ...Кейбір жануарлар мен құстар, көшпелі тұрмысқа қажет заттарды киелі деп қастерлейді. Жан-жануарлардың киесін қадірлемеу киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары кесір деп аталады» [4, 302 б.], – деп түсініктеме берген. Қазақ халқындағы «киіктің де киесі бар», «иттің иесі болса, қасқырдың тәңірі бар» деген мақал-мәтелдер – соның айғағы. Қызыл шолақты құрықпен ұстаған Адырқұлды қасқырдың киесі атады. Ж.Ахмадидің Қызылшолағы жоғарыда атап өткен М.Мағауиннің қасқыр бөрісіне айналғанын, кешегі тектілікті бойына жиған бөрілердің символын береді.

Қорыта келгенде, тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасы жаңа көркемдік белеске көтеріліп, өзгеше өрнек қалыптастыру жолына түсті деп ой түйіндеуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. 8-том. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 48 б.
2. Майтанов Б.Қ. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 544 б.
3. Мағауин М. Құмырсқа қырғын. – Астана: Аударма, 2004. – 352 б.
4. Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары // Алтын шаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 302 б.

II СЕКЦИЯ
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘОЖ 347.63

**ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛ
ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ**

ТАТТИБАЕВА С.Х.

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, педагог-ұйымдастырушы
куратор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается проблема повышения навыков творческого мышления учащихся посредством логических задач.

Summary. The article deals with the problem of increasing students' creative thinking skills through logical tasks.

«Ойлау логикалық заңдылықтары мен формаларына бағынады. Көптеген адамдар логикалық ойлайды, бірақ өздерінің ойлауы логика заңдылықтары мен формалары арқылы болып жатқанын білмейді» – дейді В.Кириллова. Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаев былай деген: «Ойлауды өркендету жолдары. Ойлау – жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде, сақтықпен басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласы, күштарлығы болуы керек» [1, 46б.].

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде А.В.Запорожец, Л.Н.Венгер, И.С.Якиманская еңбектері жарық көрді.

«Қазіргі заман талабына сай оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Қазіргі алға қойған үлкен мақсат – өмірдің барлық саласындағы белсенді шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл тұлға бойында батылдық, еркіндік, үшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген күштарлық болу» [2, 36б.].

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған.

Айналадағы әлемді танудың негізгі іс әрекеті ойын. Ойынның пайдасы бар екен деп тек қана уақыт өткізудің құралы ретінде қабылдамай, ойын түрлерін балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі ретінде қолдану керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға бағыттау.

Дидактикалық ойын – баланың қызығушылығына негізделген оқыту тәсілдерінің бірі. Дидактикалық ойындар арқылы баланың логикалық ойлауы дамиды, ал логикасын дамыту – ол оқу үрдісінде үздіксіз ұдайы жүргізілетін жұмыстардың бірі.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Әсіресе, 9 сынып оқушыларына логикалық тапсырмаларды беру оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады.

Психолог-ғалымдар: Н.Н.Поспелов, Ю.А.Петров, А.Н.Леонтьев, «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. Олардың пікірінше, «логикалық ойлау» дегеніміз логика

заңдылықтарын пайдалана отырып ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі.

Логика (грек тілінен алынған *logic* –сөз, ой, ойлау, ақыл –ой) ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым.

Объективтік пікірлерге негізделген процесс логикалық ойлау деп, ал дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп аталады.

Ойлау аса күрделі психологиялық процесс. Бұлардың ішінде психология мен логиканың орны ерекше.

«Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын (шығармашылығын) дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені, логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді, іс-әрекетінің қалыптасуының өте ыңғайлы кезеңі оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту білімді, дағдыны және шеберлікті белсенді меңгеру үрдісін мақсаты бағытталған түрде басқару, оқушылар танымының қажетті әдістері мен тәсілдерін қамтамасыз етеді. Әйтседе, бұл баланы қайткенде де неғұрлым ертерек логикалық «жолға» шығару дегенді көрсетпейді. Біріншіден, ойлаудың логикалық формаларын игерудің өзі ойлаудың логикалық жетілген бейнені формалары ретінде игерілмейінше, толық құнсыз күйде қалып отырады. Дамыған көрнекі схемалық ойлау баланы логика табалдырығына жеткізеді» [3, 56б.].

Екіншіден, логикалық ойлауды игеріп болғаннан кейін, бейнелік ойлау өзінің мәнін ешбір жоғалтпайды. Шығармашылық жаттығулар ұсынылғанда, балалардың алдында мақсатқа өзіне мәлім әрекет тәсілімен жете алмайтын проблемалық жағдаят пайда болып, ол баланың интеллектуалдық қиналуын туғызуы мүмкін. Осының барысында бала жаңа әрекет тәсілін іздестіру бағытындағы шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттер орындауға талпынады.

Шығармашылық тапсырмалар балалардың жаңа бір нәрсені ашуы, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, оқушыны өзіне тарта, баули түседі.

9 сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған шығармашылық жаттығуды ұдайы жүргізе отырып, біз оқушылардың тек пәнге деген қызығушылығын ғана емес, логикалық ойлауын да дамыта аламыз.

Ой әрекеті барысында адам қоршаған дүниені танып, білу үшін ерекше айқын қызметін орындайды. Бұл нақты қызметіне талдау, біріктіру, салыстыру, дерексіздендіру нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асырылады.

Талдау – бұл оймен бүтінді жіктеу немесе бүтіннен оның қырларын, әрекет не қатынас бірліктерін бөліп алу, қарапайым формадағы талдау әр қандай затты практикалық қажеттілікке орай құрама бөлшектерге ажырату.

Мысалы, балаларды қандай да бір өсімдіктермен таныстыруда оның құрамын көрсетуден бастаймыз. (тамыры, сабағы, жапырағы). Талдау тәжірибелік және теориялық болып бөлінеді. Егер талдау жоғарыда айтылған ой операцияларына ұштаспаса, онда қате, механикалық сипат алады. Мұндай талдау элементтері жас балаларда көптеп кездеседі.

Біріктіру –бұл әрқилы бөлшектер, қасиеттермен әрекет қимылдарды тұтас бірлікке топтастыру. Біріктіру операциясы талдау әдістеріне қарама-қарсы. Бұл қызмет барысында жеке заттар мен құбылыстар күрделі, бүтін құбылысқа қатысы бар бөлшек, элементтер тобы ретінде қарастырылады. Ой процесіндегі талдау мен біріктіру әрекеттері оқу жұмысында аса үлкен маңызға ие. Бала жекелеп талдау мен әріптерді тануға қол жеткізеді, ал кейін сол игерген әріптердің басын біріктіріп буын құрайды, буыннан сөз, сөзден-сөйлем, сөйлемдерді біріктіріп мәтін мазмұнын шығарады.

Салыстыру – әрқандай заттар мен құбылыстардың, не олардың бөліктері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды білуге бағытталған ой әрекеті. Күнделікті тұрмыстық

салыстырулар. Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі. Пікір дегеніміз – ойлау формасы, мұнда бір нәрсе мақұлданады, не теріске шығарылады. Бір немесе бірнеше пікірден жаңа пікір шығаратын ойлау формасы – ой қорытындылары деп аталады.

Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың бағдарламалық материалды оқып үйренгендей қабылдауға терең де берік білімдеріне, іс-әрекеттеріне және дағдыларына, сонымен бірге, математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты болады. Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, біріңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, міндетті емес тапсырмалар берілуі қажет. Қазіргі кезеңдегі мектеп математикасында әлі шешімдері табылмаған проблемалар аз емес. Соның бірі – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, кітапқа, оқуға, білім алуға деген құмарлықтарын арттыру. Осындай проблемаларды шешу мақсатында бастауыш сыныптан бастап логикалық есептерді шығару керек.

Оқу еңбегінің қаруы – ой. Логикалық жеке пікір мен өзіндік талдау біртұтас. Бұл талаптар ой мен іс-әрекеттің негізгі өзегі болып келеді. Ол үшін әр адам өз орнында еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, оның сапасын қалай өсіру керектігін ойластырғаны жөн.

Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш қуаты мен сенімін арттыру керек. Қолынан келетін көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт берген абзал. Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен мына компоненттерден тұрады.

1. Қабылдау;
2. Түсіну;
3. Есте сақтау;
4. Қорыту және жүйелеу.

Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушылардың түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге қалыптастырылады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әрбір сабақ қызықты есептер мен аяқталып, логикалық есептер оқушылардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет.

Логикалық зерттеу саласы – ойлау қабілеті. Демек адамның ойы-ғалымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Сонда логиканың өзіндік ерекшелігі неде?

Ойлау формалары немесе логикалық формалар үшеу: ұғым, ой пікір және ой қорыту. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың жаңа формалары мен әдістерін, ақпараттық коммуникативтік технологияны тиімді пайдаланған жағдайда оқушылардың логикалық ойлау қабілеттері артады, олардың субъект-субъектілік тұлғасы қалыптасады.

Бүгінгі күні ақпараттық технология кең көлемде оқыту мен педагогикалық ұйымдастыру қызметінде барлық мектептерде орын алған. Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандыру процесі жүргізілуде. Ақпараттық коммуникативтік технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың негізгі күші – адам.

Логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

- Қызығушылығын арттыру;
- Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
- Шығармашылық ізденісін дамыту.

Логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатына негізделген дәріс моделін құрастыруға болады.

Мұндай сабақтардың құрылысы 4 кезеңнен тұрады:

1. Машық. Сергіту;

2. Оқушылардың шығармашылық қабілетінің негізі болатын психологиялық механизмдерінің дамуы (ес, зейін, қабылдау, ойлау);

3. Іздену тапсырмаларын орындату;

4. Оқушыларға белгілі түсінікпен жаңалықты көруге тәрбиелеу, мақсатында логикалық тапсырмаларды орындату.

Осы кезеңдегі 9 сыныпқа берілетін тапсырмалар түрлері:

1. Көру қабілетін дамытатын тапсырмалар (ребус, сөзжұмбақ, анограмма, сиқырлы шаршылар, геометриялық фигуралар);

2. Есту қабілетін дамытатын тапсырмалар (математикалық мақал-мәтел, логикалық есептер, қалжың есептер).

«Шығармашылық жаттығулар барысында қиындықтардың шешу барысында балалардың жаңа бір нәрсені ашуына, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мектепалды даярлық балаларының логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған стандартты емес тапсырмаларды шығармашылық жаттығулар деп атаймыз. Сондықтан шығармашылық жаттығуды ұдайы жүргізе отырып, біз оқушылардың тек пәнге деген қызығушылығын ғана емес, логикалық ойлауын да дамыта аламыз» [4, 51б.].

Ой әрекеті барысында адам қоршаған дүниені танып, білу үшін ерекше айқын қызметін орындайды. Бұл нақты қызметіне талдау, біріктіру, салыстыру, дерексіздендіру нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асырылады. Ойын барысында кез келген затты талдап, ұқсастығымен айырмашылығын талдап, салыстырып, өздігінен ой түйіндеп шешім қабылдап, шығармашылық жағынан бақылап қадағалап қорытынды жасауларына да көп септігін тигізеді. Ойын барысында алған білімдерін бір жүйеге жинақтауға ойынның маңызы зор.

Оқушыны ойната отырып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолданылған ойын элементтерінің кез келгені сабақтың мазмұнына сәйкестендіре отырып, алға қойған мақсатқа қол жеткізе аламыз. Жүйелі қолданылған дидактикалық ойындар арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне оқушы қызыға түседі, материалды тез игереді, сыныптағы оқушылар бір-бірімен қарым-қатынасқа түседі, теорияны іс жүзінде қолдана білуге жаттығады т.б.

Қорыта келгенде, логикалық тапсырмалар оқушылар үшін қызықты іс-әрекет қана емес, педагогикада оларды тәрбиелеу мен дамытудың өте қажетті құралы деп санаймын, сондықтан да күнделікті әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде логикалық тапсырмаларды тақырыпқа сай ұйымдастырып қолдану қажет. Кез келген шығармашылық тапсырмалар оқушылардың жаңа бір нәрсені ашуына қызығушылығын арттыруға өзіне деген сенімнің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Тандамалы шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 2010. –325б.
 2. Мектептегі психологиялық әдістемелік құрал.–Астана: Орда, 2005.–220б.
 3. БайжұмановБ. Оқушылардың психикалық даму ерекшеліктері. Бастауыш мектеп, №12, 1998ж.
 4. АқпаеваӘ.Б., ЛебедеваЛ.А, Бурова В.В. Қызықты математика. –Алматы: Ана тілі, 2012. –276б.
- ӘОЖ 378.012

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУ

ҚОЖАХАНОВА Ж.С.

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, аға- куратор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются пути развития коммуникативных навыков учащихся.

Summary. The article discusses the ways of developing students' communication skills.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық дағдылардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық-коммуникациялық дағдылардың – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым.

Коммуникациялық дағдылар жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологияларының бағыттары:

- а) электронды оқулықтар;
- ә) телекоммуникациялық технологиялар;
- б) мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар;
- в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web – сайттар ашу;
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар).
- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

«Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру. Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін – ұйымдастыру және сұхбаттасып, қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден-бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды» [1, 426.].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту – білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, теле конференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

«Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және интернеттің дамуы мысал бола алады. Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп, функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады» [2, 85б.].

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық құзырлық дегеніміз не?

Ақпараттық күзiреттiлiк:

- сын тұрғысынан ұсынылған ақпараттар негiзiнде саналы шешiм қабылдауға;
- өз бетiнше мақсат қоюға және оны негiздеуге, мақсатқа жету үшiн танымдық қызметтi жоспарлауға және жүзеге асыруға;
- ақпаратты өз бетiмен табуға, талдауға, iрiктеу жасауға, қайта қарауға, сақтауға, түрлендiруге және тасымалдауға, оның iшiнде қазiргi заманғы ақпараттық- коммуникациялық технологиялардың көмегiмен жүзеге асыруға;
- логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, құрылымдау, тiкелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша дәлелдеу, моделдеу, ойша эксперименттеу, материалды жүйелеу) қолдана отырып, ақпаратты өңдеуге;
- өзiнiң оқу қызметiн жоспарлау және жүзеге асыру үшiн ақпаратты қолдануға мүмкiндiк бередi.

«Ақпараттық-коммуникациялық құзырлық – бұл оқу, тұрмыс және кәсiби бағыттағы мiндеттердi шешуде ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкiндiктерiн жан-жақты қолдану қабiлетi.

Коммуникативтiк күзiреттiлiк:

- нақты өмiр жағдайында өзiнiң мiндеттерiн шешу үшiн қазақ және басқа тiлдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлi құралдарын қолдануға;
- коммуникативтiк мiндеттердi шешуге сәйкес келетiн стильдер мен жанрларды таңдауға және қолдануға;
- әдептiлiк ережелерiне сәйкес өзiндiк пiкiрiн бiлдiруге;
- нәтижелi өзара iс-әрекеттi, түрлi көзқарас және әртүрлi бағыттағы адамдармен сұхбат жүргiзе отырып, шиеленiскен ахуалдарды шешудi жүзеге асыруға;
- жалпы нәтижеге қол жеткiзу үшiн түрлi көзқарастағы адамдар тобымен қатынас (коммуникация) жасауға мүмкiндiк бередi».

Математика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық күзiреттiлiгiн қалыптастыру, қазiргi заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану, оқушының бiлiм беру үрдiсiнде шығармашылық қабiлетiн дамытуға мүмкiндiк бередi. Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетiн қалыптастыру қазiргi таңда үздiксiз педагогикалық бiлiм беру жүйесiндегi ең көкейтестi мәселелердiң бiрiне айналып отыр.

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиiмдiлiгi:

- оқушының өз бетiмен жұмысы;
- аз уақытта көп бiлiм алып, уақытты үнемдеу;
- бiлiм-бiлiк дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару;
- қашықтықтан бiлiм алу мүмкiндiгiнiң туындауы;
- қажеттi ақпаратты жедел түрде алу мүмкiндiгi;
- экономикалық тиiмдiлiгi;
- iс-әрекет, қимылды қажет ететiн пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;

- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;

- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту құралы:

Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі есептеледі. Менің ойымызша, ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат – оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір-бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады. Жоғары сынып оқушыларын емтихандар мен ҰБТ даярлауға арналған жаттықтыру бағдарламаларын пайдалану;

Оқытудың жүйесінің көп деңгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.

4. Оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

5. Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады.

Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі – пәндік білім, екіншісі – компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Қорыта айтқанда, педагог үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Осы бағытпен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 ж.

2. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010.–210б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ МЕКТЕПТЕРДЕ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРУ ТУРАЛЫ ҰСТАНЫМЫ

БАЛТАБАЕВА Н.Т.

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается о позиции Алтынсарина поднявший проблемы трудовое обучение в школах.

Summary. The article discusses the position of Altynsarin , who raised the problems of labor education in schools.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі», – деп Ыбырай Алтынсариннің өзі жазып қалдырғандай, балаларға тек білім беріп қана қоймай, ең бірінші саналы тәрбие берілу керектігі баса айтылады. Бұл жолдағы ең басты құралды еңбек деп біледі. Ұлт ағартушысының қайбір шығармасын алып қарасаңыз да барлығының түп негізі еңбекке келіп тіреледі. Еңбектенген адам ғана білім де алады, өмірде өз орнын да табады және оның бойынан барлық адамгершілік қасиеттер табылады деп көрсетеді.

«Қазақ хрестоматиясының» беташары атанған «Кел, бабалар, оқылық!» өлеңіндегі:

...Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған...
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған
Өнер, білім – бәрі де

Оқуменен табылған, – деген жолдардан әдемі киінудің, тамақтың тоқтығы, өнерлі, білімді, елге пайдалы болудың еңбекке тікелей қатыстығын айтады. Балаға тек білім беріп қана қойсақ, одан болашақта елінің қамын ойлап, қабырғасы қайысатын адам шықпайды, керісінше, мансап қуатындар мен жеке бастарының пайдасын ойлайтындар тәрбиеленіп шығады деген ойды айтады. Мысалы 1861 жылы Н.Ильминскийге жазған хатында осы ойын: «...Сондықтан орысша екі-үш сөзді ғана біліп алып, мектепке оқудан жөнді білім алмай, дұрыс түсінік алмай, олар адам болғансын, қазақ арасына барады да өздерін көп білетін адам етіп, әсіресе зақұншік етіп көрсетеді. Бұған қазақтар сене қалады. Сөйтіп, олар өздерінің азғантай білімін жауыздыққа жұмсайды, қазақтардың өздерін аяусыз жәбірлейтін болып шығады [1.143], – деп нақтылай түседі. Демек, саналы тәрбиесіз берілген білімнің салдары осындай болатынын айта келіп, еңбекті тәрбие құралының ең бастысы ретінде алады. Баланың қарны тоқ, көйлегі көк болмайынша оны ғылымға, оқу-білімге, өнерге күштеп әкелуге болмайтындығы шындық. Қарны аш бала рухани жан дүниесін байытудың жолын емес, қарнының тоқ болуын ойлайтыны заңдылық. Ал мұндай жағдайда адамгершілік қасиеттерді бойына тоғыстырған, алған білімін ел пайдасына жарататын, адал еңбекпен мал табатын жанды кездестіру қиын-ақ. Осы мәселе төңірегінде Ыбырай Алтынсариннің: «...әжем, шешем, жеңгем және тағы басқалары маған ренжіп, мазамды алып болды, шаруашылығым күйзеліп барады, не істерімді білмеймін... Мен өзімнің аңқаулығымнан немесе шынын айтқанда, құрғақ қиялдарға, бос армандарға әсеутеніп кеткендігімнен, олардың бәрін де ұмытып кеткен екенмін. Ондай үй-ішімді, жақындарымды өз қарауыма алған соң, ең алдымен оларды қамтамасыз етуге тырысуым керек еді ғой. Орыс тілін, одан кейін басқаларын үйреніп алайын деген ойға беріліп, орыс тілін өте нашар білуіме қарамастан, мұғалім болудың соңына түсіп кетіппін, оқу үшін ешқандай қаражат таба алмай отырғанда» [1, 142б.], – деп жазуынан барлық нәрсенің қаражатқа, малға келіп тірелетінін аңғаруға болады. Материалдық жағдайы жасалып, білім алуға, ғылыммен айналысуға мүмкіндік туындағанда ғана тың идеялар мен жаңа бастамаларды жасауға болады. Бұл ойымызды американ

психологы Абрахам Харольд Маслоу ұсынған қажетсіну пирамидасымен нақтыласақ, ең төменгі екі саты – жан бағу және қауіпсіздік адам өмірінің төменгі қажеті, басқасының бәрі осы екеуін алғышарт етеді. Тыныс алу, тамақтану, ұйықтау және т.б. болмаса, ол адамда ары қарай жетілу, даму болмайды. Сонымен бірге қарны тойып, жаны бағылып, өзін қауіпсіз сезінген жағдайда ғана эмоциялық қажеттіліктер ояна бастап, келесі сатыға өту, барынша даму жүзеге асады [2]. Сондықтан ең алдымен жан бағу мен қауіпсіздік дұрыс болмайынша, ешқандай да адамгершілігі жоғары адамды тәрбиелей алмаймыз.

Сонымен бірге жазушы білімге, жақсылыққа, игі істерге жұмсалатын қаражаттың адал еңбекпен табылу керектігін жеткіншектердің санасына шығармалары арқылы сіңіре түседі. Оларға мектепте тек білім берумен шектелмей, ой-өрістерінің кеңеюіне ықпал етіп, жастайынан еңбекке баулу керектігін, қандай да бір кәсіппен айналысуға, көзін табуға бағыттау қажеттігін айтады. Бұл ойын 1879 жылы 25 қарашада Н.И.Ильминскийге жазған хатында нақтылай түседі: «...қазақ арасындағы мектептерге қазір тек орыс тілін ғана оқытып, оқу-жазуды ғана үйрететін мектептер деп қарауға болмайтынын көрсетіп, ол мектептерден оқушыларды отырықшылыққа, тазалыққа дағдыланатын, әр нәрсеге де ақыл-оймен қарай білетін етіп шығаруымыз керек. Қысқасы, бұл оқушылар азды-көпті білім алып, белгілі бір бағыт алып шығып, айналасындағы халыққа өздерінің тың, адал ақыл-ойларымен әсер ете алатын болсын деген мақсатымызды еске ала отырып, оқушыларды тәрбиелеу жағына көбірек зер салуымыз керек» [1, 169б.]. Қазақ балаларының білімді болумен қатар адал еңбекпен мал табуын, ниеттерінің таза болуын және елі үшін қызмет ететіндей азамат болып қалыптасқанын қалайды. Егін егу мен бау-бақшаны баптаудың, түрлі қолөнермен айналысудың жолдарын шәкірттеріне үйретудің шарттарын қарастырады. Мұғалім мен оқушы үшін қажетті оқу құралдарын іздестіре отырып, мақсатына жетпей қоймағанын хаттарынан көруге болады. Сонымен бірге Торғай қаласынан Ы.Алтынсариннің ықпалымен ашылған қолөнер мектебінде ағаш ұсталық жұмыстарын, ал мектепке білім алуға қыздар келген жағдайда кесте тігу сияқты т.б. қолөнер жұмыстарын үйретуді мақсат еткен. Байқап отырған болсақ, қазіргі мектепте оқытылатын көркем еңбек пәнінің бастамасының Ы.Алтынсарин ашқан мектептерден бастау алатынын көруге болады.

Ы.Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінде оқытумен бірге осындай қолөнер түрлерін үйрете отырып, балаларды тәрбиеге баулумен тоқтап қалмады. Сонымен бірге техникалық немесе өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы мектептерін ашуды да қолға алған. Қазақ халқының ұлдары мен қыздарын кәсіпке баулу жолдарын меңгертіп, олардың белгілі бір кәсіп иелері болғанын қалады. Егер көзі ашық, көкірегі ояу болса, қолынан кәсіп келетін болса, ол адамның өзінің ғана емес, халқының да тұрмыс-тіршілігі жақсарған болар еді. Ы.Алтынсариннің шығармалары мен жазған хаттарын оқи отырып, ел экономикасын көтерудің жолдарын сол кезден-ақ қарастырған деген қорытындыға келуге болады. Ағартушы ұстаз жеке адамның ғана емес, тұтас бір ұлттың білім алып, тың идеялардың бастамашысы болғанын, жеке өздерінің кәсіппен, қолөнермен, ауылшаруашылығымен айналысқанын, бір сөзбен айтқанда жаңалықтың жаршысы болғанын бар ықыласымен қалады. Осы мәселелер төңірегінде 1888 жылы 3 шілдеде В.В.Катаранскийге жазған хатында айтып өтеді: «Ендігі жерде, министрствоның көрсеткеніндей, жаңа тіпті техникалық немесе ең кемі өнеркәсіптік мектеп ашу, ол мектептерде былғару илеу, сабын қайнату сияқты мамандықты үйрету, ол өнерлерді үйрететін оқытушыларды қазақтан даярлау үшін қажет болса Красноуфимск реальдық училищесінде стипендия мөлшерін көбейту жайын қазірден ойланған пайдалы болар еді», – деп [1, 208б.] жазса, осы жылы Н.И.Ильминскийге: «...Бұл ауыл шаруашылығы мектебінде оқу ісі түгелінен тәжірибеге негізделіп қойылған, онда былғару илеу, сабын қайнату, май шайқау, құмыра жасау, ағаш-токарь, ұста-слесарь өнерлері үйретіледі, ал ауыл шаруашылығынан огород егу, бау-бақша салу, мал шаруашылығы, егіншілік жайлары үйретіледі, осылармен қабат жаңа машиналармен, олардың құрылыстарымен таныстырылады, мал емдеу тәсілдері, астыққа зиянды жәндіктермен күресу тәсілдері үйретіледі» [1, 209б.] –деп, жоспарымен таныстыра келе, осы жұмыстарды жүзеге асыруға қолынан келгенінше тырысатынын айтады.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерінде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. Ақын шығармаларында адал еңбектің ғана қоғамды алға бастыратынына баса назар аударады. Ұлт ағартушысының шығармалары «елді ел, адамды адам ететін еңбек» деген тұжырымға негізделеді. Өмірдің барлық мәні де, байлығы да еңбек деген қорытындыға келуге болады. Демек, жақсы өмір сүргің келсе, еңбектену қажет. Ізденіп, білім алу керек. Білім алу, оқу жолында мал аямау керек. Алған білімнің арқасында адал еңбектену қажет. Себебі әрқашан адал еңбекпен тапқан мал да, дәулет те тұрақты болмақ. Сонымен бірге адал еңбектенген адамның бойында мейірімділік, қамқорлық, адалдық, жауапкершілік секілді адамгершілік қасиеттердің қалыптасатыны сөзсіз. Жастайынан еңбекке баулыған бала өмірде ақ пен қараны, жақсылық пен жамандықты еш қиындықсыз ажыратып, ерінбей еңбек етсе, қарынның тіленбей тоятынын түсінетін болады. Себебі қарны тоқ, жағдайы жасалған бала ғана одан ары оқу оқып, білім іздейді, ғылым жолына түседі. Соның арқасында өзіне де, еліне де пайдасын тигізеді. Ел экономикасын жақсартуға үлесін қосады, елінің жарқын болашағы үшін адал қызмет ететін болады. Қазіргі ой еңбегінің дамыған заманында тың идеялар мен бастамалардың құраушысы болып табылады. Белгілі бір кәсіптің көзін табуды жастайынан игереді. Мектепті бітіргеннен кейін кім боламын? жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін неден бастаймын? қалай бастаймын? кімнен сұраймын? деген сұрақтардың жауабын іздеп бас қатырмайтын болады. Сондықтан да мектеп қабырғасынан әрбір балаға біліммен бірге еңбек тәрбиесін дұрыс беріп, тура жолды көрсету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ы. Алтынсарин Әңгімелер. – Алматы: Мектеп, 1980. – 104б.
2. Ы. Алтынсарин Өнер – білім бар жұрттар: өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер. – Алматы: Жалын, 1991. – 240б.
3. Ы. Алтынсарин Қазақ хрестоматиясы : оқу құралы. – Алматы: Білім, 2003. – 112б.
4. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті / Х. Сүйіншәлиев. – Алматы: Ана тілі, 1989. – 290б.
5. Ыбырай Алтынсарин тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст. М. Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384б.
6. Жұмабекова Р. Ыбырай мұраты – бүгінгі күнталабы / Р. Жұмабекова // Жамбыл Тараз: Қоғамдық-саяси газет. – 2012. – №4.-25 қаңтар. – 7б.

ӘОЖ:82.09

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

АЛКЕЕВ Е.Б.

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, педагог-ұйымдастырушы-куратор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье описывается важность роли коммуникативных навыков как одной из основных потребностей процесса роста в личностном развитии учащихся.

Summary. The article describes the importance of the role of communication skills as one of the main needs of the growth process in the personal development of students.

Әлеуметтік желілер, компьютерлік ойындар, интерактивті чаттар және әртүрлі мессенджерлер кездесуге уақыт кетірмей, қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер береді. Бүгін бұл шындық және онымен ешкімді таң қалдыра алмаймыз. Технологияның дамуы адамның өмірін

едәуір және бірнеше есе жақсартады, оны ыңғайлы, қарапайым етеді. Бірақ сонымен бірге бұл мәселенің кері жағы да бар.

Біз сөздерді қысқартып жазып, эмоцияларымыздың орнына түрлі смайлдарды қолданамыз. Әсіресе, оқушылар үшін әлеуметтену проблемасы, нақтырақ айтсақ, коммуникативті дағдыларды дамыту проблемасы туындады. Яғни виртуалды емес, шынайы өмірде басқа адамдармен өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту проблемасы ерекше өзектілікке ие болуда.

Қазақстанның қазіргі білім беру саласына жаңа білім беру мақсаттары мен жоспарланған нәтижелерге негізделген жаңартылған білім беру процесі енгізілуде. Оқу пәндерінің жаңартылуы мен инновациялары оқу процесіне тек технологиялық жаңалықтарды, оқу процесінің ұйымдастырушылық жағының өзгерістерін енгізуді ғана емес, әр оқушының дайындығын жетілдіруге, оның жеке шығармашылық әлеуетін дамытуды қамтамасыз ететін қабілеттері мен мүдделерін дамытуға арналған оқытудың көп деңгейлі құрылымын да талап етеді. Демек, оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамыту мәселесі ерекше өзекті екендігі күмән тудырмайды.

Коммуникативтік дағдылар – бұл бірлескен қызмет барысында адамдар арасындағы байланыстарды ұйымдастыру үшін қажет көпқырлы процесс және осы мағынада материалдық құбылыстарға жатады. Бірақ қарым-қатынас барысында оның қатысушылары тек физикалық әрекеттерімен немесе материяда бекітілген еңбек нәтижелерінің өнімдерімен ғана емес, пікір, ниет, идея, тәжірибе алмасады. Коммуникативтік дағдыларға бірнеше анықтама беруге болады. Біріншіден, коммуникативтік дағдылар – бұл қарым-қатынас дағдылары, тыңдау, өз көзқарасын білдіру, ымыраға келу, өз ұстанымын дәлелдеу және қорғау. Екіншіден, бұл адамның басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеті, алынған ақпаратты дұрыс түсіндіру, сонымен қатар оны дұрыс беру. Үшіншіден, бұл басқа адамдармен ұзақ және тиімді өзара әрекеттесуді ұйымдастыру мүмкіндігі.

Бірқатар коммуникативтік дағдыларға тоқтала кетейік:

1. Серіктестерді тани білу, яғни адамның мінезін, оның психикалық жағдайын анықтау; серіктестердің іс-әрекетін дұрыс түсіну. Әрине, оқушыларға келетін болсақ, бұл дағдыларды меңгеру олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс.

2. Серіктестердің жыныстық және рольдік мәртебелеріне сәйкес қарым-қатынас орната білу қабілеті.

3. Қарым-қатынас жағдайларын түсіну қабілеті. Бұл шеберліктің маңыздылығы қарым-қатынас принциптері ол орын алатын нақты жағдайға байланысты болатын негізгі жолмен анықталады. Әр жағдай серіктестер үшін ерекше болғанымен, олардың барлығын кейбір үлкен топтарға біріктіруге болады, олардың әрқайсысы әлеуметтік тәжірибеде бекітілген символдық жүйелермен реттеледі.

«Коммуникативтілік» ұғымы психологияда, психолінгвистикада, әдістемеді қарастырылады, бірақ әр ғылымда әртүрлі түсіндіріледі. Мысалы, психолінгвистикада коммуникативті іс-әрекет қарым-қатынас қызметі ретінде қарастырылады. Ойды жеткізудің және кері байланысты қамтамасыз етудің тиісті тілдік құралдарын табудың маңыздылығына ерекше назар аударылады.

Қазіргі әдістемеді «коммуникативті құзыреттілік» термині кеңінен қолданылады, яғни адамның сөйлеу әрекетін оның өнімді және рецептивті түрлерінде, белгілі бір қарым-қатынас жағдайына сәйкес тілдік құралдарды қолдана отырып ұйымдастыра алатын жеке қабілетімен сипатталады.

Коммуникативтік құзыреттілік – тілдік тұлғаның маңызды сипаттамаларының бірі. Тәжірибе көрсеткендей, мектеп бітірген оқушылар әрдайым қарым-қатынас дағдыларын игере бермейді.

Бүгінгі қоғам мен білім салаларының серпінді дамуы оқушылардың жаңа білім алу кезіндегі дербестігін қалыптастыруды және дамытуды көздей отырып, білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Оқушы іс-әрекетінің табиғаты одан дамыған коммуникативтік құзыреттілікті талап етеді, ол тиімді ауызша және ауызша емес қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үшін қажетті дағдылар мен икемділіктердің жиынтығын, соның ішінде ситуациялық бейімделу мен

мотивацияны еркін меңгеруді қамтиды. Бүгінгі таңда мектеп бәсекеге қабілетті оқушылар дайындауға бет бұрған. Осыған байланысты білім алушылардың оқу, әлеуметтік және кәсіби жетістіктерін қамтамасыз етуде коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру және дамыту проблемасы ерекше маңызға ие болып отыр[2].

Мектеп жасындағы балаларда қарым-қатынасқа деген қажеттілік ерекше көрініс табады, тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудың да рөлі ерекше [1]. Көптеген психологтар қарым-қатынас оқу іс-әрекетімен тығыз байланысты екенін айтады. Бір жағынан, оқу іс-әрекеті екі бағыт бойынша қарым-қатынас арқылы байланысты болады: мұғалімдермен қарым-қатынас, сыныптастармен қарым-қатынас. Мектеп жастағы қарым-қатынас оқу іс-әрекетімен байланысты. Толыққанды оқу іс-әрекетінің қажетті шарты бола отырып, қарым-қатынас балалардың барлық басқа салаларына әсер етеді.

Коммуникативтік дағдылар ұғымы әртүрлі авторлардың анықтамаларында көрініс табады. Көбінесе коммуникативтік дағдылар қарым-қатынас дағдыларын, тікелей және жанама тұлғааралық қарым-қатынасты білдіреді. Дәстүр бойынша, коммуникативтік дағдылар – бұл өз ойын дұрыс, сауатты, айқын түсіндіре білу және байланыс серіктестерінен ақпаратты дұрыс қабылдау. Коммуникативті дағдылар – бұл жеке тұлғаның жоғары теориялық және практикалық дайындығына негізделген саналы коммуникативті әрекеттер кешені, бұл шындықты бейнелеу және өзгерту үшін білімді шығармашылық пайдалануға мүмкіндік береді.

Коммуникативті дағдылардың ауқымын анықтау үшін олардың жіктелуін қарастыру қажет. Коммуникативті дағдылардың ішінде: хабарлама мәтінін адекватты формаға ұйымдастыра білу, сөйлеу дағдылары, сыртқы және ішкі көріністерді үйлестіру қабілеті, кері байланыс алу мүмкіндігі, коммуникативті кедергілерді жеңу мүмкіндігі және т. б. ерекшеленеді. Интерактивті дағдылар тобына: қарым-қатынасты адамгершілік, демократиялық негізде құра білу, жағымды эмоционалды-психологиялық атмосфераны жасау, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі реттеу қабілеті, ынтымақтастықты ұйымдастыра білу, этика мен этикеттің принциптері мен ережелерін басшылыққа алу мүмкіндігі, белсенді тыңдау дағдылары жатқызылады. Әлеуметтік-перцептивті дағдылар тобы: қарым-қатынастағы серіктестің мінез-құлқын дұрыс қабылдау және бағалау, оның жағдайы мен мінез-құлқын ауызша емес сигналдары арқылы тану, жеке тұлға ретінде басқа біреудің барабар бейнесін жасау, жағымды әсер ету қабілеті.

Бірқатар заманауи авторлар ақпараттық тәсілге сүйене отырып, жетекші ақпарат көздерін коммуникативті дағдыларды топтастыру үшін негіз ретінде алады. Мәтіндер мен нақты объектілер оқытудағы нақты дереккөздер болғандықтан, коммуникативті дағдылардың үш тобы бөлінеді: ауызша мәтінмен жұмыс істеу, жазбаша мәтінмен жұмыс істеу, ақпарат көзі ретінде нақты объектілермен жұмыс істеу.

Біздің ойымызша, коммуникативтік дағдылар мен оқушылардың үлгерімі арасында оң байланыс бар және оқу процесінде оқушылардың коммуникативті саласын дамыту үшін мақсатты түрде ұйымдастырылған жұмыс білім алушылардың үлгеріміне оң әсер етуі мүмкін.

Коммуникативтік дағдылардың көрсеткіші неғұрлым жоғары болса, оқудағы жетістік деңгейі соғұрлым жоғары болады. А.В. Мудриктің зерттеулері оқушының ұжымы мен жеке басының қалыптасуына, оның өзін-өзі тануына, өзін-өзі бағалауына, адамгершілік ұстанымдарына, өмір салтына айтарлықтай әсерін көрсетті. Қарым-қатынас мақсат қоятын және қоршаған ортаның өзгеруіне әсер ететін өте маңызды қызмет түрі деп айтуға болады.

Селқос оқушылар ұялшақ, қарым-қатынас жасау кезінде өздеріне сенімсіз болады, байланыс орнатуға қиналады, қарым-қатынасты өз беттерінше бастайды, әртүрлі жанжалды қарым-қатынас жағдайынан әрең шығады, көбінесе тұлғааралық және іскерлік қарым-қатынас процесінде қиындықтарға тап болады. Үлгерімі төмен оқушылар көбінесе қарым-қатынаста пассивті позицияны ұстанады. Мұндай оқушылар құрдастарымен қарым-қатынаста бағыныштылығымен сипатталады, бұл олардың топтық мәртебесіне әсер етеді. Коммуникативті дағдыларды дамытудың төмен деңгейі оқушылардың оқу процесінде белсенді іс-әрекетке қабілетсіздігіне себеп болады.

Қарым-қатынас дағдыларын дамытудың жоғары деңгейі вербалды интеллектіде көрінеді. Вербалды интеллект вербалды емес интеллектіге қарағанда оқу үлгерімінің деңгейімен тығыз

байланысты. Вербалды интеллект барлық пәндер бойынша, ең алдымен гуманитарлық пәндер бойынша (тіл, әдебиет, тарих және т.б.) оқудың сәттілігін анықтайды. Жаратылыстану пәндерін табысты оқыту үшін кеңістіктік және ауызша интеллектілердің жоғары деңгейі қажет, гуманитарлық пәндер бойынша жақсы оқу үшін вербалды интеллектінің жоғары деңгейі қажет.

Оқу іс-әрекетінің табыстылығы факторы ретінде коммуникативті дағдылар феноменін түсіну оқушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын қарастыруды да өзекті етеді. Қазіргі заманғы адам өзінің әлеуметтік және кәсіби функцияларын толық орындау үшін дәстүрлі ғана емес, сонымен қатар оқу, кәсіби және күнделікті іс-әрекетте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен байланысты коммуникациялық дағдылардың кеңейтілген жиынтығына ие болуы керек. Жасыратыны жоқ, оқушылардың көпшілігінің коммуникативті дағдылары төмен деңгейінде. Оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру процесі екі фактормен күрделенеді:

1. Жалпы коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудың төмен деңгейі;

2. Оқушылардың оқу және кәсіби қызметінде инфокоммуникациялық технологияларды қолданумен байланысты коммуникативтік дағдыларды игеру қажеттілігі. Осыған сәйкес коммуникативтік дағдыларды жоғары деңгейде сәтті қалыптастыру үшін коммуникативтік дағдылардың тұжырымдамасы мен құрамын нақтылау қажет [3].

Тұлғаның коммуникативті саласын дамыту мектеп жасынжа ең табысты болып табылады, яғни белгілі бір коммуникативті алғышарттар қалыптасып, толыққанды даму үшін негіз қаланған, бірақ сонымен бірге оларды одан әрі жақсарту және жетілдіру үшін әлеует бар. Мектеп жасындағы балалардың негізгі психикалық ерекшеліктері: өзіндік жеке тұлға туралы білімді дамыту; нақты өмірлік жоспарларды қалыптастыру; өз өмірін саналы түрде құруға деген көзқарас; өзін-өзі танудың белсенді дамуы; дүниетанымды қалыптастыру.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалық шақта басталады және оған отбасындағы микроклимат, өмір салты және басқа да маңызды мәселелер сияқты көптеген факторлар әсер етеді. Егер адам белгілі бір коммуникативті тәжірибе алмаса, өсе келе ол тұйық және өзіне сенімсіз болуы мүмкін. Сондықтан мектептің ұжымы оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға басымдық беруі шарт.

Бүгінгі таңда қарым-қатынас дағдыларын дамытуды оңтайландыру үшін бірқатар әдістер мен құралдар бар. Осындай құралдардың бірі – коммуникативтік қабілеттерді дамытудың әлеуметтік-психологиялық тренингі, ол қарым-қатынасқа дайындалудың тиімді әдісі ретінде танылады.

Тренингтермен қатар оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін көбінесе ойындар қолданылады.

Коммуникативті дағдыларды дамыту ойындары оқушының басқа адамдармен және жалпы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін ұсынатындығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бұл ойындарда бәсекелестік принцип жоқ, нәтижесінде құрдастарымен жақындық пен бірлік атмосферасы қалыптасады және бұл қарым-қатынас жасау және тұлғааралық қатынастарды құру қабілетін қалыптастыруға жақсы әсер етеді.

Бұл ретте мұғалімдердің ерекше рөлін атап кеткен жөн, себебі олардың тиісті білімдері, дағдылары мен құралдары бар.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі:

1. Матъяш О.И. Что такое коммуникация и нужно ли нам коммуникативное образование // Сибирь. Философия. Образование: Научно-публицистический альманах. – Вып. 6. – Новокузнецк: Институт повышения квалификации, 2002(б)

2. Решетова, О.В. Коммуникативная компетентность как фактор успешной учебной деятельности студентов: методические рекомендации / О.В. Решетова. Оренбург: Издательство ГОУ ОГУ, 2005. - 75 с.

3. Тищенко, В. А. Классификация коммуникативных умений студентов. Электронный ресурс. Портал: Знание. Понимание. Умения. / В. А. Тищенко. – режим доступа : <http://www/zpu-journal.ru/zpu/e-ublications//2007.TishchenkoVA>. - Загл. с экрана.

ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУ МҮМКІНДІГІН ІЗДЕНУ, АҚПАРАТТЫ ТАЛДАУ МЕН ИГЕРУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КІТАПХАНАНЫҢ РӨЛІ

АЯПБЕРГЕНОВА Т.М.

Тараз қаласы білім бөлімінің әдіскері, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

Резюме. В данной статье рассматривается значение школьной библиотеки в формировании функциональной грамотности учащихся. Используя новые информационные технологии, есть способы повысить интерес учителей и учащихся к библиотеке и развить желание читать. Говорят, что для того, чтобы добиться успеха в 21 веке, все, что вам нужно сделать, это получить образование, прочитать книгу и усердно работать.

Summary. This article discusses the importance of the school library in the formation of functional literacy of students. Using new information technologies, there are ways to increase the interest of teachers and students in the library and to develop the desire to read. It is said that in order to be successful in the 21st century, you only need to get an education, read a book and work hard.

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Шындығында мектеп ұстаздары мен қызметкерлерінің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік түр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл ұстаз, жаңашыл маман иелері керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп, оларды айлық, апталық курстардан өткізіп қайта даярлап жатқандарын көріп жатырмыз. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндіріліп айтылып жатыр. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керектігі де ескеріліп айтылуда. Жаңа бағдарлама талабы күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген маманды қайта даярлау болып отыр және өздерінің байқағандай ұстаздар қауымы қажетіне қарай оқып, бітіріп жатыр.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Осы бағдарламаны оқып, естіп таныса отырып бұл бағдарлама тек ұстаздарға ғана қатысы бар деген пікірде болмай біз кітапханашыларда жаңа бір серпіліске қол жеткізуіміз керек.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Жаңа ғасыр табалдырығын аттап, болашақ ұрпағымызда білімді де, тәрбиелі болу үшін мақсатты түрде өзекті мәселелердің маңыздылығын дер кезінде қолға алғанымыз абзал. Осыған орай, Елбасымыздың «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» атты жолдауындағы үндеуде, жастарымызды кітапқа баулу жүйесінен шығармашыл, ақыл-ойы дамыған адамдарды даярлау талап етіледі. Сондықтан кітап оқу үрдісін жетілдіру баланың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын арттыруға негізделгенін біліп отырмыз. Бірақ жоғарыда айтқанымадай білімін жетілдіріп келген ұстаз енді қағаз бен кітапқа емес жаңартылған ақпаратқа тәуелді болып өз ізденісін ары қарай дамыту үшін жаңа инновациялық ақпарат көздерін іздейді, сол кезе де де

кітапхана қандай көмек көрсете алады? Өз кітапханасындағы кітап қорын, ақпаратты жүйесін кітапханашыдан артық кім біледі?

Кітап оқу–танымдық қызметі барысында, балалар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауды да дамытады. Балалардың танымдық мүмкіншіліктерін арттыруда кітапханашы басты рөл атқаратындығы сөзсіз. Балалардың өзіндік танымдық жұмыстарын ұйымдастыру, өздігінен оқып ой-өрісін тереңдетуге баулу арқылы ғылыми ізденіске, жазбашылық өнерге жетелейді.

Кітап – білімнің рухани құндылығы, теңдесіз байлығы. Өткен замандардың тұңғық тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де, басқа ғылым кереметтерін де кітапханадан табады.

Кітапхана – оқырманмен кітап арасындағы негізгі алтын көпір. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы. Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы қызметін бірақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейді, көпке елене бермейді, бірақ барлық оқырманның кітап жайлы бағыт бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі зор.

Кітапханашының атқаратын қызметі заман талабына сай оқырмандарға өркениетті қызмет көрсету, кітапханаларға берілген жаңа технологияларды кітапхана жұмысында кеңінен қолданып, кітапханаларда бүгінгі қоғамның қажетті ақпарат орталығы екендігін дәлелдеп, кітапханашылар беделін көтеру керек. Ақпарат көздерін, әмбебап құжаттардың толық жинағын, оқырмандарға әлемдік, ұлттық мәдени, рухани құндылықтарды насихаттай отырып, жергілікті қоғамда кітапхананың міндетті түрде қажеттілігін дәлелдеу керек. Кітапхана ісі мәдениет саласы ретінде ақпараттық, білім беру және мәдени – ағарту қызметінің негізі десек келешекте кітапханалар жүйесі ең озық алдыңғы қатардағы қоғамның қайта жанданып, өзгеруінде басқа мәдени мекемелер арасында үлкен мәртебеге ие болу мүмкіндігі мол екенін ұмытпағанымыз жөн.

Қазіргі таңда оқырмандардың өскелең талабын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітапханалардың алар орны ерекше. Оқушыларға кітапханалық-библиографиялық білім негіздерін үйретуде, кітапханалардың библиографиялық жұмысын ұйымдастыруда, библиографиялық құралдарды құрастыруда кітапханашының біліктілігі үлкен орын алады. Тәуелсіз қазақстанның келешегі жас ұрпақты тәрбиелеп отырған мектеп дейтін болсақ, сол мектепте орналасқан кітапханада осы міндетті бірге атқарады. Осыған орай мектеп кітапханасының алдына қойған өзекті мәселесі жас ұрпақты тәрбиелеу. Білім және тәрбие жүйесінде контекстін жаңалау процесінің бастауында мектеп кітапханашысының ролі және мектеп кітапханашысының түпкілікті өзекті мәселелері де жаңашаланады.

Білімнің қайнар бұлағы – кітап. Сондықтан да мұны адамзаттың баға жетпес құндылығы деп білеміз. Кітап қана дәл мәнді білім береді, себебі ол адамды терең ойлауға жетелейді. Француз философы және жазушысы Дени Дидро «Адамдар кітап оқуын қойса, ойлауын да қояды» деген. Мұны ғалымдардың зерттеулері де дәлдейді. Олардың зерттеулері бойынша кітап оқитындар қоғам өміріне белсенді қатысады екен. Міне кітаптың құндылығы осында, яғни, оның тәрбиелік мәнінде. Бүгінгі мектеп кітапханасы- кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар қоғамдық-мәдени орталық. Ал бүгінгі мектеп кітапханасы кітап қарауылшысы ғана емес, білім жолындағы білім мен тәрбие процесінің концепциясын жауапкершілікпен қадағалап дәріптеуші. Ол үшін не істейді дегенге келетін болсақ, мектеп кітапханашысы сол мектептегі жаңалықтың жаршысы, әрбір елімізде болып жатқан уақиғалардың насихатшысы болуы тиіс. Кітапханашылар әрбір арнаулы даталы күндерге кітап көрмесінен бастап насихат түрінің барлық формасын жүргізіп келеді. Мектеп кітапханасы мектепті оқу-тәрбие процесімен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар мұғалімдерге білім жолындағы жандарға, мамандарға профессионалды біліктілігін көтерудегі шеберлікке үйретуі тиіс. Мектеп кітапханасы білім жүйесіндегі мәселеге мұғалім мен администратордан кем қатыспайды. Осыған орай, айта кетерлік жайт мынадай білім жүйесіндегі мектеп жүрегінің жұмыс атқаруы. Әр мектептің мұғалімінің, яғни білім жолындағы адамның жеке басының

кітапхана арқылы көптеген жаңалықтардан хабардар болғанда ғана іске сәттілік әкеледі. Білім процесінің біліктілігін көтерудегі жетістік тікелей мектеп кітапханашысына да байланысты. Сондықтан кітапханашы барлық жерде мектеп біліктілігіне қатысты жоспардан хабардар болуы керек.

Қазіргі уақытта мынандай бір пікір бар, жаңа қоғамда тәрбиенің мақсаты- адамның жауапкершілігінде. Жаңашыл бағалы бағытқа үйрету профессионалды біліктіліктің жетістіктеріне жол табады. Бұл дұрыс. Осы жаңашыл өмірмен «Инновациалық қызметпен» болашақ ұрпақ өмір сүреді. Бұл «жаңашыл» әлемге ұрпағымыз түзу көзқараспен еніп, ал сол жаңашыл әлем түзу көзқараспен үйлесімді қарсы алса біз болашақ ұрпақтың алдында әрқашан жауаптымыз. Мектеп табалдырығын аттаған жас ұрпақ өзін-өзі осал сезінбеуі керек. Баланың ішкі жан дүниесін ұғыну керек. Сондықтан да мектеп кітапханашысы адамзатының ұлттық сезімдерін шындай білуі тиіс. Қазіргі уақыттағы кітаптың, кітап оқудың мәртебесі төмендеуі жұртшылықты алаңдатады. Соңғы онжылдықта бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда да кітап оқуға қызығушылық азая бастағаны байқалады. Кітап оқу бос уақытты өткізу түрі ретінен гөрі іскерлік оқуға қарай ойысты, ақпараттық және білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана оқу жиі кездесетін болды. Оқушылар, студенттер көбінесе оқу залдарына тапсырылған тақырып бойынша реферат, баяндама, шығарма жазуға ғана келеді. Бірінші кезекте мұндай жағдай кітапхана қызметкерлерін ойлантып, мынадай сұрақтар жиі мазалайды: біздің кітап оқуға қызығушылығымыз төмендеуінің себептері неде және оның соңы неге әкеледі? Кітап оқымайтын адам сауатсыз, ойлау қабілеті төмен, шығармашылық қиялдауы шектелген болып келетіні белгілі. Осы орайда, айта кететін жайт: қазіргі уақытта қазақ қоғамының алдында тұрған негізгі мәселе – тіл мәселесі ғой. Осы мәселенің де бір шешімі, менің ойымша, жастар болсын, үлкендер болсын – бәрін кітап оқуға, қазақ тілінде көркем шығармаларды оқуға баулу керек. Көркем шығармалар біздің тілімізді байытып, қазақ тілінде сөйлеу қабілетін арттыратыны анық. Барлық мектеп кітапханашылары жылдағы жылдық жұмыс жоспарларын мектептің тәрбие жұмыстарымен байланыстырып, жоспарлы түрде өткізеді.

Бүгінгі таңда кітапхана жұмысын сапалы жүргізу үшін жаңару үстіндегі ұстаздар, оқырмандармен жүйелі жұмыс жасау керек, сонымен қатар кітапхана жұмысын жетілдіру үшін: балалар мен оқырмандар арасында библиографиялық білімді насихаттау; өзара кітапханашы қызметкерлерінің арасында библиографиялық білім беру арқылы іс-тәжірибе алмасу; өздерініз естіп танысқандай қаламыздағы ең ірі облыстық әмбебап ғылыми кітапханалардың өзі демушілерді іздеп кітап қорларын толықтырып жұмыс жобаларын жаңартып жатыр, сол үшін біздер де мектеп кітапханалары азда болса бір демеуші немесе акцияның жаңа үлгісін ойласырып кітапхана қорымызға жаңа буын сұранысына қажетті материалдар жинақтауымыз керек:

- кітапханада АБА-каталогтар жүйесін құру;
- электрондық каталогтар, оларды құрастыру ерекшелігі.
- ақпараттық қызметте Интернет ресурстарын қолдану.
- ақпаратты-библиографиялық бөлімінде «Қолжазба қорын» ұйымдастыру т.б.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздар мен кітапханашыларға үлкен жауапкершілік міндеті тұр. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, бәрімізге тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз мамандығын шексіз сүйетін, оқырман үшін өз қызметін аянбай көрсететін білімді қызметкерлер ғана жұмыс істей алады.

Мектеп кітапханашылар арасынан білікті де білімді өз жұмысының маманы быраз әріптестеріміз зейнет жасына жетіп, кезекті демалыстарына шығуда, осы әріптестерден кем түспейтін білімді, ізенімпаз кітапхана ісін алға сүйрейтін жас кітапханашыларды біздерде дайындап кітапхана жұмыстарын жаңандыруымыз керек деп ойлаймын. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып,

оқырман бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастауға кірісейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Школьная библиотека» журналы №7, 2000. –№8, 2002г.
2. Асылбекова Ш. Жаңа кезең // Кітапхана әлемі, –2003.№3Б-36
3. Мұра.Кітапхана.Кітап.Оқырман. –Алматы, 2002.-250б.
4. Қазақстан кітапханалары ХХІ ғасырда. Жинақ. –Алматы,1999. – 96б.

УДК:811.111.159.922

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ МОТИВАЦИИ УЧАЩИХСЯ

ПИРНАЗАРОВА Г.Г.

Методист отдела образования города Тараз,
Жамбылская область, Республика Казахстан, г.Тараз.

Аннотация. Бұл мақалада белсенді оқыту әдістерінің маңыздылығы мен олардың ағылшын тілі сабағындағы қолданылатын сәтті түстары көрсетілген.

Summary. The article examines the importance of active teaching methods and some samples of them, that can be used in English lessons by teachers.

В последнее время казахстанская система образования претерпевает постоянные изменения. Новые тенденции в системе образования указывают на то, что для достижения поставленных целей необходимо усовершенствовать формы организации образовательного процесса, внедрить новые технологии и методы обучения, повысить мотивацию школьников к обучению, а также прививать навыки функциональной грамотности. Формирование универсальных учебных действий является основной задачей образования. В ходе обучения ученик должен не просто приобрести набор предметных знаний, но и уметь применять эти знания в реальной жизни, иметь сформированные навыки самообразования, набор ключевых компетенций, которые помогут во взрослой жизни. Учащийся должен быть мотивирован на постоянное продолжение обучения на протяжении всей жизни[1].

Основной задачей педагога в современных условиях является умение так организовать учебную деятельность, чтобы у ученика не было ни времени, ни желания, ни возможности отвлекаться на длительное время. В этом учителю помогают активные методы обучения.

Активные методы обучения — это методы, которые побуждают учащихся к активной мыслительной и практической деятельности в процессе овладения учебным материалом. Активные методы обучения способствуют формированию положительной учебной мотивации, развивают творческие способности учащихся, активно вовлекают учащихся в образовательный процесс, раскрывают личностно-индивидуальные возможности учащихся, развивают нестандартное мышление, повышают познавательную активность учащихся, позволяют с большей эффективностью усваивать большой объём материала, развивают коммуникативные качества личности, умение работать в команде, вести совместную проектную и исследовательскую деятельность, отстаивать свою позицию и прислушиваться к чужому мнению, нести ответственность за себя и команду[2].

Для каждого этапа урока могут быть использованы активные методы, позволяющие эффективно решать конкретные задачи этапа. Остановимся кратко на каждом этапе урока и соответствующих ему активных методах обучения. Большинство методов универсальны и могут использоваться не только на уроках иностранного языка, но и на занятиях других учебных дисциплин.

Этап введения в атмосферу иноязычного общения (начало урока, знакомство). Трудно переоценить значение этого этапа. С самого начала урока важно создать благоприятный эмоциональный настрой, в этом помогают следующие активные методы.

Метод «Поздоровайся локтями»: поздороваться как можно с большим числом членов группы, назвав по-английски свое имя и коснувшись друг друга локтями, что способствует созданию неформальной обстановки в начале урока и установлению контакта между учащимися.

Очень хорош метод «Комплименты», который позволяет не только выяснить настроение, психологическое состояние учащихся, но и улучшить его, создать ситуацию успеха. Учитель спрашивает детей, как они себя чувствуют, и просит их поднять карточку, цвет которой соответствует их настроению. Интерпретация цветов дана на слайде или на доске, например: orange – happy, glad (довольный, радостный) и т. д. После этого учитель говорит, что настроение в группе различное и предлагает улучшить его, сделав соседу по парте комплимент на английском языке.

Метод «Кто ты?» позволяет учащимся рассказать о себе, что одновременно может рассматриваться как речевая зарядка. Необходимо заранее собрать много разных мелких предметов (или картинок с изображением предметов) и положить их в коробку. Каждый учащийся должен выбрать три предмета и сказать, что его связывает с этими предметами. Например: один ученик взял игрушечную собачку, мяч и солнечные очки. Он может сказать следующее: I like dogs. I like to play football. I like summer. Учащиеся по очереди выбирают предметы и рассказывают о себе. Это упражнение можно изменить, например, предложив учащимся рассказать о своём настроении на данный момент или о планах на будущее.

Для начала урока хорошо использовать метод «Летающие поговорки»: Учащимся раздаются карточки с поговорками таким образом, чтобы одним досталось начало поговорки, а другим — окончание. Ребята должны объединиться в команды и сопоставить части поговорок. Данный метод даёт возможность развивать лексические, словопроизносительные навыки [3].

Этап вхождения или погружения в тему (сообщение целей урока). Существует несколько методов для успешного и комфортного вхождения в тему урока. Все они способствуют развитию логического и пространственного мышления, аналитических способностей, служат развитию эмоциональной сферы.

Метод «Ассоциаций» позволяет задействовать образное мышление, память. Первый учащийся получает карточку от учителя и называет ассоциации, которые у него возникают с этим словом. Карточка передается по цепочке до тех пор, пока не вернется к учителю. У каждого ученика есть возможность в быстром темпе высказать свои мысли.

Метод «Угадай тему»: учащимся предлагаются фрагменты нескольких пазлов. Необходимо найти недостающие фрагменты у одноклассников, сформировать группы и собрать пазлы. Затем учащимся предлагается угадать тему урока на основании картинок, которые у них получились. Например, у одной группы получилось солнышко, у другой – туча, у третьей – дождь. Тема урока — «Погода».

Метод «Голоса» предлагает учащимся догадаться, чьи голоса звучат на записи, и определить тему урока.

Метод «Иллюстрация»: Учитель заранее скачивает фильм. После просмотра фильма и обсуждения участники формулируют тему урока и его цели.

Этап формирования ожиданий и опасений учеников (планирование эффектов урока). Целеполагание и учёт потребностей и ожиданий учащихся делают образовательный процесс понятным и желанным для детей. Цели образования становятся целями самих учащихся, приобретают значительный мотивационный потенциал, обеспечивая высокую познавательную активность и самостоятельность, инициативу в процессе изучения новой темы.

Метод «Фруктовый сад» – универсальный метод. Необходимо заранее подготовить два плаката с нарисованными яблоней и лимонным деревом. Учащимся раздаются заранее вырезанные из бумаги крупные яблоки и лимоны. Учитель предлагает детям попробовать определить, чего они ожидают (хотели бы получить) от обучения и чего опасаются. Ожиданий и

опасений может быть несколько. К числу ожиданий/опасений относятся формы и методы обучения, стиль и способы работы на уроках, атмосфера в классе, отношение учителей и одноклассников и т. д. Свои ожидания ученикам предлагается записать на яблоках, а опасения – на лимонах. Те, кто записал, подходят к соответствующим деревьям и при помощи скотча прикрепляют фрукты к ветвям. После того, как все ученики прикрепят свои фрукты к деревьям, учитель зачитывает результаты. После озвучивания ожиданий и опасений можно организовать обсуждение и систематизацию сформулированных целей, пожеланий и опасений. В процессе обсуждения возможно уточнение записанных ожиданий и опасений.

Метод «Прогноз»: Учитель предлагает ученикам сделать свой прогноз на конец урока, предположить, как они будут себя чувствовать, что они будут знать или не знать, что они будут уметь или не уметь делать. Для этого учащиеся выбирают варианты, данные в таблице, или дополняют таблицу своими вариантами. Далее учитель опрашивает детей, которые желают поделиться своими ожиданиями и опасениями.

Метод «Дерево»: Необходимо заранее схематично нарисовать на доске дерево; приготовить желтые и зеленые листочки с двухсторонним скотчем на обратной стороне. Каждый ученик получает два листочка: зелёный и жёлтый. На зелёном дети пишут, чего они ждут от урока, а на жёлтом – чего опасаются. Готовые листочки учащиеся сохраняют у себя до конца занятия. В конце урока ребята приклеивают свои листочки на дерево: зелёные – со сбывшимися ожиданиями или жёлтые – со сбывшимися опасениями. Если на дереве окажется больше зелёных листьев, то цели урока достигнуты. Если дерево «пожелтеет», значит, в проведении урока были допущены ошибки.

Этап презентации учебного материала.

Метод «Следопыты» направлен на то, чтобы научить ребят работать с различными источниками информации. Учитель вывешивает плакат или пишет на доске тему урока. Например, «FacesofLondon» («Достопримечательности Лондона»). Далее учащимся предлагается вспомнить основные объекты, которые связаны с этой темой: музеи и художественные галереи, исторические здания, королевские дворцы, соборы, парки и т. д. и записать их на доске. Далее переходим к проработке содержания темы.

Этап проработки содержания темы.

Метод «Карусель» направлен на раскрытие содержания темы и закрепление полученных знаний. Для использования данного метода необходимо подготовить различные источники информации: вырезки из газет и журналов, материалы из интернета, аудиозаписи, видеофрагменты. Каждая группа собирает информацию об определённых достопримечательностях. Одна группа слушает аудиозапись, находит ответы, записывает на доске. Другая группа выделяет необходимую информацию из текста, третья – из видеофрагмента, четвертая ищет ответы в интернете. Все ответы записываются на доске, дополняя друг друга. Затем полученные результаты озвучиваются и подводятся итоги.

Метод «Хвастун» используется для тренировки грамматических навыков в устной речи. Необходимо подготовить карточки с названиями временных форм английского языка, возможен также вариант без вспомогательных средств. «Хвастун» вытягивает себе время, в котором он должен придумать предложение. Остальные должны опровергнуть его утверждение (составить отрицательное предложение) или выразить удивление (задать общий вопрос). Если «хвастун» ошибается, тот, кто его поправил, становится «хвастуном».

Метод «Светофор» используется для работы с грамматикой. Учащиеся поднимают красные и зелёные карточки, выбирая правильные грамматические формы.

Метод «Станьте любознательными» можно использовать для работы с текстами. После прочтения текста учащиеся по цепочке говорят: «Я прочитал...», «Я знал...», «Я узнал...».

Этап релаксации. Динамическая пауза. Если вы чувствуете, что учащиеся устали, а впереди ещё много работы или сложная задача, сделайте паузу! Иногда достаточно 5–10 минут весёлой и активной игры для того, чтобы встряхнуться, восстановить энергию.

Игра «Мим»: Учащиеся по очереди должны изобразить любое время года без слов. Другие должны угадать это время года.

Динамическая пауза «Отдохни с пользой». Учитель объясняет, например, для закрепления лексики по теме «Цвета», что если он назовёт зелёный предмет, учащиеся должны встать, если красный – сесть, желтый – хлопнуть в ладоши, голубой – подпрыгнуть и т. д.

Этап подведения итогов. Рефлексия.

Для подведения итогов можно использовать метод «ХИМС», где учащиеся по цепочке отвечают: «Хорошо...», «Интересно...», «Мешало...», «Возьму с собой с данного мероприятия...».

Также эффективен метод «Ваш новый компьютер». Каждому участнику образовательного мероприятия выдаётся четыре стикера разных цветов. Учащиеся пишут, что нового они увидели, чему научились, что поняли и какие эмоции испытали. Затем все эти высказывания приклеиваются на символический компьютер на доске. На монитор – что нового увидел, на клавиатуру – чему научился, на системный блок – что понял, на мышку – что почувствовал [4].

Как показывает практика, особенно ярко запоминается то, что является нестандартным! Активные методы позволяют разбавить скучные и привычные уроки и сделать их интересными и более познавательными. Активные методы и новые современные технологии позволяют подготовить выпускника, обладающего необходимым набором современных знаний, умений и качеств, позволяющих ему уверенно чувствовать себя в самостоятельной жизни, уметь быстро адаптироваться к новым условиям, находить оптимальные решения сложных вопросов.

Список использованной литературы:

1. Анцибор М.М. Активные формы и методы. – Тула, 2008. – 47 стр.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – Москва, 2009. – 231 стр.
3. Бадмаев Б.Ц. Психология и методика ускоренного обучения. Москва, 2017. – 272 стр.
4. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам. – Москва, 2017. – 96 стр.

ӘОЖ 81-139

ТҮРІК ТІЛІН ҚАЗАҚ ТІЛДІ СТУДЕНТТЕРГЕ ОЙЫН ТҮРІНДЕГІ ӘДІСТЕРМЕН ОҚЫТУ

АБДУЛЛАЕВА Ә.Ж.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КУБЕЕВА С.О.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассмотрены методики преподавания турецкого языка казахским студентам с помощью разных интеллектуальных игр.

Summary. This article discusses the methods of teaching the Turkish language to Kazakh students using various intellectual games.

Түрік тілі алғаш рет Орта Азияда пайда болған ең көне тілдердің бірі. Қазіргі таңда түрік тілдерінің ішіндегі ең кең таралған тілдердің бірі – түрік тілі. Көптеген әлеуметтік және туристік мақсатта да түрік тілін үйренуге қызығатындардың саны жыл санап артып келе жатыр. Елімізде Түркия Республикасымен мәдени қарым-қатынастардың нығая түсуіне орай, түрік тілі – ең көп үйретілетін тілдердің бірі.

Түрік тілінің басты ерекшелігі – сөйлемдегі сөз тәртібі мен үндестік заңы. Қазіргі уақытта жастар жан-жақты дамуда, оның ішінде тіл үйренуге қызығушылықтары жыл сайын

артуда. Әсіресе түрік тіліне деген қызығушылықтары өте жоғары. Өйткені түрік сериалдарын көп бақылайды. Түрік тілі өте нәзік және құлаққа жағымды естілетіндігімен адамды баурап алады.

1923 жылы Түркия мемлекеті Республика болып жарияланғаннан кейін көп ұзамай, 1928 жылы латын әліппесіне көшіп, Түрік Тіл Құрылымы тарапынан тілге қатысты көптеген реформалар жүргізіледі. Атап айтсақ, көне османлы түрікшесінің құрамындағы халық қолданып келген араб-парсы сөздері алынып тасталды. Олардың орнына көне түркілік диалектілік сөздер мен ағылшын, француз интернационал сөздері көптеп еңгізіле бастады.

Бұл мақалада түрік тілін студенттерге қызықты әрі жылдам үйрету тәсілдерін қарастыруды және жаңартылған білім бағдарламасындағы әртүрлі ойын әдіс-тәсілдері арқылы қазақ тілді білімгерлерге түрік тілін үйретудің методикаларын қарастырып көруді мақсат тұттық.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан бері әлемнің беделді де алпауыт шет мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынас құрды. Соның бірі алғаш болып өз елшілігін ашқан тәуелсіз Түркия мемлекеті. Қазақ және Түрік халықтарының ұқсастығы олардың өзара мәдени дипломатиялық жағынан етене араласуына әсер етті. Түркі тілдес мемлекет болған соң олардың ұқсастық белгілері мәдениетінде, дінінде, дүниетанымдары мен тілдерінде көрініс табады. Қазіргі таңда қос тілді шетел тілдерін оқытуда заманауи талаптарды ескере отырып шет тілін оқытуды жаңа сатыға көтеру педагогикадағы басты міндеттердің бірі болып саналады.

Түрік тілі қазақ тіліне өте ұқсас келеді. Оны қазақ тілді студенттерге үйретудің өзіндік ерекшеліктері бар. Түрік тіліне қатысты оқулықтардың әзірлену кезеңінде де Орта Азиядағы туысқан халықтарға Түркия түрікшесін үйретудің ерекшеліктері ескеріледі. Мысалы, қазіргі түрік тілін шет тілі ретінде үйрету индиялық немесе корейлік студент пен қазақ студентке үйретудің методикасы бірдей бола алмайды. Өйткені, біреуі үшін мүлдем түсініксіз саналған жат тілді үйрету мақсат етілсе, екіншісі үшін өзінің ана тіліне ұқсас болған жақын, таныс тілді таныстыру мақсат етіледі. Әрі бұл мақсат жолында ойын түрлеріндегі әдіс-тәсілдер қолданылса, шет тілін үйрету методикасын дұрыс таңдаған болар едік деп ойлаймыз. Сабәқ барысында әртүрлі ойын түрлерін қолдануға болады. Солардың алты түрімен таныстырайық [1].

1. Рөлдік ойыны – Rol oyunu
2. Саяхат ойыны – Seyahat oyunu
3. Сөздік ойыны – Sözlük oyunu
4. Компьютер ойыны – Bilgisayar oyunu
5. Топтық сұрақ жауап ойыны
6. Өндірістік ойындар – Üretici Oyunlar

Рөлдік ойыны – Rol oyunu

Рөлдік ойыны – бұл ойын негізінде 1-ші немесе 2-ші курс білімгерлеріне арналған. Алғашқы оқу жылдарында олардың қызығушылығын арттыру мақсатында рөлдік ойындардың қолданылуы өте тиімді. Өйткені білімгерлер бір-бірімен жақын араласып топпен жұмыс жасауды, жауапкершілік алуды, креативті ойлауды үйренеді. Сонымен қатар, көрініс жасау үшін жаңа сөздермен танысып жаттап алады. Егер студенттерге белгілі бір жанрлардағы фильмдерді бөліп беретін болсақ, онда тіптен жақсы олар сол жанрдағы фильмдерді іздеп түрік тілінде сөздердің жазылуы мен дыбысталуын бірдей меңгереді.

Саяхат ойыны – Seyahat oyunu

Саяхат ойыны – бұл ойынның барысы: Оқытушы білімгерлерге алдын ала Түркия елінің қалаларының аттарын үй жұмысы ретінде беріп, келесі күні жеребе тастау арқылы әр білімгерге әртүрлі қала түседі. Білімгерлер өзіне түскен қаланың басты ерекшеліктерімен сипаттауы керек, ал қалған студенттер сол қаланы табу керек. Бұл білімгерлерді Түркия елінің әр қаласымен олардың ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік береді. Егер болашақта Түркия еліне оқуға түсетін болса бұл үлкен көмегін тигізеді.

Сөздік ойыны – Sözlükçe Oyunu

Сөзжасам ойыны – бұл ойында білімгерлер ақ параққа түрік тіліндегі өзіне ұнайтын бір сөзді қағаз бетіне түсіреді оны жеребе тастау арқылы топ ортасынан бір білімгер шығып өзіне түскен сөзді топқа түрікше түсіндіреді. Бұл білімгердің үлкен ортада өзін дұрыс ұстауына, ойын

ашық жеткізуіне, түрік тіліндегі сөздердің мағынасын түсініп, жаңа сөздермен танысуға мүмкіндік береді.

Компьютерлік ойыны – Bilgisayar Oyunu

Компьютерде өткізілетін ойындар – қазіргі кезде білім саласында кең таралған. Баланың қызығушылығын арттыра отырып, білімге шақыратын компьютерлік ойын түрі – Kahoot. Бұл ойынды компьютермен немесе ұялы телефонмен ойнауға болады. Бұл ойында 1-ші, 2-ші, 3-ші орындарға бөлінеді. Kahoot – ойынның топпенде, жеке де ойнауға болады. Білімгерлер сұрақтарға жауап беру арқылы осы орындардың бірін иемденеді және сол орынға сәйкес бағасын алады. Kahoot ойыны білімгерлердің ойлау өрісінің дамуына жаңа технологиямен жұмыс жасау құзыреттілігін арттыруға көмектеседі.

Сұрақ жауап ойыны – Soru ve Cevap oyunu

Сұрақ-жауап ойыны аталғандай бұл топпен тығыз жұмыс жасау арқылы іске асырылады. Ойынды сабақ барысы бойынша түрлендіруге болады. Мәселен, екі топ түрік елінің салт-дәстүрлерін бөліп алып мәліметтер жинап бір-біріне сол тақырыпқа байланысты түрік тілінде қызықты сұрақтар қойса болады. Бұл түрік тілді халықтың тек тілімен ғана таныс болмай, сонымен қатар мәдениетінен де хабардар болуға мүмкіндік береді.

Өндірістік ойындар – Üretici Oyunlar

Өндірістік ойындарда да көбіне «Келіссөздер жүргізу» (Sözleşme Yapmak) ойыны мен «Жарнама құрастыру» (Reklam yapmak) ойындарын тіл үйрену барысында ұтымды қолдануға болады [2].

Қорыта айтқанда, түрік тілін үйрету тәсілдерін дамытуда ойын әдістерінің маңызы зор. Әсіресе мұндай тәсілдермен жұмыс істеу барысында, міндетті түрде тіл үйренушінің психологиялық ахуалына маңыз берілуі тиіс. Сол себепті тіл үйрену барысында психологиялық және әлеуметтік жағдайын оқытушы ескеруі тиіс [3, 160]. Өйткені тіл өте нәзік және маңызды қатынас құралы, оны адамның миына сіңдіріп, қолданысқа енгізу өте қиын мәселелердің бірі болып табылады. Білімгер болмашы нәрседен тіл үйренуден жиренуі де мүмкін немесе кішкентай бір сөз арқылы сол тілге ынтасы оятып үйренуге құштар да болуы мүмкін. Сол себептен тіл үйрету барысында жасалынған әрбір артық тәсілі білімгерге тікелей әсер етеді. Түрік тілін үйрететін мамандардың біліктілігін жыл сайын жетілдіріп отыратын орталықтардың белсенділіктерін дамытуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқсанбаева С.А. Шетел тілі сабағында студенттерді шығармашылық ойлауға ынталандыру // Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Филологические науки», № 1 (55), 2016г.
 2. Demirel Ö. Öğretim İlke ve Yöntemleri: Öğretim Sanatı. – Ankara, 2009.
- Алиярова Л.М. Шетел тілін оқыту үдерісінде инновациялық жоба әдісін қолдану // Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Филологические науки», № 2 (52), 2015г.
ӘОЖ:81.271

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ӨЗ БЕТІМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

АБДРАШОВА А.Қ.

Мәлік Фабдулин атындағы орта мектебі, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Резюме. В статье прослеживается эффективность работы с уровневыми заданиями. Активность и предприимчивость учащегося возрастала, стремились к творчеству. В ходе выполнения уровневых заданий достигается квалификация, повышаются навыки самостоятельной работы. Итогом самостоятельной работы является умение ученика выполнять самостоятельно, повышение активности на уроке, формирование творческого потенциала.

Summary.The article shows the effectiveness of working through level tasks. The activity and activity of the student increased, striving for creativity. In the process of completing level tasks, skills are achieved, and skills of independent work are increased. The results of independent work – the ability of students to perform independently, increase their activity in the classroom, and contribute to the formation of creativity.

Егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектердің білім дәрежесінің тереңділігімен өлшенеді. Қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналды.

Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, ал мұғалім олардың білімін қамтамасыз етіп, мектептегі оқу үрдісін әр түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдермен жүйелі түрде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін арттырады. Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынта-жігерін арттыру, жеке дарындылығын дамыту-негізгі мәселелердің бірі. Мұғалімнің әрбір өтілетін қазіргі кездегі оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Мұғалім сабаққа дайындалғанда өзінің әрекетін ұйымдастырумен шектелмей, деңгейіне қарай оқушының әрекетіне мән беруі тиіс. Уақытты тиімді пайдаланып, оқушының өз бетімен тапсырманы орындалуына ұдайы жағдай жасалуы қажет. Ол үшін мынандай міндеттер орындалу керек.

- Оқушылардың өзіндік жұмысы туралы түсінік беру
- Оқушылардың өз бетімен тапсырманы орындау әдістерін таныстыру.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

1. Мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі
2. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың дербестігінің өзара байланысы
3. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі.

Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы оқушылардың іс-әрекетінің дербестігі артады. Бұл туралы А. Байтұрсыновтың пікірі бойынша: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі-оның білімінің, шеберлігінің ұзақ жолды қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін, керек білімді кешіктірмей, кезінде беріп отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап берумен белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру керек»-деген.

Оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарын қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабағында түрлендіре іске асыруға болады. Мысалы, бастауыш сыныпта «Зат есім» сөз табын өткен кезде оқушыларға мынадай өз бетімен жұмыс түрлерін ұсынуға болады.

А) Әр топ берілген сұрақтарға бірнеше мысалдар жазып оқу керек.

- 1-топ. Кім?-әнші, ақын, оқушы...
- 2-топ. Кімдер?-балалар, күйшілер, малшылар...
- 3-топ. Не?-ауыл, кітап, қоян...
- 4-топ. Нелер?-дәптерлер, құстар, жануарлар...

Ә) «Суретті билет» ойыны арқылы мынадай тапсырмалар беруге болады.

Әр топтың оқушыларына сурет беріледі, оған сұрақ қойып атынаатайды. Топтағы оқушылар ақылдаса отырып, суретке шағын әңгіме жазады. Сонымен қатар, профессор Ж. Қараевтың «Деңгейлік саралап технологиясы» арқылы оқушылармен өз бетіндік жұмыс жүргізуге болады. Дейгейлеп оқытудың мақсаты-әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету.

Әдебиеттік оқу пәні бойынша көбіне мәтінмен жұмыс жүргізуді деңгейлік тапсырма арқылы беруге қолайлы.

- 1-деңгей. Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқу тапсырылады.
- 2-деңгей. Осы мәтіндегі кейіпкерлерге мінездеме беру.
- 3-дейгей. Мәтінге деген көзқарас, оны өз ойымен аяқтау, мәтінге баға беру.
- 4-деңгей. Шығармашылық жұмыс.

Егер өлеңмен танысса, осы өлең ұйқасына салып өлең құрастыру, өлең жолдарын аяқтау т.б. шығармашылық жұмыстың түрлерін жүргізуге болады. Оқушылардың тілдік қорын, сөз өнерін

дамыту үшін «Ертегі құрау» ойыны, «Сөздерден сөз тудыру», ойдан жұмбақ, жаңылтпаш құрау т.б. жұмыстарды ұйымдастырамын.

Қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа қарай әр түрлі әдіс-тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады.

Фонетика саласы бойынша «Кім жылдам?» ойыны.

1. А әріпінен басталатын қалалардың атауын жазыңдар.

Мысалы: Астана, ... (Ол қалалардың қай жерде орналасқанын картадан көрсетіп қала туралы не білетінін сұрау).

2. Тек қана а (е, м, і) дауысты дыбысы бар сөздерді ойлап жазыңдар.

Мысалы: Тамаша, Тамара, Шағала...

(ы) Ыдыс, ыстық...

(і) Ірімшік, ілгіш...

(е) Береке, ертең...

3. Жұмбақты шеш.

Бір ақынның атында

12 әріп, 4 буын.

Төртеуіде бітеу буын.

Бұл қандай ақын? (Сұлтанмахмұт) (жұмбақтың шешуіне фонетикалық талдау жасаңдар)

«Кім тапқыр?» ойыны

1. Әрқайсыларының есімдерінде:

а) 2 «з» б) 3 «е»

ә) 2 «а» в) 4 «т» әріптері келетін халық композиторлары кімдер?

2. Құрамында 2 дауысты дыбыс қатар келетін фонетикалық термин қай сөз?

3. Екі дыбыс, үш әріппен жазылатын қай өзен? (бұл ойынды кімде-кім белгілі бір уақыт ішінде тапса, сол жеңімпаз болып саналады).

Лексика саласы бойынша «Жалғасын тап» ойыны Мына мақал-мәтелдердің жалғасын тауып жазыңдар

1. Қолы қимылдағанның.....

2. Көп жасаған білмейді.....

3. Көріге құрмет,

4. Біреуге ор қазба,

5. Жақсы қыз,

6. Жақсы жігіт,

Әр сөзі «Е» әріпінен басталатын үш сөзден тұратын еңбек туралы бір ақал жаз.

Е..... е..... е.....

Әр сөзі «Ж» әріпінен басталатын үш сөзден тұратын ерлік, батырлық туралы бір мақал жаз. Ж..... ж..... ж.....

«Кім білгір?» ойыны. Тақтаға заттардың жан-жануарлардың суреті ілінеді. Суретке байланысты мақал-мәтелдерді кім көп біледі? (Көп білген оқушы жеңімпаз атанады).

Шығармашылық жұмысқа үйрету кезінде мына ережелерге сүйенген дұрыс.

1. Оқушы әсіресе, бастауыш сынып оқушысы нақтылы бір зат жасай алмайды. Демек, шығармашылық тапсырманы оқу барысында игерген біліміне сәйкес және оны сол тапсырманы орындауға мүмкіндігінше толық қолдана алатындай етіп беру керек.

2. Тапсырылған шығармашылық жұмыстар сауатты түрде орындалған болуы шарт. Ережені білу, топтастыру мен практикада іскерлікпен қолдану шеберлікке әкеп тірейді. Нақтылы бір істі атқаруда шығармашылық қиялда үстірт пайдалануға жол беруге болмайды.

3. Бастауыш сынып оқушылары көп жағдайда шығармашылық жұмысты сауатты атқара алмайды. Сондықтан мұғалім тапсырманы біртіндеп күрделендіріп, негізгі үлгіге байланып қалмай мөлшерлте орындап отыруы шарт.

4. Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық іс-әрекетін біз оның бербестігімен бірлікте қарап, аралыққа шек қоймай, бір-бірімен тығыз байланыстырып және бір-бірінің дамуына жағдай жасауымыз керек. Баланың шығармашылық тапсырманы орындауы жұмыс

мөлшерін өзі айқындауынан көрінеді. Шығармашылық жұмысты орындау барысында ғылыми-әдебиеттердің маңызы зор. Оқушылармен жұмыс істеу барысында түрлі мағлұматтарды «Мөлдір бұлақ», «Айгөлек», «Балдырған», «Ұлан» журналдарынан алуға болады. Осы журналдарды оқуды дағдыға айналдыруға көңіл бөлемін. Мен ана тілі, қазақ тілі сабақтарында өз бетімен өлең құрастырып, ойды аяқтау кезінде өз ойларын айқыналық жеткізуге мүмкіндік беремін. Шығармашылық қоржынға оқушы өзінің алға қойған ұстанымынан бастап өздерінің әңгіме, өтірік өлеңдер, қиялдарынан туған шығарған ертегілерін топтастырады. Тиянақты шығармашылық жұмыс жүргізіп отырған оқушылар марапатталып отырады.

Мен қазақ тілі пәнінен өз тәжірибемде оқушыға өз бетімен жасайтын жұмыс ұсынып отырамын. Оқушылар шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренеді. Қазақ тілі пәнін өткізу барысында «Қазақ тілінен 55 сабақ» кітабын қолданамын. Күнделікті өткен ережелерді жаттап, құр жаттап қана қоймай сөйлем талдау барысында қолдануға үйретемін. Әр тарауды өткен сацын тест жұмыстары жүргізіледі.

Қортындысында деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Оқушының белсенділігі мен іскерлігі артып, шығармашылыққа ұмтылды. Деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында біліктілікке жетеді, өз бетімен жұмыс істеу дағдылары артады.

Өз бетімен жұмыстың қортындысы – оқушының өз беттерімен орындай алуларына, сабаққа белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол.

Өз бетімен жұмыстарды сабақтарда қолдану барысында оқушы тынымсыз ізденеді. Баланың жан-жақты ойлауына үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады.

«Адам ұрпағымен мың жасайды»-дейді қазақ мәтелі. Ия, ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес, миллиондаған жылдар жасап келеді. Ол сәт сайын өзгеріп, өрлей дамыған саналы тірлік. Қазіргі жас ұландар болашақтағы еліміздің тіректері, еліміздің болашақ өкілдері болып табылады. Бүгінгі таңда мектептер алдында еліміздің интеллектуалды және шығармашылық потенциалын өсіру міндеті тұр.

Ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген сөзі ізденімпаз мұғалімдерге айтылғандай. Ол үшін қазіргі заманғы бастауыш сынып оқушыларының сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдарын ұйымдастыру, практикада қолдану бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту әрбір мұғалімнің міндеті.

Қазіргі бәсекеге қабілеттілікті қажет ететін заманға лайық ұстаздың шығыр биігі, алар асуы әлі алда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Жалпы Орта Білім Берудің Мемлекеттік Жалпыға Міндетті стандарты 2013ж.
2. «Бастауыш сыныпта оқыту», Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналы. №1 2014ж, «Бастауыш сыныпта оқыту» Қ. Қуантаева, А.Алшынбаева №1, 2007ж.
3. «Дамыта оқыту технологиялары» Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 2000ж.
4. «Бастауыш Мектеп» журналы №7. 2008ж.
5. «Бастауыш Мектеп» журналы №5-6. 2009ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

ОНЛАНБЕК Г.Ж.

Жиенбет негізгі мектебінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Шу ауданы.

Резюме. В статье подчеркивается, что главная цель интерактивного обучения заключается в том, чтобы обучающиеся самостоятельно усваивали мысли и находили ответы. Интерактивная методика включает в себя широкий спектр взаимодействия.

Summary. The article emphasizes that the main goal of interactive learning is for students to assimilate thoughts and find answers on their own. The interactive methodology includes a wide range of interactions.

Бүгінде еліміздің әлемнің бәсекеге қабілетті дамыған елу ел қатарына енуді мұрат етуі халыққа білім беру жүйесіне, оның ішінде, білімнің негізгі іргетасы қаланатын бастауыш мектептегі оқу үрдісіне қойылар талаптарды қайта қарауды, түбегейлі жанартуды қажет етеді. Өйткені білім беру жүйесі қоғам дамуының қай кезеңінде болса да, сол уақыттың талабына сай үздіксіз жүзеге асатыны белгілі.

Білім беру жүйесін сапалы дамыту мәселесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында [1], Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында [2] және «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» [3], Елбасының Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауларында маңызды орын алады. Бағдарламаға сәйкес, қазақстандық білім беру жүйесінің маңызды міндеті - халықтың барлық жіктері үшін сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету; мемлекеттік тілді басым дамыту; білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру.

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұнының тұжырымдамасында «оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жетілдіру міндеті қойылсын» делінген [4].

Алайда, оқыту әдісін қайта құру – күрделі үрдістің бірі. Әр пән, тіпті әр тақырыптың өзі де оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Сондықтан, оқытуда әр түрлі әдістерді таңдау қажеттігі туындайды.

Осы орайда А.Байтұрсыновтың: "Қай әдіс жақсы?" деген еңбегіндегі: "Әр әдіс өз орнында жақсы. Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай" - деген қағидасын басшылыққа алған жөн.[5]. Соңғы уақытта білім беру жүйесіндегі оқыту мәселелері зерттеушілердің назарын ерекше аударып отыр. Осы күні мектепте әлеуметті жағынан белсенді, еркін ойлай алатын, өз бетінше жаңа ақпаратты меңгере білетін, саналы адамдар тәрбиелеуге талап қойылуда. Осыған байланысты қазіргі жағдайда мектеп оқушысының төменгі сыныптан бастап оқуға деген қызығушылығын, танымдық әрекет белсенділігін қалыптастыру үшін мұғалім сапалы оқытуға негізделген жаңа бағдарламамен, жаңа технологиялармен оқыту қажет.

Жалпы интерактивті оқыту теориялық та, практикалық тұрғыда зерттеуді қажет ететін дидактика міндеттерінің бірінен саналады.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту оқушыларды сауатты жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдармен таныстыру, өз ойын, пікірін еркін жеткізе алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу» — деп атап көрсеткен.

Бастауыш мектептің қазақ тілі сабақтарында саналуан әдістерді, оның ішінде интерактивті әдістерді пайдалану оның уақыт талабына сай түрлерінің жаңаруымен баса назар аудартады.

Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында интерактивті әдістерді қолдану тиімділігі мынадай шарттар орындалған жағдайда артады: сабақта интерактивті әдістер жүйелі қолданылып, оқушылардың жас ерекшелігіне, материал мазмұнына сәйкес іріктелініп алынса, олардың байқампаздығы, пәнге деген қызығушылығы, абстрактылы ойлауы дамиды. Уақыт талабына сай интерактивті құралдар (аудио, визуальдық, компьютерлік және электрондық оқу құралы т.б.) оқушылардың өзіндік әрекеттері мен шығармашылық белсенділігін қамтамасыз етеді, логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге мүмкіндік ашады.

- білім беру жүйесінде интерактивтік оқыту әдістерін қолдану проблемасының жай-күйін талдау;

- бастауыш сыныптағы қазақ тілін оқытуда интерактивтік әдістерді қолдану маңызын анықтау;

- «интерактивті әдіс» ұғымын ғылыми негіздеу, оның сабақтағы рөлін анықтау;

- қазақ тілін оқытуды жетілдіруге бағытталған интерактивтік оқыту технологиясын тиімді қолданудың дидактикалық негіздерін жасау.

- бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында интерактивті оқыту әдістерін жүзеге асыру жолдарының тәжірибесін талдау.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту үрдісінде интерактивті әдіспен оқыту оқушылардың танымдық-шығармашылық ізденістерін дамытады. Мультимедиялық тақта сабақты электронды түрге айналдырып, көрнекті түрде өткізуге мүмкіндік береді. Сабақтың өнімділігі артып, оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді.

Қазіргідей әлемдік ғаламдану процесі кезеңінде ақпараттар ағынынан адам баласы өзінің ұдайы дамып отыруына керекті ақпаратты саралап, екшеп пайдалана білуі – бүгінгі уақыттағы басты мәселе. Бұл, әсіресе, өскелең ұрпақтың санасын саналуан ақпараттармен улап, ой-өрісінің дамуын дұбара күйде қалдырмаудың басты шарттарының бірі. Осыдан келіп туындайтын мәселелердің бірі – жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беретін мектепте оқытудың жаңа инновациялық әдістерімен толықтыру; оқытудың жаңа технологияларын іздестіру; оқушыны ақпаратты талдай білуге, ақпараттық, мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету.

Еліміздегі саяси, әлеуметтік, экономикалық және т.б. өзгерістер білім беру жүйесіне әсер етуде.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде.

Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас жаңаша ойлау қалыптасуда. Бұл өзгерістер оқыту әдістемесінде жаңартулар ғана емес, білім беру мекемелерінде жаңа пәндер, ендіруге қажеттілік тудырды осы мәселе жөнінде Елбасымыз өзінің кезекті Қазақстан Халқына жолдауында баса айтқан болатын.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Бүгінгі күні оқытудың ең күрделі мәселесі мектептегі, оның ішінде, бастауыш мектептегі оқу үрдісін оңтайландыру болып табылады. Бастауыш мектептегі информатика курсы бастауыш мектептің оқыту аясында бала өміріне шектеулі түрде енетін дамытушы, қолданбалы сипатта болуы тиіс.

Бір мезетте қазақ тілін, әдебиеттік оқуды, математиканы, музыканы т.б. оқытып жүрген мұғалім, басқаларға қарағанда саналуан пәндер мен технологияларды интеграциялау үрдісін меңгеруге дайын болады. Тек мұғалім компьютер ұсынған шектеусіз мүмкіндіктерді өзі түсінуі және қабылдауы қажет.

XXI ғасыр – ақпараттық қоғам заманы. Жаңа білімнің, ақпараттық сауаттылықтың, өз бетінше білім алудың қажеттілігі білім берудің жаңа түрінің – инновациялық білім берудің пайда болуына ықпал етті. Онда ақпараттық технология жүйетүзуші, интеграциялаушы рол атқарады деп көзделген.

Оқушылар жыл өткен сайын ақпараттық технологиялар тұрғысынан жан-жақты дамып келеді.

А.Зверевтің мақаласында сипатталған зерттеулер [4;125-б], американдық социологтар жүргізген әдеттегі эксперименттен басталды. Олар түрлі елдердегі мектепті жаңадан бітірген

жастарға саналуан оқу курстары бойынша сұрақтар ұсынып көрді. Нәтижесінде сұрастырылғандардың орташа есеппен 10% ғана барлық сұрақтарға дұрыс жауап берген.

К. Роджерс, мектептегі оқыту тиімділігі жөнінде ойлана отырып, жазады: «Мен оқытуға тырысқанда, оқыту ойдағыдай жүріп жатыр десек те, жеткен нәтижеміздің соншалықты болмашы екендігіне жаным түршігеді» [2;29-б].

Мектептегі педагогтың педагогикалық іс-әрекетінің тиімділігі сол оқушылардың 10% ғана сипатталады. Түсіндіру өте оңай:

«Адамдардың тек 10% қолдарына кітап ұстап оқуға қабілетті». Басқаша айтқанда, дәстүрлі мектепте қолданылатын әдістер оқушылардың 10% үшін ғана тиімді. Оқушылардың қалған 90% да оқуға қабілетті, бірақ қолға кітап ұстап емес, басқа әдістермен: «өз әрекеттерімен, шынайы істерімен, барлық сезім мүшелерімен» қабілетті [8; 150-б].

Жедел дамып отырған ғылыми – техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналады. Ақпараттық – технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің ролі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық – телекоммуникациялық технологиялар маңызды роль атқарады.

«Интерактивті» деген сөз энциклопедиялық сөздікте көрсетілгендей, интеракция деген ұғымнан келіп шығады. Ал «интеракция» термині (ағылш. тілінен. Interaction - өзараәрекет) алғаш рет әлеуметтану және әлеуметтік психология саласында пайда болды. Ол жеке индивидтердің, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетте бір-біріне алма кезек өтуі дегенді білдіреді.

Мұғалім мен оқушы арасындағы интеракция әрекет жүйесін 5 сатыға бөлуге болады:

- 1.Мақсат қою.
- 2.Жұмысты жоспарлау
- 3.Тапсырманы бөлу.
- 4.Оқушылар әрекетін бақылау.
- 5.Бағалау.

Интерактивтік оқыту – бұл білім беру үрдісін ұйымдастырудың арнайы формасы, оның мәні әрбір проблеманың жалпы, бірақ маңызды шешімін табатын оқу материалын меңгерудегі, білім, идея, іс-әрекет тәсілдерімен алмасудағы оқушылардың ортақ іс-әрекеттен тұрады.

Интерактивтік оқыту стратегиясы – педагогтың білім беру үрдісін нақты жолдардың, әдіс-тәсілдер жүйесінің көмегімен ұйымдастыруы, ол негізделеді:

-педагог пен оқушылардың субъект-субъектілік қатынасына (паритеттік, яғни екі жаққа да тең);

- көпқырлыкоммуникацияларға;
- оқушылар білімін құруға;
- өзіндік бағалау және кері байланыс орнатуға;
- оқушылардың белсенділігіне.

«Интерактивтік оқыту әдістері» категориясының мазмұнын толық ашу үшін біз дәстүрлі оқыту мен белсенді оқытуды келесі параметрлерді таңдай отырып, салыстырамыз:

- Мақсаттары
- Оқушылар мен педагог ұстанымы
- Оқу үрдісінде коммуникацияны ұйымастыру
- Оқыту әдістері.
- Интерактивтік ықпалпринциптері
- Оқытуға деген дәстүрлі және интерактивтік ықпал мақсаттарын салыстыру.

Дәстүрлі оқытудың мақсаты: оқушыларға ауқымды білім көлемін беру және меңгерту. Педагог оқушылардың өздері түсінген және дифференциялаған ақпаратты жеткізеді, қажетті дағдыларын анықтайды.Білім алушылардың міндеті – өзгелер құрған білімді толық және дәл қайта жаңғырту.

Осындай оқыту үрдісінде алынған білім саналуан оқу пәндері бойынша нақты ақпарат көлемін ұсынатын энциклопедиялық сипатқа ие болады, ол оқушы санасында әрқашан мағыналық байланыста бола бермейтін, тақырыптық блок түрінде болады.

Интерактивтік оқыту тұрғысында білім басқаша формаға ие болады. Бір жағынан, олар қоршаған әлем туралы нақты ақпаратты ұсынады. Осы ақпараттардың ерекшелігі оқушы оны педагогтан дайын жүйе түрінде емес, өзіндік белсенділігі барысында алады. Педагог оқушыларды белсендендіретін, өздері сұрап, әрекет ететіндей жағдай құруы тиіс. Осындай жағдайларда «оқушы басқа оқушылармен бірлесе отырып, туындаған проблеманы немесе кедергіні жеңу үшін білімін толықтыруға мүмкіндік беретін қабілеттерге ие болады».

Екінші жағынан, оқушылар сабақ барысында басқа оқушылармен өзара әрекеттестік барысында педагогтың жетекшілігімен өзіне, әлеуметке, жалпы әлемге деген қарым-қатынасы турасында сыннан өткен іс-әрекет тәсілдерінің жүйесін игереді, білімді іздеудің саналуан механизмдерін меңгереді. Сондықтан оқушылардың алған білімі бір мезетте олардың өз бетінше тапқан құралы болып табылады.

Демек, белсенді оқытудың мақсаты – бұл оқушылардың білімді өзі ізденіп, меңгеріп, құрастыруына педагогтың жағдай құруы. Бұл белсенді оқыту мақсатының дәстүрлі білім беру жүйесі мақсатынан принциптік тұрғыдағы айырмашылығы болып табылады.

Белсенді оқыту стратегиясында қол жеткізген мақсаттар туралы әңгімемізді нақтылау үшін педагогикалық қоғамдастықта белсенді талқыланып жүрген Б. Блумның когнитивтік (танымдық) мақсаттар таксономиясын қолданамыз [6;71-б]. Егер Б. Блум құрастырған таксономияларға сүйенсек, онда білім - бұл осы иерархияның ең бірінші, ең қарапайым деңгейі. Одан әрі мақсаттардың тағы бес деңгейі жүреді, оның алғашқы үшеуі (білім, түсіну, қолдану) төменгі реттегі, ал келесі үшеуі (анализ, синтез, салыстыру) – жоғарғы реттегі мақсаттар болып табылады.

Интерактивтік оқыту әдістері алғашқы үш деңгейдегі мақсаттарға жетуді қамтамасыз етеді, оның үстіне дәстүрлі оқыту жүйесіндегі әдістердің тиімділігін арттыра түседі. Нәтижесінде дәстүрлі парадигмамен жұмыс жасаған педагогтар оқушыларға ақпаратты жақсы меңгерту үшін интерактивтік оқыту әдістерін жиі қолданады. Бұл жағдайда дәстүрлі білім беру үрдісін оңтайландыру туралы мәселе қозғалады. Осы мәселе өте маңызды болып табылады, өйткені мұғалімге қандай стратегиямен жұмыс жасау қажеттігін айқындауға мүмкіндік береді.

Интерактивтік оқыту әдістері білім беру үрдісінде көбінесе жоғары реттіліктегі (4-6 деңгей) мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге осы әдістер мақсаттардың тағы бір блогынан тұрады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру оқушылардың әлеуметтік құзыреттілігін (пікірталас, дискуссия жүргізе білуі, топта жұмыс жасау, дау-дамайды шешу, өзгелерді тыңдай білу т.т.б.) дамытуға ықпал етеді.

Интерактивтік оқыту оқу үрдісін іс жүзінде барлық оқушылар таным үрдісіне қатысатындай ұйымдастыруды көздейді. Интерактивтік тәртіппен өткізілетін сабақ құрылымы 8 сатыдан тұрады. Олардың әрқайсысын ұйымдастыру ерекшелігіне тоқталайық.

Мотивация. Мотивация құру үшін проблемалық мәселелер және тапсырмалармен қатар сахналауды, сөздіктерді, газет материалдарынан үзінді оқуды, статистикалық мәліметтерді (мысалы, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын дамытудың олардың одан әрі оқуына ықпалы туралы) тыңдауды, бір ұғымның саналуан анықтамаларын қолдануға болады.

Осы сатыны ұйымдастыруда бір себептер оқушының белсенді әрекетін оятып, қызу реакциясын туғызуы мүмкін де, ал екінші бір оқушыға онша әсер етпеуі әбден мүмкін. Сондықтан әр сабақта мотивация тәсілдерін алмастырып, оларды түрлендіру қажет.

Мақсаттарды хабарлау. Интерактивтік оқыту сабақтарының мақсаты дәстүрлі оқыту сабақтарынан ерекшеленеді. Ең алғашқы орынға оқушылардың біліміне қатысты мақсаттар қойылады: функционалдық стилдердің белгілерін атау, қазақ графикасында орын алған өзгерістерді атау, орфография, орфограмма ұғымдарына түсінік беру. Содан соң біліктілікті қалыптастыруға қатысты мақсаттар қойылады: қазақ орфографиясының әрбір принципіне бағынатын жазу үлгілерін айқындау, мәтіннің стилистикалық құрамын анықтау, топтық жұмыс нәтижесін көпшілік алдына ұсыну. Үшінші орында құндылықтарды атайтын мақсаттар тұрады: орфоэпия нормаларының бірлігін сақтау қажеттілігіне деген өзіндік көзқарасын білдіру, сауатты

жазудың мәні туралы өз пікірін айту, алынған білімнің практикалық мәні туралы шешім қабылдау.

Жаңа ақпараттарды ұсыну. Біздің оқытып отырған түсініктеріміз қандай да бір мөлшерде оқушыларға таныс, сондықтан осы сатыны миға шабуылдан бастау ұсынылады: «Сауаттылық сөзі қандай ассоциация туғызады?», «Қандай ұғымдар орфография сөзімен байланысты?». Негізгі ойды білдіретін сөздерді тақтаға бір бағанға жазылып, нөмірленеді. Жұмыстың осы түрі оқушыларға таныс, бірақ шындығында әлі де түсініксіз ұғымдарды іріктеуге көмектеседі. Осы жұмысты басқаша өткізуге болады: тақтаны арғы бетіне алдын-ала негізгі, яғни кілт сөздерді жазып қояды, мысалы, орфоэпия, оның жан-жағына сөздер орналастырылады: орфоэпиялық сөздіктер, сөздерді дұрыс айту, дұрыс жазу нормалары, сөз, сөздік қателіктер. Содан соң оқушыларға кілт сөзбен байланысты ұғымдарды таңдау ұсынылады. Оқушылардың оқытылып отырған ұғымдар туралы түсініктері жеткіліксіз болса, онда бұл нұсқа тиімді.

Жаңа ақпарат Жұмыс парағымен ұсынылады, оның жоғарғы бөлігіне сұрақтар мен тапсымалар жазылады, ал төменгі бөлігіне ақпарат орналастырылады. Ақпаратты жеткізу көзі ретінде оқулықтар, сөздіктер, монографиялық мақалалар, мұғалімнің сөзі де қолданылады.

Интерактивтік жаттығулар. Интерактивтік жаттығулар ретінде шағын топтардың жұмысын тәжірибелеуге болады. Осы сатыны өткізу көптеген қиындықтар туғызады. Ауысымдық құрамдағы топтарда осы мәселелер ротация көмегімен шешіледі: белсенді топтан пассивті топқа, пассивті топта белсенді топқа ауыстырамын. Топ құрамы 5-6 адамнан артық болмауы тиіс, өйткені құрамы көп топтарда кейде барлығының сөз сөйлеуіне уақыт жетпей қалады, өзгелердің артында «жасырынып қалуға» оңай болады, оқушылардың белсенділігі төмендейді, сабаққа деген қызығушылығы жойылады. Ең дұрысы, әр топқа осы пән бойынша ақпараттану дәрежесі түрлі деңгейдегі оқушылар біріктіріледі, бұл олардың өзара бірін-бірі толықтыруына мүмкіндік береді.

Рефлексия. Бұл саты оқушылар іс-әрекетіне қорытынды жасауды көздейді. Рефлексияда келесі сұрақтар қойылады: - Ерекше не ұнады? Нені үйрендіңдер? Болашақта осы білімді қалай пайдалануға болады? Бүгінгі сабақтан қандай түйін жасауға болады? Осы сұрақтар оқушыларға сабақтан үйренген басты, жаңа деректерді білуіне, білім қалайша және қандай мақсатта қолданылуы мүмкін екендігін ажырата білуге көмектеседі.

Бағалау. Бұл интерактивтік тәртіппен жұмыс жасайтын мұғалім үшін ең күрделі мәселе болып табылады. Бағалау келесі сабақта оқушыларды ынталандыруы тиіс. Алғашында, егер барлығы да белсенді жұмыс жасап отырса, топтағы барлық қатысушылардың жоғары ұпайға лайықты екендігі атап өтіледі. Әрі қарай бағалауды топ жетекшісіне тапсыруға болады. Бағалауды ұйымдастырудың осы тәсілінің кәсіби бағыттылығы бар – оқушыларды өзгелердің жұмысын бағалауға үйретеді. Келесі тұрғыда да бағалауға болады: топтың әр мүшесі әрқайсысын бағалайды, яғни топтағы әрбір жолдастарының бағалау парағына белгі қояды. Мұғалім парақты жинап алып, орташа ұпайын шығарады. Нәтижесінде оқушылар жұмысының өзіндік бағалауын пайдалануға болады.

Үй тапсырмасы. Интерактивтік тәртіппен сабақ өткізген соң оқылған материалды шығармашылық тұрғыда түсінуді талап ететін тапсырмалар ұсынылады: тақырып бойынша шығарма жазу, мәселеге қатысты өз көзқарасын айту, стилистикалық эксперимент жүргізу. Осындай тапсырмалар интерактивті оқыту табиғатына сәйкес келеді.

Демек, интерактивті әдіспен сабақ өткізу кезінде мұғалім-кеңесші, серіктес рөлін атқарады. Ал топ белсенді түрде әрекет ете отырып, бірін-бірі қолдау, толықтыру арқылы сұхбат құруға үйренеді.

Интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі сол - білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға уйрету. Интерактивті әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Мұнда оқушылардың бұған дейін алған өмірлік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі болып табылады. Интерактивті әдістің ерекшелігі – оқушы өзгелермен араласу барысында ашыла түседі, көбірек оқып, тәжірибе жинай білуі керек. Тәжірибе интеллектуалдық тәуелсіздіктің негізі болып табылады және барлық өркениетті азаматтың қажетті құралы десек те болады. Интерактивті әдістеме білім алушылардың мынадай мақсаттарына жетуге мүмкіндік

береді: олар мол мағлұмат алып, өздері айтқан пікірге логикалық түсініктеме беруге жол ашады; өз пікірлерін терең ойланып айта алатын болады; мәселені талқылаған кезде бұған дейін алған, тәжірибеде жинақтаған білім қорын пайдалана алады; бір-бірінен жаңа мағлұматтар ала отырып, білімін толықтыра алады; шындыққа көз жетуі үшін дәлел іздеп, ойын анықтап көрсете алады.

Бұл мақсатқа жетудің тиімді жолының бірі – сабақта оқытудың интерактивті әдісін қолдану болып табылады.

Интерактивтік оқыту – бұл ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұқбаттасып оқыту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Астана, 2000.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі және әлауқатының артуы» атты Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, 1997
3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 16 қазан, 2004ж.
4. ҚР бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны мен тұжырымдамасы. Алматы. 1998.
5. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1989
6. Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. – Алматы: РОНД, 2002. -136-бет.
7. Козыбаев, Е.Ш. Какой быть модели образования XXI // Начальная школа Казахстана. – 2005. - № 6. – С. 16-19
8. Назарова, Г. Дидактические познавательные игры / Г. Назарова/ Қазақстан мектебі. – 2005. - № 5-6. – С. 57-59.
9. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. Алматы, 2001
10. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы: Ана тілі, 1991.

ӘОЖ:71.112

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯ

ЖАНДРАСИНОВ К.К.

Мойынқұм орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Шу ауданы.

Резюме. В статье описывается важность роли коммуникативных навыков как одной из основных потребностей процесса роста в личностном развитии учащихся.

Summary. The article describes the importance of the role of communication skills as one of the main needs of the growth process in the personal development of students.

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Әлеуметтік желілер, компьютерлік ойындар, интерактивті чаттар және әртүрлі мессенджерлер кездесуге уақыт кетірмей, қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер береді. Бүгін бұл шындық және онымен ешкімді таң қалдыра алмаймыз.

Технологияның дамуы адамның өмірін едәуір және бірнеше есе жақсартады, оны ыңғайлы, қарапайым етеді. Бірақ сонымен бірге бұл мәселенің кері жағы да бар.

Біз сөздерді қысқартып жазып, эмоцияларымыздың орнына түрлі смайлдарды қолданамыз. Әсіресе, оқушылар үшін әлеуметтену проблемасы, нақтырақ айтсақ, коммуникативті дағдыларды дамыту проблемасы туындады. Яғни виртуалды емес, шынайы өмірде басқа адамдармен өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту проблемасы ерекше өзектілікке ие болуда.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары: а) электронды оқулықтар; ә) телекоммуникациялық технологиялар; б) мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар; в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Коммуникативтік дағдылар – бұл бірлескен қызмет барысында адамдар арасындағы байланыстарды ұйымдастыру үшін қажет көпқырлы процесс және осы мағынада материалдық құбылыстарға жатады. Бірақ қарым-қатынас барысында оның қатысушылары тек физикалық әрекеттерімен немесе материяда бекітілген еңбек нәтижелерінің өнімдерімен ғана емес, пікір, ниет, идея, тәжірибе алмасады. Коммуникативтік дағдыларға бірнеше анықтама беруге болады. Біріншіден, коммуникативтік дағдылар – бұл қарым-қатынас дағдылары, тыңдау, өз көзқарасын білдіру, ымыраға келу, өз ұстанымын дәлелдеу және қорғау. Екіншіден, бұл адамның басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеті, алынған ақпаратты дұрыс түсіндіру, сонымен қатар оны дұрыс беру. Үшіншіден, бұл басқа адамдармен ұзақ және тиімді өзара әрекеттесуді ұйымдастыру мүмкіндігі.

Оқушылардың коммуникативтік дамуындағы өсу процесінің ең басты қажеттіліктерінің бірі коммуникативтік дағдылар.

Бірқатар тұлғалық коммуникативтік дағдыларға тоқтала кетейік:

1. Серіктестерді тани білу, яғни адамның мінезін, оның психикалық жағдайын анықтау; серіктестердің іс-әрекетін дұрыс түсіну. Әрине, оқушыларға келетін болсақ, бұл дағдыларды меңгеру олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс.

2. Серіктестердің жыныстық және рольдік мәртебелеріне сәйкес қарым-қатынас орната білу қабілеті.

3. Қарым-қатынас жағдайларын түсіну қабілеті. Бұл шеберліктің маңыздылығы қарым-қатынас принциптері ол орын алатын нақты жағдайға байланысты болатын негізгі жолмен анықталады. Әр жағдай серіктестер үшін ерекше болғанымен, олардың барлығын кейбір үлкен топтарға біріктіруге болады, олардың әрқайсысы әлеуметтік тәжірибеде бекітілген символдық жүйелермен реттеледі.

«Коммуникативтілік» ұғымы психологияда, психолінгвистикада, әдістемеде қарастырылады, бірақ әр ғылымда әртүрлі түсіндіріледі. Мысалы, психолінгвистикада коммуникативті іс-әрекет қарым-қатынас қызметі ретінде қарастырылады. Ойды жеткізудің және кері байланысты қамтамасыз етудің тиісті тілдік құралдарын табудың маңыздылығына ерекше назар аударылады.

Қазіргі әдістеде «коммуникативті құзыреттілік» термині кеңінен қолданылады, яғни адамның сөйлеу әрекетін оның өнімді және рецептивті түрлерінде, белгілі бір қарым-қатынас жағдайына сәйкес тілдік құралдарды қолдана отырып ұйымдастыра алатын жеке қабілетімен сипатталады.

Коммуникативтік құзыреттілік – тілдік тұлғаның маңызды сипаттамаларының бірі. Тәжірибе көрсеткендей, мектеп бітірген оқушылар әрдайым қарым-қатынас дағдыларын игере бермейді.

Бүгінгі қоғам мен білім салаларының серпінді дамуы оқушылардың жаңа білім алу кезіндегі дербестігін қалыптастыруды және дамытуды көздей отырып, білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Оқушы іс-әрекетінің табиғаты одан дамыған коммуникативтік құзыреттілікті талап етеді, ол тиімді ауызша және ауызша емес қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үшін қажетті дағдылар мен икемділіктердің жиынтығын, соның ішінде ситуациялық бейімделу мен мотивацияны еркін меңгеруді қамтиды. Бүгінгі таңда мектеп бәсекеге қабілетті оқушылар дайындауға бет бұрған. Осыған байланысты білім алушылардың оқу, әлеуметтік және кәсіби жетістіктерін қамтамасыз етуде коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру және дамыту проблемасы ерекше маңызға ие болып отыр[2].

Мектеп жасындағы балаларда қарым-қатынасқа деген қажеттілік ерекше көрініс табады, тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудың да рөлі ерекше [1]. Көптеген психологтар қарым-қатынас оқу іс-әрекетімен тығыз байланысты екенін айтады. Бір жағынан, оқу іс-әрекеті екі бағыт бойынша қарым-қатынас арқылы байланысты болады: мұғалімдермен қарым-қатынас, сыныптастармен қарым-қатынас. Мектеп жастағы қарым-қатынас оқу іс-әрекетімен байланысты. Толыққанды оқу іс-әрекетінің қажетті шарты бола отырып, қарым-қатынас балалардың барлық басқа салаларына әсер етеді.

Коммуникативтік дағдылар ұғымы әртүрлі авторлардың анықтамаларында көрініс табады. Көбінесе коммуникативтік дағдылар қарым-қатынас дағдыларын, тікелей және жанама тұлғааралық қарым-қатынасты білдіреді. Дәстүр бойынша, коммуникативтік дағдылар – бұл өз ойын дұрыс, сауатты, айқын түсіндіре білу және байланыс серіктестерінен ақпаратты дұрыс қабылдау. Коммуникативтік дағдылар – бұл жеке тұлғаның жоғары теориялық және практикалық дайындығына негізделген саналы коммуникативтік әрекеттер кешені, бұл шындықты бейнелеу және өзгерту үшін білімді шығармашылық пайдалануға мүмкіндік береді.

Күнделікті тәжірибеде көрсеткендей, компьютерлік жүйеде қолданылатын сабақтар мұғалімнің орнын баспайды, керісінше, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты неғұрлым мазмұнды, жеке тұлғалы және әрекетті етеді. ЭЕМ-ды математика сабақтарында қолдану уақытты үнемдейді, оқушылардың түрткісін (мотивациясын) және оқу-танымдық үдерістің тиімділігін арттырады.

Мұғалім – сабақтағы негізгі әрекетті тұлға. Сондықтан компьютер мен мультимедиялық құралдарды оқытудың тек инструменті (құрал-сайманы) ретінде қарастыру керек. Бұл инструменттің көмегі өте мәнді.

Сабақтың параметрі	АКТ-ны қолданатын сабақ	Дәстүрлі сабақ
ақпаратты беру	оқушылар ақпаратты неғұрлым қаныққан, көрнекі түрде алады	мұғалімнің түсіндіруі, оқулық бойынша параграфты өз беттерімен оқуы, кестелерді қолдануы
жұмыс қарқыны	әр оқушы өз қарқынымен жұмыс істейді, тапсырмалар мен мультимедиялық құралдар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың сол уақыттағы білім мен дағды деңгейлерін есепке	мұғалім сыныптағы оқушылардың көпшілігіне сәйкес келетін жұмыс қарқынын қолданады

	алады	
оқушымен кері байланыс	түсіндіру кезінде, бекіту кезінде іске асады.	ағымдық бақылау

Бірқатар заманауи авторлар ақпараттық тәсілге сүйене отырып, жетекші ақпарат көздерін коммуникативті дағдыларды топтастыру үшін негіз ретінде алады. Мәтіндер мен нақты объектілер оқытудағы нақты дереккөздер болғандықтан, коммуникативті дағдылардың үш тобы бөлінеді: ауызша мәтінмен жұмыс істеу, жазбаша мәтінмен жұмыс істеу, ақпарат көзі ретінде нақты объектілермен жұмыс істеу.

Біздің ойымызша, коммуникативтік дағдылар мен оқушылардың үлгерімі арасында оң байланыс бар және оқу процесінде оқушылардың коммуникативті саласын дамыту үшін мақсатты түрде ұйымдастырылған жұмыс білім алушылардың үлгеріміне оң әсер етуі мүмкін.

Коммуникативті дағдылардың көрсеткіші неғұрлым жоғары болса, оқудағы жетістік деңгейі соғұрлым жоғары болады. А.В. Мудриктің зерттеулері оқушының ұжымы мен жеке басының қалыптасуына, оның өзін-өзі тануына, өзін-өзі бағалауына, адамгершілік ұстанымдарына, өмір салтына айтарлықтай әсерін көрсетті. Қарым-қатынас мақсат қоятын және қоршаған ортаның өзгеруіне әсер ететін өте маңызды қызмет түрі деп айтуға болады.

Қарым-қатынас дағдыларын дамытудың жоғары деңгейі вербалды интеллектіде көрінеді. Вербалды интеллект вербалды емес интеллектіге қарағанда оқу үлгерімінің деңгейімен тығыз байланысты. Вербалды интеллект барлық пәндер бойынша, ең алдымен гуманитарлық пәндер бойынша (тіл, әдебиет, тарих және т.б.) оқудың сәттілігін анықтайды. Жаратылыстану пәндерін табысты оқыту үшін кеңістіктік және ауызша интеллектілердің жоғары деңгейі қажет, гуманитарлық пәндер бойынша жақсы оқу үшін вербалды интеллектінің жоғары деңгейі қажет.

Оқу іс-әрекетінің табыстылығы факторы ретінде тұлғалық дағдылар феноменін түсіну оқушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын қарастыруды да өзекті етеді. Қазіргі заманғы адам өзінің әлеуметтік және кәсіби функцияларын толық орындау үшін дәстүрлі ғана емес, сонымен қатар оқу, кәсіби және күнделікті іс-әрекетте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен байланысты коммуникациялық дағдылардың кеңейтілген жиынтығына ие болуы керек. Жасыратыны жоқ, оқушылардың көпшілігінің коммуникативті дағдылары төмен деңгейінде. Оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру процесі екі фактормен күрделенеді:

1. Жалпы тұлғалық коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудың төмен деңгейі;

2. Оқушылардың оқу және кәсіби қызметінде инфокоммуникациялық технологияларды қолданумен байланысты коммуникативтік дағдыларды игеру қажеттілігі. Осыған сәйкес коммуникативтік дағдыларды жоғары деңгейде сәтті қалыптастыру үшін коммуникативтік дағдылардың тұжырымдамасы мен құрамын нақтылау қажет [3].

Коммуникативті саласын дамыту мектеп жасында ең табысты болып табылады, яғни белгілі бір коммуникативті алғышарттар қалыптасып, толыққанды даму үшін негіз қаланған, бірақ сонымен бірге оларды одан әрі жақсарту және жетілдіру үшін әлеует бар. Мектеп жасындағы балалардың негізгі психикалық ерекшеліктері: өзіндік жеке тұлға туралы білімді дамыту; нақты өмірлік жоспарларды қалыптастыру; өз өмірін саналы түрде құруға деген көзқарас; өзін-өзі танудың белсенді дамуы; дүниетанымды қалыптастыру.

Тренингтермен қатар оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін көбінесе ойындар қолданылады.

Коммуникативті дағдыларды дамыту ойындары оқушының басқа адамдармен және жалпы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін ұсынатындығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бұл ойындарда бәсекелестік принцип жоқ, нәтижесінде құрдастарымен жақындық пен бірлік атмосферасы қалыптасады және бұл қарым-қатынас жасау және тұлғааралық қатынастарды құру қабілетін қалыптастыруға жақсы әсер етеді.

Коммуникативті дағдыларды дамытуға арналған ойындар әртүрлі бағытта болуы мүмкін: байланыс орнатуға арналған ойындар; сөйлеусіз ойындар; сөйлеудің экспрессивтілігіне арналған

ойындар;жанжал жағдайындағы мінез-құлық ойындары;эмпатикалық мінез-құлық ойындары және басқалар.

Мұндай ойындарда ең тиімді оқыту әдістері мен тәсілдері қолданылады: практикалық жаттығулар; сөздермен ойындар;әңгімелер мен талқылаулар; жағдаяттарды модельдеу; спорттық тапсырмалар; эмоционалды жағдайларды сахналау; көркем шығармаларды оқу; сахналау, би; мерекелер мен демалыс кештері.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс.Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту іс-шараларын балалар мен мұғалімдердің өздері ғана емес, сонымен бірге ата-аналар да қатысады. Балалар қарым-қатынас жасауды үйренеді, ал ата-аналар олармен ортақ тіл таба білу қабілетін жетілдіреді, мамандардан педагогикалық тәжірибе алады және тәрбие туралы барлық сұрақтарға жауап алады.

Бұл ретте мұғалімдердің ерекше ролін атап кеткен жөн, себебі олардың тиісті білімдері, дағдылары мен құралдары бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Матьяш О.И. Что такое коммуникация и нужно ли нам коммуникативное образование // Сибирь. Философия. Образование: Научно-публицистический альманах. – Вып. 6. – Новокузнецк: Институт повышения квалификации, 2002(б)

2.Решетова, О.В. Коммуникативная компетентность как фактор успешной учебной деятельности студентов: методические рекомендации / О.В.Решетова. Оренбург: Издательство ГОУ ОГУ, 2005. - 75 с.

3.Тищенко, В. А. Классификация коммуникативных умений студентов. Электронный ресурс. Портал: Знание. Понимание. Умения. / В. А. Тищенко. - режим доступа : <http://www/zpu-journal.ru/zpu/e-ublications//2007.TishchenkoVA>. - Загл. с экрана.

4.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы“ Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” Н.Ә.НазарбаевтыңҚазақстанхалқынаЖолдауы, 2011 жыл

5.Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «математика жәнефизика » журналы №4, 2007 жыл

6.Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардыңақпараттық – коммуникациялықтехнологиялардықолданубойыншақұзырлылықтарынқалыптастыруәдістемесі. Алматы: ЖШС «ДайырБаспа», 2010 ж.

ӘОЖ:137.120

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

БИМЫРЗАЕВА Г

№6 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ХАДЖИДУРСУНОВА СИБЕЛЬ

№6 орта мектебінің оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются эффективные способы использования новых технологий в обучении казахской литературе.

Summary. The article discusses effective ways to use new technologies in teaching Kazakh literature.

Қазіргі заман талабына сай педагогика ғылымының лексиконында жаңа технологияларды оқыту ұғымы көп қолданылады. Өмірдің ағымымен қоғамдағы саяси-әлеуметтік қарым-қатынас дамыған сайын, бүкіл дүние жүзінде мемлекетаралық интеграция күшейген сайын ұстаздың қызметі қиындай береді. Соған қарамастан кез-келген мұғалім өз кәсібінің шебері болуы үшін оқыту әдіс-тәсілдерін түрлендіруге тырысады. Бұл, әрине сабақта жаңа технологияларды қолданудың тиімді жоларына байланысты.

Атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» [1]. Баланы ізденушілікке жетелейтін ұстаздың әр сабағы тұнып тұрған жаңа технологиялар. Кез-келген мұғалім өз кәсібінің шебері болуы үшін оқыту әдіс-тәсілдерін түрлендіруге тырысады. Бұл, әрине сабақта қолданатын технологиямен байланысты болады. М.В.Клариннің пайымдауынша, педагогикалық технология – педагогикалық мақсаттарға жетуге қолданылатын барлық жекелік инструменталдық және әдістемелік құралдарының жүйелі жиынтығы және қызмет жасаудың реттілігі [2,32 б.]. Мұғалімдердің осы технологияларды түрлендіруі үшін және ең ыңғайлысын, пайдалысын үйрету үшін білім беру жүйесінде сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Соның бірі- оқытудың Кембриджтік бағдарламасы. Бағдарламаның негізгі міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесі және кәсіби шеберлігімен өзара байланыста қарастырылады [3,49 б.].

Қ.О.Бітібаева өзінің «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты мұғалімдерге арналған еңбегінде былай дейді: «Әдебиет пәнінің ерекшелігі сол – ол оқушының жүрегіне, сезім қылына әсер етуі керек. Әдебиет мұғалімі сабақта белсенді түсіндіруші, белсенді хабаршы ғана емес, ол ең алдымен өзінің алдында адам, азамат, болашақ қоғам орнатушылар отырғанын, олардың өз сезімі, өз ой-пікірі бар екенін сезінуі керек...» [1].

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Сабақты жаңашыл үрдіспен өткізу-оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып отырады, ал педагогтар үшін кәсіби шеберліктерінің өсуіне жәрдемдеседі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Дәстүрлі сабақтар мен бүгінгі тәжірибем негізінде өткізілген сабақтарды салыстыра отырып, төмендегі айырмашылықтарды байқадық. Дәстүрлі сабақтар үрдісіндегі мұғалімнің әдістері мен оқушының іс-әрекетін жеке-жеке сараласақ, мұғалім тақырыпты өзі түсіндіреді, тақырыпты талдайды, оқушыларға әр түрлі тапсырмалар беріп отырады. Ал, оқушы мұғалімнің айтқанын қайталайды, түсінгенін айтады, тапсырманы жеке орындайды. Кембридж бағдарламасындағы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулін енгізген сабақтарымда мұғалім оқушылардың сыни ойлауын дамытатындай тапсырмаларға бағыттайды, ал оқушылар болса өз ойларын еркін айтып, пікірлерін қорғауға, кез-келген мәселеге сыни көзқарасын білдіре

алатынын аңғардым. Осы салыстырудан сыни тұрғыдан ойлаудың негізгі қағидаларының шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталғандығын көреміз.

Сабақтардың барлығында да АКТ, диалогтік оқыту, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулін қолданып отырамыз және бұның қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына оңтайлы екенін ұғындық. Александердің «балалар күннен-күнге қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуы керек» деген пікірін негізге ала отырып сабақ жоспарларыма осы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулін енгіздік [3,51б.].

Бұл, бізге сабақтарымызды жүйелі жоспарлауға және тізбектелген сабақтар топтамасын құруға көмектеседі. Сондай-ақ оқушылар еркін сөйлеу, өз ойларын ашық айта білу, бір-бірінің пікірін тыңдау және бағалауға үйретеді.

Мектептегі тәжірибелер бойынша тақырыптарды меңгертуде сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің ассоциация, ЖИГСО, Венн диаграммасы, екі жақты күнделік, синкуейн, түртіп алу, кластер, соңғы сөзді мен айтамын, еркін жазу, автор орындығы әдістерін пайдалану өте тиімді. Сондай-ақ, өзара пікір алысу, талдау, талқылау туғызу үшін сабақтарымызда топтық жұмысты ұйымдастыруға және топқа бөліп оқытуда әр сабақты тақырыптарға сай түрлендіруге болады.

Топтық тапсырмаларды беру кезінде топ арасында қызу пікірталас, түрлі сыни ойлар тудыру-мұғалімнің шеберлігі. Мен мұны «Шәкәрім шыңына» шығу әдісін қолданғанда байқадым. Шыңға жету үшін топтар бірнеше сатылардан өту керек болды. Бірінші саты Шәкәрімнің Абай ұрпағы екендігін дәлелдеумен басталды, әр топ Абай мен Шәкәрім арасындағы туыстықты өзінше дәлелдеп берді. Әр сатының тапсырмалары әр түрлі болды: «Жастарға» өлеңін оқыды, тақырыбы мен идеясын анықтады, сөздік жұмысын жүргізді, өлең құрылысына талдады, көркемдік ерекшелігін айқындады. Барлық сатыда да топтардың басымдығы өзгеріп отырды, олар Абай мен Шәкәрім арасындағы сабақтастықты аша білді.

Сабақта көркем шығарманы өткенде балаға шығарманы оқыту үшін Қ.Бітібаеваның жобалау технологиясын қолайлы деп санаймыз. Қазіргі кезде «бала кітап оқымайды» деген мәселе көтеріп жатқан кезде бұл технологияның маңызы өте зор. Яғни, «Қисынды жобалау» технологиясы бойынша білім алушы шығарманы сызбаға түсіру үшін оның мазмұнымен толық танысуы керек болады. Оқымаған жағдайда әрине, талдау өте қиын. Бұл жерде бала пікірін дәлелдеу басты роль атқарады. Дәлелдеу арқылы баланың «мені» қалыптасады.

Қ.Бітібаеваның пәнді оқыту технологияларының құрылымын мына жүйеде қарастыруға болады:

1. Проблемалық ситуация қою технологиясы. Ұстаз тақырыптық жоспар құра отырып, жоспарлы тапсырмалар жүйесін жасайды. Бала өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, практикалық жұмыстарды жасап үйренеді.

2. Жеделдетіп оқыту технологиясы. Алдын-ала тапсырмалар жүйесінен тезис жасап, жоспарлау. Әртүрлі сабақ түрлерін де ұйымдастыруға болады: семинар, дискуссиялар, пікірталас сабақтары, т.б.

3. Ұжымдық оқыту технологиясы. Графикалық тұжырымды сұрақтар ойластырылады. Сабақ түрлері де топтық жұмыстарға негізделеді.

4. Шығармашылық жұмыстарға баулу технологиясы. Іздендіруші тапсырмалар жүйесін құрып, қарсы пікір жазып, дәлелдеуге баулу. Ғылыми-конференция сабақтарын ұйымдастыруға болады.

Қ.Бітібаеваның «Ұстаз - бастаушы, үнемі бағыт-бағдар беруші болу керек» деген сөзі жадымда сіңіп қалғаны соншалық, Хан-апамыз айтқандай, «баланы қорқытып-үркітіп керек емес, рульді баланың өзіне беру керек» деп санаймын. Жалпы, білім алушыны үнемі ізденіс үстінде көргісі келген оқытушының алдына қояр мақсат-міндеті нақты болу қажет.

Осындай сабақтар барысында оқушылар өздерінің, бір-бірінің ой-пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа тың идеялар туғызады. Сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар мұндай сабақтарда оқудың қызықты әрі жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын түсінді. Сыни ойлауға

үйретудің, АКТ, диалогтік оқытудың осындай ерекшеліктерін ескере отырып, болашақта әріптестеріме де осындай жаңа әрі қызықты идеялардың тууына мүмкіншілік беретін әдістерді өз сабақтарына енгізуге мүмкіндіктер жасауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Бітібаева. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Алматы «Рауан», 1990.
2. Бітібаева Қ. Ғылыми жұмысқа баулу. Оқу-әдістемелік құрал, Алматы, 2012ж.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012ж

ӘОЖ:81.82

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

РАХИМОВА Ж.И.

№38 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. С целью раскрытия педагогических тайн творчества Шерхана Муртазы в статье анализируются личностный, системный, этнопедагогический аспекты.

Summary. In order to reveal the pedagogical secrets of SherkhanMurtaza's creativity, the article analyzes the personal, systemic, ethnopedagogical aspects.

Көркем шығармашылықпен қана айналысып қоймай, қайраткерлік тұлғасымен де танылған ақын-жазушылар дүниетанымы мен шығармашылық еңбектері – бүгінгі педагогиканың өзекті мәселелері мен жаңартылған білім беру мазмұнын ұлттық негізде қарқын алуына өз септігін тигізетіні анық. Солардың бірі – белгілі жазушы, қоғам қайраткері, ойшыл Шерхан Мұртаза.

Шерхан Мұртазаның шығармашылығында тәрбиенің сан алуан бағыттары қамтылғанын анықтадық. Шерхан Мұртазаның әрбір шығармасы жеке адамның адами болмысын, рухани кемелденуін қалыптастырумен қатар, заман талабына сай кемелденуіне игі ықпал етеді.

Шерхан Мұртаза – халқының мұңы мен жоғын жоқтап, қара басының немесе мансаптың құлы болмай, туған еліне шынайы қызмет жасап, шын жанашыры болды. Шерхан Мұртаза тек белгілі қоғам қайраткері, көрнекті жазушы, қарымды журналист, тамаша драматург қана емес, талантты ұрпақ тәрбиешісі. Бала Шерханнан дана Шерханға дейінгі өмір жолы, шығармашылық даралығын жазушының «Ай мен Айша», «Қызыл жебе», «Бір кем дүние» секілді соқталы шығармаларымен қатар, психологиялық тартысқа толы шағын әңгіме-повестерінен, драмаларынан айқын аңғаруға болады[1.].

Шерхан Мұртаза шығармашылығын оқыту әдістемесін сипаттау барысында, шығармашылығы жазушы тағдырымен тығыз байланыстылығын және оның теориялық негіздерін анықтау мақсатында педагогикадағы әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдарға жүгінген жөн. Өйткені, педагогика ғылымы да заманның қоғамдық бейнесіне, саясаты мен идеологиясына, экономикасы мен мәдениетіне сай өзгеріске ұшырайды. Осы мақсатта, қойылған зерттеу міндеттерін шешудің негізгі жолы, сол шешімдердің бағыты мен стратегиясын айқындайтын әдіснамалық тұғырларды Шерхан Мұртаза шығармашылығының тәлімдік теориялық негіздерінің сырын ашуда басты бағдаршам етіп алдық.

Педагогикалық әдіснамалық тұғырлар туралы ірі зерттеулер жүргізген Б.С.Гершунский, С.А.Смирнов, П.И.Пидкасистый, В.Сластенин, И.Исаев, т.б. орыс ғалымдарының еңбектері негізінде мәдениеттанушылық, аксиологиялық, өркениеттілік, инновациялық тұғырлар қалыптасқан. Бұған қоса, педагогика ғылымында басқа да бірқатар әдіснамалық тұғырлар бар. Олардың ішінде гуманитарлық, тұлғалық, антропологиялық, жүйелілік, парадигмалық, креативті, танымды-ақпараттық, технологиялық, ақпараттық, т.б. ерекше атауға болады. Отандық педагогика ғылымында әдіснамалық тұғырлар турасында Т.Тәжібаев, А.Сембаев,

Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, М.Х.Балтабаев, Ш.Таубаева, т.б. ғалымдар бірқатар еңбек сіңірді.

«Педагогика» атты оқулықта: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс» [2, 8 б.], - десе, Ж.Аймауытов «Тәрбие» атты мақаласында тәрбие ғылымын зерттеу қажеттігін «Бұл күнге дейін тәрбие ғылымы – кейінгі басқышта жүрген ғылым» [3, 61 б.], - деп түйеді.

Отандық педагогика ғылымында өзіндік мектеп қалыптастырған Т.Тәжібаев «халықтық педагогика» терминін ғылыми айналымға алғаш енгізе отырып, халықтық әдеби үлгілерін оқыту арқылы ұлттық тәрбие берудің артықшылықтарын атап көрсетеді.

Шерхан Мұртаза шығармашылығының педагогикалық сырын ашу мақсатында біз де өз зерттеуімізде тұлғалық, жүйелілік, ақпараттық-инновациялық, аксиологиялық, креативті, этнопедагогикалық тұғырларын тандап алдық.

Тұлғалық тұғырға келетін болсақ, Шерхан Мұртаза – Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, кесек тұлға, кенен дарын. Жас кезінен қандай қиындықты көрсе де, мойымай, тіршілік үшін күресуі, арманына қанат бітірген жас Шерханның Мәскеу полиграфиялық институтына оқуға қабылданып, еңбек жолын баспадан бастауы, ірі басылымдарды басқарып, қазақтың Шерағасы, Халық жазушысы атануы, т.б. оның тұлғалық тұғырының мазмұны. Тұлғалық тұғыр бойынша негізгі құраушы элементтерді талдай отырып, Шерхан Мұртазаның өте сезімтал, зерек, отансүйгіш, туған жеріне деген адал, еңбексүйгіш, іскер, ұлтшыл, қамқор, көреген секілді сапаларының ерекше дамығандығын, үнемі бір тылсым күштің жебеп жүргендігін байқаймыз.

Жүйелік тұғырға шығармашылықтан қол үзбей, тақырыптық арнасының жалғасып жатуын атауға болады. Шағын әңгімеде баяндалған ой желісі кейіннен повестерге, одан ары романға дейін айналып отырды. Публицистикалық шығармаларында еңбек адамдарын дәріптеп, шығармашылығының негізгі сарынына елді, адамды сүю, батырлыққа үндеу, ұлтжандылыққа тәрбиелеуді айналдырды. Шерхан Мұртазаның әңгіме, повесть, романдарында Хадиша атты кейіпкер бар. Осы кейіпкер жазушы шығармашылығындағы негізгі тақырыптың, айтар ойының, суреткерлік кемелденуінің негізгі көрінісі. Әрбір шағын әңгіме арқылы Хадиша кемпірдің ғұмырнамасы, заман шындығы толыққанды беріледі. Осы секілді Нариман, Таңшолпан, т.б. кейіпкерлерді атауымызға болады. Бұл кейіпкерлер – өндірістің жаңа адамы ғана емес, кіршіксіз махаббаттың, адалдықтың символы.

Жасаған иеміздің жаратқандарының ішіндегі ең қасиеттісі, ең ардақтысы һәм аяулысы ақыл-ой болғанға ұқсайды. Білемін деушілер мұны Аллатағаланың өзі айтқан деседі. Алайда адам баласының ат жалын тартып мінуге жарағаннан бастап іздейтіні ақыл-ой байлығы емес, дүние байлығы болады екен, дүние байлығына қолы бір жетсе, қасиетті, ардақты, аяулы деген ақылдың өзін де керек қылмайды екен. Шерағаң дүние байлығын тәрк етпесе де, ғұмыр бойы ой қуды, ақыл кемелдігіне ұмтылды, қоғамның, елдің ақыл-ой байлығын сақтау, байыту жолында еңбек етті, бейнет кешті, Жасағанның жолымен, дүниедегі ең қасиетті, ең ардақты һәм ең аяулы нәрсе қоғамның, елдің ақыл-ой байлығы деп білді. Бұл жай білім, жай таным емес, шын білім, шын таным еді. Адамның, қоғамның, елдің ақыл-ой байлығы туралы мұндай білім, мұндай таным бүгін ғана емес, ертең де керек, бүгін ғана емес, ертең де игілікті, сондықтан оның қадірі еш уақытта кетпейді, қасиеті ешуақытта көшпейді. Шерхан Мұртазаның осы бір дара қасиеті мен тұлғалық болмысының өзін зерделеп, тағылымын насихаттау – бүгінгі педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі деп білеміз.

Шерхан Мұртаза – өз заманының дара, дана тұлғасы. Әділдіктен айнымаған ұлттық рухтың жанашыры туралы көптеген жазушылар, қаламдас әріптестері мен ғалымдар оң пікірлерін білдіріп, оның қаламгерлік болмысы мен қайраткерлік тұлғасын аса жоғары бағалаған. Замандасы Д.Исабеков: «Ш.Мұртаза – қазақ әдебиетінің көгінде жарқырай біткен айрықша жарық жұлдыздардың бірі. Ол халқына саф алтындай таза да құнды шығармалар беруімен ғана қадірлі емес, азаматтық, ұлтжандылық зор даусымен де қастерлі» [4, 3б.] десе, Б.Нұржекеев: «Шәкең – ашаршылықтың араны ашылған жылы туып, балалық шағы соғыстың отына

шарпылып, түтініне қақталған ұрпақтың өкілі. Осы екі шерлі кезеңнің күйі оның бүкіл шығармашылығына негізгі өзек болып, еңбектерінде осы кезеңнің үні өзгелерден айқын, айрықша әсерлі естіледі» деп жазса, Ә.Дүйсенбек «Шерағамның шеруі» атты роман-эссе жазды. Жалпы Ш.Мұртаза шығармашылығы, әсіресе, қазақтың біртуар ұлы Т.Рысқұлов туралы жазылған «Қызыл жебе» романы туралы, жалпы шығармашылық зертханасы, қаламгерлік машық-мәнері, авторлық ізденістері жайында зерттеулер көп жазылды, жазылуда. Ш.Мұртаза секілді көрнекті қаламгердің қоғам, ел, туған халқы туралы ойларын тиянақты таразылау арқылы шын ұлттың жанашыры ретіндегі қолтаңбасын бағамдауды мақсат еттік. Әсіресе, халық қалаулысы бола отырып, халқының мұңын мұндап, жоғын түгендеген қайраткердің ар-абыройдың ең биігінде тұрған ерен тұлға екендігін түйсіндік.

Шерхан Мұртаза шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік идеялардың теориялық тұжырымдары бойынша түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдермен практикалық жұмыстарда көрініс табуы білім беру жүйесінің оқу-тәрбие үдерісіне ендіру арқылы оның тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы екендігін көрсетті.

Шерхан Мұртаза сынды ардагер жазушының ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, шынайы халықтық қалпымыздан айнымауымыз үшін жанталаса еткен еңбектерінің рухани мазмұны өте терең. Әлі де қолынан қаламы түспеген жазушы өз мақалаларында да жас мемлекетіміздің тәуелсіздігіне зор үлес қосып, өткенімізді дәріптеп, келешегіміз үшін толғанды.

Шерхан Мұртаза шығармаларын оқыту жолдарын талдай отырып, ең бастысы, ұлттық құндылықтарымыздың жан-жақты дәріптеліп, адамның ұлттық негізден қанықпаса тұлғалық жетілуінің нәтижесіз болатынына баса назар аударғанын байқадық. Бұған қоса, жас мемлекетіміздің дамуына жасаған ой-қорытындыларынан ойшылдық дүиетанымы айқын аңғарылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Ай мен Айша. Роман-диалогия. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 448б.
- 2.Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы// 5 том//.-Алматы: Ғылым, 1996.- 512 б.
- 3.Сейсенбаева Ж. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі. – Алматы, 2012. – 187б.
- 4.Дүйсенбек Ә. Шерағамның шеруі. – Алматы, 2007. – 98б.

УДК 37.142

ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

ТЛЕПОВА Б.П.

старший преподаватель Международного Таразского Инновационного института,
Республика Казахстан, г.Тараз

СЕМЕМБАЕВА Г.А.

Старший преподаватель Международного Таразского Инновационного института,
Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме: Мақалада автор қазіргі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімінің жұмысының өзекті мәселелерін қарастырады. Өз тәжірибесін талдай отырып, олардың себептерін анықтайды және ықтимал шешімдерді ұсынады.

Annotation: The author examines the problems of the work of a modern teacher of Russian language and literature. Analyzing his own experience, he identifies their causes and suggests possible solutions.

Ситуация с преподаванием русского языка в национальных школах Казахстана на современном этапе очень сложная. Деградация была многолетней непрерывной и сейчас, она, кажется, достигла максимума. Проблем много, чтобы выделить то, что, с моей точки зрения, уже всего основная проблема: часто даже сами учителя не понимают что русский язык и литература - один из главных школьный предмет, отрывом, от всех остальных у вас своей важности и ценности для школьников.

Школьники не умеют читать тексты, не понимаю зачастую их содержание. Преподавание русского языка и литературы должно быть в первую очередь нацелено на то, чтобы правильно понимать тексты разных эпох и разных жанров и уметь самому производить понятные тексты на современном литературном языке хм. Насовременном этапе развития школьного лингвистического образования текст становится центром внимания при обучении русскому языку как неродному, фактически текстовая деятельность - это сегодня цель школьного лингвистического образования. Особую актуальность приобретают изучение текста вот связи сведениям ИА по русскому, так как в основе многих заданий всех частей лежит умение работать с научным или публицистическим текстом, учитывать из него необходимую информацию.

Непреходящее духовные ценности несет в себе литература. Но для Того чтобы условиях школы литература стала действенным средством идейно-Эстетического после питания, «Учителю необходимо постоянно повышать уровень своей идейно-теоретической и профессиональной подготовке...». Культура мыслей и культура слово взаимосвязаны. Человек, владеющие словом, способен выразить мысль. Одна из проблем преподавание русского языка связано с превращением его в предмет или тарную. Русский язык становится в школе невостребованным. Поэтому особенно у актуальность приобретает упражнения направленные на наполнение словарного запаса школьника, которая катастрофически снижается. На протяжении десятилетий само собой разумелось, что устная речь должна сформироваться у учащегося само собой изучить этому необязательно. Назрела необходимость говорить о риторике как обязательном компоненте школьного образования.

У языка есть история с как у любого явления, предмета или состояние. Язык — это предмет, который сам программирует учителей и учеников, и задача учителя — помочь ученику осознать это. Усвоение норм письма и норму устной речи в рамках кодифицированной нормы современного русского литературного языка — это необходимость, но чаще происходят однобокое заучивание без понимания происходящих или уже завершенных в процессов.

Перемены, происходящее современном обществе, требуют ускоренного совершенствования образовательного пространства, определения целей образования, учитывающих социальные личностные потребности и интересы. Не принуждать к учению, а пробуждать интерес, тягу к постоянному получению знаний, осуществлять свою педагогическую деятельность так, чтобы процесс обучения стал важен для каждого, чтобы обучающийся был мотивирован к изучению всех школьных предметов и к русскому языку или литературе в частности — вот задача учителя. В отличие от всех остальных предметников, учитель языка и литературы имеет выдающуюся привилегию: он все время узнает новое о мире и о себе от своих учеников. Чем старше хороший учитель языка, тем больше он ко второй половине своей жизни и на склоне лет учиться у своих учеников, узнает от них о мире.

И в целом было бы замечательно, если бы на уроках русского языка создавалась представление о том к что язык— постоянно меняющаяся, но одновременно очень устойчивая система. Хотелось бы, чтобы к школьникам относились не как к грамотным людям, постоянно делающим ошибки «портящим настоящий русский язык», а как к равноправным носителям языка, которым предстоит, с одной стороны сохранять наиболее существенные черты языка предшествующих поколений, необходимые для понимания важных для культуры текстов, а с другой стороны, уметь общаться на русском языке во всех его многообразных стилистических разновидностях.

Для учителя-словесника в классах с казахским языком обучения задачи, мы думаем, должны быть специфическими: -помочь Учащимся средствами своего предмета глубже осознать

усвоить общий человеческие гуманистические ценности русской и казахской национальных культур; -Способствовать адаптации школьников к условиям данной республики; -помочь им глубже осознать в процессе обучения историю и духовные ценности русской нации, заботится о сохранении развитии национальной самобытности и самосознания детей разных национальностей.

Решение поставленных задач выше изложенной проблемы требует применения новых форм и видов учебной деятельности, ведущих к освоению умений и навыков устной и письменной речи, её правильности и культуры, выражающейся в точности, осмысленности, целесообразности, выразительности, богатстве. Освоение всего вышеперечисленного способствует воспитанию культуры речевого поведения у учащихся нерусской национальности у винительное к различным сферам и ситуациям общения с учетом адресата.

При любом из этих методов следует помнить основное правило активизации: школьники лучше запоминают тот материал, который усваивается в результате активной мыслительной деятельности, а не тот, который преподносится им в готовом виде. Это требует от учителя при объяснений и нового грамматического материала использовать такие приемы, как вопросы к учащимся в ходе живого рассказа, привлечение к подбору приемов, иллюстрирующих изучаемые правила, они широкое использование доски для записи слов, предложений, всевозможные подчеркивания контрольно орфограмм и т.д. Нужно приучить детей больше работать с учебником, настенными таблицами, орфографическим словарем и текстом.

Не менее серьезного внимания требует подготовка и проведения разного рода тренировочных их упражнений. Именно этот этап урока часто страдает серьезными недостатками, в частности несоответствием отобранных упражнений основной цели и задаче урока, нерациональная многообразием их видов.

Урок должен быть построен и проведен таким образом, чтобы все 40 минут учебного времени были заполнены творческой, активной мыслительной деятельностью учащихся. Рационально организованный и урок предполагает, что любой структурный элемент его будет обучающим, будет развивать у школьников интерес к знаниям и возбуждает желание учиться.

Список использованной литературы:

- 1.Асмолов А.Г.Формирование универсальных учебных действий в основной школе: от действия к мысли.Система заданий: пособие для учителя
под ред.А.Г.Асмолова.М.:Просвещение,2011.159с.
- 2.Корман Б.О.Изучение текста художественного произведения.М.,1972.375с.

УДК159.9:371.1

КОУЧИНГ КАК ПРОЦЕСС ЭФФЕКТИВНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ КОЛЛЕГ

РАИМБАЕВА Ж.С.

Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления, Республика Казахстан, г.Кызылорда.

КУДЕБАЕВА З.Н.

Тараский региональный университет им.М.Х.Дулати, Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Мақала мұғалімдердің өзара әрекеттесуінің тиімді процесі ретінде білім берудегі коучингке арналған.

Summary. The article is devoted to coaching in education as an effective process of interaction between teachers.

Современные исследования убедительно показывают, что «...профессиональное развитие требует от учителя позиционирования себя **в условиях образовательного сообщества**» [1.147].

Поэтому с целью воздействия на коллег, оказания поддержки в развитии их практики преподавания и учения, более успешные учителя реализуют процессы коучинга.


Коучинг «сфокусирован на передаче конкретных практических навыков в конкретной области преподавания и учения» [2. 230].

Главной задачей коучинга большинство авторов (Л. Уитворт, Г. Кимси-Хаус, Ф. Сэндал) подразумевают помощь человеку в достижении максимальной эффективности его деятельности, карьеры, отношений, жизни в целом. Причем в отличие от других направлений практической работы, в коучинге основной акцент делается на обучении.

Другие авторы (С. Торп и Дж. Клиффорд) отмечают, что понятия коучинг и тренинг, консультирование, наставничество являются пересекающимися. Коучинг как процесс переноса нового умения в реальную жизнь может считаться реальным продолжением тренинга, который ориентирован на формирование умений и навыков.

Предварительный анализ итогов неформальной беседы с коллегами и проведенного среди них анкетирования, показал необходимость в проведении коучинг-занятия, представляющего собою процесс взаимодействия коллег, для оказания содействия в понимании важности и возможности развития критического мышления учащихся в практике преподавания. Например, ответы на один из вопросов анкеты: «Часто ли вам удается организовать работу на уроке так, чтобы учащиеся самостоятельно добывали и обрабатывали информацию?» показали, что большинству учителей-предметников только «иногда» удается организовать работу на уроке так, чтобы учащиеся самостоятельно анализировали добытую информацию.

Часто ли вам удается организовать работу на уроке так, чтобы учащиеся самостоятельно добывали и обрабатывали информацию?



Отвечая на следующий вопрос: «Используете ли Вы на уроке задания на развитие критического мышления у учащихся?», только 43% ответили «да». Таким образом, если судить по результатам анкеты, учителя нуждаются в знании методов и приемов, с помощью которых можно повысить не только познавательную деятельность учащихся, но и их мыслительную деятельность. А наиболее адекватна данной задаче, по нашему мнению, технология критического мышления.

Большинство учителей школ знакомы с этой технологией после посещения различных семинаров и курсов повышения квалификации, считают ее необходимой для применения на уроках, но применяют «иногда», так как данная технология интерактивна и ею нужно овладеть, а это возможно только в процессе тренингов.

Развитие креативности, критического мышления учащихся на уроках – одна из актуальных проблем их практики. Возникает вопрос: как посредством применения стратегии развития критического мышления можно активизировать мыслительную деятельность учащихся на уроке? С этой целью было решено провести коучинг-занятие на тему: «Развитие креативности учащихся через применение стратегий критического мышления».

Главная цель коучинга «Развитие креативности учащихся через применение стратегий критического мышления» - помочь учителям осознать необходимость внесения изменений в

свою практику, понять значимость стратегии развития критического мышления как способа организации мыслительной деятельности учащихся на уроке развития, помочь совершенствованию профессиональных знаний коллег.

Были поставлены следующие задачи:

- 1) направить учителей систематически применять стратегии развития критического мышления как способа организации мыслительной деятельности учащихся на уроке;
- 2) раскрыть потенциал участников коучинга через создание условий, стимулирующих их самостоятельную познавательную деятельность в поиске решения профессиональных проблем.

Коучинг занятие было начато с проведения упражнения «Передай бумажный мячик»: участники коучинг-занятия встают в круг и передают бумажный мячик соседу так, чтобы способ передачи ни разу не повторился. Проведение этого упражнения в начале коучинг занятия ставило перед собою задачу не только создания положительного настроения, основанного на доверительном отношении между его участниками. Коллеги, передавая и получая бумажный мячик из рук друг друга, проявляли навыки креативности, так как способ передачи бумажного мячика не должен был повториться.


По окончании выполнения задания учителям было предложено ответить на вопрос «Как вы думаете, развитию какого вида мышления способствовало выполнение упражнения «Передай бумажный мячик»? Ответы были различные, например, такие как: «нестандартному», «креативному», «своеобразному», «критическому» мышлению и т.п. Таким образом, аудитория сама определила тему коучинга.

Затем для того, чтобы выявить, чем же являются слова «креативность» и «критическое мышление», участникам коучинг-занятия было предложено составить кластер, где ключевыми словами были бы «креативность» и «критическое мышление». Участники коучинг занятия сами определили значение данного слова и даже смогли сформулировать краткие определения данного понятия при выполнении кластера и презентации его присутствующим.

Для того, чтобы показать участникам коучинга, каким образом, можно развивать навыки креативности у учащихся, было предложено выполнение упражнения «Соедини несоединимое» - составить мини рассказ из двух слов, данных на карточке, имеющих далекое друг от друга значение и презентовать. Представитель группы выбирал карточку из пяти предложенных разного цвета, на которых написаны, например, следующие слова:

зеленая карточка	<i>лампа, кошка;</i>
желтая карточка	<i>улыбка, рассвет;</i>
оранжевая карточка	<i>звезда, квадрат;</i>
фиолетовая карточка	<i>летчик, корабль;</i>
синяя карточка	<i>окно, мечта.</i>

Данное упражнение способствовало выявлению креативности и нестандартного творческого мышления со стороны участников коучинг-занятия благодаря открытости, гибкости и удачному подбору задания. И это ярко отражено, в составленных мини-рассказах участников коучинга. А одна, группа вместо мини рассказа изобразила рисунок, отображающий значение слов «звезда и квадрат», и прокомментировала данный рисунок.



Итоги коучинг-занятия были подведены при помощи упражнения «Рюкзак». Участникам было предложено написать на стикерах то, что они хотели бы взять с собой в дорогу из тех знаний и навыков, которые они только что приобрели, то есть применить в практике преподавания и прикрепить к «рюкзачку» (нарисованный на листе А3).



Разработка заданий на развитие креативности, поиски новых материалов – работа не только кропотливая, но и познавательная, творческая. Крайне важно проделать эту работу с коллегами, поскольку это помогает совершенствованию профессиональных знаний коллег, развивая их практические навыки, а также способствует совершенствованию своего опыта как коуча.

Учить взрослых – гораздо сложнее, чем детей. В отличие от взрослых, дети более мобильны и восприимчивы к переменам. Нам, взрослым, мешает консерватизм, немалый груз знаний и опыта, уверенность в своей правоте. Поэтому крайне важно помнить, что «миссия коуча заключается в содействии».

К концу коучинга его участники изучили алгоритм действий многих стратегий развития критического мышления. И самое главное, учителя осознали необходимость их интегрирования в свою практику, с целью улучшения эффективности и результативности учебного процесса, повышения креативной деятельности учащихся, а также формирования у себя навыков разрабатывать собственные стратегии развития критического мышления.

Подводя итоги, следует отметить следующее: тема коучинг-занятий должна быть актуальна, интересна всем ее участникам. Это является главным условием продуктивной работы. Не выступая в роли консультанта, не давая советов и рекомендаций по решению задачи, коуч должен способствовать раскрытию потенциала обучаемого, самостоятельному решению поставленной задачи.

Список использованной литературы:

1. Руководство для учителя. Второй (основной) уровень. Издание четвертое, 2015 год.
2. Жартынова Ж.А., Касымова А.А., Корнилова Т.Б., Оракова А.Ш., «Настольная книга учителя-коуча». - Алматы, 2014
3. Лаура Уитворт, Генри Кимси-Хаус, Фил Сэндал. Коактивный коучинг. Учебник.

4. Коучинг как метод обучения. <http://diplomba.ru/work/22247>
5. Э. Грант, Дж. Грин "Коучинг принятия решений"/ С-Пб.: Речь, 2001. - 82 с.
6. Э. Парслоу, М. Рэй. "Коучинг в обучении. Практические методы и техники", / С-Пб.: Питер, 2007. - 165 с
7. С. Троп, Дж. Клиффорд, "Коучинг в обучении. Руководство для тренера и менеджера", /С-Пб.: Питер, 2008. - 63 с.
8. Дж. Уитмор. "COACHING-Новый стиль менеджмента и управления персоналом" /Пер. с англ. – М., 2001.
9. Д. Харрис, "Коучинг. Личностный рост и успех", / С-Пб.: Речь, 2003. - 75 с.
10. Дж. К. Смарт. "Коучинг." // Издательский дом "Нева", 2004.
11. Коучинг: истоки, подходы, перспективы. Сборник статей, // С-Пб.: Речь, 2003.

III СЕКЦИЯ
ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК
ҰСТАНЫМДАР

ӘОЖ 94(574)+001.72

БАЛАСАҒҮН ҚАЛАСЫ ТУРАЛЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ,
САЯХАТШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

ХАЛЫМБЕТОВА А.А.

Тараз қаласының білім бөлімінің әдіскері, тарих магистрі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы.

Резюме. В данной статье представлены исследования средневековых ученых и путешественников о городе Баласагун, который является одним из исторических памятников Жамбылской области, входящих в список ЮНЕСКО.

Summary. This article presents the research of medieval scientists and travelers about ancient city Balasagun, which is one of historical monuments of Zhambyl region, included in the UNESCO list.

Халқымыздың ғасырлар бойы бұрмаланып келген тарихын егемен еліміздің мүддесі тұрғысынан қайта қарап, Қазақстанның шынайы тарихын жазып жатқан шақта еліміздегі алуан санды археологиялық ескерткіштерді «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша зерттеудің маңыздылығы арта түседі. 2003 жылдың қарашасының 28 жұлдызында Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық Кеңесінің үшінші мәжілісінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасын жариялап, ол туралы баяндама жасады [1, 65-70бб.]. Елбасы осы тарихи сөзінде «Мәдени мұраға» айырықша мән беріп, оны мемлекеттік деңгейде іске асырудың қажеттілігіне көңіл бөлді. Қазақ халқының тарихында бірінші рет мәдени мұраны қорғауға, зерттеуге және жаңартуға егеменді еліміздің жағдайында жол ашылды. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Баласағұн қаласы кешенді түрде зерттеліп, жаңа мәліметтер жарыққа шықты, болашақта оны ірі мәдени орталыққа айналдыру қажеттілігін айтып кеткен жөн деп ойлаймын.

Халықтың өзіндік идентификациялануы мен қалыптасуын анықтауда маңызды рөл атқаратын тарихи-мәдени мұраларды сақтау мәселесі – Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы маңызды бағыттарының бірі. Ескерткіштер – дәстүрлі және тұрмыстық мәдениет құндылықтарын сақтау және көбейту арқылы ұрпақ пен ұрпақты байланыстыратын бірден-бір құрал. Олар мәдени мұраның құрылымдарының бірі ретінде маңызды әлеуметтік қызметтерді орындаумен қатар ғылым, білім және мәдениет дамуының мақсатына айналып, туған жерге деген сүйіспеншіліктің қалыптасуына, адамгершілік және эстетикалық тәрбиеге ықпал етеді. Таңдап отырған тақырыпта өзіміздің туып-өскен өлкеміздің тарихи-мәдени мұраларды сақтау және қайта жаңандыру бағыты бойынша- Жамбыл облысының ЮНЕСКО тізіміндегі тарихи ескерткіштердің бірі – Баласағұн қаласының тарихы жан-жақты қарастырылып отыр. Тарихи және археологиялық зерттеулер назарға алынып, Баласағұн қаласының орналасқан жерін, құрылымын, және ол жерде табылған деректерге көңіл бөлініп отыр. Баласағұнның тұрған жерін анықтаудың тарихи да, ғылыми да зор мәні бар екенін еске алып, бұл қаланың орнын табу маңызды мәселе екенін ғалымдар түсініп, оны зерттеуге көңіл бөлген. Бірақ, әзірге дейін бұл қаланың орналасуы жөнінде әр түрлі пікірлер айтуымен шектелуде. Баласағұн қаласы туралы ғалымдардың жазып қалдырған деректерінен мәліметтер келтірейін.

Белгілі шығысты зерттеуші академик В.В.Бартольд Баласағұн қаласының тарихына және оның қай жерде орналасқанына айырықша көңіл бөлген. XIV ғасырдың бірінші онжылдығында Баласағұн өзінің ежелгі атымен аталғаны белгілі. Алайда, Ақсақ Темірдің жорықтарын жазғанда Баласағұнның аты аталмайды. Олай болса, Шу, Іле және Талас қалалары сияқты XIV ғасырдан бұрын үздіксіз болып жатқан тақ үшін өзара күрестердің нәтижесін де қираған болуы керек

деген пікірді айтқан. Шығыс ғұламаларының бірі XVI ғасыр орта шамасында жасаған Мухаммед-Хайдардің еңбектерінде Баласағұн және Гобалық қалаларын тек кітаптар арқылы жазғанын олардың қай жерде орналасқанын қазіргідей сол кезде де белгісіз болғанын айтқан. Ғалымның пікірі бойынша Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі көптеген қалалар, соның ішінде Баласағұн да бұрынғы тарихи мәнінен айырылып, қирап, уақыттың өтуімен, бұл қалалардың аттары да және орналасқан жерлерде жергілікті тұрғындардың естерінен шығып қала берген. Тек, олардың жер бетінде болғандығы туралы азды-көпті деректер ғана сақталған.

В.В.Бартольд "Баласағұн,, атты мақаласында "Баласағұн - Орта Азиядағы қала, оның қай жерде орналасқаны анықталмай келе жатыр, - деген [2, 65-70бб.].

Тарихи деректер бойынша Шу, Талас өңірінде ертедегі орта ғасырлық әйгілі үш үлкен қала болған: Баласағұн, Сужаб, (Суяб), Талас (Тараз). Осы үшеуі де 603 жылдан кейін Батыс түрік қағанатының астаналары болған. Олардың арасында ең Үлкен, әйгілісі Баласағұн. Бұл қала Ұлы Жібек жолының Жаркентке баратын тармағында орналасқан. Бұл қалаларға соқпай еш саудагерлер, саяхатшылар кете алмаған. Осы жолмен жүрген жолаушылар "Әулие тауды,, басып өтетін жолмен келіп, Тасоткел арқылы Шудың оң жағасындағы Тасқалаға шығып, содан Шудың оң жағын жағалай отырып, Қастек асуы арқылы Ұзынағашқа өткен. Одан әрі Жібек жолымен Жаркентке тартқан. Сужаб қаласы Жібек жолының Ыстықкөл арқылы өтетін тармағында орналасқан. Баласағұн IX-XII ғасырдан бастап Қарахандардың, Қарақытайдың (Қарақидан) (X-XIII) астанасы, экономикалық, саяси және мәдени орталығы болған.

Тарихи деректерге қарағанда, Баласағұн қаласы туралы азды-көпті жазылып қалған ортағасырлық ғалымдардың, саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. VII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында жасаған ұлы Хорезм ғалымы әл-Хорезми өзінің дүние жүзілік географиялық картасында Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі түрік қалалары туралы сөз көзғайды. X ғасыр аяғында XI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Хорезм елінің ұлы ғалымы Әбу-Райхан Бируни жасаған дүние жүзінің географиялық картасында Баласағұнды $91^{\circ}30'$ бойлықта, $44^{\circ}40'$ ендікте орналастырылған, Таласты $89^{\circ}50'$ бойлықта, $43^{\circ}5'$ ендікте жатқанын көрсеткен. Өзбекстанның белгілі совет ғалымы географ, профессор Хамидулла Хасенов марқұм Птолемейдің, Әл-Хорезмидің, әл-Бирунидің, Махмұд Қашқаридің және т.б. Тарихи географиялық карталармен ұзақ айналысқан. 1984 жылы осы ғалыммен кездескенімде, ол атанған карталардың өзара айырмашылықтарына тоқталып, Баласағұн Әл-Бирунидің картасында дәл көрсетілген деді. Ол Таластың шығысында шамамен 200 шақырым қашықтықта орналасқан деген болатын. Бұл тұжырым В.В. Бартольдтың болжамымен де тура келеді .

Белгілі ғалым, шығыстанушы Махмұд Қашқари да өзінің дөңгелек картасында Баласағұн жетінші климатта, Таластың шығыс-солтүстігінде орналасқанын баяндаған. Мұсылман дүниесінде карта сызғанда, орталығы Мекке етіп аталатын болса, ал М.Қашқари орталығын Қашқар қаласы етіп алса, ендеше Батыс Түркістан картасында орталықты Баласағұн етіп алуы заңды сияқты. Бұл ғалым Баласағұнда жиі-жиі болып, ғылыми еңбектер жазған. Сондықтан, әйгілі ғалым өзінің "Диуни лұғат ат-түрік,, еңбегінде Баласағұн жөнінде толығырақ мағлұмат берген, XIII ғасыр аяғында XVI ғасырдың басында өмір сүрген араб географ Әбу-л-Фида Баласағұнның орналасуын $91^{\circ}50'$ бойлықта, $47^{\circ}40'$ ендікте орналасқан карта көрсеткен. Бұл қала түрік елінде 7-климатта орналасқанын баяндаған. Ғалымның Баласағұнның орналасуына берген анықтауы жоғарыдағы айтылған әл-Бирунидің көрсеткен мағлұматына жақын келеді. Олай болса, Баласағұнның тұрған жері қазіргі ортағасырлық қаланың орны Ақтөбеге дәл келеді. [3].

Жоғарыда ғалымдардың Баласағұнның орналасқан жерін картада көрсеткендері бір-бірінен айтарлықтай алшақ кетпейді. Олардың барлығы Баласағұн Таластың шығысында, Шу өзенінің орталық ағысында екенін бірауыздан баяндайды. Тарихтан белгілі, Таластың шығысындағы Баласағұнға дейінгі Жібек жолының бойында жатқан ірі қалалар Құлан, Мерке, Аспара екені белгілі. Осы жолмен жүргенде Талас пен Баласағұнның арасы осы күннің өзінде 200-250 шақырымнан аспайды.

Ертедегі ортағасырдағы ғалымдардың еңбектерінде Баласағұнның орналасқан жерінің тұрмысқа өте қолайлы екенін X ғасырда жасаған арабтың ұлы географы әл-Макдиси былай деген екен: "Баласағұн суы мол және халқы көп үлкен қала,,. Арабтың ғалымы Махмуд Ибн Вали

өзінің "Бахр әл-Асрар,, деген еңбегінде Баласағұн қорғанының ені 2,5 гяза (біздіңше, 5-6м.) болған.

Көптеген араб және біздің елді ғалымдары Баласағұнды ірі мәдениеттің орталығы және астана болғанын баяндап, бұл қала туралы мол мағлұмат берген. Солардың ішінде жоғарыдағы аты аталған Махмуд Ибн Вали Баласағұн жөнінде былай дейді: Монғолдар келгенге дейін Баласағұн жақсы сақталған, гүлденген қала болатын. Онан кейін қирап, азып-төзып қаңырап қалған. Мен бұл кітабымды Балх қаласында жазып болған кезімде, маған Қашқардан келген бір жолаушы мынадай хабар айтты: Қашқардың колбасшысы әскерімен Батыс түрік жеріндегі Қалмақтарды бағындыру үшін шабуыл жасады. Шығыстан солтүстікке қарай жүріп отырып, екі айдан кейін бір қираған Қалаға келдік. Айналасын құм басқан, биіктігі 4-5 зира, (бір зира 0-45 см) сақталған үлкен-үлкен үйлердің қабырғаларын көрдік. 4 фарсақ (бір фарсақ 6 шақырым) қашықтықтан сарайып көрінген мұнаралар, сарайлар, медреселер анық көрінеді. Осы қаланың Қасында қалмақтарға жетіп екі арада шайқас болды. Оларды жеңіп Қарабалта өзенінен кейін қайырып жаңағы қираған қалаға алып келдік. Содан кейін қолға түскен қалмақтардан бұл қай қала деп сұрағанда, олар біздің білетініміз Баласағұн қаласы деп жауап берді. Шыңғысханның әулеттері басқарған кезде осындай қирап, топырақ басып қалғанын баяндады. Біздер қаланы аралағанда, Ұзылған үйлердің ішінен тұрмысқа қажетті нәрселерді көрдік: зандар, қыштан жасалған әр түрлі ыдыстар, құмыралар, алашалар, т. б. бұйымдарды-кездестірдік. Кейбір бөлмелерде өлген адамдардың мөрделері жатыр. Бұрын ең жақсы, үлкен қала болған, қазір қирап қалған. Қаланың аты да естен шыққан .

Бұл келтірілген деректерден қашқарлықтардың келген қаласы бүлікшілікке ұшыраған, қирап қалған қала күйінде сақталған. Қашқан қалмақтарды Қарабалта өзенінің қасынан қайырып, жаңағы бұзылған қалаға айдап келуі, осы күнгі Ақтөбеге (Баласағұнға) ұқсайды. Қарабалта өзені Ақтөбе қаласының батыс бөлігінің үстінен кесіп өтіп, Ақсу өзеніне құяды. Ендеше, қашқарлықтардың келген қаласы апатқа ұшыраған, бүлінген Баласағұн болып отыр. Сөйтіп, қазіргі Ақтөбе бұрынғы Баласағұн деп айтуға бұл да бір тілге тиек дәлел.

Көптеген араб ғалымдары Баласағұн ең ірі қалалардың бірі болғаны туралы пікірін жоғарыда айтып өттік. Махмуд Ибн Валидің айтуынша, Баласағұнда діни адамдардың жұма намазын оқитын 40 мешіті, күнделікті намаз оқитын 200-ден астам мешіті, 20 ханқа және 10 медресе болған. Еш бір дәлелсіз В.Д.Горячева Махмуд Ибн Валидің бұл берген деректеріне күмән келтіріп, Баласағұнды мұндай көп мәдени орындардың болғанын асырынқырап айдалған дейді. Біздіңше, Махмуд Ибн Валидің айтқаны шындыққа келіп, Баласағұнды айқындай түседі. Махмуд Қашқаридің айтуынша Шу, Талас өңірінің тұрғындары ІХ ғасырдың бірінші жартысында ислам дінін қабылдаған, Баласағұнды билеушілердің ішінде бірінші ислам дініне енген 955-956 жылдар шамасында қайтыс болған Сатук Бограхан Абдал-Карим. Махмуд Қашқари өзінің жұртшылыққа белгілі "Диуани луғат ат-түрк,, деген еңбегінде: "Баласағұнның тұрғындары соғдыларша және түріктерше сөйлейді деген... Испиджаб пен Баласағұн арасындағы қала Харгудың тұрғындарының тілдері жұмсақ келеді,, деген. Бұған қарағанда ІХ ғасырдан бастап-ақ Шу, Талас өңірінің тұрғындары түріктерше және соғдыларша сөйлеп, жазған. "Баласағұнның соғдылары түріктермен араласып олардың әдет-ғұрпын қабылдаған,, [4, 50-52бб.].

Белгілі арабтың ғалымы, энциклопедисті, саяхатшысы Иакут ибн Абуллах Ар-Руми-әл Хамава (1179-1229 жж.) Баласағұн туралы былай дейді: Баласағұн түріктермен шекаралас қала... Бұл қаладан бір топ ғұламалар шыққан. Олардың ортасынан Әбу Абдаллах Мухаммед ибн Муса әл-Баласағұни шыққан. Ол кісі Ат-Түрік деген ныспымен елге белгілі. Ол Бағдадтағы Әбу Абдаллах ад Дамағани кади Ханифта оқыған. Онан кейін ол Шамға (Сирияға) барып, ол жерде Байт-әл-Мукаддас кади қызметін атқарған. Онан соң, ол Дамаскіде қызмет еткен. В.В.Бартольдтің пікірінше Баласағұннан ақын Жүсіп (Юсуф) хас Хаджиб шыққан. Ол "Құтты білік,, (1069-70 жылдарда) поэмасын жазған. "Құтты біліктің,, авторы Жүсіп Баласағұнды төмендегіше бейнелеуге болады: Поэмадан айқын байқалып тұрғандай, Жүсіп Баласағұн өз заманының өзық ойлы энциклопедист ғалымы, философ, адам жанын нәзік сезінген ақын, шығыс поэзиясы мен мәдениетін қоғамдық-әлеуметтік диалектиканы кемел біліп түсінген

ойшыл, білімді қайраткер. Астрономия, математика, жаратылыс, қоғамдық қарымтқатынастар заңдылығын жетік білгені анық. Бұл сөздерден Жүсіп Баласағұн бабамыздың кемеңгер, ғалым екенін, оның есімі мәңгі құрметпен аталатын жерлесіміз екенін мақтаныш етуіміз керек. "Құтты білік,, поэмасын адамгершілікке талпынған ұрпақтардың баршасы, оның ішінде ел басқарушы азаматтар оқып, көңілге тоқып алулары керек [4, 105-110бб.].

Сөйтіп, біздің іздеп жүрген Баласағұн қаласы тек Жібек жолындағы сауда-саттық қаласы ғана емес, ол біздің ертедегі бабаларымыздың рухани мәдениетіміздің ірі орталығының бірі деп түсінуіміз керек. Бұл қаладан тек ғана Жүсіп хас-Хаджиб Баласағұн ғана емес көптеген ғұлама ғалымдар шыққан. Әкесі Барысханда туған Махмуд Қашқари да бұл қалада талай болғанын өзінің ғылыми еңбегінде атайды. Ғалымдардың зерттеуімен Баласағұнның бізге белгісіз ғұламаларының есімдері алдағы уақытта анықталары ақиқат.

Махмуд Қашқари Баласағұнға жақын жатқан жерлердің, қалалардың атын атайды. Оның төңірегінде үлкенді-кішілі қалалар, ауылдар көп болған. Олардың кейбіреулері Баласағұнмен, тіпті іргелес жатқан. Солардың бірі Қырықкүй қаласы, Қарақыршын, Тасқала (Тасоркіл), Тоқтали осы күнгі Ақтөбенің (Баласағұнның), солтүстігіндегі жалғасып атқан қалалар болса, оның оңтүстігіндегі осы күнгі Қырғыстанға қарайтын жерлерде ортағасырлық қалалар жеткілікті. Осы көптеген қалалармен отырықшы мекендердің арқасында Баласағұн орналасқан. Бұл қала Ақсу, Қарабалта, Тоқаш өзендерінің Тасөткелге ұяр сағасында Қырықкүй қаласы орналасқан. Жалпы, қала Қазақтардың көп ұлттан құрылған ауылдарды да, қалаларды да осылайша айта беретіні баршаға мәлім. Қырықкүй қаласында Шу өңіріне әйгілі болған Ағыбай батыр өмір сүрген. Оның ұрпағы Индибай Базышбаев 63 жаста, осы Ақтөбеге іргелес Калинин атындағы колхозда тұрады. Жібек жолы Аспара қаласынан шығып, Аспара, Ойранды, Құрақ, Сұлы, Сарғау өзендерін басып өтіп Тасөткелдің қасындағы Қырықкүй қаласына да келген.

Жоғарыда келтірілген тарихи деректерге қарағанда, Баласағұн Шу өңіріндегі Талас қаласының шығыс солтүстігіндегі өте қолайлы жерге орналасқан, халқы көп, үлкен ортағасырлық қала болғанына ешкім күмәнданбауы тиіс. Әл-Хорезмидің, әл-Берунидің, М.Қашқаридің карталарында Баласағұнның орналасқан жері біршама шындыққа келеді.

Ресейге бұдан болған жылдарда Орталық Азияда, сондай-ақ осы күнгі Қазақстан жерінде шын мәніндегі-археологиялық зерттеулер айтарлықтай дәрежеде жүргізілмеді. Сол кездердегі қазақ жеріне Ресейден келген ғалымдар, саяхатшылар, жол-жәнекей кездескен археологиялық, архитектуралық ескерткіштер туралы үстірт мәліметтерді өздерінің еңбектерінде келтіреді. ХІХғ. 90-жылдарда Орыс жағырафиялық қоғамының (РГО) кейбір мүшелері "Археологияны зерттеушілердің Түркістан үйірмесі,, - атты ғылыми топ ұйымдастырып, Орталық Азиядағы археологиялық ескерткіштерді зерттеумен айналысты. Бірақ, олардың шын мәніндегі археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, күрделі ескерткіштердің сырын ашқаны шамалы.

Солардың ішінен 1893-1894 жылдары В.В.Бартольдтың Орталық Азия мен Қазақстанды археологиялық зерттеу мақсатымен келген сапарына тоқталсақ. Ол осы зерттеу барысында Талас, Шу өңірлерінде болып, көптеген ортағасырлық қалалардың, қоныстардың орнын көріп, сол тұрақты мекендер жөнінде өзінің пікірін "Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893-1894 гг.,,- деген еңбегінде баяндаған [5].

Бірақ, В.В.Бартольд та көрген ескерткіштерде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізбеген. Өзі көрген қалалар мен тұрақты мекендер туралы ғылыми тұжырымдарын жазған. Солай болса да, ғұлама ортағасырлық ескерткіштер туралы өте құнды ғылыми тұжырымдарын және болжамдарын қалдырған. В.В. Бартольд Баласағұн қаласының қай жерде орналасқаны туралы өзінің болжамын, осы еңбегінің "Путь от Таласа к Чу и Чуйская Долина,, - тарауында тоқталған. Ол Тараз (Талас) қаласынан Бішкекке (бұрынғы Фрунзе) қарай тарихи жерлерді аралаған. Ақсуөзенінің жоғарғы ағысындағы Беловодский станциясына келгенде Ақсу өзенінің төменінде үлкен қаланың орны бар екенін жергілікті тұрғындардан есіткен. Содан солға бұрылып, Ақсу және Сукулук (Соклук) өзендерінің төменгі ағысындағы үлкен көлемді алып жатқан қаланың орнына келген. Қаланың орналасқан жері жағырафиялық жақтан дұрыс зерттелмеген. Ал орыс армиясының генштабының жаңадан жасалған картасында Қарабалта, Ақсу және Сукулук өзендері нүктелермен ғана көрсетілген екен. Шындығында бұлар әжептеуір

сулы өзендер екенін байқаған. Олар Шу өзеніне құяды. Сукулук пен Ақсудың оңтүстігіне жақын жерде Ақ-тейе (Ақтөбе) атты биік тебе бар. Ол төбеде, оның айналасында күйдірілген кірпіштің сынықтары көптеп табылған. Соған қарағанда, бұл қала күйдірілген кірпіштен тұрғызылған болуы тиіс деген пікірге келген. В.В.Бартольд Ақтөбеден жартулы бағалы нәрсе таба алмадық, тек бір күміс сақинаны кездестіргенін жазған. Көрген қаланың көлемінің үлкен екеніне көңіл аударған. Солай болса да, ғұлама бірден бұл қала туралы толығырақ мәліметтерді ала алмаған сияқты. Өйткені, Ақтөбе қаласының жалпы көлемі оны қоршаған қамалдар туралы еш мәлімет қалдырмаған. Тек, Ақсудың жағасындағы Төрткөл төбені қаланың қасында орналасқан "Стейпос,, - деген орыс селосының бар екенін айтқан. В.В.Бартольдтан бұрын да, кейін де ХІХ ғ. бұл жерде археологиялық зерттеулер болды деген мағлұматтар кездестірген жоқпыз [5].

В.В.Бартольд бұдан кейін Шу өңіріндегі үлкенді-кішілі ортағасырлық қалалардың, бекіністердің орындарын көріп, олардан жинақталған ғылыми тұжырымдарын осы еңбегінде жариялаған. Оның ішінде Баласағұн қаласы жөнінде пікірлерін, жазба және археологиялық деректерге сүйеніп сәулелендірген. Сөйтіп, әр-түрлі зерттеулердің еңбектеріндегі Баласағұн қаласы туралы айтылған пікірлерді жұмақтап және Талас, Шу алқаптарынан көрген ортағасыр қалаларының орнын көргеннен кейін пайда болған ойларын қосып, В.В.Бартольд Ақбешім қаласының орны іздеп жүрген Баласағұн болуы мүмкін деген болжамалы пікірге келген. Ақбешімнің құбыла-батысында жақын орналасқан Бурана атты қаланың орнын көріп, оның жалпы көлемі кішкентай екенін жазған. Ол Баласағұнға балама болмайтынын атап өткен. Бұның бәрі Баласағұнның қай жерде орналасқанын дәлелдей алмады. Қорыта келгенде, ұлы шығыстанушы В.В.Бартольд алдағы уақытта да Баласағұнның орнын анықтаудың тарихи мәні зор екенін меңзеген. Баласағұн қаласы туралы осындай ізденістер, болжамдар жинақтала берген. Бірақ, бұл жұмбақ дәл уақытында шешілмей, Ұлы Қазан төңкерісіне дейін келіп жеткен.

Тарихи деректерде Баласағұн Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі түркі қалаларының бірі болған. Оның ірге тасы ертеде салынып, осы ұлы жол бойындағы тарихта белгілі ірі қалалармен бірге дүниеге келген. Біраз әдеби, тарихи деректерде Баласағұн Қарахан әулеттері кезінде пайда болып, оның басты астанасы болғаны баяндалады. Баласағұнның ең гүлденген, өркендеген уақыты осы қарахан әулеттерінің кезі. Олардың алдында өмір сүрген түргештердің (сарыүйсіндердің), қарлұқтардың мәдениеті де Баласағұннан орын алған. Бірақ, ол кездің мәдениеті төменгі қабаттарында жатыр. Баласағұн қаласы антикалық, ортағасырлық мәдениетті өзінің бойында сақтаған ұлы археологиялық ескерткіш ретінде қараған жөн. Ол қарахан әулеттері кезінде гүлденген. Гурхан тұсында қираған. Өйткені бұл қала олардың тұсында да ірі экономикалық және мәдени орталық болған. Міне, осы пікірлерді көп жылдары бойы зерттеліп келе жатқан Ақтөбеден табуға болады. Баласағұн Самарқанд, Ташкент, Испиджаб (Сайрам), Тараз сияқты қалалардың замандасы. Олардың тарихы 2000 жылдан асады.

Зерттеуде, Баласағұн қаласының тарихи және археологиялық зерттеулерге ғана емес, оның құрамына және табылған деректерге көп көңіл бөлінді. Ұлы Жібек жолындағы Баласағұн қаласы - Жамбыл облысының Шу ауданындағы, бұрынғы «Калинин» колхозының жеріндегі «Ақтөбе» деп аталып келген археологиялық ескерткіш. Енді, бұл жердің аты өзгеріп, қазір «Баласағұн» ауылы деп аталатын болды. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Баласағұн қаласы ары қарай кешенді зерттелуін жалғастырса, бұл ауыл, болашақта ірі ғылыми және мәдени орталыққа айналып, Жамбыл облысында, Тараз-Шу тас жолы бойында үлкен туристік орын болатынына сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. «Мәдени мұра» бағдарламасы 2003ж.28 қараша
2. Байпаков К.М. О древних городах Суяб и Баласагун // ВАН КазССР.- 1976. -№1.-С.65-70.
3. Акишев К.А. Степная Евразия сквозь века.- М.: Мысль, 1993.- 350с.
4. Абдрахманов Хайруш. Тарихыңды таны.- Алматы: Дәнекер, 2002.- 278б.
5. Шәлекенов У.Х. Ежелгі және орта ғасырдағы Әмудария және Сырдариялардың бойындағы түрік қалалары // Ақиқат.- 1999. -№ 6.- Б. 47-54.

СЛЕНГ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ИГИЛИКОВА Э.С.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының қазақ тілі мен әдебиеті ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БАЙЖОЛОВА А.К.

Шу ауданы білім бөлімінің әдіскері, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы.

Резюме. Наш народ, который всегда с трепетом и уважением относился к родному языку, приравнивал его к национальному духу и богатству. Но в настоящее время ситуация меняется: изменилась языковая ситуация, появляются новые слова. Старшее и молодое поколение могут не понять друг друга, так как изменилась лексика казахского языка в связи с появлением новых слов, в том числе сленгов.

В статье рассматриваются история появления сленга, а также его теоритические аспекты.

Summary. Our people, who have always treated their native language with awe and respect, equated it with national spirit and wealth. But now the situation is changing: the language situation has changed, new words are appearing. The older and younger generation may not understand each other, as the vocabulary of the Kazakh language has changed due to the appearance of new words, including slang.

The article discusses the history of the appearance of slang, as well as its theoretical aspects.

Тілдің дамуы үшін жиырма-отыз жыл дегеніміз – түкке тұрмайтын мерзім, бірақ тарихта тілдік өзгерістердің жылдамдығы едәуір артатын кезеңдер кездеседі. Оған дәлел – қазақ тілінің тоқсаныншы жылдардағы және қазіргі жай-күйі. Тіл де өзгерді, оны қолдану шарттары да өзгерді. Тілдік жағдаят өзгерді. Тоқсаныншы жылдарда өмір сүрген адам мен қазіргі кезде өмір сүріп жатқан адамның бір-бірімен сөйлесуі коммуникативтік түсінбеушілікпен аяқталуы мүмкін. Себебі көптеген жаңа сөздер (оның ішінде кірме сөздер), сленгтер пайда болған, яғни қазақ лексикасы өте өзгерген.

Аталған өзгерістер, олардың жылдамдығы ішкі емес, сыртқы себептермен, атап айтқанда, қоғамымызда орын алған әлеуметтік және тарихи реформалармен байланысты. XX ғасыр тарихшылар үшін ғана емес, лингвистер үшін де қызықты болды. Қайта құру халықтың тағдырына ғана емес, тілге де әсерін тигізді: көптеген сленгтер пайда болды.

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Алайда, тіліміз көз алдымызда өзгеруде, жаңа сөздер пайда болды. Бүгінгі күні сленгтерді жиі пайдаланатын жастарды ата-аналары, ата-әжелері түсінбей жатады.

Қазіргі таңда жастар тілінде сленгтің ролі ұдайы өсуде, себебі сленгизмдер тілде жиі әрі көп қолданылатын сөздер болып табылады. Сленг тек халықтың түрлі топтарының өкілдері, әсіресе жастардың сөйлеу тілінде ғана қолданылмайды, сонымен қатар ол көркем әдебиет, мерзімді басылымдар беттерінде, газет-журналдарда және сахна, тіпті жарнамаларда да пайдаланылады.

Қазіргі тіл білімінде «сленгтің» нақты анықтамасы жоқ. Қазіргі қазақ тіл білімінде «сленгтің» нақты анықтамасы жоқ. Кез келген тілдің лексикасы әдеби немесе бейәдеби болып бөлінеді.

Қазіргі қазақ тілі ауызекі сөйлеу тілі және әдеби тіл болып екі салаға бөлінуімен байланысты оның сөздік құрамындағы сөздері де негізінен осы екі салаға іштей бейімделіп топтасады.

«Сленг» термині қазақ лексикологиясында жақында ғана пайда болды. Оның мағынасын түсіну үшін аталған терминнің этимологиясына тоқталайық. Болжамдардың бірі бойынша, ағылшын тіліндегі slang сөзі sling сөзінен шыққан, яғни «намысқа тиетін сөздер айту» деген

мағынаны білдіреді, екінші болжам бойынша сленг сөзінің түп тамыры –thieves’ language сөзі, яғни «ұрылардың тілі» мағынасында қолданылған.

«Slang» сөзінің алғашқы рет XVIII ғасырда пайда болды. Ол кезде «намысқа тию» деген мағынаны білдіретін. 1850 жылға қарай бұл терминнің мағынасы кеңейіп, қарапайым лексика, қоғамның кедейлері пайдаланатын лексика деген мағынада қолданылатын болды.

Slang сөзінің этимологиясын ертеде талқылағандардың бірі Дж.Хоттен, ол Ұлыбританияның солтүстік диалектісінде ағылшын тіліндегі бірнеше сленгтерді зерттеген болатын. Ол сленгті балағат сөздер, қарапайым халық қолданатын сөздер ретінде қарастырды. Басқа зерттеушілер slang сөзін Скандинавиядан шыққан деп көрсетеді.

Енді қазіргі кездегі сленгтің ғылыми анықтамаларына тоқталайық.

Интернеттегі энциклопедияларда сленг (ағылшын сөзі slang) —терминологиялық алаң, адамдардың әртүрлі бірлестіктерінде (кәсіби, әлеуметтік, жас топтарында пайдаланылатын ерекше сөздердің немесе қолданыстағы сөздердің жаңа мағыналарының жиынтығы деп түсіндіріледі.

Сленг сөзі ағылшын тілінен енген. Яғни белгілі бір ортада қолданылатын сөздер десек де болады.

Сленгтер мен идиомалардың ағылшынша-орысша сөздігінде сленгті қабылданған әдеби тілдік нормадан ауытқыған ауызекі тілдің экспрессивті және эмоционалды бояуы бар лексикасы деп атаған [1, 5].

Ресей тіл білімінде көбінде В.А. Хомяковтың анықтамасы келтіріледі: «Сленг – кең қолданылатын, тұрмыстық құбылыстар мен заттарды, үдеріс пен белгілерді білдіретін лексикалық қабат [2, 44]. Бұл анықтама бойынша сленгтің мынадай ерекшеліктері бар: сленг экспрессиялық қарапайым сөздерге жатқызылып, әдеби тілге енсе де, оның әдеби стандартқа жақындық деңгейі біркелкі емес.

Сленг пен жаргон ұғымдарына қатысты тілшілер әлі күнге дейін нақты шешім тапқан жоқ.

Уикипедия — ашық энциклопедиясында жаргонға төмендегідей анықтама берілген: «Жаргон (ағылш.*slang; jargon*;) - әлеуметтік диалект; айналымдарды ерекше лексикамен және фразеологиямен, экспрессиялылықты әңгіме аралық тілден және сөз жасау құралдардың ерекше қолдануымен айырмашылығы болады, бірақ меншікті фонетикалық және грамматикалық жүйеге ие болмайды.

Жаргонның лексикасы қайта мағыналау, қайта ресімдеу, дыбыстық қысқарту, сонымен бірге басқа тілдегі сөздер және морфемалардың белсенді меңгеруі арқылы жасалады. Мысалы: құламалы-сәнді, іскер, үй - пәтер, бакстер - долларлар, қол арба - автокөлік, тартып қалсын - кетсін, баскет - баскетбол, чувак - (сыған тілден) жігіт».

Кейбір тілшілер (Е.Г. Борисова-Лукашанец, А.И. Мазурова, Т.Г. Никитина, В.М.Мокиенко и др.) сленг пен жаргонды синоним сөздер деп санайды, басқа зерттеушілер сленг, жаргон ұғымдарын арго деген бір топқа біріктіреді, И.Р. Гальперин бұл ұғымды мүлдем жоққа шығарады: «Сленгті – жеке-дара категория деп есептеуге ешқандай негіз жоқ, ол жаргонның құрамында қарастырылуы тиіс» дейді [3, 16].

Сленгті жеке дара категория ретінде қарастырып жүрген зерттеушілер де аз емес.

Қазақ филологтары да жаргон мен сленгті бір ұғым ретінде қабылдайды. Оған дәлел – Қазақстан даму институты 1998 жылы шығарған Қазақ энциклопедиясында жаргондарды жіктеуде сленг мен жаргон сөздері араласып қатар қолданылған:

Жаргондардың түрлері

- Әскери жаргон
- Журналисттік жаргон
- Компьютер сленгі
- Ойын жаргон
- Торлық жаргон
- Жастарсленгі
- Радиоәуесқой жаргоны

- Сленг нашақор
- Футбол бұзақыларының сленгі
- Қылмыстық жаргон

XX ғасырдың соңында бизнес-сленг пайда болды. Қазіргі таңда ол белсенді түрде жетілдіріліп, кеңейуде. Бизнес - сленгі төмендегі лексемалар сипаттайды: *апскейл* – жақсы, *бандерлог* – бизнес-жүйедегі ең төменгі саты қызметкері, *сүзісу* – бәсекелесу, *бала* – тәжірибесі жоқ жас қызметкер. Бизнес – сленг көбінде жағымсыз әрекеттерді, бизнес саласындағы қылмысты білдіреді. Кей жағдайда жағымды эмоцияны да білдіруі мүмкін. Мысалы, жас бизнесмендер бастықты немесе тәжірибесі мол беделді маманды академик деп атайды.

Ағылшын зерттеушілердің бірқатары *slang* сөзін жаргонның синонимі ретінде қолданады. Сленгтің әйгілі зерттеушісі Эрик Партри де осы пікірді ұстанады.

Ал ғалым Граудина Л.К жаргонизмдерді дисфемизмдер ретінде қолдануды ұсынды: «Дисфемизмдер ретінде әдеби тілде қолданылуы шектеулі жаргонизмдер де қолданыла алады» [4, 75].

Сленг сөздігінің авторы Р. Спирс «сленг» терминіне егжей-тегжейі тоқталды. Оның пікірінше, «сленг» термині басында британдық қылмыстық жаргонды белгілеу үшін қолданылған. Жылдар өте «сленг» өз мағынасын кеңейтіп, қазіргі кезде оған бейәдеби лексиканың неше түрі: жаргон, қарапайым сөздер, диалектілер, тіпті вульгаризмдер де жатқызылады. Р.Спирс концепциясы сленгті қылмыстық жаргонның құрамынан шығаруға, яғни онымен теңестірмеуге мүмкіндік береді.

«Сленг» ұғымын талқылау барысында әлі бір ортақ пікір жоқ болса, «жаргон» терминінің нақты анықтамасы бар. Тіл біліміндегі жаргонның анықтамалары бір-біріне ұқсайды. Жаргон өзінің жалпы ұлттық тілден ерекше лексикалық құрамымен, фразеологиясымен өзгешеленетін әлеуметтік диалект ретінде қарастырылады. Жаргонды белгілі бір әлеуметтік, кәсіби немесе ортақ қызығушылықтары бар топтар қолданады (әскери немесе қылмыстық жаргон).

Сленг те әлеуметтік шектеулілігімен сипатталады, бірақ топтық емес, дифференцияланған, яғни кіріктірілген шектеулілігімен ерекшеленеді, оны нақты әлеуметтік-кәсіби бағыты жоқ, сленгті әртүрлі әлеуметтік және білім статусының өкілдері, әртүрлі мамандық иелері қолдана алады. Сондықтан сленгке жалпыға танымалдылығы мен қолданылу аясы кеңдігін ерекше атап өту керек.

Сленгтің келесі ерекшелігі – жаргоннан жасалуы, себебі ол материалды ең алдымен әлеуметтік-топтық және әлеуметтік кәсіби жаргондардан алады. Сондай-ақ сленгтерге жоғары экспрессия, сәндік неология тән.

О.С. Ахманованың «Словарь лингвистических терминов» еңбегінде сленг мүлдем басқаша түсіндіріледі: «Сленг дегеніміз кәсіби тілдің сөйлеу нұсқасы» [5, 366].

Өзіміз көріп тұрғанымыздай, сленг – терминологиялық мағынада қолданылатын сөздер емес, ол сөздер кәсіпқой адамдардың іскери қарым-қатынасы үшін өте ыңғайлы. Екінші дефиниция бойынша жағдаят басқаша: сленгтер – кәсіби саланың шегінен шыққан сөздер. Мысалы, «шестерка» сөзі ұрылардың арасында «ұрыларға қызмет ететін адам» мағынасында қолданылған. Ал қазіргі сөйлеу тілде ол кез келген дәрежесі төмен адамды менсінбеу мағынасында қолданылады, бұл жерде криминалдың ешқандай қатысы жоқ.

Қорыта келе, сленгтің бүгінгі күнге дейін нақты терминологиялық анықтамасы жоқ екендігін мойындауымызға тура келеді.

Бірақ жоғарыдағы пікірлердің негізінде сленгтің ең маңызды ерекшеліктерін саралауға мүмкіндік береді:

1. Сленг – ерекше тарихи түрде қалыптасқан және жоғары не төмен деңгейдегі сөйлеушілердің барлық сатысына ортақ тілдік норманың нұсқасы болып табылады.

2. Сленг – бұл лексикалық құбылыс.

3. Сленг – бұл әдеби емес лексика, яғни қазіргі әдеби норманың талаптарына сай әдеби тілге жатпайды.

4. Сленг – бұл ең алдымен ауызекі тілде пайда болатын және қолданылатын лексика.

5.Сленг – эмоционалды бояуға ие лексика. Сленг – басым көпшілік сөз бен сөз тіркестерінің біршама айқын көрсетілген дәрежі мәнерімен сипатталады.

6.Көптеген сленг сөздері мен сөйлемшелерінің дәрежі эмоционалды бояуы бір-бірінен өзгеше реңктермен ерекшеленеді (өзілқой, келекелі, мысқылды, менсінбеген, кеміткен, елемеген, дәрежі және тіпті өрескел).

7.Сленгтер халықтың көпшілігі үшін түсініксіз болып келеді, себебі олар сленгке тән ауыспалы мағынада қолданылады, сонымен қатар шетел тілдерінен енеді.

8.Сленг – бейәдеби лексиканың экспрессивті қабаты болып табылады. Ол уақыт, заман өзгерістеріне сай құбылып отырады.

10.Сленг өз бетімен дамып, грамматика заңдылықтарына бағынбайды.

11.Сленгке семантикалық юмор тән. Кейде ол сөздер ойыны ретінде бағаланады Әдетте қатаң реттеуге ұшырамайды және ауызекі тілдің жанды дамуын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Англо - русский словарь сленга и ненормативной лексики / под ред. А.Ю. Кудрявцева, Г.Д. Куропаткина. – М.: Комт, 2004.

2.Хомяков В.А. Нестандартная лексика в структуре английского языка национального периода. Автореф. докт. Дис. ... канд. филол. наук. Л., 1980.

3.Гальперин И.Р. О термине «слэнг» // Вопросы языкознания. 2000. - № 6.

4.Граудина Л.К. Эвфемизмы-дисфемизмы, парламентские и непарламентские

5.Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. М.: Советская энциклопедия, 1966.

6.Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті: Оқулық / М.Балақаев, М. Серғалиев. –Алматы: Зият Пресс, 2004.

7.Кунапьянова А. Д., Аубакирова Л.Р. Тіл мәдениетінің өлшемдері және оған қойылатын талаптар / А. Д. Кунапьянова, Л. Р. Аубакирова // «С. Аманжолов оқулары – 2004»: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2004.

ӘОЖ 372.801 Б20

МАҒЖАН, СӘКЕН, ІЛІЯС ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

БАИМБЕТОВА А.А.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БӨЛТЕКОВА Д.Б.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Анализируются приемы средств художественной выразительности, используемые при новообразовании и использовании устойчивых выражений в поэзии М. Жумабаева, С. Сейфуллина, И. Жансугурова, описываются методы формирования отдельных авторских, контекстуальных, случайных вариантов устойчивых выражений.

Summary. Methods of means of artistic expressiveness used in neoplasm and use of stable expressions in the poetry of M. Zhumabaev, S. Seifullin, I. Zhansugurov are analyzed, methods of forming individual author's, contextual, random variants of stable expressions are described.

Қазақ тілі білімінде, тіпті жалпы түркі тануда, бұл мәселеге алғаш қалам тартқан, зерттеген академик І.Кеңесбаев екені белгілі. Ғалымның «Тұрақты тіркестер» деп аталатын докторлық

диссертациясы 1944 жылы дүниеге келген болатын. Демек, академик Ә. Қайдардың пікірі бойынша, қазақ тілі білімінде фразеологизмді зерттеу тарихы орыс тілімен қатар, тіпті одан бірер уақыт бұрынырақ басталды деуге болады. Өйткені, І.Кеңесбаевтың 1944 жылы қорғаған диссертациялық жұмысы 1940 жылдан басталған еді. Академик Иван Иванович Мещаниновтың жетекшілігімен жазылған бұл жұмыс түркология саласында фразеология бойынша алғашқы еңбектерінің бірі болып саналады. Осының нәтижесінде кеңінен белгілі «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деген үлкен еңбек дүниеге келді.

Ақындардың шығармашылығында фразеологизмдерді стильдік мақсатта қолдану жөні фразеологизмдердің құрамын, олардың сөз таптарына қатысын, суреткердің фразеологизмдерді таңдап, талғауын, өзгертіп, түрлендіру шеберлігіне т.б. мәселелер қарастырылды. Сол тұста, біріншіден, әрқилы пікір таласына, екіншіден, В.В. Виноградов, Р.Сыздықова, Ә.Болғанбайұлы, Г.Қалиұлы, Ғ.Смағұлова т.б. ғалымдардың тұжырымына ден қойғандықтан, мақал-мәтелдерді фразеологизм құрамында, қарастырмағандығымызды ескерткен жөн.

Тұрақты тіркес деген ұғымның да шарттылығы бар екені белгілі. Ол шарттылық ақын-жазушылардың қолданысында бұл тұрақты деп қарастырған категориямыз белгілі бір өзгеріске душар болып отырады. Бұл поэзия тілінде де, проза тілінде де, жалпы сөз қолданыс проблемасына байланысты көптен бері зерттеліп келеді. Сондықтан «тұрақты» дегенді шартты деп қана түсініп прозада, поэзияда өзгерістерімен қолданамыз.

Бірақ поэзияда, прозада өзгеріспен қолданған ТТ-ны күнделікті өмірде өзгертіп қолдануға болмайды. Ол жалпы халықтық қолданыстан ауытқымай «де» етістігінің көмегімен ғана тырнақшаға алынып қолданылады.

Белгілі ғалым, профессор Р.Сыздықтың сөзімен айтқанда сөз құдіретінің арқасында іске асатын құбылыс. Ол ғалымның бейнелі түрде атаған «сөз әрлеу» тәсілі деп танымыз. Сөз әрлеу деп отырғанымыз да, айналып келгенде сөз тандау, сөз қолданысы дегендеріміз сияқты, көркем шығарма тіліндегі жеке сөздердің (және тіркестердің) «қылығы», қызметі, стильдік жүгі (орысша айтқанда «поведение слова в художественном тексте») деген тұтас құбылысқа кіреді. Әсіресе «сөз әрлеу» дегенде сөздің көріктеу құралы ретінде келген, сөз- бейпе болып келген сәттері талданады. [1, 296.]

Фразеологизмдердің табиғатына тән осы бір қасиетін біз жалпы сөз қолданыс жүйесінен, әсіресе *поэзия тілінен* айқын көреміз. Поэзия тіліне тән ерекшеліктердің бірі-өлең құрылысы десек, ондағы поэтикалық үйлесімділік, тұлғалық сәйкестік, дыбыстық үндестік (рифм, ритм), ұйқастық (аллитерация, ассонанс, т.б.) - фразеологизмдердің «қамырша иленіп», сан алуан өзгерістерге түсуіне әсерін тигізеді.

Фразеологизмдердің поэзия тілінде мұндай өзгерістерге түсуі және ол өзгерістердің шегі мен түрі, сайып келгенде, суреткер (*ақынның*) шеберлігіне және сөз саптау мәнеріне тікелей байланысты. Осы бір фактіге қарап әрбір ақынның сөз қолданысына тән өзіндік ерекшеліктерін де айқындауға болады. Егер бұл ерекшеліктер сөз саптау ыңғайына қарай бола беретін кездейсоқ Қолданыстар емес, өлең - жыр өрісінде қайталана беретін, демек автордың өзіне ұнайтын, ерекше мән беріп, мағына жүктейтін қолданыстарға барып сайса, онда оларды *автордың* (ақынның) *ерекшелігі* деп қараған жөн.

Жеке ақын, автордың стильдік ерекшелігі деп, ат қойып, айдар тағу үшін оның барша шығармасын түгел қарастырып, талдап шығу керек. Ол ғана емес, бір ақын-автордың сөз саптау өнерін жүйелі түрде қарастырып, екінші бір ақын - автор *шығармаларының* тілімен салыстыра, салғастыра қарастыруда. Міне, сонда ғана қазақ әдебиетінің белгілі өкілдерінің -көркем тіліне байланысты «ана ақынның стильдік ерекшелігі анау», «мына ақынның стильдік ерекшелігі мынау» деп тайға таңба *басқандай* етіп, көрсетуге болады.

«Көркем туындының тілін лингвистикалық стилистика *түрғысынан* талдау дегеніміз тілдің жеке бөліктерін (единицаларын) тугендеп атау емес, сол бөліктердің, айталық, сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің қолданысын, қолданыстағы көрінісін зерттеу болмақ. Нақтылай айтсақ, сол бөліктерді теріп алып, жалаң көрсете салу — көркем тілді зерттеушінің шаруасы емес, сол сөздердің қолданысы қандай мақсатты өтеп тұр, солар арқылы жазушы нені, қалай суреттеп тұр — осыларды таныту керек». [39.5].

Сонымен, лингвостилистика дегеніміз не пән? Оның толық та, жетілген анықтамасын «Қазақ тілі энциклопедиясынан» табамыз.

Лингвостилистика — сөздің қолдану заңдылықтары мен тілдің стильдік тармақтарын тіл білімінде зерттейтін саласы.

Лингвостилистиканың көпшілік табанын тіреген теориялық пікірлеріне сүйенсек, оның басты екі бағытын немесе екі түрін атауға болады. Олар

1) Тіл ресурстарының стилистикасы немесе тіл стилистикасы ол өз ішінде тілдің деңгейлеріне байланысты.

а) лексикалық стилистика, фразеологиялық стилистика (немесе екеуін қосып лексика-фразеологиялық стилистика деп атаушылық та бар). Лингвостилистиканың бұл түрі лексикалық бірліктер мен тұрақты тіркестердің стилистикалық қызметін зерттейді;

ә) фонетикалық стилистика. Ол тілдегі дыбыстар жүйесінің қолданылу заңдылықтарын қарастырады.

б) морфологиялық стилистикада қосымшалардың ойды дәл және мақсатқа сай беру қатынасына көңіл бөлінеді.

в) синтаксистік стилистикада сөз тіркестері мен сөйлемдердің түрлерінің, олардан да көлемді конструкциялардың (күрделі синтаксистік тұтастық, абзац т.б.) стилистикалық мақсатта жұмсалыуындағы дұрыс немесе бұрыс құрастырылғаны негізгі нысанаға алынады. [2, 261б.]

Осыған орай біз қазақтың белгілі ақындары Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаевтардың өз шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданыс ерекшеліктеріне назар аударғымыз келеді.

б) «азап»- өзгермеген;

в) «шеккен»-«кен» есімше формасымен жасалған анықтауыштық үлгі;

г) «қазақ»- (қанды азап шегуші қазақ) метатеза-орын алмастыру тәсілі арқылы, экспрессивті-эмоционалды реңк үстемелеп, күшейткіш мағынада тұр.

Мағжан ақын, қазақтың шеккен азабын жай ғана «қиналды» дей салмай, оған қоғамдық тұрғыдан ерекше мән беріп, бояуын қоюлата сипаттап отыр.

«Ілгері басқанның иті оттайды» деген мақал – «бағы (жанып) жүріп, дәулеті асқан кісінің барлық ісі сәтті болады, бар дүниесінің оралымы кеп тұрады» [ҚТФС, 578 б.] мағынасында қолданылады. Ілияс ақын бұл мақалды былай қолданған:

Ілгері басып, иті оттап,

Берекелі бейбітті,

Қонысы құтты жаралған [3, 36 б.].

Мұндағы өзгерістер қандай? Автор бұл мақалдың мән-мағынасын сақтай отырып, оның мазмұнына динамикалық реңк берген:

а) «ілгері» – өзгермеген;

ә) есімше «басқанның» орнына көсемше **«басыпты»** қолдану әрекетті нақтыландыра түскен;

б) «иті» – өзгермеген;

в) «оттап»- оттайды (іс-әрекетті нақтыландыра түскен).

Ілгері басқанның иті оттайды мақалының құрамына өзгеріп енгізіп, Ілияс ақын күшейткіш реңк үстеп, өз мақсатына пайдаланып отыр.

«Бел буу» деген фразеологизм – «бір нәрсені істеуге шындап кірісу, тәуекел ету» [4, 110б.] мағынасында қолданылады. Ал Мағжан ақын бұл фразеологизмді былай қолданған:

Ер жігіт өнер табар ерте қуса,

Ерініп, шаршамаса, **белін буса** [5, 23 б.] .

Мұнда қандай өзгерістер бар? Ақын бұл фразеологизмнің мән- мағынасын сақтай отырып, шарттылық элементін енгізу арқылы (ерініп, шаршамаса), экспрессивті-эмоционалды реңк үстемелеп, мағынасын күшейтіп отыр. Сонда қандай өзгеріс енгізілді?

а) **«Ерініп шаршамаса»** – «белін буса» фразеологизмін қоршаған контекст;

ә) **«бел»** – белін – грамматикалық өзгеріске ұшыраған;

б) **«буды»** – буса – (-са) шартты рай формасы.

Қоршаған контекстегі -са формасының қайталануы байқалады.

Бұл грамматикалық параллелизмдер өлеңнің ұйқасына қажет.

3. Автор қоршаған контекстегі (*ерініп, шаршамаса*) сөздерін шартты түрде ала отырып, адам алға қойған мақсатқа тәуекелге бел бұғанда ғана жететінін көрсетеді

«*Бетке шіркеу болу (келтіру)*» деген фразеологизм халықтық

колданыста – «абыройсыз ету, жамандыққа апару, ұятты ісімен табаға қалдыру» [4,115б.] мағынасында қолданылады. Ал Сәкен Сейфуллин бұл фразеологизмді окказионалды түрғыда қолданған:

Ханы да, қарасы да арсыз деген,

Келмесін ел *бетіне шіркеу-шілте* [6, 66 б.].

Мұндағы өзгерістер?

а) Инверсия әдісімен компоненттердің қалыпты орын тәртібі ауысқан;

ө) Бір-бірімен «жымдаса байланысу» бұзылып, араларына (ел, шілте) сөздер кірген;

б) «Фразеологиялық байлаулы» мағына толықтырыла түсіп, қосымша реңк иеленген;

в) «*келмесін*» – синоним сөз (оригиналда болды, келтірді) бұйрық райда;

г) «*ел*»- оригиналда жоқ сөз;

д) «*бетіне*» – бетке (грамматикалық өзгеріске түскен);

ж) «*шіркеу*» – өзгермеген;

з) «*шілте*» – сөзі «шіркеу» мен қосарланып экспрессивті мән үстеп тұр.

Инверсиялаудың нәтижесінде ұятты ісімен табаға қалуды бүкіл қауымға келер ар-ұятты намыстана ойлау ісін жай пассив баяндаудан оны императив бұйрық түрінде ауыстырып баяндағанын көреміз. Араларына енген сөздер (ел, шілте) ойды саналының сезім- түйсігіне жеткізу мақсатында тұр. С.Сейфуллин бұл тексте осындай творчестволық жаңалық жасаған.

«*Аяқтан алу (шалу)*» деген фразеологизм-«қаскүнемдік істеді; сүріндірмек болды» [4,79б.]

мағынасында қолданылады. Ал Сәкен ақын бұл фразеологизмді былай қолданған:

«Көп дұшпан *аяқтан кеп шалғаны* рас» [6,80б.]. Мұндағы өзгерістер?

а) фразеологизм сөйлемнің құрамына еніп, оның өзімен жымдасып тұр;

ә) «фразеологиялық байлаулы мағына» сақталып, ол нақтылана түсіп, қосымша реңк беріп тұр;

б) «*Көп дұшпан*», «*кеп*», «*рас*» – оригиналда жоқ сөздер;

в) «*аяқтан*» – өзгермеген;

г) «*шалғаны*» – шалды болып өзгерген.

Сәкен Сейфуллин «*аяқтан шалу*» фразеологизмін осылайша араларына сөз қосып, экспрессивті мағына үстен қолдануын «авторлық жаңалық» жасаған деуге болады. Ақын сөзі өмірден сүрініп, заманынан соққы жеген адамға жаулық көрсетіп, жығылған үстіне жұдырық жұмсау, қаскүнемнің ісі екенін дәлелдей түскен.

Халықтық қолданыстағы: «*Ақсақ қой түстен кейін маңырайды*» мақалы «мезгілінен кешеуілдеу, ерте туып, кеш қалу» деген ұғымда айтылады [4,25б.].

Ілияс ақын бұл фразеологизмді:

Жә, болды, жарайды.

Ақсақ қой түстен кейін маңырайды – түрінде пайдаланған [7, 81б.].

Ілияс ақын бұл өлең жолында мақалды халықтық қолданыста, ешқандай өзгеріссіз қолданып отыр. Өлең жолына тұтас мақалды ешбір өзгеріссіз енгізу де автор шеберлігіне жатады. Халық қолданысындағы: «*Отқа түсу*» фразеологизмі «отқа, суға, түсу, қандай іске болса да бару, жанын аямау» деген мағынада берілген [4,423б.]. Мағжан ақын бұл фразеологизмді былай қолданыпты:

Ойламай отқа түскен неткен жанбыз,

Сөз үкпас мылқау, меңіреу, жүрген жалғыз [5,34б.]. Осындағы өзгерістер:

а) *отқа-корреляция*;

ә) *түсу-түскен* – корреляция есімше формасына ауысып, нақтылы объектіге қатысты анықтауыштық қызмет атқарып тұр.

ФТ-ның алдында тұрған (ойламай) сөзінің қосылуынан экспрессивті-эмоционалды реңк үстемеленіп, мағынасын күшейтіп отыр. Әдетте «отқа түсу» фразеологизмі көзсіз көбелсктерге тән іс екені белгілі. Мұның сыртында баласы үшін ана шырылдап, отқа да, суға да түсетіні мәлім. Жақыны үшін, жары үшін жанын аямау ер жігіттің міндетті борышы екені тағы белгілі. Ал бұл фразеологизм осы өлеңде ойламағандықтан отқа түскеніне налу, өкініш сезімі бар екенін білдіреді.

Құланның қасынуына - (қасуына) мылтықтың-басуы (басуы дәл келді) мақалы – «стің орайы келгенде, сәті түскенде» деген мағынада айтылады [4,362б]. Сәкен Сейфуллин бұл тұрақты тіркестің мағынасын ғана сақтай отырып, былай қолданған:

Бүркіттің көкпар алып қашуына,

Болмады «Окжетпестен» асуына

Көзінше қалың қолдың қаза тапты,

Тура кеп шын **мергеннің басуына** [6,57б.].

ГТ-ның бір сыңарын ғана өз мақсатына пайдаланған («**шын мергеннің басуына**») «**мылтықтың**» орнына «**мергеннің**»сөзі алынған. Бұл - әринс авторлық (оказионалды) қолданыс. Қандай өзгерістер бар? Арасына сөз қосылса да, жалпы идея, образ сақталған:

а)»**Тура кеп шын мергеннің**» – оригиналда жоқ сөздер;

ә) мергеннің – «мылтықтың» орнына қолданылуы;

б) **басуына** – «**басу**» (грамматикалық өзгеріске түскен).

Ақын бүркіт қыран құс болса да, онан да қырағының қырына кездесе жолын беріп, жығылатынын, яғни істің орайы келгенде, не бір болмайтын істі болдыруға, істеуге болатынын, әр нәрсенің көзін таба білу керек екенін көрсетеді.

«**Ант ету**» фразеологизмі – «уәдесін беру, серт ету, қарғану, анттасу» – деп қолданылады [4, 41б.]. Ал бұл фразеологизмді Сәкен Сейфуллин:

Үлкені балапанның «ризамын» деп,

Ант қылды иіліп кеп мойын сұнып – деп қолданған [6,29б.].

Бұл фразеологизмдегі өзгеріс – (ету) етістік компонентін «кылу» сөзімен алмастырып, синонимін қолданған.

Фразеологизмдердің поэзия тілінде мұндай өзгерістерге түсуі және ол өзгерістердің шегі мен түрі, сайып келгенде, суреткер ақынның шеберлігіне, сөз саптау мәнеріне тікелей байланысты дедік. Жоғарыда көрсетілген мысалдарға қарап, әр ақынның фразеологизм қолданысына тән өзіндік ерекшеліктерінің де бар екенін аңғардық.

Көріп отырғанымыздай, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіровтардың сөз қолданысы мейлінше еркін, шығармашылық сипатқа ие. Ақындардың кез-келген фразеологизмнің семантикалық өзегін, мағыналық мәйегін сақтай отыра, тұлғалық жағынан сан құбылтып, құрамына соншама өзгеріс енгізуінен олар түрленіп, басқа бір сипат алып отыратынын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. –223 б.
2. Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы: «ІДК-ТРО» редакциялық баспасы, 1998. –508 б.
- 3.Жансүгіров І. Шығармалар: өлеңдер мен поэмалар / – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1958. – 630 б.
4. Смағұлова Г. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі: сөздік / әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2020. – 397б.
5. Жұмабаев М. Адассам елім деп адастым: өлеңдер / – Алматы : RS, 2011. – 142б.
6. Сейфуллин С. Көкшетау : өлеңдер мен дастандар / –Алматы : Жазушы, 2004. – 189б.
7. Жансүгіров І. Құлагер: монография / – Алматы : Жібек жолы, 2006. – 265б.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

БАИМБЕТОВА А.А.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТҮЗЕЛБЕК Ж.Б.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье теоретически описаны и всесторонне рассмотрены особенности употребления пословиц и поговорок, их функции в языке.

Summary. The article theoretically describes and comprehensively examines the peculiarities of the use of proverbs and sayings, their functions in the language.

Қай халықтың болса да ауыз әдебиетінде мақал-мәтел көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрға жатады. Қазақ халқы да, өзге халықтар сияқты, атам заманнан қорланып, сұрыптала сұлуланып, жинала сақталып, бүгінгі күнге жеткен фольклоры бар халық. Халықтың өмір тәжірибесін, жақмылық пен жамандық ұғымын, тіршіліктің сан таруына берген бағасын, белгілі бір құбылыстардың қорытындысын, тобықтай түйінін әрі қысқы, әрі нұсқа етіп айтатын ғибрат сөздер – мақал-мәтелдің ауыз әдебиетінде алатын орны бірегей. Мақал-мәтелдерде халықтың дүниені танып-білуінің жәрежесі байқалады, адамшылдық, отаншылдық, еңбекшілдік, мәрттік, ізгілік, қаһармандық, мейірімділік секілді қасиеттердің папқы ажыратылып көрсетіледі. Бұл тұрғыдан алып қарағанда мақал-мәтелдерді қазақ қауымының ғибрат кітабы, ұстаздық, тәлімгерлік шежіресі, педагогикалық көзқарасы ретінде де бағалауға болады.

Сонымен, халық шығармасының басқа түрлері сияқты мақал-мәтелді әуел баста жеке адамдар шығарады, оны біреуден-біреу естіп, жаттап айта жүреді, өңдейді, өзгертеді, сөйтіп олар бірте-бірте жалпыхалықтық мұраға айналады. Демек, мақал-мәтелді белгілі бір халықтың өмірде көрген-білгенінен жасаған қорытындысы, ақыл-ой түйіні деуге болады.

Иә, шынымен фольклор жанры ішінде халық арасында ең көп тараған және жалпыхалықтық тілдің қаймағын бұзбай ұзақ өмір сүретіні – мақал-мәтелдер. Және де бұлар шешендік өнермен туымтас жатқан сөз өрнегі болып табылады.

Сонымен қатар, мақал-мәтелдердің қалыптасуында араб, парсы, түркі әдебиеттерінің ролі күшті болған. Жүсіп Хас-Хажибтің «Құтадғу білігі» еңбегі XI ғасырда жазылған Орта Азия, Шығыс Түркістан және Қазақстан түркі халықтарының көркем әдеби шығармаларының ішіндегі ең алғашқысы да, ең көнесі де болып есептеледі. В.В.Радлов осы еңбекті «Түркі сөздігіне» енгізу және оны неміс тіліне аударып бастыруға ширек ғасырдан артық өмірін сарп еткен.

Түрік мақал-мәтелдерін зерттеген Айдын Ой Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігіне» тоқтала келіп, оның өлең жолдары мақал-мәтелдерге айналып кеткендігін көптеген мысалдармен дәлелдейді.

Ұлы бабамыз Қожа Ахмет Йассауидің «Диуани хикметінің» «Даналық кітабы» әрбір сөз астарында даналық иірімдері меруерттей мөлдір сөзбен берілгендігін «Ишарат еттім, дана болса мағына алсын, Сөз онерін өрнектедім, нақыл қалсын, Дүр гауһар лебізімді есіне алсын, есіне алсын» деген жолдарынан түсінуге болады.

Махмұд Қашқари – өз заманының білімді филологі, түрік тілінің алғашқы сөздігін, грамматикасын жасаған ғалым. Оның «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінде 300-дей мақал-мәтел бар болса, соның барлығы дерлік қазіргі түркі тілдерінде толығымен қолданылады. Көне түркі жазба әдебиетінің көрнекті өкілдері – Ахмед Йүгінекидің «Хибат ул-хақаиқ», «Ақиқат тартуы», Насреддин Рабғузидің «Қисас ул анбийя», «Пайғамбарлар туралы қысқа әңгімелер», Кодекс

Куманикус, Саифи Сарайидың «Гулистан бит-түрки» шығармаларының өздері өсиет-нама, қысқа тұжырымдар, ойлы сөз орамдарына толы.

Ойлы сөз көпті ұтады, ойсыз сөз басты жұтады. Кішіпейілдің абыройы асады, тәкаппардың құты қашады. Жарайтын киім таба алсаң, жалаңашқа жап. Көңіл аудар даналардың сөзіне, Адал жанды өнеге тұт өзіңе. Әділдік – әкімдіктен де күшті. Жүзігі барда – Сүлеймен, жүзігі жоқта – сүмірейген Н.Рабғузи.

Қазақ халқының бізге жеткен жазба мұраларының ең құндысы – Қадырғали Қосынбекұлы Жалаиридін «Жамиғ-ат Тауарих», «Шежірелер жинағы» атты кітабында қазақтың өткір сөздері мен мақал-мәтелдеріне тоқталған болса, бұдан үш жүз жылдан соң Қазан қаласында жарық көрген Құрманғали Халидұлының «Тауарих хамса Шарқи» «Шығыстың бес тарихы» еңбегінде билер және билік жөнінде құнды пікірлер айтылған.

Түркі халықтары мақал-мәтелдеріді «аталар сөзі», «даналық сөздер», «нақыл сөздер», «ақыл сөздер» деп атап, «ақылдың бар ма – ақылға ер, ақылдың жоқ па – нақылға ер», «атаның сақалына қарам, айтқан мақалына қара», «мақал-мәтел маржан сөз, қоса көрме арзан сөз» деуі – халықтың берген әділ бағасы.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бір-ақ айтатын мақал-мәтелдер де аз сөзден жасалғанымен, көп мағынаны білдіретін фразеологиялық топтың бірі. Келелі ойды, кең мазмұнды данышпандық ақыл-өсиет түрінде салмақты айтатын, айтқанда соншама дәл, әрі әділ, ащы мысқыл, әдемі әжуасы аралас келіп нұсқап, тапжылтпай мақұлдатып тастайтын мақал-мәтелдерді пайдаланудың мәні зор.

«Жүздің көркі – сақал, сөздің көркі – мақал», «түз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді», «мақал-сөздің атасы» деп сөздің қадірін білген қазақ «өнер алды-қызыл тілге» ерекше мән берген. Сөз қадірін тек қазақ халқы ғана емес, барлық халық біледі. Әр халықта мұндай сөздердің қасиетін аша түсетін мақалдар кездесіп отырады.

Туысқан өзбек тілінде мынадай нақыл сөздер кездеседі: «яхши нақл томири ақл» («жақсы нақылдың тамыры – ақыл»), «оталар сузи-ақлининг кузи» («аталар сөзі – ақылдың көзі») [1, 7 б].

Татарларда – «қартлер сүзен қапка жый» («қарттар сөзін қапка жи»), «мәкаль сақалдан олырақ» («мақал сақалдан ұзынырақ») [2, 9 б].

Қырғыз, қазақтарда – «мақал атасы – сөз, мата атасы – бөз», әзірбайжандарда – «мақалмен дауласса алмайсың» («с пословицей не поспоришь»), «сөз гүл болса, мақал – гүл шоғы» («слово – цветок, пословица – букет»), «даналық мәтелде» («в поговорке – мудрость») [3, 5 б]

Қарап отырсақ, әлемде қанша ел болса, сонша сөз сыры бар.

«Мақал» сөзі араб тілінен келген делінеді. 1889ж. Н.Исәнбет жинап бастырған «Татар халық мәкальләрінің» 1-томында берілген мысалдарда, арабтарда «мекелли мәканын мекал» - «өр іске лайық сөз бар» деген мақал да бар көрінеді. Сонда «мақал» деп жүргеніміздің о бастағы мағынасы, «орынды сөз», яғни «тиісті жеріне дәл айтылған сөз» болып шығады. Көптеген тілдерде нақыл сөздің бұл түрлері әр қилы аталғанмен, олардың семантикалық мағынасы бір. Мәселен, өзбектерде «мақал», әзірбайжандар «аталар сөзі», чуваштар «қариялардан қалған сөз» («ваттисам калани») десе, көптеген түркі тілдерінде мақал мен мәтел қосарлан жүреді. Қырғыздар «мақал мен лақаптар», түркімен «нақылдар ве аталар сөзи», ұйғырлар «мақал вә тәмсил», татарлар «мәкәль һәм әйтем» деген терминдерді қалыптастырады. Бұдан шығатын қорытынды, қай халық болмасын, мақал-мәтелді қатты қадірлейтінін, әрі олардың өзара айырмасын, мәнін терең түсініп, тірлігіне қажет ететінін аңғарамыз. Қоғамның даму заңдылықтары туғызатын әрбір жаңа кезеңнің ел өміріне түбірлі өзгерістер енгізетіні белгілі. Алайда қандай қоғамның да алтын дінгегі – адам. Сондықтан да бүгін, Республикамыз дербес мемлекет мәртебесіне ие болып отырған шақта, қоғамымыз барлық мүшесін биік мақсаттың, үлкен адамгершіліктің, жоғары эстетикалық, этикалық талап талғамының адамы етіп тәрбиелеуде, оның жан дүниесіне рухани мол нәр беріп отыруда қоғамды гуманитарландыру қажеттігі күн тәртібіне ерекше қойылып отыр.

Ал гуманистік идеяларды жас ұрпақ санасына жеткізу, оларды насихаттауда мақал-мәтелдердің, даналық сөздердің, көркем әдебиеттің, тілдің орны айрықша екені сөзсіз. Мақал-мәтелдердің идеялық-эстетикалық мән-мағынасы, мазмұны оқырманға сөз құдіреті, сөз құдіреті,

сөз қуаты арқылы жетеді, оны ойландырады, иландырады, ұлттық мәдениет, болмыс, діл сияқты ұғымдарды тоғыстыратын ана тілі байлығынан мақал-мәтел адамзатқа ой-өрісін, пікір-көзқарасын, әлемді түсініп-түйсінуін мейлінше толық, барынша ұғынықты, әсерлі жеткізіп, қажетті сөздерді сұрыптап, таңдап көрсетеді. Сондықтан да лайықты пайдаланылған мақал-мәтел арқылы берілген информациясы адресатқа, оқырманға жетуі, сайып келгенде, оны ойландыруы, оның көңілінде түрлі ассоциациялар туғызуы, оның рухани деңгейін көтеріп, интеллектуалдық әлеуетін арттыруға, жан-жақты жарасымды дамуына қызмет етеді, сол арқылы қоғамды жақсартуға, жетілдіре беруге үлес қосады.

Халықтың тұтас бітім-болмысын ұлттық психологиямызға етене жақын ұғымдармен, ұлттық нақыш бояумен шебер көрсететін және әдеби тілді дамытудағы орны да айрықша идиомалық иірімдерінің бірі осы мақал-мәтелдер. Мақа-мәтелдерде жиі кездесетін терең мазмұнды тұжырымдар әсерлі, бейнелі түрінде оқырман ойында тез сақталып, жатталып қалуға бейімділігімен назар аудартады. Бұл тұжырымдар адам өмірінің алуан қырын қамтып, кім? Не? Қалай? Деген сұрақтарға жауап сияқты болып келеді: адамдық позиция жалпыадамзаттық құндылықтармен қабыстырылады; белсенді іс-әрекетке үндейді, бір сөзбен айтқанда, адам өмірінің мән-мағынсын, философиясын аз сөзге – мақал-мәтелге сыйғызады.

Ықшам, әсерлі, философиялық-дидактикалық тұжырымдарға фольклорда мақал-мәтелдер, жазба әдебиетте авторлық офоризмдер жататыны ғылыми әдебиет пен анықтағыш құралдардан белгілі.

Қазақ тіл білімінде халық философиясының көрінісі саналатын мақал-мәтелдерді зерттеу барысында М.Әуезов, М.Ғабдуллин [1,294б.] тұрды. Сол сияқты мақал-мәтелдердің жазу мен сөйлеуде қолданылуы, зерттелуі, аударылуы, түрлі синтаксистік, морфологиялық, лексикалық өзгеріске түсіп қолданылуы тұрғысынан өз пікірлерін ортаға салған О.Айтбаев, Г.Турабаев, О.Сұлтаньяев сияқты зерттеушілер еңбектерінің қазақ паремнологиясының қалыптасуына елеулі үлесі бар. Өзара тең дәрежеде байланысқан сөйлемдер интонация арқылы бір-бірінен ажырағысыз болып, өте келісті түзілім құрған және мағыналық байлығымен өзіне ерекше тартады.

Ал енді халық даналығының бір түрі мәтелдің мақалдан әжептеуір айырмашылығы бар. «Мәтел қолдану тілінде эмоционалды-экспрессивті бағалау үшін қолданылатын образды сөз» [4,646б.]. «Фольклорлық жанр, құбылысқа эмоционалды баға беріп, күнделікті қолданылу тіліне енген образды сөз.» [5,120б.]. Бұл туралы тілші ғалымдардың пікіріне назар аударсақ, К.Аханов «Мақалдар көбнесе екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында шарт немесе жалпы пікір айтылады: Кең болсай кем болмайсың. Мәтелдерде ой-пікір, топшылау мақалдардағыдай кесіп айтылмай, образды түрде жанамалай айтылған ишара болады: Қызым, саған айтам, келінім, сен тында» [6,109б.], – дейді.

Әдетте мақал-мәтелдер халық ауыз әдебиетінің ең бір қысқа да нұсқа, өткір де өміршең түрі, сондықтан да оны «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» деп атайды. Сондықтан да көптеген мақал-мәтелдердің шығуы арнайы еңбектерде бүтін бір ертегі мысалы, «Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл» деген сияқты, дастан, аңыз, хикая, жыр, толғаулардың ішінде айтылып, соның жалпы мазмұнының сығындысы ретінде мәні түсініліп, жеке өмір сүре бастайды деп көрсетіледі. Әрине, мақал-мәтелдердің біразы осылай да қалыптасқан болуы мүмкін. Кейбір өмірдің өзінен алынған, әдеттегі ұғымнан құрылған нақты ой астарлы мәнге ие болып, өзгеше мағынада қолданыла бастауы да ғажап емес. Мысалы, көшпенді өмір сүріп, малмен күн көріп өскен қазақ халқы: «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме», – дейді. Шындық. Сырын білмеген ат теуіп қалуы мүмкін, тістеп алуы мүмкін, байқамаса мерт етуі шын. Енді осы ой тереңдетіле түсіп, мағынасы кеңейе түсіп адам мәніне көшкен. Сырын білмеген адамға сырынды да айтуға болмайды, ой бөлісуге де болмайды, сөйтіп қателіктен сақтандырады, өміріне үлгі-өнеге болады. Әдеттегі болмыстың, шындықтың астарлы ой өрімінен туған тақпақты, жүйелі, сырты сазды, іші назды сөз өрнектері халық ұғымында бара-бара ұшқырланып, сымбатталып, сырланып, көркемдік пен шеберліктің үстеле түсуімен шыңдала түседі.

Мақал-мәтелдер бір заманның, бір кезеңнің ғана жемісі емес. Мақал-мәтелдердің өн бойынан халқымыздың өмір-тіршілігі, қоғамға деген көзқарасы, қатынасы, мәдени-әлеуметтік ой-өрісі көрініп отырады. Мысалы: ханда қырық кісінің ақылы бар. Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз болмайды. Шешеннің тілі ортақ, шебердің тілі ортақ, Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ...т.б.

Әрбір мақалдың сөз тігісін, сөйлем құрылысын, ұяқасты үйлесімді сөз саптасын, сырт тұлғасының жатықтығы ғана емес, бір сөзден бір сөз туындап, сыңғырлап, ұқсап келуі, аз сөзбен көп мәнді аңғартуы, тәлімдік, тәрбиелік мәні - бәрі-бәрі айшықты да айқын. Ұшқыр да ұтымды екенін көрсетеді. Әдеби тілдің сұрыпталған, сымбатты сипатын сақтап қана тұрған жоқ, сонымен бірге, әдеби тілдің икемділігін арттырып, дәлдігін айқындап, дамыта түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. –Алматы: 1958. – 294 б.
- 2 Татар халық мақал-мәтелдері. – Казань: 1959, –203б.
- 3 Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. –Алматы: Қазақстан. 1967, – 26б.
- 4 Қордабаев Т. Мақал-мәтелдердің синтаксистік кейбір мәселері. – //Қаз мектебі, 1960, 64бб.
- 5 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. –Алматы: 1960, –159б.
- 6 Аханов К. Қазақ тілі лексикасының мәселері. –Алматы: 1956. –175б.

ӘОЖ 372.801 Б20

ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР

БАИМБЕТОВА А.А.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ҚАБЫЛБЕК А.Т.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме В статье использован статистический метод определения частотности синонимов, омонимов, антонимов многозначных слов.

Summary. The article uses a statistical method for determining the frequency of synonyms, homonyms, antonyms of multi-valued words.

Адамзат қоғамының қарым-қатынас жасаушы құралы – тіл екенін бәріміз де білеміз. Кез-келген сөздің алатын өз орны бар. Өйткені адам баласы бір-бірімен пікір алысып, тіл арқылы қатынас жасағанда, ең алдымен сөзге сүйенеді. Р.А.Будагов: «Сөз ең негізгі категория. Тіл жөнінде ойласақ, әдетте, сөз туралы ой жүгіртеміз. Өйткені тіл сөздерден тұрады, сөздерге бөлінеді, сөздердің бір-бірімен қарым-қатынасы, байланысы арқылы іске асады. Тіл туралы ғылым сөзбен бірге басқа да тіл категорияларын қарастырады, бірақ басты табиғит категория ретінде сөз алынады», – деп өте дұрыс айтқан [1,56].

Сөз – тіл білімінің барлық саласының негізгі зерттеу объектісінің бірі болып саналады. Бірақ тіл білімінің әр саласы сөзді бір ғана қырынан зерттеп, өз заңдылықтарына сай сөз етеді.

«Тілдің дыбыстық және мағыналық жақтары, сөз және морфема, сөз тіркесі және сөйлем тілдің жалпы ортақ жүйесінің әр тектес элементтері ретінде қарастырылады, оны әр алуан бөлшектерден құралған жүйенің жүйесі деп атаймыз» [2,456], – дейді Д.Н.Шмелев. Осыған орай тіл білімі біршама дербес, бірақ өзара шарттас және бір-бірімен байланысты қазіргі қазақ тілі курсының мынадай негізгі салаларынан тұранытдығы айтуға болады: қазақ тілі

фонемасының жүйесі мен дыбыстық қатарын зерттейтін фонетика (фонология); морфология мен синтаксис сияқты екі тараудан тұратын грамматика; тілдің сөздік құрамын, оның тарихи дамуы мен қазіргі қалпы тұрғысына қарастыратын лексикология. Аталған негізгі салалармен тікелей байланысты және оларды толықтыратын тіл туралы ғылымның прагматикалық бағыттағы тараулары: орфоэпия, орфография, графика, пунктуация, стилистика. Тілді қарастыру барысында тілші Б.Момынова айтқандай әуелі ең кіші тілдік бірлікті анықтап аламыз да, енді одан біртіндеп күрделіге қарай иерархиямен сатылап зерттейміз. Бұл тіл білімінде қалыптасқан дағды. Қазіргі орыс тіл білімінде семасиология мәселесімен айналысып жүрген Н.И.Гайнуллина да осы пікірді құптай отырып, тілдік единицаларды зерттеу барысында жеңілден ауырға қарай бағыт жасалатындығын, оның ғылымда стратификация деп атайтындығын айтады. Сол себепті ғылыми зерттеу процесінде тілдік единицалар төмендегідей бір ізбен қатарланады: фонема - өзіндік мағынасы жоқ, бірақ бір сөзді екінші сөзден, бір морфеманы екінші морфемадан ажыратуға септігі бар, ары қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық единица. Морфема – сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін кіші мағыналық бөлшегі. Сөз – өзіндік дербес лексикалық мағынасы бар, тілдің өз алдына бір кіші единицасы. Сөз тіркесі - мағыналық және грамматикалық жақтан байланысқан екі немесе бірнеше айрықша мәне бар сөздер. Сөйлем – біршама тиянақты ойды білдіретін және предикаттық синтаксистік конструкциядан тұратын тілдік единица. Бұдан байқайтынымыз, сөз берілген стратификацияның орталығында жүреді.

Тіліміздегі бүкіл сөздердің жиынтығын сөздік құрам немесе лексика деп атап, оны тіл білімінің бір саласы – лексикология қарастырады. Лексикология - сөздік құрамның пайда болу, оның дамуын зерттейтін тарихи лексикология және сөздердің мағыналарын немесе семантикасын, сөздік құрамның көлемін, құрылымын т.с.с. зерттейтін сипаттама лексикология деп бөлінгендігі бізге мәлім. Қазақ тілі лексикологиясы қазіргі қазақ тіліндегі сөздер жүйесін зерттейтіндіктен оның негізгі объектісі *сөз* болады. Жоғарыда айтылып кеткендей сөз тіл ғылымының өзге салаларында да қарастырылады. Дегенмен олардың арасындағы мақсат басқа-басқа екен. Тіл білімінің қай саласы болмасын белгілі бір жүйеге негізделген.

Қазақ тілі білімінің лексикология саласында көп мағыналы сөздердің алатын орны ерекше. Сөздің мағынасының өзгеруінің, бастапқы мағынасының үстіне бірнеше қосымша мағыналардың жамалуының өзіндік даму, қалыптасу заңдылықтары бар. Сөз және оның мағынасының төңірегінде әр алуан көзқарастар болғандығы бізге мәлім. Себебі, сөз мағынасы қыры-сыры мол құбылыс. Ол ежелден-ақ көптеген тілшілердің қызығушылығын тудырып, олардың назарына іліге отырып, түрлі-түрлі пікірталастың негізгі объектісі де болып келді. Бұл пікірталастар көбінесе сөздердің көп мағыналы болу мәселесіне негізделген. Осы орайда кейбір зерттеушілер сөздің көп мағыналы болатынын мойындамай неше мағына болса, сонша сөз болуы керек деп қараса, екінші біреулері сөздің көп мағыналылығы кездейсоқ нәрсе деп, үшінші бір топ тілшілер сөздің көп мағыналылығы тілдің көне дәуірінің, сол дәуірдегі сөздердің диффуздық (жіктелмеген, ажыратылмаған) қалдығы деп қарайтын болса, енді біреулері бір сөз бір өзі-ақ бірнеше мағына бере алады дейді.

Сонымен, семасиология XIX ғасыр соңынан бастап тіл білімінің дербес пәні болып есептелініп, осы кезге дейін сөз мағынасының өзгеру жолдары, оны анықтаудың, зерттеудің әртүрлі бағыттары мен әдіс-тәсілдері қалыптасып, біршама материалдар жинақталып, маңызды қорытындылар мен тұжырымдар жасалды және семантикалық зерттеудің негізгі принциптері белгіленді. Алайда семасиологиялық тұрғыдан әлі де болса зерттей түсуді, зерттелгендерінің өзін әрі қарай талдай түсуді қажет ететін тұстары жеткілікті. Себебі жоғарыда айтылып кеткендей сөз және оның мағынасы көне дәуірден-ақ тілшілер мен ойшылдардың (философтардың) назарынан тыс қалмай талай пікірталастар тудырып жүрген күрделі мәселе болғанымен де, семасиология деген терминнің өзі, оның пән ретінде зерттеле бастауы тіл білімінің басқа салаларына қарағанда кеш қолға алынды. Ал түркологияда ол тіпті кенже пәне болып есептеледі. Егер лексикология – тіл білімінің сөз және оның құрылымын зерттейтін саласы болса, семасиология – сол сөздердің мағыналарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Сөз мағынасы – көп сатылы, көп қатпарлы құбылыс, ол – таңбажасам (семиосис) процесімен байланысты барлық құбылыстардың гаммасы. Лингвистиканың бұл екі саласы бір-бірімен өте байланысты болып келетіні бізге белгілі. Өйткені

әр сөздің екі жағы болады: бірі – сыртқы материалдық жамылғыш (дыбыстар комплексінен тұрады), екіншісі – оның мазмұны, яғни мағынасы.

Сөйтіп, семасиология сөздің мағынасын, оның дамуы мен өзгеруін, ауысуын және оның әдіс-тәсілдерін, сондай-ақ өзгерістердің болуының себептерінің ішкі, сыртқы заңдылықтарын қарастырады. Семасиологияның негізгі мақсатының бірі – тілдік единицаларда тілден тыс құбылыс қалайша көрініс табатынын зерттеу. Тілдің лексика-семантикалық жүйесін басты түрде қамтамасыз етуші болмыстағы құбылыстар арасындағы байланыс пен қарым-қатынас тілдің өзіне қарағанда, әрине, сыртқы заңдылық болып табылады. Алайда кез-келген таңбалық жүйе берілген жүйеден тыс жатқандарды белгілеу үшін қолданылады, және таңба (сөз) мағынасының өзі берілген жүйеден тыс та ашылады. Бірақ бұдан тілдің лексика-семантикалық жүйесінің тілдік ерекшелігінің рөлі төмен екен деп түсінбеу керек. Лексикалық жүйе үшін сөздердің тобының негізгі түрі лексика-семантикалық топ (ЛСТ) болып табылады. Ал ол сөздерді белгілі бір ЛСТ-қа біріктіруші сөздің лексикалық мағынасы. Басқаша айтатын болсақ, лексикалық мағына сөздерді белгілі бір заңдылық бойынша лексика-семантикалық топтарға біріктіреді. Бір ЛСТ-тағы сөздердің негізгі парагдималық ерекшелігі олардың мағыналарында біркелкі семалар болады. Яғни бір ғана топқа бірігу (ену) үшін не мағыналары ортақ болады, немес мағына қарама-қарсылығына негіздеделі.

Жалпы адамзат тілі жүйелі категория. Олар бірімен-бірі байланысып, бірінен-бірі туындап жатады. Міне, осы тұрғыдан келгенде көп мағыналы сөздер де бірнеше ЛСТ-тардың жасалуына негіз болатындығы жөнінде біз осы диплом жұмысында сөз қозғағалы отырмыз. Қазақ тіл білімінде көп мағыналы сөздердің өз табиғаты, сондай-ақ басқа да ЛСТ (омоним, антоним, синоним) айқындалғанмен, көп мағыналы сөздерден жасалатын ЛСТ жөніндегі мәселе әлі де болса тың жатқан құбылыс. Қазақ тіліндегі жалпы түркі тілдеріне тән ортақ лексикалық қабат. Бұлар лексикология теориясының жалпы проблемалары ретінде жалпы лексикологияда (общая лексикология) қарастырылады. Ал нақты бір тілдің лексикасы және оның ерекшеліктері жеке лексикологияда (частная лексикология) қарастырылады. Жалпы лексикология мен жалқы (жеке) лексикология бір – бірімен байланыста болады. Бұлай болатындығы мынадан: қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтар жеке, нақтылы тілге де тән болады. Мысалы, қоғам дамуының барысында жаңа сөздердің жасалып, тілдің сөздік құрамының толығы, дамуы, кейбір ескірген сөздердің одан шығып қалуы немесе өте сирек қолданылатын сөздерге айналуы – тіл атаулыға тән жалпы заңдылық. Сондай – ақ, тілдің даму барысында сөз мағынасының өзгеруі, көп мағыналы сөздердің жасалуы және синонимдік қатарлардың пайда болуы- осылардың бәрі тілдердің барлығында да бар. қатынас құралы, қоғамдық құбылыс ретіндегі тіл атаулыға тән жалпы құбылыстар мен заңдылықтар дүние жүзіндегі тілдердің әрқайсысында (нақты, жеке тілдерде) түрліше (өзіндік ерекшелігімен) көрінуі мүмкін. Мысалы, дүние жүзіндегі тілдердің бәрінде де туынды сөздер сөз тудырудың бір тәсілі – сөздерді біріктіру тәсілі. Сөз тудырудың біріктіру тәсілі әр түрлі тілдерде түрліше дәрежеде көрінуі және әрекет етуі мүмкін. Бұл тәсіл, мысалы, басқа тілдерге қарағанда, көбінесе неміс тіліне тән және неміс тілі үшін ең өнімді тәсіл болып саналады. Осыған орай, неміс тілінде біріккен сөздер өте жиі ұшырасады. Сөздердің қосарлану тәсілі түрлі тілдерде бар, әсіресе ол түркі тілдеріне өте – мөте тән. Осыған орай, басқа тілдерге қарағанда, қос сөздер түркі тілдерінің лексикасында анағұрлым мол. Омонимдер және олардың фонетикалық өзгерістердің нәтижесінде, түбірге омонимдес аффикстердің жалғануы немесе сөздің семантикалық дамуы нәтижесінде жасалуы түрлі тілдерде кездесе береді. Аталған тәсілдердің ішінде аффикстердің жалғануы арқылы туынды омонимдердің жасалуы әсіресе орыс тіліне өте – мөте тән болып саналады. Орыс тілінде, осыған орай, түбір омонимдерге қарағанда, туынды омонимдер анағұрлым жиі ұшырасады. Бұл айтылғандар тілдің лексикасын сипаттайтын құбылыстар мен жалпы заңдылықтар нақтылы, жеке тілдерде олардың (тілдердің) өзіндік ерекшеліктеріне орайласып, түрліше көрініс табатындығын аңғартады.

Жалпы қатынас құралы ретіндегі тіл атаулының лексикалық жағына тән құбылыстар мен жалпылама заңдылықтар мен ұғымдар жалпы лексикологияда қарастырылса, лексикалық құбылыстар мен жалпы заңдылықтардың жеке, нақтылы тілдердің лексикасына икемделіп

көрініс табуы және әрбір тілдің сөздік құрамы мен оның дамуы, өзіндік ерекшеліктері жалпы лексикологияда (жеке, нақтылы тілдің лексикологиясында) қарастырылады, әрбір тілдің лексикологиясы (жеке лексикология) жалпы лексикологияның жалпы теориялық қағидаларына негізделеді де, нақты бір тіл лексикасын зерттейді.

Тілдің әр түрлі жақтары (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық), бір-бірімен өз ара қарым-қатынаста, байланыста болатыны сияқты, оларды зерттейтін тіл білімінің де әр түрлі салалары бір-бірімен өз ара әрдайым байланыста болады. Мысалы, лексикологияның тіл білімінің арнаулы бір саласы ретінде фонетика және грамматикамен мынадай байланысы бар: тілдегі әрбір сөз дыбыстардың белгілі бір тіркесімен айтылады (жалғыз дыбыспен айтылатын сөз, әдетте, тіл-тілде сирек ұшырайды). Дыбыс тіркестері сөздің сыртқы жамылғышы да, сөздің мағынасы оның мазмұны, болып саналады. Қандай бір сөз болсын, дыбыс тіркестерімен айтылып, белгілі бір мағынаны білдіреді. Сөздің дыбыстық жағын зерттейтін фонетиканың лексикологиямен байланысы да осыдан келіп туады. Тіл-тілде сөздің дыбыстық құрамының өзгеруі немесе екпінінің ауысып түсуі сөз мағынасына әсер етіп, оны өзгертеді. Туыстас тілдердің лексикасын өз ара салыстыра зерттеу немесе белгілі бір тілдің лексикасын тарихи тұрғыдан зерттеу, сондай-ақ этимологиялық зерттеулер салыстырмалы – тарихи фонетиканың деректеріне негізделеді. Әрбір тілдегі сөздердің өзінің фонетикалық ерекшеліктері болады. Сөздің басы немесе аяғы фонетикалық белгілермен, мысалы, дыбыстардың кейбіреулерінің жиі немесе сирек қолданылуы немесе мүлдем қолданылмауы ерекшеліктерімен сипатталады. Мысалы, қазақ тілінің төл сөздері ө дыбысынан басталмайды және бұл дыбысқа ешбір сөз аяқталмайды. Сондай-ақ, қазақ тілінде г,б,д дыбыстарына бітетін төл сөздер кездеспейді. Төл сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстар не бірыңғай жуан дауыстылар, не бірыңғай жіңішке дауыстылар болып келеді. Қазіргі қазақ тілі лексикасында құрамындағы дауыстылар жуан да, жіңішке де болып келетін сөздер кездесе береді, бірақ олардың басым көпшілігі-шет тілдік сөздер. Лексикологиялық зерттеулерде сөздің осындай фонетикалық ерекшеліктері еске алынады.

Академик В.В. Виноградов фразеологиялық единицаларды бүтіндей фразеологизмнің бір тұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңарлардың мағыналарының ара қатысы тұрғысынан фразеологиялық тұтастық(фразеологические сращения), фразеологиялық бірлік (фразеологическое единство)және фразеологиялық тізбек (фразеологическое сочетание) деп үш түрге бөледі [3,112б.].Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н.М.Шанский аталған классификацияны қолдай келіп, фразеологиялық оралымдардың төртінші түрі фразеологиялық сөйлемше (фразеологическое выражение) деп есептейді.

Тіл-тілде фразеологиялық оралымдар әр түрлі жолдармен жасалған.Олардың жасалуына алуан түрлі құбылыстар, ұғымдар, түсініктер негіз болған.

Фразеология тіл білімінде 2 түрлі мағынада қолданылады.Біріншіден тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің бір саласы болса, екіншіден бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бері қарай түркі тілдерінде, соның іші қазақ тілінде фразеология мәселесі жан-жақты зерттеле бастады.Академик І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегі (1977) бүкіл түркітануға үлес болды. Ә.Қайдаров [4], Ә.Болғанбаев [5], Ғ. Қалиев [6], сынды ғалымдар фразеологияның қыр-сырын танытуда көлемді әрі тұжырымды еңбектер беруде.

Бір тілде қанша сөз болса, солардың тұтас жиынтығын тіл ғылымында лексика немесе сөздік құрам деп атайды. Сөздердің мағынасын, оның жалпы лексикалық жүйедегі алатын орнын, шығу төркінін, қолдану қабілетін, күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, түрлі стильдік мәні мен сипатын тәнсеретін ғылымды бір сөзбен лексикология дейді. Лексикология сөздерді тілдің қазіргі даму тұрғысынан да, сонымен бірге өткен тарихымен тығыз байланыстыра отырып та зерттейді.

Сөз байлығы – лексика қарастыратын негізгі және күрделі единица. Тілдің сөз байлығына тұрақты тіркестер де жатады, Бұлар замаидар бойы біртіндеп туып қалыптасқан, ұзақ дамудың жемісі. Сондықтан лексиканы зерттеу сөздік құрамды. Тұтас алғанда бір бүтін система деп қарауды міндеттейді. Яғни лексикология жекелеген сөздер тобын емес, тілді

қалыптасқан лексикалық жүйесі тұрғысынан қарайды. Тілдің, қаншалықты дамып жетілгендігі/сөздік құрамдағы сөздердің санымен де, мәнімен (көп мағыналылығымен) де өлшенеді. Сөздік құрам неғұрлым бай болса, тіл де соншалықты дамыған болады. Бүгінгі қазақ тілі сөз байлығы жағынан дамыған тілдердің қатарына жатады

Тіл ғылымының әрбір саласы өзінің дербестігі мен даралығын (өзіндік қасиетін) сақтай отырып, өзара бір-бірімен байланысып отырады. Қазіргі қазақ тілі фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, стилистика, диалектология болып бірнеше салаға бөлінгенімен, осылардың барлығының да тексеретіні – сөз. Тілдегі сөздерді бұлардың әрқайсысы әр қырынан ілып қарастырады. Тілдің негізін жасайтын – оның грамматикалық құрылысы мен негізгі сөздік қоры. Кез келген дыбыстардан әркім өз қалауынша сөз жасауға, грамматикалық тұлға жауға да жол жоқ, Лексикалық элемент те, грамматикалық элемент те дыбыстардың белгілі бір жүйелі тіркесі арқып жасалады. Сондықтан да нақтылы бір тіл ұрпақтан-ұрпаққа ескірімес мұра болып мәңгі-бақи сақтала береді. Алдыңғы толқын өздері біртіндеп өмірден көшкенімен, олардың сөйлеген тілі бүгінгі ұрпаққа да соншалықты түсінікті болып тұрады. Мәселен, кеменгер Абайдың тілін өткен ғасырдағы адамдар қалай түсінген болса, бүгінгі ұрпақ та дәл сол мәнінде мүлтіксіз ұға алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Будагов Р.А. Многозначность слов // Филологические науки. 1958. №1.
- 2.Грамматические исследования. Функционально - стилистический аспект: морфология. словообразование. синтаксис. / Н. Е. Ильина, В. Л. Воронцова, С. Н. Борунова ; отв. ред. Д. Н. Шмелев ; АН СССР, Ин - т рус. яз. – М. : Наука, 1991. – 246с.
- 3.Виноградов В.В. Словообразование и его отношения к грамматике лексикологии (на материале русского и родственных языков) //Вопросы теории и истории языка в свете трудов И.В. Сталина по языкознанию. М.: Изд. АН СССР, 1952. – 494 с.
- 4.Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. Оқу құралы. –Алматы, 2002. – 110 б.
- 5.Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: Проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: 1988, – 245б.
- 6.Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: 1975. –301б.

ӘОЖ 372.801 Б20

АНАФОРАЛЫҚ ТІЛ БІРЛІКТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

БАИМБЕТОВА А.А.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

СЕРІКБАЙ Т.Қ.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены лексико-грамматические особенности, функциональные употребления анафорических языковых единиц.

Summary. The article details lexical and grammatical features, functional uses of anaphoric language units.

Соңғы жылдарда тіл біліміндегі теориялық лингвистика мен типологиялық зерттеулердің негізгі объектісі ретінде көбіне анафоралық тіл бірліктері қарастырылып жүр. Бұл кездейсоқтық

емес. Себебі анафоралық тіл бірліктері сілтеушілік, орынбасарлық қызметте кеңінен жұмсалады. Ал сілтеу, орынбасу коммуникативтік актіні іске асыруда, мәтін құрауда, тілдің когнитивтік жүйесінде маңызды қызмет атқарады. Сондықтан да анафоралық тіл бірліктері ерте кездерден бастап, күні бүгінге дейін зерттеушілердің зерделеу нысанынан қалыс қалып көрген емес. Содан да болар тіл білімі тарихында анафоралық тіл бірліктерін сөз еткен ғалымдар да, түрлі зерттеу еңбектері де көптеп саналады. Анафоралық тіл бірліктері ретінде біз есімдіктерді, оның ішінде жіктеу және сілтеу есімдіктерін айта алатындығымызды жоғарыда атап өттік. Сондықтан да анафоралық тіл бірліктерінің зерттелуін есімдіктердің зерттелуімен тікелей байланыста қарастыратынымыз сөзсіз.

Ал есімдіктер батыс және орыс тіл білімінде, түркологиялық зерттеулер мен қазақ тіл білімі саласында да кеңінен сөз болып келеді. Алғаш батыс және орыс тіл білімі тарихындағы есімдіктердің сөз болуына тоқталамыз. Батыстық лингвистика мен орыс тіл білімі тарихындағы есімдіктер туралы барлық еңбектерді түгелдей қамту, әрине, мүмкін емес, олардың көлемін біздің біздің жұмысымызға сыйдыру мүмкін де болмас. Сондықтан да біз батыс және орыс тіл біліміндегі есімдіктерді зерттеуге арналған негізгі, яғни өз жұмысымыздың бағытына қатысты еңбектерге ғана тоқталамыз.

Есімдіктердің анафоралық қызмет ерекшеліктері ерте кезден бастап-ақ сөз болуда. Есімдіктердің орынбасарлық қызметін Г. Суит алғаш сөз етсе, субституция теориясын Л. Блумфильд бастап, Р. Гарверг жалғастырады және де бұл мәселеге Р. Краймз 1965 жылы докторлық диссертациясын арнайды. Ал дейксис теориясын сөз еткен К. Бругманнның ой-пікірлері К. Бюлердің еңбектерінде (1934) жалғастырылып, К. Бюлердің бұл ойлары кейін келе «эгоцентризм» теориясына бастау болды.

Жиырмамыншы ғасырдың басындағы тіл білімі тарихында К. Бругманн, Ч.С. Пирс, А. Норен, О. Есперсен, К. Бюлер, П. Кристоферсен тәрізді ғалымдар есімдіктерді арнайы сөз етіп, өз еңбектеріне арқау етті.

Неміс лингвисті К. Бругманн 1904 жылы дейксис терминін кең көлемде қолдануды ұсынып, оның аясына сілтеу есімдіктерімен қатар жіктеу есімдіктерін де енгізді. Ол бірнеше тілдің элементтерін зерделей келе, дейксисінің төрт түрін бөліп көрсеткен. Мұны ары қарай К. Бюлер тереңдеткендігін Л.Я. Маловицкий былай айтып көрсетеді: «Система К.Бругманна была преобразована К.Бюлером в систему ориентирования относительно собственного «я», что позднее было удачно названо эгоцентризмом местоимений» [1, с. 88].

Дейксис ұғымы зерттеле келе, Ч.С. Пирс еңбектерінде де (1940) жалғасын табады. Ғалым өз еңбектерінде «индекс» ұғымын енгізіп, сілтеу есімдіктердің «индексалдылығын» саралайды. Бұл туралы «Человеческий фактор в языке» жинағында былай делінген: «Без индексальных элементов естественный язык не может. К таким элементам Ч. Пирс относил, в частности, указательные местоимения, которые, по его словам, «призывают слушающего привести в действие механизмы наблюдения, устанавливая таким образом реальную связь между его сознанием и обозначаемым объектом» [2, с.158].

Есімдіктердің түрлі қызметтерін саралауда ғалымдардың айтқан пікірлері бұл сөз табының ерекшеліктерін ашуға септігін тигізді. А.Норен есімдіктерді мағынасы «өзгермелі» сөздер ретінде белгілей отыра, есімдіктердің мағыналарының тұрақсыздығын, олардың түрлі жағдайлармен анықталатынын айтады. Ал О. Есперсен А. Нореннің пікіріне сын айта отыра, былай деген: «Разряд, установленный Норейном, слишком обширен и слишком разнороден, и все же нелегко понять, как под его определение могут подойти такие слова, как вопросительное кто, что или какой-то, ничего и т.п.» [3, с.91].

Дейксис ұғымын Дж. Лайонз (1977) сөйлеуші айтып тұрған немесе контекстің кеңістіктік-уақыттық өлшемдеріне қатысты сілтеу арқылы көрініс беретін зат, құбылыс, оқиға, тұлғалардың теңестіріліп сәйкестенуі ретінде түсіндірсе, А. Бенвенист «Общая лингвистика» атты еңбегінің (1974) бір бөлімін дейксис мәселесіне арнайды. Ол мұнда дейксистік элементтерді тілдегі субъектілік деген ұғыммен береді. Ол субъектілік элементтер ретінде жіктеу есімдіктерін атай отыра, оларға мынадай түсінік береді: «Я - это индивид, который производит данный речевой акт, содержащий акт производства языковой формы я. Ты: индивид, к которому обращаются в

данном речевом акте, содержащем акт производства языковой формы ты»[4,с.287]. Э. Бенвенисттің осы еңбегіндегі негізгі ойлары есімдіктердің қызметтерін саралауға ықпал етті.

Ал есімдіктердің түркологияда зерттелуіне келсек, ол алғаш орыс миссионерлерінің зерттеулерінде сөз болған. Н.И. Ильминскийдің «Қырғыз тілін зерттеу материалдарында» қазақ тілінің татар тілінен ерекшеліктері сөз болады. Мұнда есімдіктер талданбайды, тек жіктеу, сілтеу есімдіктерінің кейбір ерекшеліктері ғана сөз болады. Ал П.М. Мелиоранскийдің «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасында» есімдіктер бес топқа бөлінген. В. Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка. Фонетика. Этимология и синтаксис», Н. Созоновтың «Записки по грамматике киргизского языка», А. Старчевскийдің «Спутник русского человека в Средней Азии» сияқты еңбектерінде де есімдіктер сараланады.

Түркологияда алғашқы жылдары С.В. Ястремский (1900) якут тілін, В.В. Радлов (1911) түрік тілдерін, А.Н. Самойлович (1916) - татар тілін, В. Банг (1931) - түрік тілдерін, Н.К. Дмитриев (1926) - осман тілін, И.А. Батманов (1936, 39) - қырғыз тілін, В.А. Богородский (1934) - татар тілін, В.А. Гордлевский (1916) - осман тілін зерттей отыра, сол зерттеулерінде есімдіктерді сөз етеді. Бұл еңбектерде есімдік дегеніміз не, оның түрлері, кейде тарихы мен сөйлем мүшесінің қызметтерін атқарулары айтылады.

В.А. Гордлевский түрік тілінде *бұл* – айтылып кеткен затты, *осы* – енді айтылатын затты сілтейді дейді де, түрік тілдеріндегі сілтеу есімдіктерінің үш деңгейлі қатарының кеңістікті, уақытты білдіретіндіктерін де айтады. Ал Н.К. Дмитриев В.А. Гордлевскийдің пікірін ескере отырып, сілтеу есімдіктерін сөйлеушінің алдын-ала сілтенетін элементпен таныс болу-болмауы белгілеріне қарай саралау принципін ұсынады.

Алтай тілдеріндегі есімдіктерді талдауда В. Котвич елеулі еңбек етті, түрік туыстас тілдерінің есімдіктер жүйесін зерттеуге А.П. Поцелуевскийдің «Просхождение личных и указательных местоимений» және Н.А. Баскаковтың «О соотношении значений личных и указательных местоимений», Ф.Ашниннің «Указательные частицы в тюркских языках» сияқты еңбектері арналды [5].

Қарап отырсақ, түркологияда есімдіктерді сөз еткен ғалымдар көбінесе олардың шығу тарихына, құрамына, негізгі түрік тілдеріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарына, мағыналарына морфологиялық құрылысына, сілтеуішітігіне назар аударғандығын байқаймыз.

Соңғы жылдары да бұл тақырып тоқырап, тоқтап қалған жоқ. Түркология тарихында кейінгі жылдарда да диссертациялық еңбек жазған авторлар өте көп. Атап айтатын болсақ, олар: К.А. Бейсембаеваның (2002) - «Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке», Н.Дыкиннің (1990) - «Личные и притяжательные местоимения в русском языке в сопоставлении с языком дари», С. Рузиеваның (1991) - «Синтаксические функции личных местоимений в современном русском и узбекском языках», Г.Садырованың (1997) - «Вставные конструкции в современном казахском языке», Б.Сияевтің (2003) - «Формирование местоимений в таджикском языке» және т.б.

Есімдіктердің қазақ тіл білімінде сөз болуына келсек, А.Байтұрсыновтың еңбегінде есімдіктер 5 түрлі топқа (жіктеу, сілтеу, сұрау жіктеу (жалпылау болуы керек), танықтық) бөлініп қарастырылады. Мұнда А. Байтұрсынов «жіктеу есімдігі дегеніміз- сөйлеген кезінде сөйлеушінің, тыңтаушының һәм бөгделердің жігін ажырататын сөздер»,- деп дұрыс атап көрсетеді [6,226б.]. Ғалымның пікірлері қазақ тіл біліміндегі есімдіктер туралы терминдердің қалыптасуына негіз болғаны сөзсіз.

Жалпы қазақ тіл білімінде есімдікті есім сөздерден бөліп алып, өз алдына жеке сөз табы ретінде танытқан Қ. Жұбанов болған. Содан бері жеке сөз тобы ретінде қарастырылып келе жатқан есімдіктерге ғалымдар түрлі анықтамалар берген. Мысалы, А. Байтұрсынов: «Есімдік дегеніміз- есімдердің, яғни зат, сын, сан есімнің орнына жүретін сөздер» [6, 226б.] десе, Қ. Жұбанов: «Орынбасар есім (есімдік) деп түбірдің де, қосалқы шылаулардың ортына жүре беретін түбірлерді айтамыз [7,155 б.] деген анықтама берген.

Бұдан кейінгі жерде қазақ тіл білімінде С. Аманжоловтың еңбектері жарық көрді. Ғалым 1938 жылғы «Грамматика» оқулығында оны жіктеу, тәуелдеу, сілтеу, сұрау және белгісіздік есімдігі деген топтарға бөліп қарастырады, ал 1939 жылғы еңбегінде қайтадан 7 топқа бөледі.

Сондай-ақ, есімдіктер түрлі оқулықтарда көптеген ғалымдармен саралауға түседі. Қазақ тілі грамматикасына қалам тартқан авторлардың барлығында дерлік есімдіктер сөз болады. І. Кеңесбаев пен С. Жиенбаевтың оқулықтарында «өздік» есімдігі «тәуелдеулі» есімдігі деп аталса, 1952 жылғы А. Ысқақов пен К. Ахановтың «Қазақ тілі грамматикасында» «өздік» есімдігі деп алғаш аталады. Алғашқы авторлардың «тәуелдеулі есімдіктер» деп айтуы орыс тіл білімінің әсерінен болған болуы керек. Тура осылай есімдіктердің 7 тобына 8-ші топ ретінде «тәуелдеулі» есімдіктерді қосу Н.Сауранбаевта да кездескен. Есімдіктің 7 мағыналық тобы А. Ысқақовтың 1954 жылғы еңбегінен бастап тұрақталды деуге болады.

Есімдіктер қазақ тілінде синтаксистік оқулықтарда да кездеседі, мұнда М.Балақаев, Н.Сауранбаев, О.Төлегенов, Х.Арғынов, Р.Әмір, Т.Сайрамбаев сынды ғалымдар есімдіктердің синтаксистегі түрлі қызметтерін айта отыра, бұл сөз табының зерттеліп, саралануына септігін тигізеді.

Қазақ тілін зерттеу мәселесі қолға алынғаннан бері есімдіктерді зерттеуге көптеген ғалымдар атсалысты, олардың мақалалары мен зерттеу еңбектерінде, есімдіктер түрлі қырларынан сөз болды. Ол қатарға мына еңбектерді жатқызуға болады: Н. Сауранбаевтың «Есімдіктер», Ш.Сарыбаевтың «О местоимениях ту, түнеу», «К вопросу о местоимении в казахском языке», А. Төлеуовтің «Қазақ тіліндегі есімдіктер», А.Ысқақовтың «Есімдіктер», А.Ибатовтың «Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан», «Қазақ тіліндегі есімдіктер» атты еңбектері [8, 376.].

Ш.Сарыбаев 50-ші жылдары есімдікке көп көңіл бөліп, бұл сөз табының мәселелеріне бірнеше мақалаларын арнады. «К вопросу о местоимении в казахском языке» деген мақаласында сұрау есімдіктерінің құрмалас сөйлем жасаудағы қызметтерін саралай келе, оларды қатыстық есімдіктер деп бөліп қарауға да болар еді дейді. Сондай-ақ ғалым түү сілтеу есімдігі тү сілтеу тұлғасы мен ол есімдігінен құралған деген пікірлер білдіреді.

Ғ.Мұсабаев 1960 жылғы «Қазақ тілінің лексикасы» атты еңбегінде жіктеу есімдіктерінің құрамындағы «н» дыбысы туралы айта келе, былай деп қорытады: «Н көне заманнан қалған жұрнақ. Онда да көне түрік жазуларының ескерткіші қойылғанға дейін көп ілгері болған құбылыс деу орынды сияқты. Өйткені көне түрік ескерткіштерінде V ғасырдан бастап *мен, сен, ол, бұл, сол* деген есімдіктер бар» [9,63 б].

Қазақ тілінің есімдіктерін ғылыми тұрғыдан баяндап, бір жүйеге түсірген ғалым А.Ысқақов еді. А.Ысқақов өзінің «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында есімдіктердің мағыналық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін саралап, оларды жан-жақты талдайды, олардың жалпы сипатын, жасалуын, 7 мағыналық топтарын, синтаксистік қызметтерін бір жүйеге келтірген.

А. Әбілқаев 1963 жылғы «Қазақ тіліндегі жай сөйлемнің түрлері» атты еңбегінде сұраулы сөйлемдерді сөз ете, олардың жасалу жолдарының бір құралы ретінде сұрау есімдіктеріне тоқталады, «бұларға мынадай есімдіктер жатады: *кім? не? қ ай? қ аниша? қ андай? қ айда? қ айсы?* және т.б. Осылардың бірін қолдану арқылы сөйлемде сұраулық мағына туады дей келе, олардың қолданылуын, басқа сөздермен тіркесу қабілеттерін саралайды [10, 9 б.].

Қазақ тіл білімінің тарихында есімдіктерге арнайы зерттеу еңбегін арнап, оны жеке сөз табы ретінде ғылыми да, практикалық та тұрғыдан терең зерделеген ғалым А. Ибатов екендігі баршамызға аян. Есімдіктердің табиғатын тануда А. Ибатовтың «Қазақ тіліндігі есімдіктер тарихынан» «Қазақ тіліндегі есімдіктер» атты еңбектерінің құндылығы үлкен екендігін баса айтуымыз жөн [9,396.].

Есімдіктердің синтаксистегі қызметтері соңғы жылдардағы зерттеулерде қарала бастады. Профессор Р. Әмірдің «Іргелес салалас сөйлемдер» атты мақаласында сілтеу есімдіктерінің құрмаластың компоненттерін байланыстырудағы анафористік қызметтері сөз болады.

Бұл зерттеулерді топшылай келе байқағанымыз, есімдіктердің синтаксистік қызмет ерекшеліктері сөз тіркесінің сыңарларының қатарында жұмсалуды, басқа сөз таптарымен тіркесу қабілеті, сөйлем мүшелерінің қызметін атқаруы тұрғысынан ғана сөз болған. Есімдіктердің синтаксистік жүйедегі анафоралық қолданыстары, олардың құрмалас сөйлемдердегі қызметі,

мәтін құрамындағы қолданыстары оқта-текте айтылып қалмаса, арнайы зерттеу объектісі ретінде алынбаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Маловицкий Л. Номинативные и дейксические значения. – Ленинград: Наука, 1996. – С. 88-89.
2. Человеческий фактор в языке. Коммуникация, модальность, дейксис. – Москва: Наука, 2008. – С. 158.
3. Есперсен О. Философия грамматики. – Москва: Иностранная литература, 1958. – С. 9-250.
4. Бенвенист Э. Общая лингвистика. – Москва: Наука, 1974. – С. 287-290.
5. Ашнин Ф.Д. Принципы дифференциации турецких указательных местоимений // Вопросы языкознания. – 1958. – № 2. – С. 101-108.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 226 б.
7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2011. – 155 б.
8. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан. – Алматы: Ғылым, 1966. – 22-37 бб.
9. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: Мектеп, 1988. – 205б.
10. Әбілқажыев А. Қазақ тіліндегі жай сөйлемнің түрлері. – Алматы: ОПБ, 1963. – 109 б.

ӘОЖ 82.085.Ш78

ҚАЗАҚИ ТҮРМЫСҚА ҚАТЫСТЫ ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕРДІҢ ХАЛЫҚТЫҚ СИПАТЫ

ШОРМАҚОВА С.М.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Расчеты Великой Степи о жизни казахов возникли в связи с трудом, профессией, бытом, общественной жизнью и развитием народа. В статье рассматриваются древние математические расчеты народного характера как один из жанров казкской литературы

Summary. Calculations of the Great Steppe about the life of Kazakhs arose in connection with work, profession, everyday life, social life and the development of the people. The article considers ancient mathematical calculations of folk character as one of the genres of Kazakh literature

Ұлы даланың көне есептері, адамдардың еңбек, кәсіп етуіне, тұрмыс – тіршілігіне, қоғамдық өміріне және оның дамуына байланысты туындаған. Ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде зерттеліп отырған көне есептер халық өмірімен тығыз байланыста дамыды. Сонау, ықылым заманнан бастап, хандық дәуірде туған, бертін келе – қоғамдық, экономикалық жағдайлардың, адам баласының дүние танудағы ой – өрісінің ұлғайтып өсуіне қарай есептер де дамып отырған.

Ұлы Даланың көне есептері ең алдымен бүкіл халықтық мәні бар мәселелерді көтереді. Сонау ықылым заманнан бастап қазақ халқы көшпелі жағдайда болды да, мал шаруашылығын кәсіп етті. Халықтың күн көрісі, тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малға байланысты еді. Жесе – азық, кесе – киім, мінсе – көлік дегендей, көшпелі жағдайда өмір сүрген, экономиканың басқа түрі дамымаған қазақ халқы үшін төрт түлік мал тіршілік тірегі болды.

Өзінің тұрмыс-тіршілігінде осындай ерекше орын алған, пайдасы тиіп, қызметі сінген төрт түлік мал жайында қазақ халқы ерте заманда-ақ неше түрлі әңгіме, жыр, өлеңдер шығарып, есептер құрастырған. Бұлардың бәрінде де мал шаруашылығымен кәсіп еткен адамның төрт түлік жайындағы көзқарасы, ой-арманы, тілек-мүддесі көрініп отырады.

Ауыз әдебиетінде төрт түлік мал жайындағы шығармалардың кейбір үлгілері өте ерте заманда, адамдардың жаратылыс сырын түсіне алмаған кезінің өзінде-ақ туа бастаған. Жаратылыс сырын түсіне алмаған ықылым замандағы адамдар (тек қазақтар ғана емес) әлем дүниесіндегі әрбір құбылыстарды өзінше түсініп, әрқалай жорыған, бұларда ерекше күш бар деп сенген, соған табынған.

Қазақ аңыздарында «құт басы – еңбек.» деген түсінік бар. Осы түсінікпен ертеде қазақтар әр түлік малдың өз иесі болады деп, Шопан ата, Қамбар ата, Ойсыл қара, Зеңгі баба жайында аңыздар тудырған. Мысалы, Шопан ата қойларын күні-түні бақса да тойғыза алмай, қарнына асасын тығып алыпты. Содан қойдың бір бүйірі шұқыр болыпты-мыс дейтін аңыз бар. Төрт түлік мал жайындағы шығармалардың алғашқы үлгілері осындай сенім-нанымдарға байланысты туған. Онда әрбір түліктің жаратушы иесі бар деп білген. Мәселен, қазақта «Қазығұрт тауы» деген әңгіме-жыр бар. Осы жырда халық төрт түлік малдың қалай пайда болғанын былай баяндайды. Баяғы бір заманда дүние жүзін топан-су қаптап кетеді. Тек қана Қазығұрт тауы аман қалады және осы таудың ығында Нұқ пайғамбардың кемесі тұрады. Топан қаптаған кезде жан-жануарлар осы кемеге тығылады. Мұның ішінде төрт түлік малдың әрқайсысынан тұқым болады. Әрбір түліктен бір-бір тұқым аман қалады да, кейіннен ол өрбіп өседі. Бұл түліктерді топаннан сақтап қалған олардың жаратушысы иесі болады. Содан бері қазақ халқының ұғымында: Жылқының иесі – Жылқышы-ата (кейде Қамбар-ата деп те айтылады), қойдың иесі – Шопан-ата, түйенің иесі – Ойсыл-қара, сиырдың иесі – Зеңгі-баба, ешкінің иесі – Сексек-ата деген философиялық ой қалыптасып қалған. Халықтың төрт түлік мал жайындағы, оның қалай өрбіп-өскендігі жайындағы алғашқы көзқарасы, ұғым-түсінігі осылай болып келеді. Қазақ халқы төрт түліктің өз алдына иелеріне қатысты аңыз айтып, өлең шығарумен бірге олардың атынан есептер құрастырып отырған.

Қазақ халқында төрт түлік мал деген ұғым бар. Әр түліктің киесі мен иесі бар деп есептеген. Жылқы-иесі Қамбар ата. Түйе-иесі Ойсылқара. Сиыр-иесі Зеңгі баба. Қой-ешкі-иелері Шопан ата.

Сол Шопан атаның елге қалдырған өсиетінің бірі – уақ малды қораға қамаса да, қора ауданы мүмкіншілігінше үлкен болсын – депті. Демек, Шопан ата өсиеті бойынша қораға шарбақ пен мүмкіншілігінше үлкен аудандық оршау керек.

Егер шарбақ ұзындығы болса, онда Шопан ата өсиетін орындау үшін қора пішіні қандай болу керек?

Жауабы: Қора шеңбер пішінді болу керек. [1,204б.] Есептің шарты мен шешуі адам миындағы күрделі ойлау жүйесінің негізінде, анализ және синтез тәсіліне арқа сүйеу арқалы жүзеге асады. Шопан ата өсиетін орындау үшін, қора қабырғасы қысқа, ауданы үлкен болуы керек. Неге... Уақ малдардың санының қанша екені сырт көзге байқалмайды. Бір-біріне жақын болса (қорада тығыз жатса) жылы жатады. Сол себепті де, қора дөңгелек пішінді болу керек. Сонда дөңгелек пішінді қора ауданы басқа жағдайларға қарағанда ең үлкен болады. Міне осы себепті жазықта орналасқан кез келген қойшы қорасы Шопан ата өсиетінің негізінде шеңбер пішінді болады. Бұл есеп қазақ халқының ертеде өмір сүрген қоғамдық жағдайының жайы мен жапсарынан хабардар етіп, халықтық сипатқа ие болып тұрған жоқ па...

Ұлы Дала халқы төрт түлікті бағып, етін азық қылса, жылқының терісінен тулақ жасап жүн сабаған, түйенің терісінен көн жасап киіз үйдің керегелерін көктесе, мойнағымен (мойын терісі) ертоқым қаптаған, сиырдың терісінен ат әбзелдерін: тоқым, жүген, құйысқан, ноқта, айыл, өмілдірік, дойыр қамшы жасап, бұқаның терісінен мосы (қауға шелек) жасап құдықтан су тартқан. Ешкінің терісінен бөстек, мес, торсық (сусын құятын ыдыс), таспа (жіп), атқа мінгенде ұстайтын қамшы жасаса, қойдың терісінен төсеніш сонымен бірге киім тіккен. Жас қозының терісінен бас киім, қолғап, қойдың терісінен тон, шалбар, аяқ киім тіккен. Ер балалар ойнау үшін қойдың терісіне қорғасын құйып, «ләңгі» жасаған. Түйенің жүнінен көрпе, белдемше жасап, шекпен (сырт киім) тоқыған, аяққа киетін киімді тек ер адамдарға ғана тоқыған. Шудасынан шуда жіп иіріп, киіз үйдің киізін тіккен. Жылқының жал құйрығынан ешкінің қылы мен қойдың жүнін қосып арқан ескен. Сиырдың жүнінен балалар ойнау үшін доп жасаған. Ешкінің жүнінен арқан есіп, ақ ешкінің қылынан киіз үйдің киізіне жиек жасаған, түбітінен орамал, жемпір

тоқыған. Қойдың ақ жүнінен іріктеп алып киіз басады. Ол киізбен киіз үйді жабады. Қойдың жүнін иіріп ақ басқұр, қызыл басқұр, желбау тоқып, шашақ түйіп киіз үйдің ішін әшекейлейді. Қара жүнін іріктеп текемет басады. Текеметтің бетіне жапсыратын өю-өрнегін де қойдың жүнінен жасайды. Алдымен жүнді қырқып алу керек. Жүнді қырқу үшін арнайы асар жасалып, асарға мен деген қырқу шеберлері жиналады. Сондай бір асардың үстінде құрастырылған есепке назар аударайық:

Бір сә ат уақ ытта шебер қ ырқ ынышы төрт қ ой, орташа қ ырқ ынышы екі қ ой, ал жас қ ырқ ынышы жартық ойқ ырқ а алады. Мың қ ойдан тұ ратын бір отар қ ойды отызқ ырқ ынышы бір кү нде, я ни он сә атта қ ырқ ып бітірсе, олардың қ анишасы шебер, қ анишасы орташа жә не жас қ ырқ ынышы болғ аны?

Жауабы: 23 шебер, 3 отраша жә не 4 жасқ ырқ ынышы [1,476.]

Ұлы Далада төрт түлік күнкөрістің көзі болғандықтан, әсіресе жүн қырқатын кезде кіші-гірім той болған. Қазақ даласында жүнді қырқып оны өндеудің үлкен мектебі болған десек қателеспейміз. Жүн қырқу бұл – өнер. Бұл өнерді меңгерген адам өсіп келе жатқан жас талантты осы өнерге баулиды. Олар үйреніп, қой қырқудың қыр-сырын біліп шеберге айналғанша біраз уақыт өтеді. Дегенмен шеберлігі шыңдалып, қалыптасқанша осы өнерге баулып жүрген шебер өз шәкіртін қасынан тастамай, тәжірибе жинап қалыптасу үшін бірге ертіп жүріп баулиды. Сонықтан да асарға тек шебер қой қырқушылар ғана жиналмайды, оның ішінде жас талап та, ортанқолды шебер де, алдына жан салмайтын шебер де болуы заңды. Асарда жасы үлкен қариялар келіп қырқыншы шеберлерді сынап, істеген тірлігіне баға береді. Кімнен қырқыншы шығады, кім босқа сандалып жүр, кім осы өнердің маманы болып қалыптасқан, кімге тәжірибе жетіспейді... Осындай баға беруден кейін қырқыншылар өзі-ақ сортталып шыға келеді. Мұның үстіне бір сағатта кім қанша қой қырқады дегенде қазақ қоғамының халықтық сипатын ашатын есеп құрастырылып шыға келеді.

Қоғамдық өмірдің, экономикалық жағдайлардың ілгерілеп дамуына байланысты, халықтың тұрмыс – тіршілігі, әдет- ғұрпы, салт- санасы, сана – сезімі, дүниеге көзқарасы, т.б. өзгеріп отырады. Бір заманда туып, бертің келе көп уақыт бойына қалыптасқан, белгілі жүйеге түскен дағдыға айналған тұрмыс- тіршілік, әдет- ғұрып, салт-сана алғашқы мазмұнын біртіндеп жолғалта да бастайды. Бұлардың орнына қоғамдық таптың тілек жағдайларына сәйкес жаңа мазмұн, түр туады. Демек, қоғамдық және экономикалық жағдайлар, олардың дамуы ертеден келе жатқан, қалыптасып қалған тұрмыс- тіршілікке, әдет- ғұрып, салтқа өз әсерін тигізеді, жаңа мазмұнда өзгеруіне, бұрынғы қалпын біріндеп жоғалтуына ықпал жасайды.

Қазақ қоғамындағы осы мәселенің жағдайы халық арасында қалай көрініс тапқанын енші бөлуге қатысты есептен байқап көрейік:

Ұлы Дала есептірінің көбісі жайдары және байсалды болса, кейбір есептер «мінезді» болып келеді. Ондай есептер оқырман мен тыңдарманнан күтпеген жауап күтеді. Мысалы: *«Ертеде бақ уатты бір жігіт қ арақұрт шағып кенеттен қ айтыс болардың алдында бауыр- жодастарына жә не артында қ ағ ан айы-кү ні жетіп отырғ ан екіқ абат жас келіншегіне аманат айтқ ан екен: «Менің артымда қ ағ ан дү ние мү лікті бірдей үш бө лікке бө ліп, егер ә йелім қ ыз туса, онда бір бө лікті қ ыздың еншісіне, ал қ ағ ан екі бө лікті ә йеліме берің дер. Ал егер ә йелім ұ л туса, онда екі бө лікті ұ лдың еншісіне, қ ағ ан бір бө лікті ә йеліме берің дер» деп дү ниеден ө тіпті. Кө пұ замай ә йелі егіз ұ л мен қ ыз туыпты. Енді еншіні қ алай бө лу керек?..».*

Міне келтірілген есеп табан астында тосын мінез көрсете жалт беріп, күтпеген жауапты талап етіп тұр. [1,116б.]

«Тосын мінезді» есептің шартында дүние -мүлікті еншіге бөлу сөз болған. Бұл есепте дүние-мүліктің иесі аманат тастап отыр. Мұндай жағдай қазақ қоғамында ықылым заманнан бері қалыптасқан. Ұлы Дала халқының ежелден келе жатқан керемет сөзі бар: «аманатқа қиянат жоқ». Осы бір ауыз сөздің бойындағы тәрбие қаймағы бұзылмай заң болып қалыптасып, кез келген қазақтың қанында әлі күнге дейін өмір сүруде. Аманатқа қиянат жасамаймыз. Жігіттің артында қалған дүние мүлікті бірдей үш бөлікке бөліп, бір бөлікті қыздың еншісіне, ал қалған екі бөлікті ұлдың еншісіне берейік. Сонда әйел қайда қалды... Жігіт әйеліне де енші атаған еді. Ұл мен қыз өскенше дүние-мүлік әйелдің меншігінде. Олар өскен соң, ұл ұяда қалып, қыз қияға

кетеді. Сол кезде қыздың еншісі өзіне беріледі де, ұлдың еншісі «қара шаңырақта» қалады. «Қара шаңырақ» қазақи ұғымда ата-ана мен баланың (егер бірнешеу болса кенже баланың) бірге тұратын мекені. Еншінің қалған бөлігі әйел мен балаға тиесілі. Осы жерде жігіт неге дүние-мүлкін үшке бөлді, неге екіге бөле салмады деген сұрақ туындайды. Тағы да ұлға неге екі бөлігі, қызға бір бөлігі: «Менің артымда қалған дүние мүлікті бірдей үш бөлікке бөліп, егер әйелім қыз туса, онда бір бөлікті қыздың еншісіне, ал қалған екі бөлікті әйеліме беріндер. Ал егер әйелім ұл туса, онда екі бөлікті ұлдың еншісіне, қалған бір бөлікті әйеліме беріндер». Неге қыз туған жағдайда әйел екі бөлікті алады, ал ұл туған жағдайда бір бөлікті алады?.. Қызық жағдай. Мұның жауабын жігіт өзі айтып кеткен. Есептің ерекшелігінің өзі осында: есептің шартында, есептің жауабы. Ол–қазақи қоғам. Түсіндіріп көрейік: Қазақтың қызы төркініне келсе, сыпырғышқа дейін дірілдеп тұрады екен «мені алып кетпесе екен» деп. Ол заманның қыздары арнайы төркіндеп келетін. Қыз төркіндеп келгенде ол ауылда кіші-гірім той болатын болған. Демалып, мауқын басқаннан кейін қыз әкесіне еркелеп, қалағанын алатыны бесенеден белгілі. Яғни, қыз қалағанын алады. Қыз қалауы қашанда орындалады.

Барған жері қызды төркінге балалы-шағалы болғанда жіберген. Қазақта үйге келген жиенді жаяу қайтармайтыны (мал мінгізу салты) тағы бар. Өскен сайын жиеннің қалауы да өседі. Жиен қалағанын алмай қоймайды. Берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан. Мұндай жағдайда ой, «жиендік» жасаған ғой деп қыздың көңілін қалдырмайды. Сол себепті де жігіт қызға дүние-мүліктің бір бөлігін берген.

Ал ұл туған жағдайда әйелге бір бөлігін қалдырғаны артында қалған сүйген жарын көрінгенге жәулеткісі келмеген шығар. Ерте заманда күйеуі өлген әйелді «бала жатқа кетпесін», - деп әменгерлікпен сол әулеттің асырыуға шамасы бар ер адамы (жасына қарамай) әйелдікке алатын дәстүр болған. Қаракұрт шаққан жігіт тірі қалмайтынына көзі жеткен соң, мал-мүлкін ағайындарына бөлмей, қандай жағдайда да әйеліне енші қалдырғаны, «көрінгенің әйеліме көз салмаңдар, өз теңімен өмір сүрсін» дегені болар.

Міне байқап отырғанымыздай, біріншіден ұрпағын қаңғытпау мақсатында, екіншіден осы әулеттен өсіп-өнемін деген үмітпен келген әйел баласы асыраушысынан айрылғаннан кейін, оны асырыушысыз қалдырмау мақсатында туған қазақ қоғамындағы әменгерлік салтына қаракұрт шаққан жігіттің бөлген еншісі өз әсерін тигізіп, қоғамдағы қалыптасқан қазақи тіршілікке өзгеріс енгізіп отыр. Егер ол еншіні ағайындарына бөлсе, менің әйел, бала-шағама ие бол дегені еді, ал ол олай жасамады. Демек, осы енші бөлу қазақ қоғамындағы ертеден келе жатқан, қалыптасып қалған әменгерлік салтқа өз әсерін тигізді, яғни, бұрынғы қалпын (әменгерліктің әйелдің шешіміне қарамай міндетті болуы) біріндеп жоғалтуына ықпал жасады.

Бұрынғы замандарда туған, халықтың әдет-ғұрпынан хабардар ететін, осындай есептер өмірге терең еніп, елдік, халықтық мәселелерді қозғайды. Оның басты тақырыбы – әдет-ғұрып қайшылығы, махаббат еркіндігі, тарихи әдет-ғұрпқа үн қосу, қоғам, ел жағдайын жақсарту. Әйел, бала-шағаның күнкөріс көзі болса (еншіге қалған мал-мүлік) ол ешкімге тәуелді болмайды. Қыз Жібек жырында Төлеген өлгеннен кейін байлар Жібекті әкесінің байлығына бола айттырып келіп жататын тұсы бар. Бірақ Жібектің жүрек қалауы олардың қалауымен тоғыспағандықтан, Жібек өз жолын табады. Осы мәселені ескерсек, күйеуінен қалған мал-мүлікке ие болып қалған әйелді ешкім әменгерлік жолмен еріксіз ала алмайды. Ол әйелде таңдау мүмкіндігі бар. Балалары да ешкімге тәуелді емес. (егер енші ағайында қалса, балалары соған тәуелді болар еді) Міне, бұл байырғы көне есептің халықтық сипат ең алдымен белгілі бір жағдайға қатысты бүкіл халықтық мәні бар мәселенің көтерілуінде жатыр. Айталық, осы енші бөлу есебіндегі қаракұрт шаққан жігіт өзінің туған халқы үшін заманының ең келелі мәселесін көтеріп кеткен. Ауызша, аңызға құрылған есептегі жігіттің енші бөлуі биік эстетикалық идеал тұрғысынан өзі өмір сүрген қоғамдық ортадағы жесір мен жетімге қамқор болуды сылтау етіп, баланың енбегін қанаған, әйелдің жастығын ұрлаған, еріксіз әменгерліктің өршіп тұрған кезінде, сара жол көрсетуі – бүкіл халықтық күрделі мәселені көтеруі болатын. Ұлы Даланың байырғы көне есептері халықтығының бір шеті осында жатыр.

Ұлы Даланың байырғы көне есептері қоғамдық өмірден үйренуді, ғылыми тұрғыдан терең зерттеуді тілейтін қымбат қазыналардың бірі, бүгінгі фольклортану ғылымына келіп құйған

халық шығармашылығының үлкен бір арнасы. Ұлы Даланың байырғы көне есептерінің алғашқы үлгілері сонау ықылым заманнан бастап қазақ халқы көшпелі жағдайда, мал шаруашылығын кәсіп еткен бәлкі одан да бұрынғы замандарда қалыптаса бастап, елдің экономикасы, салт-санасы, халық тілі біршама дамып, семья мен рулық құрылыс күрделенген кезде өзінің кемеліне жеткен. Демек, халықтың қоғамдық өмірі, тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік көзқарасы бұл есептердің тууына және ауыз әдебиетінің басқа жанрларымен ықпалдасып дамуына әсер етіп, есепке жаңа мазмұн берген. Сондықтан да бұл есептер өзінің даму жолында талай тарихи дәуірлерді басынан кешірген, талай қоғамдық көзқарастардың елегінен өткен. Әрбір қоғамдық ой, әр қоғамда қалыптасқан халықтың көзқарастары көне есептердің идеялық бағытына, мазмұнына ықпал жасаған, қоғамына қарай адамдар есептерді өздерінің мүддесіне сәйкес құрастырып, оны тұрмыста пайдаланып отырған. Бұл есептер халықтың ішкі және тысқы тіршілігін ешбір боямасыз көрсететін, халықтың ақыл – ойының өсу процесінен хабар беретін рухани мұрасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байбеков С.Н., Тілеухан Б.Қ. Ұлы даланың байырғы 100 көне есебі – Астана: Мастер ПО ЖШС, –223б.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. оқулық-монография. –Алматы : Өлке, 2014. – 495 б.
- 3 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. оқу құралы . – Алматы: Рауан, 2013. – 455 б.
- 4 Әбжанов М. Қазақ халқының жұмбақтары – Алматы: 1966ж. 67б.

ӘОЖ:82.09

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӨНЕР АДАМДАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

ЫҚЫЛАСОВА Қ.Б.

Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебі, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Шу ауданы.

Резюме. В художественной литературе с целью создания целостного образа исторических личностей, правдивого, всеобъемлющего представления о судьбоносной эпохе, то есть общественно-политической, социально-духовной жизни, казахские писатели добились таких же художественных изысканий, как и было сказано, показать читателю на высоком уровне желание, творческий поиск и проницательность писателя в раскрытии образа героя.

Summary. In fiction, in order to create a holistic image of historical figures, a truthful, comprehensive view of the fateful epoch, that is, socio-political, socio-spiritual life, Kazakh writers have achieved the same artistic research, as it was said, to show the reader at a high level the desire, creative search and insight of the writer in.

«Адам жанының иірімдері, тылсым тұңғиығы, нәзік тебіреністері, томаға-тұйық сырлары, бұралаң бұрмалары соншалық, олардың ұшы-қиырына, кейде тіпті сол жан иесінің өзі қанша қызықтап қадағаласа да жете алмайтындай» [1;116б]. Соның бәріне жетемін, түсінемін деп барын салатын жазушы еңбегінің қиямет қиындығы, азабы мен рахаты өз алдына – адамның ішкі сырын ойлап біліп, көркем сөз өрнегіне тірнектеп түсіретін талант иесінің сиқырлы өнерін айтсаңызшы! «Қазақ прозасындағы психологизмнің, оның ішінде әсіресе өнер, күйшілік, әншілік өнер тақырыбын арқау еткен туындылардағы бой көрсеткен, сол арқылы суреткерлік, шеберлік, қаламгерлік мәнер, бейнелі тіл, композициялық тартымдылық арналарында жаңа көркемдік үлгілерге жол ашқан туындылардың мәні мен маңызы зор» [2;164б].

Қазақ күй өнерінің тарихында шертпе күйдің дүлділі, жалпы қазақ өнерінің сүйріктей сұлу тұлпары Тәттімбет күйшінің орны бөлек. Нәзік, сыршыл сазымен, әсерлі әуенімен жүрек

қылын шертіп, адам жанын тербейтін күй тарихы Т.Әлімқұловтың «Сарыжайлау» әңгімесіндегі тартымды оқиғалар арнасында ашылады. Тәттімбет тағдыры, ол өмір сүрген кезең шындығы ел өмірімен, табиғат көріністерімен сабақтас суреттеледі. Күйшінің сыртқы келбетін, жүріс-тұрысын, күнделікті күйбең тіршілігін баяндаудан басталатын әңгіме желісі тереңдей келе енді Тәттімбеттің күйшілік өнерінің қыр-сырынан, жеке өмір-тағдырынан оқырманын мол хабардар етеді.

Сарыжайлау тақырыбы - әңгіменің ішінде сөз болатын барлық оқиғалардың түп қазығы. Күйші осындай жерорта жасына келгенде өзін терең тебіреніске түсірген, күндіз-түні ой-санасынан бір сәтке де кетпей қойған толғақты күйін аса бір терең шабытпен дүниеге әкеледі. Домбыраның қос ішегінен төгілген күй Тәттімбеттің көз алдына Сарыжайлау атты құтты мекеннің көрінісін бар бояуымен қайта тірілтеді. Құтты мекеннің аясында армансыз өткен қызық шақ, бозбалалық, жігіттік кезең күйші жадында қайта жаңғырады. «Жайлаудың кендігімен, жаздың ұзақтығымен салыстырғанда күй әлі де келте жатыр. Тәттімбет: «Негізгі тарауды қайталар алдында тыңнан қысқа бір тармақ қосу жөн екен» - деген байламға келді. Ортаншы тармақ шаңқай түсте қосылды. Шаттық пен шердің, өкініш пен уаныштың төрешісіндей бөгде тармақ «Сарыжайлауға» толық мүсін бітірді» [6;386]. Әңгіме соңын осылай аяқтағанда жазушы күйшінің ішінде айтылмай қалған арман-мұң барын аңғартады. Әлеуметтік әділетсіздік, қиянат жайлаған қоғамдық орта, заман теперіші, барлығы күй астарында жатқанын қаламгер терең тебіреніспен жеткізеді. Тәттімбеттің келер ұрпаққа аманаттаған асыл, ардақты сәлеміндей сезілетін бір күйдің тарихы осылай сан-сала заман суретін тұтастай көз алдына әкеледі. Әңгіменің өте тартымды, әсерлі, оқырманын бірден баурап алатын сыры да осында жатыр.

Ақындар жайлы жазылған шығармалардың бірі – Тәкен Әлімқұловтың «Көк қаршыға» повесі. Повеске Ақан серінің өмірі арқау болған. Ақан өмірінің қартайған шағы мен оның мылқау баласы Ыбан екеуінің елсіз көлдің жағасын мекендеген тұсы суреттеледі. «Алақанының астынан қарап тұрған Ақан қаршыға көзден ғайып болғанда: «Дәл Көкжендетше самғайды екен. Қап, жерге қонбағанын қарашы!»- деп өкінді» [6;416]. Ақан мен тағдырдың қаржасуы – бітпейтін дау. Ал мәмілеге бойы үйренген жұрт Ақанның бұл сырын қайдан ұқсын. Олардың ұғымында Ақан жынданған, мүсіркегені болмаса, Ақанның азасына қабырғасы қайысып жатқан ел жоқ. Оларға «босаған ыдысын өсек-аяңға толтырып әкету» керек, қызық керек – трагедия өсектің өзегіне айналды деген осы. «Ақан дәуірлеп тұрған кезде: «Сері, сенің шылауыңда өлсек, армансызбыз» дейтін пысықтардың болыса алмай, бұғып қалуында жүрек шошынарлық сүмдық сыр бар. Серіні қаумалаған қалың топтың күзгі ормандай сиреуі де тегін емес... Достан да, дұшпаннан да көңілі қалған Ақан сыр шертісер, мұң шағысар серікті табиғаттан тапқанда, өзінің ендігі өмірін ел ішіне қажетсіз санаған» [6;446]. Ащы-тұщыны қатар тартқан, ылғи татқан Ақанға тағдырдың күйлеген барыстай құбылмалығы белгілі.

Ақан өмірінің өткен шағы мен қазіргі шағын, оның өмірінің кешегі қызығы мен бүгінгі қыжылын өзара шарпылыстыра суреттеу – жазушының суреткерлік шеберлігінің ерекше бір қыры. Осы соңғы қуанышынан, соңғы үмітінен қиянатшыл орта ақынды тағы айырады. Тінә болыс ақынның тағдыр сыйлап, қолына қондырған соңғы құсын түтінге түншықтырып өлтіреді. Ақанның әнін салып, өзін атқа мінгестіруге көлікті аясаңдар, жігіт екенсіңдер. Жарайды, жолдарың болсын!- деді Ақан ызаға булығып.

Сол сол-ақ екен, ақбоз атты жолаушы атынан қарғып түсіп, Ақанға көлігін көлденең тарта берді:

-Бізді құдай ұрды. Бізден бір білместік өтті. Кешіріңіз, Ақан аға! Ызалы Ақан жылап жіберді» [6;516].

Ақан сері әуелде заман қажытқан, уақыттың дегеніне көнген қалыпта, бәріне мойын сұнған, бәрінен көңілі қалған күйде, өмірі кешегі өткен күйінде кетіп, бүгінгі күйге құр сүлдері ғана жеткендей жайда еді. «Ақан қуаты қашқан денесінің дірілін баса алмай ұзақ тұрып қалды. Бір уақытта:

-Төре-қараға қор болған қайран елім-ай! - деп еді, көзінің жасы бірге

шықты. Келмеске кеткен көк қаршығаның екі тал қауырсыны, «Төрелер-ау, обалым сендерге!» дегендей, Ақан серінің төс қалтасынан үлбіреп шығып тұр»[6;646].

Повестің басты кейіпкері – парасаттың, шығармашылық еңбектің адамы. Оның өмірге көзқарасында эстетикалық, шығармашылық қатынас бар. Повесте Ақан сері жасыған, жігері күм болған, өмірдің теперішін, тағдырдың соққысын көтере алмай беті қайтқан, сағы сынған бейнеден ауылы алыс кетіп, қайрат-қажырдың, рухани мықтылықтың биігіне көтерілді. «Ақан іштей толқып:

-Шіркін, дүние-ай, қызығың қандай көп еді. О жалғанда мың күн жұмақ бергенше бір күнімді ұзартшы!- деді» [6;496].

С.Бақбергеннің «Көгершіндер» повесінде патша әскері Әулиеата қаласын күшпен басып алған сәті, негізгі кейіпкері Шоқан Уәлиханов жайлы, оның халық композиторы, әділдігі, батылдығы үшін күштілерден қуғын көрген Жаяу Мұсаның кездесіп, достасқаны жайлы сөз болады. Шығарманың құрылысы, көркемдік кестесі, мінездердің даралануы табиғи, нанымды. Повесте үлкен оқиғалық, сюжеттік өріс жоқ.

Повесте Шоқан мен Жаяу Мұса достығының бір эпизоды көрінген. Талдап, таратып айтса, мұның өзі әдемі тақырып еді. Бірақ мұны кең суреттеу жазушының мақсатына айналмаған. Шығармада қазақтың ардагер ұлдарының рухани жақындығын бейнелейтін бір ғана оқиға алынған. Шоқан патша әскерінің қарауында жүрген Жаяу Мұсаның еліне қайтуына көмектеседі...

Аталған шығарманың жалғасы іспеттес Зейтін Ақышевтің көлемді де шоқтықты шығармасы, әрине, 1978 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Жаяу Мұса» романы. Туындының бас қаһарманы көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған адуынды ақын Жаяу Мұса. Оның ғұмырнамасы – талай кітапқа өзек болар ұзақ хикая. Жүз жыл жасаған, қазақ даласындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күресіп, жапа шеккен жанкешті, ақырында арманына жеткен аптал азамат өмірін жазушы ширек ғасырдай шүйіле зертеген. Өзі бала кезінен көріп, ұлағатты өсиетін тыңдап өскен халық батырының өмір жолын барлап, Зейтін әуелі әр түрлі газеттерге шағын-шағын деректі очерктер мен әңгімелер жариялады. Пьеса арнады. Сөйтіп он кітапқа әзер сияр ғұмырды сығымдап бір романға енгізеді. Бұл роман тек Жаяу Мұсаның өмірін, өнерін, күресін ғана баяндайтын туынды ғана емес, ХІХ ғасырдағы Арқа даласының аумақты суретін, тарихи-әлеуметтік жағдайын ашып көрсететін үлкен туынды. Жаяу Мұса өз творчестволық келбетіне сай лапылдап жалын атқан эмоциялық жігер, қажымас қайсарлық, өжет күрескерлік рухы басым. Біздің пайымдауымызша, әрбір талантты суреткердің творчестволық келбеті өзінің меніз-құлқына, эмоциялық қалпына, дүниетанымына, жігер-тасқынына байланысты қалыптасқан болу керек. «Жаяу Мұса – Арқаның ащы айғайлы, қоңыр толқынды әніне өзінше бір түр кіргізген адам. Мұның Қали салып жүретін «Қатынының өліміне шығарған» әні, «Құлбай бай – Шорман ауылын былғап шығарған» әндері өзінше бір шырқамалы айғайды, келте қайрысты, қоңыр төгілісті түгел жинаған бір үлгімен келеді» [8;2676], - деп ақын М.Жұмабаев айтып кеткендей, Жаяу Мұсаның өнері де қазақ әншілік дәстүріндегі өзіндік ерекшеліктері мол, аса көркем, әсем өнер. Оның әншілік дәстүріне дара сипат беретін себептерді оның толассыз күреске толы шытырман өмірінен, сол өмір туғызған әндерінен, мұқалмас жігермен, табанды күрескерлік рухани іздеген жөн.

Черняев отряды қазақ жеріне келіп, халықты талан-таражға сала бастағанда өз бауырларының ауыр халін көруге дәті шыдамаған Жаяу Мұса ебін тауып ауылына қашып кетеді. Ауылдың қараңғы би-болыстары оның не жөнмен келгенін түсінбей, оны патшаның офицері деп ұғып, Жаяу Мұса маңынан жүруге қорқады. Сонымен Жаяу тіршілігінде аз да болса тыныстаған тыныш өмір басталады. Мінеки, Жаяу Мұса өмірінің кейбір кезеңдерін қысқаша болса да көз алдымызға елестеу оның шығармашылығының мән-мазмұнын, идеялық бағытын түсінуге мүмкіндік береді. Өзінің мұңын шағып айтар досы, халқы болмаған сәтте өлеңмен өзгені жеңе білген. Ішкі жан сырын аша көрсететін сәті диалог үстінде кең құлашты түрде дамиды. Мейлі ол түзде болсын, мейлі жапан далада, мейлі абақтыда, мейлі өзге жердегі қапаста болсын, бәрібір өз дегеніне жете білген. «Солдат өзімен-өзі сөйлескендей біраз күбірлеп, күңкілдеп келіп, Жаяумен қатарласты.

-Слушай, ей, киргиз. Сен өзіңмен-өзің арпалысып, жүлқыса берме, білдің бе, тыныштал. Тағдырыңда солай жазған соң тулағанмен қолыңнан не келеді?

Көнбеске шараң бар ма, айтшы?

Жаяу солдатқа таңдана қарады.

-Сені басқалардан гөрі кісілігі бар, әжептәуір түсінетін адам ба десем, ақымақ екенсің ғой. Сендейлерге мылтық пен қылыш беріп қойған патшада да ес жоқ. Осы азап маған тағдырда жазылып қойып па еді! Бұл маған Ақкелін мен Ақбеттаудың болыстары жіберген азап. Оған Шыңғыстың қанішер Жақыбы қосылды. Бәрі жиналып губернаторға арқа сүйеді, чиновниктердің көмейіне тамақ тықты, қалтасына ақша салды. Адамнан болған азапқа қалай көнерсің» [13;272б]. Берілген көріністе ақынның айдауға кетіп, түрмедегі орыс офицерімен тіл қатуы суреттелген. Нендей азапты кешкен ақын ызаға булығыады. Шорманның Мұса мен Мұстафасының бұйрығы емес пе? Оған қалай шыдасын?! Өзінің қазақ еліне әйгілі өлеңін айтады:

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,

Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.

Шорманның Мұстафасы атымды алып,

Атандым сол себептен Жаяу Мұса...

Жазушы - әңгімелеуге ұста. Ол ел арасында айтылып келген аңыздарды әдемі, жарасымды етіп, оқиға мен мінез өріліміне сыйғыза біледі. Ауыл қариялары Ботбай мен Байғабылдың аузынан айтылған кезде мұндай аңыздар табиғи естіледі.

«Жаяу Мұса» романында диалогтар едәуір орын алады және олар көбінесе шығармаға тартыстық серпін беретін көркем компонент дәрежесіне жеткен. Әсіресе, аға сұлтан Мұса мен інісі Мұстафаның диалогтары қаһарман мінезін ашуға қызмет атқарған. «Домбыра қолына тиюі-ақ мұң екен, Тәттімбет күйлерінің бірінен соң бірі күмбірлеп кетіп жатты. Онан кейін дуанбасылардың соңынан еріп келген әншілер, күйшілер, домбырашылар – Дайрабай, Секербайдың соңынан қалмайтын, Тұрсынбайдың төртінші қатынынан туған Бәйтен сал – бірінен-бірі асып түсуден үміттеніп барларын аяған жоқ.

-Осында бір бала жүр. Түбі біздің Баянауыл жағынікі. Өлең айтады, домбыра, гармонь тартады деді маған Шоқан. Соны шақыртшы, - деп Мұса Шоқанға қарады. Шоқан өзі ұшып тұрып, шыға жөнелді де, Мұсаны алып келді.

-Мына үлкендер сенің лебіңді тыңдаймыз, - дейді.

-Өзіміз құралыпты жастардың ойын-сауығында болмаса, мұндай жерде гармонь тартып, өлең айтып көрген жоқ едім, - деді Мұса қысылып тұрған адамдай.

-Тарта бер көрмәнінді. Өлеңінді де айт. Бізге ұнай береді, - деді отырғандардың бірі. Мұса әуелі гармонь тартты, орысша, татарша, қазақша әуендерді бірінен соң бірін күйкұлжытқанда, отырғандардың көбі көздері жыпылықтап, ауыздарын ашып қалыпты. Кейбірі «Уай, пәлі!» деп, сүйсініп, көтеріп қойды» [12;121б]. Бұл жерде әншінің алған Шорман балаларымен кездесуі суреттелген. Мұсаның бойын осы уақыттан бастап қорқыныш билейді. «Түбінде мына бала елге атағы жайылып, үлкен мәртебеге ие болады-ау. Сол кезде елінің мұңын өлең арқылы жеткізбесе болғаны» дегендей ойға түсіп, түңіледі.

Өнер адамы жайында шығарма жазу қиынның қиыны. Қазақ ән өнерінің тарихында Біржан салдың алар орны өзгеше. Біржанның соңына қалдырған шығармашылық мұрасы өте бай. Ол бүгінгі қазақ музыка мәдениетінің алтын қорына еніп, қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналып отыр. Біржанның өмірі мен өнері өзі өмір сүрген дәуірдің рухани тіршілігінің нағыз реалистік шежіресі деуге болады. Одан біз Біржан өзі өмір сүрген кездегі қайнаған күрес рухын, халықтың тартқан азабы мен аңсаған арманын, кертартпа, теріс езу байлар мен мансап иелерінің қалың кедейге істеген зұлымдығын, оларға қарсы күресті сезінеміз. Осы қасиеттің арқасы болар, ол баптай білсе ән өнерінің өткір күрес құралы екендігін де анық, айқын түсінген сияқты. Бұлай деуімізге себеп – Біржан өзінің өнер жолын бастаған кездің өзінде-ақ жамандық, топастық, әділетсіздік атаулыдан бойын аулақ ұстап, оларға жирене қарауы, зұлымдықпен бетпе-бет келгенде екіленіп, тайсалмауы, өзінің адал, ақжарқын жырлары арқылы сойқан-содыр байлар мен ақсүйектерден қорлық көрген қалың кедей

бұқарасының жоғын жоқтауы – Біржан өнеріне ерекше сипат беріп, оның даңқын алты қырдан асырды.

Біржанның шығармашылық өміріндегі маңызды бір оқиға – ұлы ақын Абай ауылына қонақ болып баруы еді. Осы оқиға, яғни Біржанның Абай ауылына арнайы ат басын бұруы сахараның айрықша жаңалығы болды. Қара сөздің зергері ұлы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында осы бір эпизодты асқан шабытпен суреттейді. Сал Біржанның салтанаты, халықтың ықылас-пейілі, Абайдың Біржанға көрсеткен құрметі – бәрі-бәрі қайталанбас көркем үндестікте жырланады. Эпопеяның осы бір тұсы қара сөзбен емес, өлеңмен жазылғандай әсер қалдырады.

Жазушының халықтың ақындық, әншілік өнерді бағалауы, халықтың өнерді қабылдау мәдениетін көркем сөзбен жеткізе айтуы ғажап. «...Абай Әйгерімді осыдан үш ай бұрын ұзатып әкелген еді. Қазір басында желегі бар жас келіншек қалың қонақ ортасында, Абай қасында отыр.

Бұл екеуінің осы жолғы қонағы да өзгеше. Ол - өңшең қыз-келіншек пен бозбала. Осындай ойын-сауық жиынның ортасында ең қадірлі бір топ қонақ бар. Шет елден келген қонақ. Бұлар – қазір төрдің тап ортасында, жағалай көрпе үстінде, үлкен ақ жастық шынтақтаған сал-серілер. Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі – қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт. Ол – арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жүзді асыл саз, әсем әнімен ұйытқан Біржан сал.

Тобықты ішіне сонау алыс Көкшетаудан келген, сирек, сый қонақ. Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері – Біржан. Үстінде қара мақпал, көйлектің сыртынан киген сарғылт түсті, қытайы жібек камзолы бар. Оқалы тақиясының жібек шоғы ырғала түседі. Құйқылжыған әніне қалың жиын қыбыр етпей ұйып, мүлгіп отырғанда, кербез әнші өзі де жүзіне бір жылтыр майда рең бітіп, нұрлана құбылады.

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Жұртыма зияным жоқ жүрген жанмын.

Кісіге өзім қатар бас ұрмаймын

Өзім ақын, өзім сал кімге зармын... – деп бір кетеді.

Әншінің «Біржан сал» атты осы бір әні өзінің майда қоңыр, сырлы қоңыр сазымен бастала жөнелгенде, өзге көп жұрт ішінде демін тартып, қатып тыңдаған кісінің бірі – Абай.

Қадірлі ақын, құрметті қонағына Абай қадалып қарап қапты. Ақ-қарасы әлі де айқын, таза, ұзынша көздері өзгеше боп телміре түсіп, шарасынан асып үлкейіп қарайды. Бірақ қазіргі сәтте кірпік қақпай қарағанымен, бұл көз әнші жүзін көріп отырған көз емес. Ән мен өлең сөзді, өнерлінің өзін түгел қосып бір бітім, біртұтас тұлғадай қиял суретімен елестетіп, көріп отырған көз...» [8;616].

Ән әуенімен, әншінің құдіретке толы үнімен осы жоғарыдағы сурет Абайдың көз алдынан өтіп жатты. Үш ұлы тұлға – Біржан, Абай, Мұхтар өнерінің тоғысуынан туған сөз еді... «М.Әуезов әлемге Абайды ғана танытып қоймай, Абай өмір сүрген ортаны, даласына бозторғай ән ұя салған сахараны, оның мақпалдай түнін, әнші-ақынын ардақтаған елді, Біржандай дара тұлғаны танытты» [11;2066].

Біржанның шығармашылық өміріндегі жарқын күндері – оның Абай аулына барғаны. Көмейіне ән ұя салған Біржан салға сол сапарда ұлы Абайдың айрықша әсер еткені кәміл.

Жазушы қаламынан туған барлық асыл бұйым атаулыны алсақ, әр кітаптың тамыр төркіні ең алдымен, жазушының өзінің ішкі-сыртқы болмысымен, нақтылы түгел шомған жазушының көңілінен ғана көңілдегідей шығарма туады. Жүрек қанымен жазылғандай әдебиет шығармасы өзі де сүйген, өзі де жиренген жаннан шығады. Бірде достасып, біресе алысқан, кейде қуанып, күліп мәз-мереке көрген немесе ащы, күйік, ыстық жас төгіп өкінген, жеңілу мен ұтылу жазасын шеккен, болмаса жеңіс, табыс пен қуаныш, шаттық тапқан – қысқасы бар тынысы балқыған жазушылық жүректен ғана шын шығарма туады.

Таланттар тарихы мен тағдырына қарап отырсақ, басты жазушылардың бәрі ғұмыр бойы өзінің бас кітабын жазу мақсатында әрекет еткен және солардың талайы жазып үлгіре алмай

кеткен. Туған халқына мәңгілік мұра болғандай ғасырлық туынды сыйлау тек қадау-қадау ұлылардың ғана үлесіне тиген. Солардың бірі – Мұхтар Әуезов.

Халқымыздың асыл қазынасының бірі – әнші-ақындардан қалған поэзия және әндер, музыка өнері. Әншілік пен ақындықтың бір адам баласына кездесуі – тарихи кезеңге сай келуі, қазақ әдебиеті дамуының үлкен бір өзгешелігі деп айтуымыз керек. Қазақтың ән өнері ұлттық өнер болып, халқымыздың өзімен бірге туғандай. Дүниеге келгеннен ән тыңдап, бесік жырын тыңдап өскен дала перзенті есейе келе аттың үстінде келе жатып та домбырасын жанынан тастамай ән салған. Мал соңында жүрген малшы да жапан даланың жалғыз әншісі болып, кейде ыңылдап, кейде аспандағы құсқа әнін қосып шырқаған, қурайдан сыбызғы жасап, қарағайдан қобыз жасап, жанын толқытқан мұң мен зарын, сазы мен назын әуенге қосқан. Жүрегін ән тербеген бабаларымыздан қалған өлмес өнер заманнан заман өткізіп, бүгінгі күнге де жетіп отыр. Қазақ музыка өнерінде аттары алтын әріппен жазылған біртуар тұлғалардың: Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Жаяу Мұса, Балуан шолақ, Құрманғазы, Мәди, Үкілі Ыбырай, Әсет, Естайлардың сазгерлік, әншілік өнерлерінің алдында тұрғаны – өнер атаулының патшасы – сөз өнері, яғни, ақындық өнер. Сөз күдіреті арқылы олар ел мен жерге, сүйген жарға деген махаббаттарын, сырлы сезімдерін, тырнағын батырып, үстемдігін танытқан, жер аударып, түрмеге қамаған әкім-төрелерге өкпе-назын, ашуын да өлеңмен шығарып, әнмен жеткізді.

Қазақ өнерпаздарының тарихи тағдыры, әр жанрдағы шығармалардың көркемдік арқауына айналды. Өнерпаз тұлғасын ашудағы М.Әуезов, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, С.Сейфуллин тағы басқа ақын-жазушыларымыз жасап кеткен көркемдік-стильдік әдіс-тәсілдерге қол жеткізуге жол ашты. Қазақ прозасында өнер адамдарының тарихи тұлғасын жасау жағы қырынан, жаңа болмыс-бітіммен көркемдік шешім табуы жалғаса түсті. А.Сүлейменов, С.Жүнісов, О.Сәрсенбаев, А.Хангелдин, Т.Әлімқұлов, Қ.Мырза Әли қатарлы жазушы тұлғалардың туындылары – осының бірден-бір дәлелі.

Менің көтерген тақырыбымда ХІХ ғасырдағы өнер адамдарының тағдыры арқау етілген. Ал ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырда қаншама өнер адамдарымыз бар? Әдебиетке қосар құнды дүние осы болмақ. Әнуар Молдабеков, Уайс Сұлтанбеков, Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Шәмші Қалдаяқов сынды тағы басқа өнер саласында еліне адал қызмет атқарған ұлы тұлғаларымыз баршылық. Олардың өмірі мен өнері жайлы шығармашылық тұлғасын толықтай танытатын шығармаларды дүниеге әкелетін біздей жастардың қолынан келетініне сенемін! ХІХ ғасырдағы өнер адамдарының шығармашылық тұлғасын, бейнесін кейінгі ұрпаққа таныту мақсатында, мысалы бізге, ХХ ғасырдың ІІ жартысында С.Сейфуллин, Т.Әлімқұлов сынды ақын-жазушылар өз шығармашылығында арқау етсе, ал ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдағы өнер адамдарының бейнесін сомдау, солардың өнерін таныту әдебиет саласында біз секілді болашақ мамандардың еншісінде деп білемін. Ол не үшін? Әрине, болашақ үшін, ұлттық тарихымыз үшін! Сол себепті де мемлекетіміздің дамуына үлес қосу үшін ғылым саласында аянбай еңбек етуіміз керек. «Болашаққа барар жолдың» даңғылын бірге жаңғыртайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ совет поэмасы. Нарымбетов Әбділхамит. Алматы. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977.- 240 бет.
2. Жүнісов С. Ақан сері. Роман. 1-кітап.- Алматы: Жазушы. 2003.- 376 бет.
3. Нұғман Ә. Қазақтың әншілік дәстүрі.- Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 240 бет.
4. Мақпырұлы С., Сыдықов Т. Қазақ әдебиеті. ІІ бөлім: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 284 бет.
5. Әлімқұлов Т. Телқоңыр. Таңдамалы әңгімелер/Құрастырған: С.Жұмабек, А.Әлімқұлова. - Алматы: «Рарирет», 2003. - 192 бет.
6. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005. Төртінші том: Роман. Мақалалар. – 312 бет.
7. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 232 бет.
8. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы: «Қазығұрт», 2004, - 208 бет.

9. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: «Санат». 2007. – 360 бет.
10. Мүсірепов Ғабит. Драмалық шығармалар. Алматы: Өнер, 1982. – 632 бет.
11. Ақышев З. Жаяу Мұса: Роман, - Алматы: Жазушы, 1990. – 416 бет.
12. Әуезов. М. Абай жолы: Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. 432 б
13. Қирабаев С. Шындық пен шығарма. Сын мақалалар, зерттеулер, портреттер. Алматы: «Жалын». 1987. - 252 бет.
14. Сатыбалдин Қапан. Таңдамалы шығармалар. 4 томдық. Алматы: «Жазушы» - 1975. Т.4. Очерктер, әдеби сын мақалалар. 300 бет.

ӘОЖ:83.347

С.БАЛҒАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЗАМАНА ШЫНДЫҒЫ МЕН ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ

ОМАРОВА А.О.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье комплексно рассматриваются реалии времени и современные образы в рассказах С.Балгабаева.

Summary. The article comprehensively examines the realities of time and modern images in the stories of S. Balgabaev.

Қазақ әдебиетінің тарихына көз жіберсек, ол бірнеше кезеңдерден тұрады. Сол кезеңдер туралы зерттеген ғалымдар бір төбе де, ал «әрбір дәуірдің өз жыршысы бар» – дегендей, өзіндік қолтаңбасымен тарихта, халықтың көкейінде жүретін ақын-жазушылар бір төбе. Осындай ақын – жазушылардың ішінде әдебиетке алпысыншы жылдардың басында келіп қосылған жазушымыздың бірі – Сұлтанәлі Балғабаев.

Сан алуан өмір құбылысын суреттеуде шеберліктің барлық мүмкіндіктерін ыждаһаттылықпен жұмсай біледі. Қысқа әңгіме шеберіне көл-көсір мән-мазмұн сыйғызуға болатындығына С.Балғабаевтың кез-келген шағын туындысын арқылы көз жеткізуге болады. Жазушы өзі суреттеп отырған ең ұсақ оқиғаның өзіне әлеуметтік мән беруге ұмтылады.

С.Балғабаев өзінің өмір жолы туралы мынадай естеліктен сыр шертеді: «1-сыныпқа 1953 жылы бардым. Мектепке барғанға дейін ауыл дегенді көрмегенмін. Қойшының баласы едім, қыстау, жайлауды ғана білетінмін. Неге екенін білмеймін, алты жасқа жетпестен-ақ әкеме «кітап оқимын» деп қиғылық салыппын. Содан әкем маған әріптерді үйретті. «Ю», «я», «ь», «ъ» сынды әріп пен таңбалардан басқасын түгел танытын болдым. Аудан орталығына барғанда шешем маған арнап «Әліппе» оқулығын әкеп берген еді. Сөйтіп, мектеп дегеннің барын білмесем де, қолыма түскен кітапты ежіктеп оқитын дәрежеге жеттім. «Әліппенің» ішіндегі тақпақтарды да өз бетімше оқып, жаттап алатынмын. Содан бір күні жайлауға аудан орталығынан кісілер келіп, мектеп жасына жеткен балаларды түгел мәшинеге салып алып кетті. Жетіге толған мені де «Мүсілім деген кісінің үйінде тұрасың» деп, сол мәшинеге салып жіберді. Солайша үйімнен 100 шақырым жердегі аудан орталығындағы мектептің оқушысы атандым. Бұл Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Бірінші Май колхозы еді. Қазір ол жер Мұстафа Шоқай ауылы деп аталады. Мен оқыған мектепте кезінде Мырзабек Дүйсенов, Алма Қыраубаева тәрізді тұлғалар да оқыған еді.

Жалпы, бала жастан қиыншылық көріп өскендер өмір жолында төзімді келеді. Қазір балаларды қолынан жетектеп апарып, жетектеп әкеліп, ерекше өбектейміз ғой. Өз басым үйімнен алыс жерде қиыншылықпен оқығаным өкінбеймін. Сол кезде аяғымда аяқ киім де болмапты. Күздің суығы келгенше мектепке жалаңаяқ баратынмын. Ол заманда 1қыркүйек күні салтанатты жиын өткізілмейтін. Бірден мектепке барып, сабақ оқуды бастап кеткенбіз».

Қаламгер өмірдің нұры мен сәулесін, шындығы мен сырын зерттейді. Өзін де өзгені де толғандырған сұраққа жауап іздейді. Шығарманың көркемдік сапасы, идеялық мазмұнның қоғамдық әлеуметтік қыры күрделі шындықтарды көтерумен байланысты. Байыпты ойлар мен түйіндер осы мазмұннан туындайды. С.Балғабаевтың бұл бағыттағы жетістігінің көрінісі ретінде «Алтын сағым» әңгімесін атауға болады [1].

Туындыдағы басты авторлық ұстанымның бұлақ-бастауы да, арнасы да осыған саяды. Жазушы кейіпкер ой-толғанысы арқылы оқиғаны өрістетіп, көркем тәсілдерді орынды қолдану барысында шығармаға эстетикалық, әлеуметтік- философиялық жүк артып қояды. Қарияның жалғыз ұлының әкесіне деген мейірімнің жоқтығы, жылуының болмауы кейіпкердің жан-күйзелісі ішкі монолог арқылы шынайы жеткізілген. Қарттың жан-дүниесі, ішкі ой толғамы авторлық баяндаулармен, ішкі монологтың орынды қабысумен шешімін тапқан. С.Балғабаев аталмыш әңгімеде әрбір кейіпкерін кескіндеп, өрнектеумен қатар, оның аузына ой-санасын таразысы болар сөздерді салып береді. Сондықтан да, оқырман олардың әрбір сөздерінен таным-талғамын, мақсат-мұратын, ең бастысы адамдық тұлғасын толық тани алады. Әрбір жазушының адамның қартайған шағын суреттеуі ақылы өткен мен бүгінгінің арасын, ұрпақтар арасындағы байланысын сипаттарын дәйектеу әрқилы десек те тәрбиелік мәні айтар ой астары үндесіп жатады. Бұл туралы академик З.Қабдолов былай деп ой түйеді: «Адам тағдыры – жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі де: өмірде көрген тірі адамдар туралы, олардың хал-күйі, кескін-кейпі туралы тебірене, толғана ойланудың көбіне суреткердің сол қоғамдық шындықты көркем туралы көзқарасы қалыптасады, нәтижесінде сол қоғамдық шындықты көркем жинақтау мақсатында творчестволық әрекеті басталып кетеді» [2,126б.].

С.Балғабаевтың осынадй өмірдің тұңғығына үңіліп, ішкі рухани әлемінің қатпарларына сүңгіп, жазған шағын туындысы - «Ғашық» деп аталады [1,242б.]. Шығарма – философиялық толғамдарға толы.

Әңгіменің мазмұны мен сюжеті жоғарыда біз сөз еткен шығармаға қарама-қарсы. Әлеуметтік мәселелерді психологиялық талдаумен шебер қиыластыра білген жазушы тағдыр тауқыметін көп көрген қарт ананың өмірге көзқарасын, көрген бейнеті мен кешкен қиыншылығын зерделей отырып, адамгершілік мәселе иірімімен бедерлейді. Кейіпкердің басындағы тауқыметін авторлық баяндаулармен жеткізе отырып, ішкі монологпен қабыстырады. Жалғызділікті кемпірдің сәби деп елжіреген жан-дүниесі әрқилы детальдармен бейнеленген. Балзия аңсаған қарапайым қазақ әйелінің сана-сезімі, көзқарасы арқылы ұлттық жан-дүниесін таразылай түседі. Әйелдің балаға деген ерекше сүйіспеншілігін қарапайым кейіпкер бойына жинақтап баяндау арқылы қазақ әйелінің ұлттық сипаттағы типтік характерін сомдаған.

Типтік образ деп өмірде бар құбылыстар мен заттардың көркем шығармадағы көрінісін айтамыз. Әрбір жеке дараланған өмірлік факт өзімен сыбайлас, түстес, бір тектес толып жатқан басқа затқа да ортақ нәрсені аз да болса өзінің бойында сақтайды. Сол көп затта бар қасиеттердің бір жеке дараланған заттағы қасиетпен бір тұтастыққа көрінуін типтік дейміз.

Өмірдегі типтік нәрсе искусстводағы типтік нәрсеге дәл келе бермейді. Өйткені, өмірдегі типтілік дегеніміз объективтік бар зат, ал искусстводағы типтік өмірдегі объективтік бар заттың субъективтік образы. Ал бұл екеуін теңеу суреткердің творчестволық рөлін жоққа шығару, оның санасын өмірдің жай ғана айнасына айналдыру. Сондықтан өмірдегі бар объективтік категорияға жататын типтілік нәрсені заттың жалпы және дараланған қасиеттерін біртұтастыққа суреттейтін искусстводағы типтіліктен ажырата білу керек.

Типтілік ұғымына жалпылық та, жекелік те кіреді. Яғни, бір жеке дараланған, өзіндік ерекшеліктерімен көрсетілген затта көп заттардың қасиеті болуы тиіс, олай болмайынша типтік дәрежеге көтеріле алмайды. Міне, искусстводағы типтілік осылай түсінді. В.Г.Белинский: «Искусстводағы тип, - деп жазады ол, - табиғаттағы бар, тарихтағы герой тәрізді, тек мұнда жалпылық пен жекелік органикалық бірлікте келеді».

Тип жасау үшін жазушы бірнеше адамдардың бойында кездесетін қасиеттерге көз жібереді де соларды жинақтап бір адамның – басына сыйғызу арқылы суреттейді. А.М.Горький айтқандай: «Тип – әр түрлі адамдарға тән көптеген қасиеттердің синтезі...». Сондықтан да типтендіру үстінде пайда болған көркем образ өмірден алынған материалына бір жағынан ұқсаса,

екінші жағынан ұқсамайды. Ұқсайтын себебі, өмірдегі шындық затта көркем образдағы бар қасиеттер байқалады. Ал ұқсамайтыны: образдағы қасиеттер өмірде бар затта өте шашыранды түрде-аз көрінеді. Әрбір көркем образ бірнеше басқа адамдардың бейнелерінің жиынтығы болғандықтан да типті өмірдегі прототипіне де ұқсай бермейді.

Аталған екі әңгімедегі замана шындығы мен замандас бейнесі шынайы түрде жымдасып оқырманын баурап, шығарманың әсерін көтере түседі. Заман шындығын көркем шындыққа айналдыру үшін, жазушы ауқымды мәселелерге мән берген. Сондықтан да материалдың мол қамтылуына көңіл бөледі. Терең ізденістерге барады. Бірақ уақыт тынысын көркем шындыққа айналдыруда бір тақырыптың өзі алуан түрлі сипатқа ие болатыны анық. Бұл қаламгердің сол шындықты өз көзқарасы тұрғысынан эстетикалық дәрежеде жеткізе білуінде. «Нағыз жазушы әлеуметке ортақ өз кезінің таза моральдік атмосферасының рухани бейнеленушісі болумен қатар, өмірдегі келеңсіздікте батыл айыптаушы, жалпы адамзатқа ортақ гумнастік моральдың насихатшысы, әрі берік қалыптастырушысы қайраткер екенін ұмытпаған жөн. Сонда ғана заман мен замандастар алдындағы суреткер паызы өтелмек» - деп, М.Әлімбаев тұжырымдағандай, С.Балғабаев әңгімелеріндегі қарттардың образы мен ой жүйесін таразылауы ұлттық рухани болмысты дәйектеуі екені айқын.

Автордың жоғарыда талданған екі әңгімесіндегі өмір мәселелері трагедиялық қырынан ашылса, ендігі бір шағын туындыларында адам болмысындағы жағымсыз жайлар күлкі-әжуа тезіне алынады. С.Балғабаев әңгімелеріндегі ізденісінің бір қыры-жеңіл юмор табиғаты мен сатиралық мінездеулерінде жатқанына көз жеткізгіміз. Жазушы мұндай туындыларында күлкі мен сатираны көркемдік әдіс ретінде ұстанады. С.Балғабаевтың бұл бағыттағы жетістігінің көрінісі ретінде «Алтын сағым» әңгімесін атауға болады. Шығарманың басты кейіпкері – Қайырлап. Өмірі бастық болып қызмет жасап, басшылықтың дәмін татып қалған адам. Шығарма оның қызметтен қуылып, үйінде отырған сәтін суреттеуден басталады.

Аталмыш туындыда жазушы күнделікті өмірдегі адамдар қарым-қатынастарындағы көрінетін кейбір жағымсыз мінездерді, жаман әдеттер мен бейпіл сөзге әдеттеніп кеткен қылықтарды сөз қылады. Адам баласының ішкі дүниесінде болатын сезім шарпулдарды сатиралық тәсілмен шебе көркемдейді. Адам баласы мен оның тағдырын, характерін әр қырынан зерделейді. Әңгімеде басты қаһарман Қайырлап образын әр қырынан аша түсіп, мінездерін әртүрлі оқиға барысында, әрекет үстінде көрсетіп, ішкі жан-дүниесін шым-шымдап ашып, нақты характерге айналдырады. Кейіпкерлер келбетін және олардың жан-дүниесін ашып көрсетуде негізгі оқиғалармен қатар, майда детальдар да көмекші құрал қызметін атқарады. «Алтын сағым» әңгімесі күлдіре отырып, көңілге ой ұялатады.

Образдың сыртқы келбетін де күлкі суреттеу арқылы оның мінез-құлқына, әдет-дағдысына қатысты қорытындылар жасайды. Қаламгер оқырманына кейіпкердің қимыл-әрекеті мен мінез ерекшелігін де ашады. Бұл автордың қолданысындағы талғампаздықпен жұмсалған бейнелеу құралдарының, образ сомдаудың ұтымды тәсілі ретінде падаланғандығына дәлел. Демек, кейіпкерге берілген портреттен оқырман тек оның сыртқы келбетін ғана емес, мінез-құлықын да аңғарады.

Жинақтай келгенде, С.Балғабаевтың шағын әңгімелеріндегі замандас бейнесі сан түрлі тұрғыдан бейнеленген. Әңгіме жанрының көркемдік шарттарын еркін меңгерген жазушы әрбір шығармасында өмірдің келелі мәселелері жөнінде сөз қозғап, заман тынысын дәл бағамдап, замандас келбетін айқын бейнелейді. «Әдетте, эстетикалық мұрат, өмірге деген көзқарас ашық бояуын тауып, озық идеяға жол салса, ондай шығарманың білімділік, тәрбиелік мәні де арта түспек» - дейді Б.Майтанов [3,78б.]. Адам болмысының балғын балалығы мен қартайған шағындағы көңіл-күй психологиясын дәл көсететін ғасырлар бойғы қалыптасқан ұлт мізіндегі ең асыл қасиеттер мейірім, қамқорлық, жанашырлық сезімдерінің жұтандауы мен рухани азғындау көріністері С.Балғабаевтың басты назарында деуге болады. Туған перзентіне бір ауыз сөз айтуға жасқанатын Жасан қарттың тағдыры оқырманын ойландыратыны анық. Оны тудырған әлеуметтік себептер-қоғам саясатының салдары. Жазушы жас пен кәрінің, Сәния мен оның пәтершілерінің арасындағы әрекеттері суреттеу барысында адамдар арасындағы салқындыққа жауап іздейді. «Бақыт құсы» әңгімесі арқылы аналық махаббаттың әйел табиғатына тән ұлы

сезім екендігін паш етуге талпынады [1,251б.]. Жағымпаздық пен жалған қарым-қатынасты ашып көрсететін «Алтын сағым» әңгімесін сюжеттік желісі түгелдей адам психологиясын ашуға құрылған.

С.Балғабаев әңгімелері терең психологиялық ойлармен түйінделіп, адамгершілік мәселелерін қозғайды. Қаламгер әңгімелеріндегі негізгі мазмұн жеңіл күлкі араласқан әдемі юмормен, ирониялық баяндаумен астасып жатады. Жазушының бүгінгі күн тынысын бейнелеген шағын туындыларында жаңа көркемдік әдістерге бойлау байқалады. Оның шығармалары терең философиялық толғамдарға толы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балғабаев С. Алтын сағым. Повестер мен әңгімелері. – Алматы: Жалын, 1979. – 267б.
2. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары. 2 Том – Алматы: Жазушы 1983-456 б.
3. Майтанов Б. Психологизм – прозадағы жаңашыл арна. – Алматы: Жазушы, 1980.- 265б.

ӘОЖ:82.255

С.БАҚБЕРГЕНОВ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ КЕЙІПКЕР ТАБИҒАТЫ

БИДАЙ М.С.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье комплексно рассматриваются реалии времени и современные образы в рассказах С.Бакбергенова.

Summary. The article comprehensively examines the realities of time and modern images in the stories of S. Balgabaev.

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны ерекше, дарынды қаламгерлердің бірі-Сәуірбек Бакбергенов.

С.Бакбергеновтің «Әлфия» повесіндегі ерекше көзге түсер кейіпкерлердің бірі – Сурения.

«Сурения әңгімеде әдемі және айлакер әйел ретінде көрінеді. Сурения алғашқы сәттерден бастап, бақытқа жету жолында қандай болмасын, өзінің байқағыштығымен және икемсіз мінезімен таң қалдырады. Чайхананың ханымы, орта жастағы әйел, келбеті, орташа биіктігі, биік физикасы, көздері кең, ұзақ уақыт бойы бірде-бір танысын көрмеген жас жігітке қарайды. Оның пирсингтік көрінісін көріп, қазір ол алыстан қарап тұр. Суренияны еске алу үшін бұл жігіттің көптеген түстері бар. Әсіресе, денесі бір кездері тым жас болған кезде, сүйікті, сүйетін жігітке, кеудесінде мәңгі түйін болған Тарағайға ұқсайды. Оның көз алдында және салыстыра бастайды. Бұл әйел Сақыпжамалды жақсы білген. «Мен бұл туралы білгеніңізді қаламаймын», - деді ол» [1].

Оған үйленеді. Ал Сақыпжамалдың тағдыры белгілі. Бұл баланың Сақыпжамалға ұқсас орындары көп. Әсіресе түс сәйкес келеді. - Мен білмеймін, - деді ол. Барлығы-бәрі-бәрі-бәрі. Бірақ бұл Сақыпжамалдан бала қалды дегенді білдірмейді. Содан кейін, бұл оған болған кезде, ол Сақыпжамалды есінен шығарғысы келеді. Егер Тарағай болса, онда әңгіме басқаша, оның баласы болуы керек. Біреуден басқа. Ол қайтып келгенде ғана емес. Тағы бір рет ол ұрланған заттарға қарап, адамдар отыратын асхана мен пердеге кіре алады. Сурения өзінің қызы Альфияны жұмсайды, ол бұл жігіттің кім екенін біліп, қалпына келе алмады. Аяр да, айлакер Сурения да Альфияның қызына өзінің қасиеттерін үйретеді. Бұл жұмыстың бастапқы бөліктерінде орын алған эпизодтарда жақсы көрінеді.

«Шымылдық сыртында ол бойжетіп қалған қызымен, көптің көзіне түсе бастаған Әлфиямен сөйлесті.

- Біздің шайханаға бұрын келмеген бір жас жігіт келіп отыр,- деді ол қызына. Бірақ өзі ойлағанды, кімдерге ұқсатқанын айтқан жоқ.- Не керек деп, сұраған болып қасына жақындап

көрші. Мен адам танысам, әшейін көптің бірі емес. Жақын бар да, қара бетіне. Байқа! Бар деймін, ұялма!

- Қойшы, апа, ұят қой.

- Бүйте берсең, сен бе, сен күйеусіз қаласың. Бар деймін» [2,104б.].

С.Бақбергеновтің «Әлфия» повесіндегі бас кейіпкері – Әлфия әдебиеттегі өзгеше құбылыс. Автор Әлфияны оқырман қауымен таныстырудың бастапқы сәтінде: «Әлфия онша ұялшақ қыз емес. Ашық-жарқын. Өзінің келбетті де көрікті, оған жұрттың назар салатынын жақсы білетін. Өзінің көрікті екенін сезетін әйелдің көбінде-ақ өзімшілдік, өктемдік басымдау жатады. Әлфия бейтаныс жігітке жақындау ғана емес, сәті түссе танысқысы келгендей, шымылдыңтың тасасында тұрып, ұзақ әрленді. Айнаға қарады. Басқа көйлек киді, шашын қайта өрді, қайта тарады», - деп баяндау әдісін пайдаланады [2,104б.].

С.Бақбергенов әңгімеде психологизмді шығарманың негізіне қоя отырып, әйел-ананың түрлі қасиеттерін көркем бейнелейді. Автор кейіпкердің мінезін кең контексте, тереңірек сипаттауға тырысады. Автор бұл тәсілді әлеуметтік себептерге, адам мен өзі өмір сүретін қоғамның бөтен шығу тегіне бағыттауда ұтымды қолданады. Сондай-ақ, әйел-ана тағдырының қоғамдағы, тарихтағы орнына әсеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Жоғарыда айтқанымыздай, монолог әйел аналардың мінезінің ерекшеліктерін, адамның ойлау жүйесін, табиғат пен жанның қатпарларын барынша ашады. Яғни, бұл автордың кейіпкердің монологына оның басына қайтарылған өзекті мәселелерді тиімді енгізе алғанын көрсетеді.

Жазушы қолданған кейіпкердің монологының негізі өмір шындығының ащы көрінісі екенін ескеріңіз. Осы мақсатқа жету барысында жазушы өзі сипаттаған тарихи кезеңнің шындығын дәл пайдаланды. Автор өз шығармаларында психологиялық талдаудың әртүрлі аспектілерін қолдана отырып, шығарманың көркемдік деңгейін көтеріп қана қоймай, әйел-ананың бейнесін шынайы бейнелей алды. Жұмыс барысында жазушы әйел ананың болмысы, оның рухани әлемі мен көзқарасы, өмір туралы шынайы пікірлері туралы авторлық әңгімелерді шебер жинақтайды.

Суретші Альфияның сыртқы келбетінің сұлулығын, көргендерінің экспрессивтілігін ананың Сүрениамен қарым-қатынасы және ананың қызға деген көзқарасы арқылы, автордың ұтымды әңгімесімен жеткізеді. Шығармада Сүрениа қуана-қуана ойланып, сыртынан қарап, бүгін қыздың пәк қыз екенін сезгендей суреттелген. Көркемдік техниканы ұтымды пайдалану үшін автор жас қызды керемет өсіп келе жатқан гүлмен теңестіреді.

«Табиғат заңымен ол уақыты жеткенде бүршік сап, гүл жарады. Міне, кеше ғана бауырында жатқан сәбиі гүл жарғалы тұр». Бұл Сүренианың ішкі ойы. Ол өзі көрген азапты көрмей, өзегін жарып шыққан жалғыз қызының бақытты болғанын қалайды. «Өз бетімен ұшып, өз бетімен қонуға шамасы жеткенде құс екеш құста балапанын қанатымен қақпайды. Енді бұл да өзінше ұшсын» деп ой түйеді ана жүрегі.

Өзіне ұқсайтын әдемі, тартымды қызға қарап, Сүрениа өзі өмір сүрген аянышты өмірге шолу жасайды. Осы Әлфиядан, жас күнінде Тоқолоқтың қызханасына түсіп, содан кейін алтынға сатты, шешесі үлкен айламен баршақаттың ұлығының ханы, және бәрі-бәрі-бәрі Сүренианы еске алады.

Автор сонымен қатар Әлфияның сұлулығын бейнелеуде гиперболалық тәсілге сүйенеді. Жас қыз пердеден шыққан кезде, үлкен тамақтану бөлмесі шам сияқты жанып тұрды. Жайқала Әлфияны басып алғанда, бөлмеде отырғандар еріксіз шошып кетті. Баланың көз алдында жоғары кеудесі бар әдемі қыз шыққан кезде от ойнайды. Оған жақындаған және сәл кішірейген қыз жігітке күлімсіреп қарады. Жоғары жазу шеберлігі бар Автор екі жастың біреуін тау тағына, ал екіншісін елікке қояды. Алма мен Қарақат жапырақтарынан шай әкелуді ұсынған қыздың жауабына жас жігіт бірден аспаны кеуіп, тілі басталғанын бірден айтқан жоқ

«Ие» дегендей тек басын ғана изеуге шамасы келеді.

Әлфияның сұлулығын автор Темірдің өзіне-өзі келе алмаған іс-әрекеті арқылы былай дамыта суреттейді: «Қыз бұрылып кетіп бара жатқанда оның ту сыртынан ойсыз қарады. Басына нокта тимеген, желіге әлі байланбаған құлынның мүшесіндей мінсіз бөксесіне назары түсті де, көзін қайта ала алмады. Оң қолын оқыс көтеріп, тізесіне соғып қалған. Мұнысы алдынан оқыс

шығып, тұра жөнелген еліктің лағына, оғын жеткізе алмаған шақтағы өкінішке ұқсаған» [25,105б.].

Осыдан кейін әңгіме Әлфияның сұлулығы мен рақымын көрсету мақсатында ашылады: «қыз шай әкелді. Жігіт оны бірінші рет көргендей ашуланды және аузын ашып, балаға қарады. Қалай ғажайып оның саусақтары, держание шыны аяқты шай! Көлдің жағасында, қарлы-ақ сүйрегіште, бір жас жігіт тұрды. Бұрын баласына деген құштарлықты сезінбеген жас жігіттің кеудесіне Қызыл от түскендей, оның жүрегі бүлк-бүлікке қарағанда мүлдем басқаша соғылды. Ерні шөлдегендей болды. Қайта-қайта ол жұтуды жалғастырды.

- Бұл алма шай дедің бе? Қарақат жапырағын қосқан, ә? Сен өзің де алмаға ұқсайсың. – Есі енді кіре бастағандай күле қарады. Қалжыңдасқысы келді. – Ие, сен өзің кәдімгі хош иісті, қып-қызыл алмаға ұқсайсың. Ал көзің болса, көзің кәдімгі таудағы жабайы қарақат қой. Мөп-мөлдір қарақат. Мынау шайың өзіңе ұқсаған болса, тәтті шығар. Ие, алма мен қарақаттай болса дегенім ғой.

- Тәтті! – деді қыз.

- Өзің де...

Жігіт кілт тоқтады.

- Не сен мені шай қып ішейін деп пе едің? – деп қыз күлді. Күлкісі де әдемі екен.

- Жоқ, мынау алма шай, қарақат қосқан бұл да тәтті шығар дегенім» [2,Б.105-106.].

Әлфия керемет сұлулық пен балдың сүйкімділігіне ие болды, бұл оны терең ойларға батырып, өмірде көргендей көптеген ойларды құшағына батырды. Әлфия бойынан табылатын осы бір әйелге тән асқан сұлулық пен амал, айлакерлікті автор Тарағайдың қиналып, сасқан іс-әрекеті арқылы баяндай түседі.

Әйел затында кездесетін айлакерлік пен айлакерлік, айлакерлік, автор Тарағайдың ұлы темірмен болған диалогты жеткізеді

Балам шалыс баспасын деп тілейтін әке балаң жігітке «еркек аңқау, қасқыр тәрізді ұрма. Әйел залым, түлкідей қу. Арбасқанда алдырма, тірескенде шалдырма! Аяғыңды алшақ, бөксені бөлек ұста! Айттым ғой, жігіттің жауы да, досы да әйел. Бірақ әйелсіз дүние бос, қуыс. Ұрпақ қалдыра алмасаң, тірлігің тағы зая.... Жау әр кезде-ақ жаныңда жатады, жақын жүреді, досты іздеп табасың. Ол алыста, қиында, кілең шалғай жатады», -деп кеңес береді [2,111б.].

Балаң махаббаттың жетегі мен сұлу Әлфияның шырмауына түскен Темір қиын жағдайда күй кешеді. Темір үшін Әлфия сұлумен алғаш кездесу қаншалықты көңілді еді. Жігіт бойына қуаныш сыйлаған. Ал, керісінше ажырасу сондай ауыр болды. Бірі елден асқан сұлу, екіншісі тұз тағысы ендігі жерде бас қоса алмастарына көздері жетеді. Бір қарағанда орталарында өткелі жоқ күз-қия жоқ тәрізді. Дегенмен сылаңдаған Әлфия Алайға барып тұра алмасы, тау тағысы балаң жігіт Темір Қараспанға келіп тұрақтай алмасы анық болғанда екеуі де қайта оралар соқпақ таба алмай дал болады.

Қаншалықты сұлу болса, соншалықты айлалы Әлфия намысқой да, арлы Темірдің жанды жеріне тие: «Мен саған сендім. Сенен ештеңе аямадым. Сен алдап кетпексің енді. Сен тақыр жерге, ошақ басына, күлге отырғыздың. Енді мен кімге керекпін. Сен менің жарқыраған ашық күнімнің бетіне күйе жағып, таңба сап кеттің?», - деп кінә арта сөйлейді [2,112б.]. Кімге де болса ауыр тиетін, намысқой ер азаматқа тіптен ауыр осы сөздерден кейін Әлфия Темірді бұл дағдарыстан алып шығатын жолды өзі нұсқап, «қайтемін енді, лажсызбын, басыма түскені осы болса көнемін де» деген сынай танытып Шаш қаласының сұлтан шорасы Мадыразаққа күйеуге шығуды ойлайды. Шарасыз кейіп танытқан ол:

«-Сен мені алмайсың, оны ұқтым. Алдадың, алдандым. Ендігі тілегім маған жар табуға себепкер бол. Осы жақында Қараспан, Бұзық, Отырарға Шаштан үлкен керуен келеді. Оның басшысы Шаш қаласының сұлтан шорасы Мадыразақ деген жас жігіт. Мен соған тиемін. Сенің көмегіңсіз ештеңе болмайды. Сен әлгі бір жабайы аңдар атқан өнерінді бір апта қоя тұр. Мадыразақтың керуенін тона! Бұл жақтан алып бара жатқан алтын-күміс, тері-сақтиян, жүн-түбітін тартып ал, ол өте дүиеқұмар, саран, байлыққа жанын сататын адам. Осы кезде араға мен түсемін. Сен бәрін, сабақты жібіне дейін қалдырмай қайтарып бересің. Міне осыдан соң, ол менің ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда болады. Бұдан басқа мен барар жер де, ел де

жок», - деген Әлфия Темірді қарақшылық жолға өзі бастап апарды [2,112б.]. Шарасыз кейіпте, лажсыздан сүймегеніне кетіп бара жатқандай сынай танытқанымен Әлфияның ішкі ойы бай да, бакуатты сұлтан шора Мадыразақты құрығына түсіру болатын.

Шығарма барысында Әлфия әр қырынан ашылады. Өз бақыты жолында алдау арбау, қулық сұмдыққа да баратын Әлфия сырға да берік жан болып көрінеді. Сөзіміз дәлеледі болу үшін мысалға назар аударайық: «Мұны кімнен болса да тәуір білетін Әлфия. Ол, тіпті жанға, өзінің қосылған жары жас саудагерге, боса-болмаса, бұл жайында бір ауыз сөз айтқан емес. Өз құпиясын жасыруға келгенде, әйелден асатын ешкім жоқ» [2,115б.].

Десек те қанша ақылды да қу болса да нәзік жанды сезімге берілгіш Әлфия алғашқы махаббатының алдында қауқарсыздық танытады. Неше уақыттан соң Темірді көрген ол еріксіз «Айтпай!» «Айтпай!» деп айқайлап жібереді. Бұл тұста Әлфияны Темірдің өзі құтқарады. «Жігіттер, сұлу әйелі бар керуен екен, босатыңдар, бәрін! Жүре берсін, жөніне! Әйел болғанда хан қызындай сұлу екен. Жігітті көп көрген болса керек, бірінші мәрте көрген менің өзімді әлдекіммен шатастырып тұр. Бикеш, мен Айтпай емес, Темірмін! – деп ат басын шұғыл бұрып, тауға қарай құйындатып шаба жөнеледі» [2,116б.]. Айдаладан көрген қарақшы жігітке бөтен есімді атап айқайлаған әйелін қызғанып өңі бұзылып, даусы өзгеріп, ерніне дейін дірілдеген күйеуінің ашуын да амалға кенде емес әйел заты Әлфия өзі басады. Әлфияның жоқ жерден сөз тауып кетерлік айлалығын мына бір диалогтан да көруімізге болады:

«- Айтпай дейсің, бұл Темір ғой. Неге айқайладың?»

- Менікі, әшейін, далбаса ғой. Екеуін де білмеймін.- Тоқолоқтың түбіне жететін осы көрінеді.

- Танымаған соң, онысын қайдан білейін.

- Өзі саған көзін қысты-ау деймін. Онысы несі?

- Сенің қатының сияқты көшпелі, кілең түйенің қомы, аттың жалында жүретін кірекеш әйелге кім көзін қыспайды дейсің, тәңірім-ай! Сұлуды ешкімге көрсетпей ішкеріде, көз түгіл, күн тигізбей ұстайды деуші еді. Ол біздің түсімізге кіретін шығар. Көшпелі саудагердің көшелі қатыны болып күн кешеміз де.... Кім көзін қыспайды, бізге?» [2,116б.].

Повесте Әлфия сүйгенін жамандыққа қимайтын, қайта оның амандығына тілеулес жан ретінде де көрінеді. «Тоқолоқтың нағыз жауы осы Ақсақ Темір көрінеді. Тоқолоқ мұның басына ат басындай алтын тігіпті. Кімде-кім, мұны оған ұстап берсе, ат басындай алтын алады екен» деген күйеуінің сөзін жақтырмай «Сенің ұстап беріп, алтын алғың келіп жүр ме? Осымен екі рет кездесіп, сені сыйлап, қол салмай ештеңеге тимей, тонамай кеткен адамды сатпақсың ба? Құдайың қайда, сиынарың кім? Сатпа оны!» деп тыйып тастайды [2,117б.].

Енді бірді Әлфия сатқындық жасаған күйеуінің ісін жақтырмай «Біліп едім, сенің бір пәлені шығарғаныңды? Қарақшыларды Тоқолоққа сен сатпағанда кім сатты? Сен сол ханнан алтын алып, сый көріп, байыған үстіне байи бермексің ғой. Бұл – сатқындық. Сатқындық, байлық сенің түбіңе жетеді, басыңа бақ та, байлық та емес, пәле болып жабысады. Сенің керуеніңе ілесіп, соны паналап келген жауды сен әкелмегенде, кім әкелді деп ойлайды олар?» деп қатты-қатты сөздер айтады [2,119б.]. Сөз жетпейтін сұлу, керемет кербез, айла мен аярлықтан да кенде емес Әлфияның бойынан сатқындықты жақтырмаған кейіпті көргенде ішің жылып қалады Тіптен ер азамат болса да опасыз, қорқақ күйеуіне деген жиркенішті сезімі ашыла суреттелгенде Әлфия бейнесі шиырлана сомдала түседі.

«- Міне, иманым, міне, жаным, ант-су ішем, бұларды әкелген мен емес! – деп әйелінің аяғына жығылып, тізесін құшақтап жата қалды.

Әлфия оны тізесімен итеріп жіберді. Ол маңдайымен жер тіреп, ант-су ішті. Құран ұстамақ та болды.

- Мені алдай алмайсың. Ясада жоғалып кеттің. Сені түні бойы күттім. Сен сонда Тоқолоққа барып көрген-білгеніңді айтып, әбден мылжыңдадың. Жай мылжың емес, бұларды сырттан сатып, ұстап беруге, көмек көрсетпек болдың» [2,119б.].

Авторлық шеберлік Әлфияның бейнесін бейнелейді. Әлфия жұмыс барысында батылдық танытты, ер адам күйеуі сияқты басынан қорықпады, қарақшылардың қанды қолдарының

алдында да дәрменсіздік танытпады. Ашуланудан, Ақсақ Темірдің алдында, кішкене соққыны жасырмай, ол күймеден шығып, басын иіп, оған қол тигізуді өтінді.

Алғашқы сүйгені, басқаға лажсыздан қиған Әлфияға деген сезімін жасыра алмай: «Шапсам шабамын. Қатыннан қорқады деп пе едің! Оның үстіне, қойнында жатқан мынау албастың, мені сатпақ болды. Әлде сүйетін бе едің? - деген Темірдің сауалына ақылды да, айлалы Әлфия: - Оның несін сұрайсың? Басқа сүйерің болмаған соң, сүймесен де сүйесің де...» деп ұтымды жауап тауып кетеді [2,124б.].

Темірді қара жол қарақшылыққа салған өзі болса да оның үлкен қарғыс арқаламағанын қалаған Әлфия Темірдің: «Сатқын екені рас болса, онда несіне өкінесің. Мынау керуеннің сенен басқасын мүлде жоқ етемін! Ал, жігіттер, керектілеріңді алыңда да, бөрің, адамың, мүлкін, мынау қатыннан басқасын, түк қалдырмай өртеп жіберіңдер!», - деген шешіміне қарсы шығып: «- Тоқта сабыр ет! Нағыз сатқынның көзін жоғалттың. Енді тоқта! Ертең өзің жүретін, ертең сенің үрім-бұтағың, бала-шағаң жүретін үлкен жолды, мыңдаған адам жүрген, әлі де жүретін қасиетті жолды қандама! Сен әлі жассың. Ертең өзің жүретін жолды, өзің тұратын қасиетті жердің топырағын қанға бөктіріме! Сол жермен өткен сайын, осы жолмен жүрген сайын көзіңе қан елестеп, арың болса өзінді мазалайды, сол қанның қасиеті, сені бос тастамайды, киесі соғады. Сен тілегіңе жете алмай не өлесің, не жынданасың. Ақылың болса, сабыр қыл. Тоқта. Менің ақылымды тыңда! Керуенді босат, мынау өлігін алсын да кете берсін. Бұларға жетеді. Жолын бөгеме», - деп ақыл-кеңес айтады [2,124б.].

Әлфияның ақылды да, айлалы екендігін автор оның іс-әрекеттері арқылы ғана танытып қоймайды, шығарма барысында өзі де мойындаған Темірдің «Әлфия, Әлфия, сен ақылдысың. Кел, кетерінде соңғы мәрте сүйіп қалайын. Сен, сенде ақыл бар. Сен, сен менің жақсы досым боп көз алдымда жүресің. Ең жақсы деген достың бірінің алыста, сонау шалғайда, аңсап, сағынып жүретін жерде болғаны жақсы. Жар болатын, дос болатын, өмір бақи қол ұстасып жүретін-ақ адамсың», немесе, «Сен ақылды, айласы көп Алайдың жирен бауыр қызыл түлкісің!» - деген сөзімен де бекітіп, түйіндейді [2,126б.].

Әңгімеде Әлфияның бейнесі барлық жағынан, ал шиыршық барлық жағынан ашылады. Бірінші сүйіктісіне асқан сұлулықты, ақыл-ойды, айла мен қулықты, батылдық пен ыстық сезімді сыйдыра білген Әлфия оғаш та, таңқаларлық та, таңқаларлық та, таңқаларлық та, таңқаларлық та емес, таңқаларлық та емес, таңқаларлық та емес., бақытты өмірден емес. Әңгімеде айлакер және ақылды Әлфия Ақсақ Темірдің адал әйелі бола алмаса да, адал дос ретінде бейнеленген. Жақсы жазушы - ұлы ұстаз. Адамның жұмбақ жанының кілтін табу және оның құпиясын ашу нағыз шеберлікті қажет етеді. С.Бакбергенова осы формаға толы және өмірге енген таза, шынайы көркем образдарды сомдайды.

Қорытындылай келе, тарихи тұлғалардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттері арқылы тарихи жағдайларды тарихи тұлғалар арқылы ашу жазушы С.Бакбергеновтің бұлжымас ұстанымы болып табылатынын атап өткен жөн. Қазақтарды оқуға және ұлы адамдардан үлгі алуға шақырудың мақсаты жазушының шығармашылық бағытын бірден анықтады. Әрине, өткеннің тарихи оқиғаларының көркем шежіресін жасауға құмар суретшінің әрекеті жақсы нәтиже берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998.-224б.
2. Бакбергенов С. Бөрте–Шыңғысханның жұбайы. – Алматы: Жазушы, 1993.-384 б.

М.МАҒАУИННИҢ «ЖАРМАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ «ЖАРМАҚ» ҰҒЫМЫ

ЕСЕМБЕК Э.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается исследование концепта «Жармак» в романе М.Мағауина.

Summary.The article deals with the study of the concept of «Zharmak» in the novel by M. Magauin.

Тәуелсіздікке қол жеткізген кейінгі жылдардың өзінде кесек-кесек туындылар дүниеге келді. Дегенмен, қазіргі қазақ тіл білімінде когнитивтік аспект негізінде зерттеліп, қазақ лингвокогнитологиясын танымдық ақпараттармен байытқан көркем шығармалардың саны саусақпен санарлық. Біз осы ғылыми-танымдық ақпараттар мен лингвокогнитивтік бірліктерді М.Мағауиннің 2007 жылы Прага қаласында жарыққа шыққан «Жармақ» романыны арқылы талдаймыз.

М.Мағауиннің «Жармақ» романы және оның тілі жөнінде қазақ ғалымдарынан тұңғыш рет арнайы пікір айтқан – С.Қасқабасов. Ғалым М.Мағауиннің 70 жылдығының қарсаңында «Қазақ әдебиеті» газетінің 2010 ж. 1-2 сандарында «Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романы» деген көлемді мақала жариялап, бүгінгі қазақ әдебиетіндегі ағым, стиль, постмодерндік белгі жайында қысқаша мәлімет бере келіп, романның жазылу тәсілін сөз етті. Осы орайда ғалымның: «Бір адамның екіге бөлінуі (раздвоение личности) – философиялық тұрғыдан алғанда өте күрделі құбылыс, ал көркем өнерде, әдебиетте өмірдегі қайшылықтарды ашық айтуға бол бермейтін әлеуметтік, саяси, қоғамдық, рухани келеңсіздіктерді тереңінен көрсету үшін кейіпкерді екі жарып, екеуін айтыстырып, тартыстырып суреттейтін аллегориялық тәсіл. Жазушы тіршілікте болып жатқан істерге немесе саяси шешімдерге т.б. жағымсыз құбылыстар мен оқиғаларға деген өзінің көзқарасын білдіру үшін осы тәсілді қолданып, психологиялық шығарма тудырады. Мұны Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» атты романынан да байқауға болады» [1.4б.],- деген тұжырымының мәні зор.

«Жармақ» романы – заман сұранысынан туған шығарма. Ол автордың ішкі толғаныстарын жарыққа шығаратын монологтар мен қазіргі кезеңнің бет-бейнесін айқындайтын диалогтарға құрылған. Осы арқылы тілдік тұлға ғаламның тілдік бейнесін қалыптастыруға заманауи көзқарас тұрғысынан үлес қосқан. Олай дейтініміз, көлемі 150 беттен аспайтын шағын романның бойынан бірнеше макро және микроконцептілердің анықталуы романның когнитивтік деңгейінің диапазон кеңдігін көрсетеді.

Романдағы «Жармақ» ұғымының концептуалдануын зерттеуде және оны лингвокогнитивтік аспектіде талдауда «концепт» ұғымының қазіргі қазақ тіліндегі қолданыс аясын айқындап алу маңызды. Қазіргі таңда тіл біліміндегі зерттеулердің көбі негізгі категория ретінде концепт ұғымын алуда. Э.Н. Оразалиеваның тұжырымдауынша: «Концепт – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі»[2, 267б.].

Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романының концептуалдық өзегі – біздің пайымдауымызша, «Жармақ» концептісі. Алдымен жармақ сөзіне түсініктеме бере кетейік. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөзге:

Жармақ I - жармаланғандән; жарма;

Жармақ II- ортасы тесік тиын, бақыр ақша[3.47б.], - деген түсінік берілген.

Қазақтың «балықшыдан қарма жерсің, егіншіден жарма жерсің», «Еккені тары, жегені жарма болар» деген мақалдарындағы «жарма» сөзінің біз сөз етіп отырған жармақпен

байланысты екенін аңғару қиын емес. Жармақтың тура мағынасы – ортасынан қақ айырылған, бөлінген дән. Яғни жармақ дегеніміз – бір нәрсенің екіге айырылуы.

Жармақ туралы танымдық ақпарат Мұрат/Маратантипозициялық контекстінде кезек-кезек ербиді.

Назар салайық, «Жармақ» концептісі *Мұрат* контекстінде: «Мен – екі кісімін. Әуелде бүтін, біреу болып туғам. Содан соң қақ айрылып, екі жармақ – бүтін есепті екі кісі ретінде қалыптандым. Шындығында, бөлінбей-ақ жарты шыққан, жарым-жарты болып жүрген қаншама жан бар» деп ұлт мұратына сызат түсіретін жармақтардың жайын баяндайды.

Тағы бір тұста: «Екі тарап тағдыр. Бірінен қорқам, қорқа тұра қимаймын, екіншісін көңілім қаламаса да, пайым-парасатым мақұл көреді. Екеуі жеңісе алмаған, сөйтіп, амалсыздан екіге айрылыппын. Бір бүтін – қос жармақ» деп, санадағы екі «Меннің» тартысты қайшылықтарына психологиялық мінездеме береді.

Енді тағы бірде: «Қаншама заман бұрын қаққа айрылып, мекен-тұрағы ғана бөлек емес, тыныс-тіршілігі де қарама-қайшы екі қиырға кеткен екі жармақ қайтадан кірігіп, қосыла алмайды», - дейді. Осы кезеңнен бастап шығарманың финалына дейін қос жармақтың тартысты тұстары баяндалады.

«Жармақ» концептісі М.Мағауиннің дискурсында өзінің тақырыптық өрісін кеңейтіп, «Жармақ» концептісі авторлық санада мынандай лексика-семантикалық топтарға жүйеленеді:

1.«Жармақ-атаққұмар»:

Мысалы: «Дүниенің тұтқасы – біздің Жармақтың қолында екен. Менің ғұмыр жіптігім – жалғыз жаннан басқасы»;

2.«Жармақ-ақырзаман адамы»:

Мысалы: «Біздің Жармақ бүтін шықты. Ақырзаман адамы. Қазақ ақырзаманының. Бүкіл дүниеден түңілген – ештеңеден тайынбайды, иман, ұяттан ада – ешкімге сенбейді, сөйте тұра өмірге соншама күштар. Оның ұғымындағы өмір – билік пен байлық»;

3.«Жармақ-қатаң қадағалаушы»:

Мысалы: «Жармақтың тағдыры менің қолымда. Бірақ менің бар тіршілігім Жармақтың қатал қадағалауы астында»;

4.«Жармақ-саясаткер»:

Мысалы: «Біздің Жармақ – құрметті сенатор, белгілі саясаткер, танымал қайраткер Марат Бейсенұлы Қазыбеков»;

5.«Жармақ-алдамшы, арам, баянсыз ғұмыр иесі»:

Мысалы: «Жармақтың алдамшы, арам, баянсыз ғұмыры мана әрең ұрттаған ең соңғы жарты жұтым сумен шектеліпті. Мыңғырған байлықтан өзімен бірге ала кеткені сол-ақ екен»;

6.«Жармақ-мақтаншак»:

Мысалы: «Біздің Жармақ мінбеге көтеріле салысымен, қолындағы қағазын алдына қояр-қоймастан, кеудесін кере шалқайып, еңселі, сәнді, салтанатты, төбесі киіз үй шаңырағы кейіптес биік күмбезді кең сарайды, осы Көк ордада, бүкіл болашақтың тізгінін өз қолдарында ұстағандай, күржиіп, мелшиіп, сыздап, сазарып, кеуіп, пісіп отырған»;

7.«Жармақ-пайдакүнем»:

Мысалы: «Біздің жармақтың ақылынан есебі артық шыққан»;

8.«Жармақ-күр кеуде»:

Мысалы: Ал мұндағы жармақ – күр кеуде ғана. Рас, терең білім, ұлттық таным, бірақ соған орай қажымас қайрат, қайыспас жігер жоқ.

8.«Екі жармақ-бір бүтін»:

Мысалы: а)«Міне, қазір бөлінем... Бөліне алмадым. Екі жармақ емес, бір бүтін екем. Тұтас. Бір Жан... Енді мойындауға тура келді. Мұрат деген де мен, Марат деген де мен. Бір кісі. Мен өзім. Бірге тудық, бірге өстік, заманың тайғағында екі кейіпте дербес ғұмыр кешсек те, ақыры бірге өлдік. Енді ғарасат майданында бірге жауап береміз. Екі кісі, екі ғұмыр емес, бір кісі, бір ғұмыр ретінде. Мен ғана. Жалғыз өзім»;

ә)«Жармағымды жамандыққа, арамдыққа итермелеген менің өзім. Енді тіршіліктегі бар күнәсін де өзім көтеруге тиіспін. Әйтеуір дәтке қуат, бүтін қалпымда сол теріс жолмен кетсем қайтер еді.

Негізгі бөлігім оң ниетінен айнымапты. Бірақ оң да болса жармақ қалыпта не бітірмек. Ертерек ойлау керек еді. Енді міне. Өтті, кетті – өкінгеннен не пайда, жылағаннан не жеңілдік».

«Жармақ» концептісінің табиғатын ашатын осы сөйлемдер арқылы автор бөлекше бітім иесі– Жармақтың пайда болу, өмір сүру жолдарын көрсетіп, ақыры соңында бір тәнге айналып, «бір жан ретінде ғарасат майданында бірге жауап беретіне» оқырманды сендіреді.

Адам санасының бұлай екіге жарылып, екі адам сияқты бөлек, дара тіршілік кешіп жүргендей болуы өте күрделі психологиялық құбылыс ретінде танылады. Оны қазақтың ұғымда бар сөзбен екіжүзді деп атаса да болғандай.

М.Мағауиннің «Жармақ» романының когнитивтік аспектіде қарастыру арқылы тілдік тұлға тудырған көркем шығармадағы тіл мен таным категориясының қарым-қатынасын анықтап, когнитология саласында тың тілтанымдық зерттеу жұмысын жүргізіп, мол танымдық ақпараттарға қол жеткіздік. Біздің мақсат – шығарма арқылы берілген автор дүниетанымының тілдік көрінісін антропоцентристік парадигма негізінде жүйелеу болатын. Когнитологияда қалыптасқан өлшем бойынша көркем шығармалардағы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісі өз кезегінде бірнеше жікке бөлінеді.

«Жармақ» романының тілтанымдық ерекшеліктерімен қоса, дүниетанымдық ерекшеліктерін зерттеу қолға алынды. Бұл көркем шығарма авторының тілі мен ғаламды танудағы өзіндік көзқарасының ұлттық ерекшеліктермен тұтасып, астасып жататындығын тануға әкелді. Роман авторының таным дүниесінің диапозоны ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған таным тәжірибесіне, көзқарас-талаптарына байланысты кеңейетіндігін аңғартты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қасқабасов С. «М.Мағауиннің «Жармақ» романы» «Қазақ әдебиеті», 2010.15-21қаңтар
- 2.Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: Ан Арыс, 2007. – 312 б.
- 3.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.–968б.

ӘОЖ:84.10

Ж.ДӘДЕБАЕВТЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

УСЕНОВА И.Е.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА Р.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются исследования Ж.Дадебаева в области истории критики и литературоведения.

Summary. The article deals with Zh. Dadebaev's research in the field of the history of criticism and literary criticism.

Әдеби шығарма табиғатында барды көріп, тани білумен қатар оны саралап, талдай білу – өнер. Алайда сыншының міндеті әдеби шығармадан нені көріп, нені таныса, тек соны талдап, соны сараптау ғана емес. Әдебиет сыншысы, алдымен, көреген болуы шарт.

Көреген болу – көздің емес, көңілдің қасиеті. Ол көркем әдебиеттің, өнер мен мәдениеттің, тұрмыс пен салттың, тарих пен философияның ғасырлар бойы жинақталған асыл үлгілері мен қағидаларын, жалпыадамзаттық сипатқа иеленген рухани құндылықтарды көңілінде балқытып, көкірегінде қорытып, зердесіне құя білген зергер жаннан ғана табылмақ. Сонда ғана сыншының әдебиет пен өмір туралы, әдеби шығарма туралы оның тек өзіне ғана тән эстетикалық мұраты, шығармашылық ұстанымы айқындалмақ. Осындай эстетикалық мұраттың, осындай шығармашылық танымның сыншысында ғана әдеби шығарманың келісті келбеті, әдемі әлемі,

тамаша табиғаты туралы өзгелерде жоқ, тек оның өзінде ғана бар ерекше таным болмақ. Ол сондай таныммен ғана әдеби шығармада бар және жоқ, сондай-ақ болуға тиіс құбылыстар мен ерекшеліктерді, басқаша айтқанда, көркем әдебиеттің бүгінгісі мен ертеңгісін, осы шағының болмысы мен келер шағының сипатын қатар, салыстырып көре алады.

Әдебиет сыншысының көреген болуы керектігі туралы ойымыздың мәнісі осында. Зейнолла Серікқалиев, Төлеген Тоқбергенов, Сағат Әшімбаев туралы айтқан, жазған ой-пікірлерінде де Жанғара Дәдебаев әдебиет сынын шынайы әдеби көркем сын деңгейіне, одан әдебиеттану деңгейіне көтеруге ұмтылған осындай қайраткер болмыстың сыншысы ретінде таныла білді. Ол әдеби шығармадан, алдымен, шындық болмыстағы қоғамдық, әлеуметтік мәні бар құбылыстардың терең ашылуына назар аударды. Қоғамдық мәні зор өмір шындықтарының сырын терең ашып, шынайы суреттеген әдеби шығарма ғана эстетикалық мәні маңызды талдаулар мен бағалауларға негіз бола алады деп білді.

Қоғам үшін мәнді, мағыналы шындық құбылыстарды суреттеу жазушыдан өмір шындықтарын терең білуді, қоғамның әлеуметтік даму заңдылықтарын, сұраныстарын жете зерделеуді талап ететіні сөзсіз. Өмірді терең, жете білмейтін жазушы шынайы көркем шығарма жаза алмақ емес. Сыншы туралы да осыны айтуға болады: өмірді терең білмеген сыншы әдеби шығармада көрініс тапқан өмір шындықтарының қоғамдық мәнін жете тани алмайды. Сыншы өмір шындықтарын әдебиет пен өнер заңдылықтарынан терең білмесе, кем білмеуге тиісті. Сонда ғана оның сыны сындарлы болмақ.

Ж.Дәдебаев профессионал сыншы ретінде берік ұстанған қағидалардың бірі осындай болды. Сыншы жазушы шығармасының сюжеттік өзегі болған шындық құбылыстарды ірі не ұсақ деп жіктеуге әуес болмады. Шығармада суреттелініп отырған шындық құбылыстың қоғамдық, әлеуметтік, эстетикалық маңызы мен мәніне назар аударды.

Жанғара Дәдебаев үнемі шарықтаған шығармашылық ізденіс үстінде болды. Сыншы ізденісі қажырлы, тынымсыз еңбекпен ұштасып жатты. Ғалымның әдебиеттің өзекті деп саналған мәселелерге және жанр табиғаты мен күрделі теориялық мәселелерге білдірген көзқарастары көркемдік эстетикалық, шығармашылық ізденістердің тереңдігі мен шығармашылық ойлаудың ерендігінен еді. Осындай ерекшелік сыншының жеке шығармашылық тұлғалар туралы туындыларына да тән. Бұл ретте автордың классик жазушылар М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин және қазіргі кезеңнің белді өкілдері хақындағы ірі де іргелі, біртекті шығармаларын арнайы атап көрсеткен дұрыс. «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Ғабиден Мұстафин», «Шымырлап бойға жайылған», «Өмір шындығы және көркемдік шешім», «Тақырып және идея», «Талас аңыздары», «Атыңнан айналайын, Әулиеата», «Түс жору», «Жазушы және өмір» және басқа еңбектерінде автордың сол ортада тебіренген күйінің лаулаған жалыны, саулаған жарығы бар.

Ж.Дәдебаев туралы ұлы ұстазы З.Қабдолов: «Ол әдебиеттану профессорына тән көркемдеп, бейнелеп баяндаудың барлық негізгі құралдары және лекторлық шеберліктің басты әдіс-тәсілдерін жетік игерумен бірге соның бәрін лекцияларының әр түрлі циклдерінде немесе бір лекциясының әр түрлі бөліктерінде шебер қолданады. Лекция – оның педагогикалық және ғылыми-педагогикалық қызметінде ең басты әрі ең маңызды іс. Ол өзінің лекцияларын үлкен шабытпен тартымды оқиды, аудиторияны пафоспен баурайды, бірақ ешқашан арнасынан аспайды, тым қарабайырлыққа да ұрынбайды, әр сөзіне қорғасындай салмақ, мағына дарытады. Бұл оның ұстаздық ісіне байыпты, сыпайы, сұлу сипат береді, - деп толғанады. Шәкіртінің терең ойлы парасатын, адамдық келбетін, тек ардың ісіне саналатын – әдебиетті талдап, таныту, жете зерделеп, толғанудағы өзіндік қолтаңбасының дара екендігін пайымдайды[1,153б].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Ж.Дәдебаевтың зерттеу еңбектерінде өзіне ұқсас сабырлылық, байыптылық бірден аңғарылады. Тіпті, заманыңыздың заңғар жазушысына саналатын М.Әуезовтің шығармашылығы Ж.Дәдебаев ой-көзқарастарымен пәлсапалық мазмұнын тіпті тереңдетіп, жас қаламгерлер үшін шын шеберлік мектебі мен дәстүр жалғастығына айналды. Сыншының шығармашылық туындыларының бәрі ғылыми ұстанымға, ғылыми бағалауларға негізделі тұра, суретті, образды. Баяндау, сипаттау, талдау мәнерінде де шығармашылық құштарлық құшағында құлпырған суретті өрнектер мол.

Сыншы болу, сын жазу оңай емес.Туғаны жоқ тура би сынды сыншыда жақын да болмайды. Оның себебін әр сыншы өзінше түсіндіреді. Қазақ итің жаман деген сөздің өзін көтере алмайды. Ал әдеби шығарманың кемшілігін сынау автор үшін пайдалы, ғибратты болғанмен, оның жанына жайлы, жағымды емес. Автордың жанын ауыртпай, көңілін қалдырмай сын айту қиын. Басынан өтпеген жан мұның салмағын, ауыртпалығын сезбейді, сезбеген соң, сынның қырын, сыншының сырын біле бермейді. Сынның салдарын, ауырлығы мен ауыртпалығын мойнымен де, жүрегімен де тік тұрып көтерген Ж.Дәдебаевтың сын туралы, сыншы жайлы ойы терең, сөзі салмақты. Белгілі сыншы С.Жұмабаев: Сын тура айтылады, қатты айтылады, публистикалық сипаты ашық әрі өткір ке. «Турасын айтсаң, туғаныңа жақпайсың» дегенді қазақ бекер айтты деймісің. Сондықтан да сында тек жүрегінің түгі барлар ғана тұрақтап қалады» [2, 44б.].

Бүлсөздесыншыныңшыны да, сыры да бар. Шынысол – автор турасын, анығын, ақиқатынайтыптыр. Сыры сол – турасын да, анығын да, ақиқатын да жүреккетүскенсалмақтан басы ауырып, балтырысыздаптұрыпайтыптыр. Турасынайту – шындықтыайту.

Ж.Дәдебаев өткен ғасырдың 60-70-80 жылдарындағы әдебиет «майданына» жан-жақты талдаулар жасайды. Қазақ әдебиетімен ғана шектеліп қалмай, әлемдік өркениетке ерекше үлес қосқан жазушылардың туындыларына да тоқталады. Өзінің сыншылық көзқарастарын Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясымен астастырып: «Біздің көркем ой-санамыздың даму тарихы әріден басталатындығы зор мақтаным!» [3, 78б.]– дейді.

«Абайтану» ғылыми-зерттеу институтының директоры ретінде «Қазақ әдебиеті» газеті беттерінде әдебиеттің даму ерекшелігі мен сынның жай-күйіне қатысты қойылған сауалдарға белсене араласып, сарабал сыншы, әдебиетші, теоретик ғалым ретінде өзінің ғылыми тұжырымдарын білдіріп отырады.

Әдебиеттанушы ғалым, сыншы Жанғара Дәдебаевтың зерттеулері қалам қарымының ауқымдылығын, ғылыми ізденістерінің тереңдігін және талғампаз еңбекқорлығын айқындайтын еңбек.

Белгілі әдебиеттанушы Жанғара Дәдебаевтың 2010 жылы «Тақырып және идея» деген кітабы жарық көрді. Ғалымның бұл кітабына адам мен заман, тарих пен тарихи тұлға туралы зерттеулері мен зерделеулері, көсем сөз үлгісіндегі ғылыми-танымдық пайымдаулары енді. Автордың ойлары мен толғамдары, талдаулары мен аңдаулары тарих пен әдебиет, әдебиет пен мәдениет, шешендік өнер мен билер шешімі секілді бірнеше ғылым салаларының тоғысынан бастау алады[4].

Ж.Дәдебаевтың шын ғалымдық қырын танытатын еңбегі «Өмір шындығы және көркемдік шешім»деп аталатын монографиялық зерттеуінде ұлттық сипатынан, өнерпаздық тұлғасының ұлттық болмысынан талант табиғаты ғана емес, ұлттың қасиеті, тұлға табиғаты мен қас талантты дәл дәйектейтін сұңғыла зерделілігі паш етіліп тұр. [5].

Қорыта келгенде, өмірде көргені мен түйгені мол, дүниетанымы бай, эстетикалық тұрғысы биік қаламгерді болмасын, белгілі бір нақты мәселе төңірегінде ой өрбіте отырып, жасаған сыншы пайымдауларын талдамасын, шығармашылықтың қыр-сырын жетік аңдап, сұңғыла саналылықпен саралай білген Ж.Дәдебаев – тек әдебиеттанушы ғалым ғана емес, сыншы деген күрделі міндеттің қиын міндеттерінің үддесінен шыға білді. Ең бастысы, шығармашылық адамы үшін уақыттан асқан қымбат нәрсе жоқ деп түйіндей отырып, асыл уақытын тек ұлттық әдебиеттің кең қанаттанып, дамуы үшін шын тұлғалардың суреткерлік қабілеті мен шеберлігін шынайы талдап, таныту жолында күрделі ізденіс жолында болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы, Ғылым, 1996. – 195б.
2. Дәдебаев Ж. Көреген болу-көздің емес, түйсіктің қасиеті //Түркістан, 2013, 25-сәуір
3. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы, 2001. -340 б.
- 4 Дәдебаев Ж. Тақырып және идея. – Алматы, 2010. – 207б.
5. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы, 1991. -207б.

Ә.ТАРАЗИДІҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ГАЛЕРЕЯСЫ

ЖАҚЫПБЕКОВ Е.Е.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализируются аспекты изображения образов в драматических произведениях А.Тарази.

Summary. The article analyzes the aspects of depicting images in the dramatic works of A.Tarazi.

Әкім Таразидің драмалық туындылар тақырыбы жағынан, көркемдік ерекшеліктері жағынан тарихи трагедия, аты айтып тұрғандай, тарихи тұлғалардың басындағы үлкен трагедиялық тартысқа кұрылса, адамгершілік – тұрмыстық трагедияда қат-қабат қайшылықтар мен үлкен тартыстар аз ғана адамдардың тағдыры, тіпті бір отбасы мүшелерінің қым-қиғаш тірлігі арқылы бейнеленді. Әлемдік драматургияда мұның тәжірибесі мол көрінсе, қазақ драматургиясында кеңінен көрініс тапты. Зерттеуші бұл жүйедегі туындыларға жан – жақты талдау жасап, басты сипат – ерекшеліктері анықталды.

Ә.Тарази драматургиясы қазақ әдебиетіне соны кейіпкерлер, қайталанбас типтер мен характерларды, әсіресе қарапайым ауыл адамдарының тұтастай галереясын әкелді. Сондықтан болар, жазушы шығармашылығы жөнінде құнды пікірлер айтылып, сыни мақалалар көптеп жазылды.

Трагедия – сахнаға арналып жазылатын әдеби шығармалардың, яғни драмалық жанрдың бір түрі. Драмалық шығармалардың басқа түрлері сияқты трагедия да күрделі оқиғаны, оған қатысатын адамдардың іс – әрекетін кейіпкерлердің сөйлеген сөздері арқылы көрсетеді. Трагедияның өзіндік жанрлық ерекшелігі – ол өмірдегі шиеленіскен күрес – тартысты, бір – біріне қарама – қайшы күштердің ешбір ымыраға келмейтін, белдескен күресін, қақтығыс – таласын суреттейді. Трагедияда әдетте қоғам көшін ілгері бастауға ұмтылған озат күштер мен ескілікті жақтайтын топас, кертартпа топтардың арасындағы тартыс, яғни адалдық пен арамдық, ізгілік пен жауыздық арасындағы тартыс бейнеленеді. Өмірдегі бір ауыр жағдай, адамның қиын-қысталаң басына түскен ауыртпалық баяндалады, шығарма көбінесе негізгі кейіпкердің қазаға ұшырауымен аяқталады[1]. Бірақ жеке адамның трагедиялық халге ұшырауы, күрес жолында апат болуы оның үміті кесіліп, араны орындалмайды деген мағына бермей, керісінше, сол адам бүкіл өмірін арнаған арман мақсаттың, ниеттің қаншалықты биік, зор екендігін айқын танытады. Асыл арман, ізгі ниетке қарсы әрекет жасаған кертартпа топтар мейлінше әшкереленіп, шығарма көпшілікті, кейінгі ұрпақты алға ұмтылуға, адамның ізгі арман тілегі, бақыты үшін күресуге жігерлендіре түседі[2].

Трагедиялық қаһарман көбінесе адалдық, әділеттік үшін күресетін, зұлым күштердің зорлығына мойын ұсынбайтын адам болады. Мысалы, «Абай» трагедиясындағы жауыздыққа батыл қарсы тұратын, жазықсызды жан аямай жақтайтын Абайдың бейнесі осындай, «Ақансері – Ақтоқтыдағы» өмір қаспағына түсіп, қиянат – зорлықты көп көрген Ақан адал жан.

Трагедиялық кейіпкердің бойына үнемі тек жақсы қасиеттерді үйіп қою шарт емес. Мысалы, Пушкиннің «Борис Годунов» атты трагедиясындағы Годунов бейнесін алсақ, ол қатпары көп, қайшылығы мол тұлға. Оның трагедиясы, патшалық тағдырының сәтсіздікке ұшырауы мансапты, тәж бен тақты халық мүддесінен жоғары қоюдан туады, сондықтан да жеме – жемге келгенде бұқара халық оны қолдамайды.

Трагедия алғаш ежелгі гректердің мәдениеті қалыптасып, сахналық өнері дами бастағанда пайда болып, сонан бері әр заманда, әр елде кең қанат жайып, өркендеп келеді[3]. Берірек дәуірде трагедияның айрықша зор бмікке көтерілген тұсы – Шекспирдің творчествосы. Оның әсіресе «Отелло», «Гамлет» секілді трагедиялары дүние жүзі мәдениетіне қосылған зор үлес болды. Орыстың классикалық әдебиетінде де трагедияның тамаша үлгілері туды. Мысалы, жоғарыда

аталған А.С.Пушкиннің «Борис Годунов» атты шығармасы. Қазақ әдебиетінде трагедия кеңестік дәуірде қалыптасты. Бұл жанрлық түрдің таңдаулы үлгілері ретінде Мұхтар Әуезовтың «Қаракөз» және Л.Соболевпен бірігіп жазған «Абай» атты пьесаларын атап айтуымызға болады. Халық эпосының сюжетіне құрылған пьесалардың ішінде Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян-сұлу» атты шығармасын да айрықша атаған жөн.

Ал, Әкім Таразидің «Жақсы кісі», «Қыз махаббаты немесе қуыршақ бөпенің жоқтауы», «Індет немесе жаңа адам жасаймыз», «Қос боздақ», «Люстра» атты трагедиялары қазіргі қазақ драматургиясында, оқырмандар арасында өзіндік орны бар туындылар[4].

Трагедиялық жағдай – қоғамдық өмірдегі шиеленіскен қайшылыққа толы, кейіпкерлердің арасындағы ешбір ымыраға келмейтін қарама – қарсылықты, бітіспес күрес – тартыс, қақтығыстар. Трагедиялық жағдай қаһарманның ұмтылған мақсатына жететін жолын әр түрлі тосқауылдармен бөгеп, оны тұйыққа тірелтіп, апатқа ұшырауға дейін алып келеді. Мұнда қоғамдағы қарама – қарсы топтардың, жеке адамдардың талас – тартысы әлеуметтік өмірдің қайшылықтарымен тамырлас келіп, дәуірдің, заманның сиқын танытады. Трагедиялық қаһарман көп жағдайда арманына жете алмай апат болады. Бірақ бұдан пессимистік сарын күшейеді деп түсінбеу керек. Өйткені ол армандаған мұрат басқалардың кеудесінде от тұтатып, батыл күреске үндейді, алға ұмтылдырады.

Трагикомедия – драмалық шығарманың бір түрі. Сахнаға арналған әдеби шығармаларда трагедия, комедия, драма деп үш түрге бөлінеді. Ал жіктемей – түгелдей алғанда бұлардың бәрін де драма, драмалық шығарма деп атай береді.

Драмалық шығарманың қай түрі болсын, оларға ортақ басты сипат шиеленіскен оқиғаға құрылатыны және сол оқиға кейіпкерлердің сөйлеген, өзара сөйлескен сөздері (монолог, диалог) арқылы баяндалып, өрбіп – өрістеп отыратыны. Ал трагедия, комедия, драма деп жіктегенде осы түрлердің әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктер ескеріледі. Трагедияда қатты қақтығыс – шиеленіс суреттеліп, шығарма әдетте кейіпкердің қазаға ұшырауымен аяқталады. Комедия болса, ол күлкілі, әзіл – оспаққа толы шығарма. Мұнда тұрмыстағы, адамның бойындағы, мінезіндегі әр түрлі кемшіліктерді ажуалап, сықақ ету жағы басым болады. Ал осы екі бөлекше түрге енбейтін, басқадай сахнаға арналған шығармаларды өзінің жалпылама атымен драма деп атай береді.

Трагикомедия деп аталатын шығармада трагедияға да, комедияға да тән сипат-өзгешеліктер кездеседі. Мысалы, А.С. Грибоедовтың «Горе от ума» («Ақылдан қайғы») атты шығармасын алсақ, мұнда трагедиялық сипат – белгілер де бар. Шығарманың басты кейіпкері бұрын өзі өскен ортадан енді өзіне орын таппай, ондаған белді адамдармен ұғыса алмай, мүлде кетісіп, олардан қол үзіп, бетімен кетуге мәжүр болады. Яғни, ауыр, трагедиялық жағдайға ұшырайды. Сонымен қатар бірталай кейіпкердің оғаш мінездері, надан топастығы, аңқаулығы үнемі ажуа – күлкімен айтылады. Ал бұл шығармаға комедиялық та сипат береді. Сондықтан шығарма трагикомедия деп аталады дегендей Әкім Таразидің «Лайнерге» атты туындысы бар[5]. Мүмкін, бұл туындыны тарихи трагикомедия десек те жарасады.

Драматургтің бұл туындысында Мерген образы арқылы қоғамдағы, басшыға деген жағымпаздықтың, сатқындықты өте тамаша суреттеген:

Мерген. Сіздің орныңыз мынау ара, Исмаил – ака.

Юсупов. Сен неге «ака» дейсің? Қазақтар «аға» демей ме? Өзіңнің тілің епті, майысып кетеді екен?

Мерген. Тілім епті емес, Исмаил – ака, менің, өзі...табиғатымда...арғы тегімде бір, қазақтар айтпақшы, шикілік болса керек.

Бірақ, Исмаил – ака, менің бұл өлер шақта да, ақирет алдында да айтпаспын деген сырым еді...Өзіңізге ғана...

Юсупов. Ы – ым – м. Оның жақсы екен. Араларына кіре беріңдер, ол керек.

Мерген. Оның керек екенін мен баяғыда білгем. Сондықтан да сорайған шалдың...Қонаевты айтам...жағасынан мықтап ұстаған жоқпын ба. Тырп еткізбедім ғой. Әрбір басқан қадамын қажетті жерге жеткізіп тұрмадым ба. Оның омақаса құлауына тікелей мен себепші болмадым ба? Кім біледі...

Юсупов. Әй, сен қысатын жерінді қысып тыныш жүр. Білдің бе?»[5,210], - деген екі адамның диалогы арқылы тарихқа шолу жасаған.

Диалог – әдеби шығармада екі кейіпкердің, немесе бірнеше адамның сөйлесуі, оларды сөйлестіру тәсілі. Драмалық шығарма түелдей дерлік диалогқа сөйлестіруге және жеке кейіпкерді сөйлетуге, монологқа негізделіп құрылады.

Диалог кейіпкерді жай бірінен кейін бірін сөйлете беру емес, ол сөйлесетін адамдардың қарым – қатынасының қалай шиеленісіп, қалай өзгеріп, өрістеп отыратынына сәйкес беріледі. Және бір кейіпкердің айтқан сөзі екінші кейіпкердің айтатын сөзіне түрткі болып, келесі сөйлеуші жауап қайыра сөйлейді. Драматург өз кейіпкерлерінің мінез – құлқын ашуда ауызекі тілдегі пародиялық тәсілді қолданады. Сондықтан оның трагикомедиясының композициялық құрылымы басынан аяғына дейін бір – бірімен іштей тығыз байланысып жатқан бірнеше пародиялық беліктерден тұрады. Әрбір пародиялық белік бірнеше пародиялық қайырмалардан құралады. Жалпы алғанда, өмірлік материал деген ұғымның аясы кең. Бұл ұғымды құрайтын компоненттерді шартты түрде: тарихи – оқиға деректері. Тұрмыс деректері, дәстүрлі мінез – құлық деректері, ұлттық ой – сана деректері, детективті деректер деп бірнеше түрге белдік. Аталған деректер драмашының қай тақырыпқа қалам тербеуіне байланысты пьесада әртүрлі тұрғыда қамтылады. Сондай – ақ өмірлік материалдың деректік сипаты пьесаның идеялық мазмұнын айқындайды. Бұл пікір Әкім Таразидің «Лайнерге» атты трагикомедиясы арқылы дәлелденеді. Сол арқылы драмашының трагикомедиясында көтерілген идеялық мазмұнның драмалық туындыларында тереңдетіле түсуінің сыры ашылады.

Ә.Таразидің шеберлігі комедиядағы персонаждарды өзінің авторлық концепциясына бағындыра алатындығынан да сезіледі. Жалпы персонаждардың ұқсастығы Ә.Таразидің барлық комедияларында кездесетіндігі сыншылар тарапынан айтылған. Алайда, Ә.Таразидің комедиясындағы кейбір персонаждардың ұлттық ой – сана проблемасын бедерлеуде ерекше маңыз атқарып тұрғанын айту керек.

Жалпы алғанда комедия жанрының пайда болуы және қалыптасуы жайындағығылымда қалыптасқан теориялық тұжырымдар мен қағидалар өзінің мәнін еш уақытта жоймайды. Сол тұжырымдардың қазақ комедиясының табиғатын тануға тигізер көмегінің аз болмайтындығына күмән туа қоймасы анық. Әр халықтың өзіне тән күлкісі бар. Осы күлкінің сырына терең бойлау оның алыс ғасырлардан орныққан ғұрып, салт, дәстүр ретінде бүгінгі ұрпақпен бірге өмір сүріп жатқан рухани құндылықтардың қалың қыртысына еркін ендіреді.

Ә.Тарази және оған дейінгі драматургиялық туындылардағы күлкі етілген объектінің ұлттық ой – сана қатысын дұрыс ажырату үшін біз өз зерттеуімізде қазақ әдебиетіндегі күлкі бағытын зерделедік. Осы юморлық сезім жөнінде академик З. Қабдолов былай дейді: «Юмор бар жерде ылғи сын бар деуге болмайды, юморға жазушы жұртқа тиер пәлендей пәле – жәлесі жоқ, бір алуан оқшау қимылдар мен құбылыстарды жай ғана көңілді күлкіге айналдырып, оқырманның ойын көзеп, бойын сергітуі де ықтимал».

Драмашы өмірді жұрт қатарлы танумен бірге сол тіршіліктегі адамзат қатынастарының күрделі механизмдерін әрқилы жағдайда, әртүрлі күйге түсетін кісінің хал-ақуалын, олардың ұзақ жолындағы бақытты күресін, олардың оңай өмір сүру, жеңіл байып, зор даңққа жету жолындағы айла – әрекеттерін, пейіл – мінезін, әдет – ырымдарымен түгел танысып, өз жүрегінің тезінен өткізе білуі керек. Сонда ғана суреткер жанында толқынды шабыт туады; ол бір құбылысқа кереметтей қуаныш пен қараса және оны дәріптей көтере жырлауға әзірленсе, екінші бір жарамыз құбылысқа барынша күйінеді, оның әрбір ыза – кегі, әрбір сөзі жігер – қуатқа айналады, сөйтіп, жаңағы келеңсіздіктерді масқаралайды. Оны жирене жырлауға құлшынады. Сол үшін де өмірді терең зерттеп, суреткерлік көзқарасы айқын жазушының алдағы ұстанымы да айшықты, оның жазу шеберлігі де жіті болмақ. Әрине, мұндай дәрежеге көтерілген драматургтің іздену мүмкіндігінде шек жоқ. Мінекей, дәл бүгінгі таңда осындай үлкен талаптарға үлес қосатын бес аспап, драматургтер, өкінішке қарай, саусақпен санарлық. Өмірден ойып алынған шынайы материалдар, бірінен – бірі өткен қызықты фактілер, солардан туған ақындық шабыт пен философиялық ойлар рухани көркем дүниелерге айналады. Өмір қитұрқыларын көңіл көзімен барлаған кәнігі қаламгерлер қаласа трагедия, драма жазады. Комедияның да қай түріне

калам тартамын десе ерікті. Сонымен, зәруде тың тақырыпты таңдау, оның көркемдік – бейнелік шешімін табу, ширьққан тартыстарды қисынды жолмен дамытып, белгілі бір түйіп тұжырым жасау, кісі характерлерінің психологиялық сырларын зерттеу сияқты драматургияның тағы да басқа көптеген шарттарын игеріп, нағыз сапалы туынды түзу – жазушының талап өрісіне, білім парасатына, шеберлік мүмкіндігінің ауқымдылығына байланысты. Рас, тәуелсіз еліміздің ілгерілеу жолында, моральдық – этикалық идеяларға кір жағатын жат құбылыстарды драматургтеріміз кеңінен қолға ала бастады. Соның нәтижесінде сахналарымызда трагедия, драмадан гөрі, комедия жанры көбірек орын еншілей батсады. Өйткені комедия жанры жағымсыз болмыстарға қарсы таптырмас күрес қуралдарының бірі. Күнделікті тірлігімізде комедияға негіз болатын көріністер аз емес.

Тарази кейіпкерлері тайталасқан қоғам мен қоғамдық құрылымның тағдырына көз жүгіртіп отырып, бүгінде жиі – жиі айтылатын тәуелсіздік дәуірінің бастауы саналар – өткен ғасырдың 90 – жылдарындағы демократиялық өрлеу дәуірінің арғы тегі сол алпысыншы жылғылар кезеңінде жатқанын танығадай боламыз. Тіпті қазақ ұлтының тағдырында тарихи орны зор, ұлы бетбұрыстың басы болып санаға сіңер, халық жадында жатталар Желтоқсан оқиғасы да өз бастауын сол сірескен сенді тұңғыш еріткен, ой – сана атаулыға еркіндік дейтін киелі ұғымның шуағы мен нұрын алғаш пәрмен таныта шашқан «алпысыншы жылғылардың» арманы мен мұратынан өз бастауын алғанын мойындауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рүстембекова Р. Қазақ совет комедиясы. - Алматы: Ғылым, 1978. – 136 б.
2. Жақыпов Е. Дәстүр тағылымы – драмада. Кіт. Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы: Ғылым, 1980. – 367 б.
3. Әбіл Ж. Қазақ комедиясының генезисі мен жанрлық ерекшеліктері. – Алматы: Алаш, 2001. – 164б.
4. Тарази Ә. Шығармалары. Романдар. 5 том: Қорқау жұлдыз. – Астана: Фолиант, 2013. – 412б.
5. Тарази Ә. Қыз махаббаты: Пьесалар. – Алматы: Өнер, 1982. – 144б.

ӘОЖ:82.09

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МОДЕРНИСТІК ЖӘНЕ ПОСТМОДЕРНИСТІК БАҒЫТТАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ КӨРІНІСТЕРІ

УНЕРБАЕВА Л.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются проявления модернистских и постмодернистских произведений в казахской прозе.

Summary. The article deals with the manifestations of modernist and postmodernist works in Kazakh prose.

Қазіргі қазақ әдебиетінде алдыңғы буын дәстүрі кең көлемде тың ізденістермен молығып, жалғасын тапты. Көп жыл бойғы көркем әдебиетке күштеп таңылған социалистік реализм әдісінен қол үзген жаңа буын әдебиеті жаңа өріс іздей бастады. Сол ізденістер нәтижесінде тың сипатты туындылар дүниеге келді. Әдебиет тарихына жаңа көзбен назар аударған уақытта біздің көптеген реалистік туындыларымыздың модернизммен тамырласып жатқанын байқаймыз. Ол

М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфулин мен С.Ерубаев шығармаларынан да кең орын алады. 1960 жылдардан бергі «жылымық» дәуірде мұндай әдеби-танымдық дискурс Р.Тоқтаров, С.Мұратбеков, М.Мағауин, Ә.Кекілбаев, Т.Әбдіков, Ә.Тарази, Қ.Ысқақов, А.Нұрманов, Д.Досжанов, Р. Сейсенбаев, М.Қабанбай, т.б. жазушылардың көркемдік тәжірибесінен анық аңғарылады. Д.Затонскийдің ойынша, постмодернизм таза «батыстық» қана емес, бұрынғы кеңістік дәуір әдебиетінде де тән құбылыс екен. «Модернистер дәрекі, алабажак, тұрақсыз шындықтың жан-жағынан жоғары шындық, жоғары өмір, сабақтас әлем, іргелі тұтастық, өзгеше ой, тым ауқымды идея іздестірді. Өмір олар үшін көріксіз де, тазалық пен әсемдік өнерде ғана сақталмақ. Постмодернизм мұндай кемшіліктерден ажа, олар, біріншіден, осы сәттегі, тысқары дүниедегі, күнделікті тіршіліктегі бар нәрсеге назар аударады. Олар үшін мұражайдағы сурет пен жырtpпалы күнтізбедегі оның көшірмесі бірдей», - дейді философ П.Гречко. Модернизм өзгемен еркін сөйлесе алмаса, постструктуралистік молекуляризмге тән плюрализм «Өзгені» екінші «Менге» айналдырады. Екі ортада диалог орнайды. Қысқасы, модернизм көз алдында тұрған шындықты місе тұтпаса, постмодернизм өмірдегі құндылықтарды үлкен, кіші деп бөлмейді, кез келген зат, құбылысты дүние санауға бейім. Ол техногенді, постиндустриалды қоғам негізінде бей-берекет тіршіліктен безер болудың орнына бәріне көнген, бекінген, қасіретін ішіне түйген қалыпта, ешнәрсеге қатты алаңсыз, жүйкесін сауытпен қоршап күн кешуді жөн санайды. Тығырықтан шығар жол іздеудің қажеті жоқ. Егер адамзат өркениеттің жарқабағында тұрса, оған амал іздеу мүмкін емес. Әркім өзінде бар әлем, үлесіне тиген тағдыр мен сағат, сәттің тұтқынында сол күйіне жасымай, зар төкпей тыныстауы қажет.

Ал постмодернизм поэтикасына қатысты мына тұжырымды айналып өтпеген дұрыс: «Постмодернизмге тән негізгі сипаттар туралы пікірлер әр түрлі. Ихаб Хаасан бұл бағыттағы қаламгерлерге түйықтық, бұлдырлық хас, олар ешнәрсені ашып айтпайды, соңғы ақиқат жайлы сөз қозғаудан аулақ десе, Алан Уайлд постмодернизм өмір көріністерінің бәріне дерлік өзгеше ирониямен қарайтынын атап өтеді. Негізінен әдеби постмодернизм теориясын зерттеген Д.Лодж постмодернистік мәтін оқырман көңілінде оқиға барысына қатысты үнемі күмәнділік тудырады деп біледі». Әрине, бұл көркемдік ағымда анықтайтын сипаттар осымен шектелмейді, әрі барлығы дерлік күмәнсіз емес. Біз қазіргі қазақ прозасын модернизм және постмодернизм ыңғайымен сөз еткенде, барша қаламгерлер мен шығармаларды түгел қамти алмайтынымызды ескертеміз. Сәл ертерек дәуірге көз салсақ, модернизм мен постмодернизмге хас мәтін құрамының байлығы мен әркелкілігі М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Бүркіт аңшылығының суреттері», Ж.Аймауытовтың «Елес», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», С.Ерубаевтың «Менің құрдастарым», С.Сейфуллиннің «Біздің тұрмыс» шығармаларынан мол аңғарылады [1.]. Аталған туындылардағы интертекст, реминисценция, аллюзия көріністері өмір шындығын қалыптағы реалистік баяндаудан гөрі оны қабылдаушы субъектімен арақатынаста, жан-жақты тануда зор нарративтік роль атқарды. Модернистік прозада шарықтап дамыған сана ағымын суреттеу өнері М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев мәтіндерінде ұлттық дәстүр сілемін қалыптастырды. М.Әуезовтің «Жетім», «Оқыған азамат», «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», «Көксерегінде», Ж.Аймауытовтың «Елес», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімелерінде адамның социомәдени құрылымынан тыс қалатын немесе қоршаған ортаны жатсынуынан туындайтын экзистенциализм сарыны шынайы эпистемологиялық бағдарға айналды.

1940 жылдардан бергі қазақ прозасында З.Шашкин, Х.Есенжанов, Ә.Нұрпейісов, Т.Әлімқұлов, Т.Ахтанов, І.Есенберлин шығармалары арқылы психологиялық талдау, монолог, қос үнді сөз, алмастырылған төл сөз сияқты баяндау тәсілдері авторлық көзқарас шеңберін әр қырынан көрсетуде ұтымды көркемдік тәсілдер болды.

Қазіргі қазақ прозасында Р.Тоқтаровтың «Бітеу жара» романы мекеншақ (хронотоп) күрделілігі, реминисценция, аллюзия, интертекст мәнділігі, бас кейіпкердің өзгені ғана емес, өзін де сын назарымен суреттеу объектісіне айналдыруы, нарықтық қоғам әкеленген әр алуан бұрын белгісіз әлеуметтік типтерді өз жаргон, лексикасымен сөйлете алу шеберлігі. С.Мұратбековтың «Өліара» повесіндегі жаңа заман әсерін өткір сезінуге сәйкес бедерленетін өткінші қызық

салтанаты, айқын тұлға дәрежесіне әдейі жеткізілмейтін, жақсы да, жаман деуге келмейтін, сүренсізсігімен өміршең жандар ұлттық көркемдік ойлау жүйесінде тоталитарлық сана ықпалынан шығу, ұжымдық тілектен жеке бастық тағдыр талқысын артық қою арқылы жаңа шындыққа ұмтылу бағдары орныққанын айқындайды[2.].

Тәкен Әлімқұловтың көбіне түсініксіз, өзін-өзі мысқылдап сөйлейтін, тіршілікке кекесінмен қарайтын оқшау тұлғалары, Әкім Таразидің, Роллан Сейсенбаевтың, Төлен Әбдіковтің осы іспетті қызық мінезді кейіпкерлері, Мұхтар Мағауиннің ирониялық баяндау тәсілі постмодернизм әдебиетіндегі стильдік доминантамен ұқсас құбылыстар. Кейіпкерлерінің өзіне-өзі немесе өзгеге қатысты кейде ызалы, кейде бейтарап әжуалай тіл қатуы М.Мағауиннің 1970 жылдардағы әңгіме, повесть, романдарында кездеседі. «Көк мұнарадағы» Едіге, «Қара қыздағы» Бексейіттің сұхбаттасу сәттерінде әдебиеттегі юмор ауқымынан тыс психологиялық мезеттер салмақты жағдайды басқа саналар аясымен сабақтас күлкіге жақын әсер арқылы толықтыратын. Бұл көркемдік-эстетикалық бағдар жазушының кейінгі туындыларында сайқымазақ-пародия тәрізді стильдік сипатқа жуық бедер тапты. «Екеу» әңгімесінде М.Мағауин постмодернистік шығармалардың рухымен қаһармандарын нақты есіммен атамайды. Опера театрына баратын, әсем киінуге ұмтылатын, шетелдік автомашина жүргізілетін, артист не продюссер яки кейіпкер екені күмәнді біреу өзін кәсібі мұғалім деп жоруға болатын жесір әйелге «Шопыр» деп таныстырады. Кездейсоқ жолығып, тез табысып, жеті жыл бойы түсініксіз қарым-қатынаста болатын қаладағы қаптаған пенделердің екеуін таза моральдық тұрғыдан ақтай алмас едік. Әйтсе де, әйел нәпсі тілегін жоққа шығармағанмен, бейтаныс еркекті бағалағанымен, әдепсіздеу көрінетін ісінен ұялыс табатынының білдіру түрінде «Ол» кейпіндегі этнопсихологиялық тыйымды есінде сақтайды[3.].

Бір реттен шығармадағы негізгі оқиғалар тізбегі М.Әуезов «Қаралы сұлуындағы» күрделі эмоционалдық жағдаятқа пародия сияқты. Мұнда Қарагөз бастан кешетін ауыр ахуал өрнектелмейді. Бірақ әңгімедегі әйел ері қайтыс болғаннан бері он тоғыз жыл төсек қызығын татпаған. Соншалық ұстамдылығы не өз әрекетін наразылығы суреттелмейтін «Бойжеткен» «Өзгелермен» байланыс орайында қалыптағы адамгершілік, сыпайылық шегінен аспайтындай, Оңтайы келген пайдадан бас тартады. Фрейдшілдік сарын да әсірелей бейнеленбеген. Екеуін табыстырған- әрі заңды, әрі кездейсоқ Тағдыр. Тағдыр да емес, кенеттен келген жағдай. Бұл тарих тағдыр болуы үшін белгілі бір логикаға құрылған адами іс-әрекет, ой-сезім, мақсат, ниет болмысы баяндалуы қажет еді. «Шопыр» да ар, намыс межелерін аттап кете беретін өрескел біреу емес. Бірақ не істеп, не қоятыны белгісіз, көмескі табыс жолындағы жанкешті екені сезіледі. «Екеу» үшін олардың «Кім» екені қажеттілікке айналмаған. Әрине, жұмбаққа үйірі-«Шопыр». Автор бастапқы сәтте және уақыт тікелей бағдарда өтетін шақтарда болмаса, мәтін жүйесінде бойжеткеннің қос үнді сөз үлгісіндегі сөздеріне басым мән берсе, басты әрекет не оған байланысты тым шағын әсер бөлісу диалог арқылы келісім табады[4.].

Модернистік әдебиеттен постмодернизм эпистемологиясына көшкен жалғыздық сарыны, пенденің ортамен қарамқайшылығы, тоқтамас арынды заманның технократиялық болмысынан сескену, рухани ізгіліктердің тапшылығынан зардап тарту стихиясы осы бағыттағы барша жазушылардың дүниетанымдық аңсарынан танылады. Астарлап, ишарамен сөйлеу, сөзге сарандық, үкім айтудан, соңғы ақиқатпен кездесуден қашу – постмодернистік рухтағы бүгінгі қазақ прозасына тән басты қасиеттердің бірі.

Постмодернистік әдебиет төңірегіндегілердің өз лексикасы, құбылыс, зат пен сәтті тым тәптіштеп, ұзақ бейнелеуге бейім тіл өрнегі бар. Асылбек Ихсановтың «Дүңгіршек» әңгімесінде бас әріппен жазылатын Көктем мен Жазды екі ісмерге, бояуы оңып, сәні жоғалар сұлулығын жоқтап қиналатын қызға балау соншалық қуанышы аз өмірдің өзінен бейнелі көріністер іздестіруді жаңа құрылымдағы проза жоққа шығармайтынын дәлелдейді. Бірақ стилистика Дидар Амантай туындыларындағыдай күрделі әрі етістік оралымдар мол. Ал жалпы мифопоэтикалық ойлау жүйесімен қазіргі экосоциологиялық проблемаларды бейнелі, астарлы түрде ұштастыру Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесіндегі негізгі идеологеманы құрайды.

Адам денелі, ат денелі, ешкімге қиянат жасамаған адамды өзінен басқаға шыдамайтын жауыз адамдар атып өлтіреді. Олар кентаврдың жылдамдығын ұнатпайды, қорқады. Даралық,

ескі мен жаңаның қосындысы, әдемі қиялды бұзатын жабайы көңіл-күймен бірге жақсылық та өледі. Мәтін жүйесінің дәстүрлі стилінде ақырзаман концепті әдемі қиял мен әуезді әуендер аралас бейнеленген[4.].

Дидар Амантайдың соңғы жылдардағы «Сағындым» хикаясы кәдімгі фантастикадан ерекшеленеді.

Бұл бірінші рет сөйлем құрылымында байқалады. Қалыпты сұранысқа қарасаңыз, міндетті түрде сынап азығын аласыз. Бірақ постмодернисттердің көпшілігі белгілі бір өлшемді, тартымды үлгіні бұзуға бейім. Бұл, әрине, қағаз дәстүрін жасау қажеттілігінен туындамайды. Табиғи қажеттіліктерді іздеуден жан мен рух жойылады. Өйткені адам стилистикалық жағынан кемелді ойламайды. Постмодернизмді мүлде жоққа шығармайтын модернистік әдебиеттегі «сана ағыны» сондай күйде сана тек жад айнасында таза емес, кіршіксіз немесе алексала күйінде де жаңғырады. Д.Амантай шығармашылығының баяндау жүйесі қазақ прозасы үшін жаңа құрылыста әрекет пен қиялды, мақсат пен қасірет, азап пен азапты бейнелейді. Әңгіме ақылдың астындағы, алып, таразыға салуға болмайтын терең шындықты іздеуге құрылған.

Д.Амантай шығармаларындағы аллюзия, интертекст, реминисценция және «сана ағымының» автор еркіндегімен сабақтас түрі елеулі философиялық, тұрмыстық, эзотериялық мәселелерді постмодернистік поэтика ауқымында қарастыруда зор стиль түзушілік роль атқарады. Көптеген туындыларда (М.Мағауин, Р.Мұқанова, Ә.Қоспағарова, А.Ихсанова) кейіпкерлер есімдерінің белгісіздігі адам құндылығына күмәнді көзқарастан, бәрін бағалауға талпынудан, өмірдің қайталануынан шаршаудан, құбылыстардан жаңа сипат іздеуді талап етуден, масса параметрінің басымдылығын сезінуден туындайды. тұлғаға тапсырыс беру.

Модернистік әдебиеттен постмодернизм гносеологиясына көшкен жалғыздық мотивтері, Пенденің ымырасыз көзқарасы, уақытсыз заманның технократиялық шындығына жирену, рухани ізгіліктердің жоқтығынан зардап шегудің стихиялылығы осы кезеңдегі барша қаламгерлердің идеялық азабынан танылады. тренд. Айыптаудан, айыптаудан қашу, соңғы шындықпен кездесу – постмодернизм рухындағы қазіргі қазақ прозасына тән басты қасиеттердің бірі.

Дәстүрлі эпикалық әдебиет өз бағытына алданған жоқ. Ал жаһандық ауқымдағы соңғы мәдени-танымдық, эстетикалық ағымдарға үн қосу, олармен етене араласу, қазақ прозасынан лайықты өріс табу, игілігін жаңғырту ниетінен туындаған модернистік және постмодернистік поэтика заңдылығы. жаңа құндылықтармен әдеби, көркем, интеллектуалдық дамуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Майтанов Б.Қ. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар// Қазақ әдебиеті. 2004. – Б. 8-9.\
2. Мағауин М. Құмырсқа қырғын. – Астана: Аударма, 2004. – 352 б.
3. Қазіргі қазақ прозасының көркем антропологиялық ерекшеліктері // Ақиқат: 2010. №10. – Б.125-133.
4. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі көне түркі бөрі тотемі // Түркология. 2010. №5-6. – 50-55бб.

С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

ТҮРҒАНБАЙ Г.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА Р.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается описание исторической реальности в творчестве С. Сейфуллина через художественное решение.

Summary. The article comprehensively examines the realities of time and modern images in the stories of S. Balgabaev.

Сәкен Сейфуллин қазақ әдебиетінің бар жанрында еңбек етіп соңына бай мұра қалдырған классик. «Тар жол, тайғақ кешу» - Сәкеннің елеулі бір шығармасы ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің төрінен орын алатын өміршең шығарма.

Сәкен Сейфуллин шығармашылығы әдеби, ғылыми проблемаларға қатысты әр қырынан зерттелген. Абайтанудан кейінгі өркенді ілім Сәкенге арналған. «Тар жол, тайғақ кешу» тарих тұрғысынан, көркемдік қуаты жағынан тек соңғы кездердегі қоғамдағы оң беталыстар мен еркін көзқарастарға орай жүзеге асырыла бастады. Күні бүгінге дейін кезінде салтанат құрып келген коммунистік идеология ыңғайымен талай рет мазмұндалып, жанрлық ерекшелігіне алуан түрлі қисынды-қисынсыз пікірлер айтылып, кей тұстары өзгерістерге ұшырап келген шығарма.

«Тар жол, тайғақ кешудің» жақсылығы тарихи материалдарының молдығында, кезең идеологиясын ашып көрсеткенінде, қазақ коммунистерінің шығу жолы, олардың иелікті істерінде» деп табады да, кемшілігі-«материалдарды дұрыстап сұрыптамағанында, Көлбай, Байсейіт, Мұқандарды орынсыз мақтағаны, коммунист етіп көрсеткендігінде, қыздардың көптігінде, мемуар түрінде жазылған кітаптың санына қосуға болады. Олай болса, кейбір жолдастардың «Тар жол, тайғақ кешуді» көркем әдебиет деуі дұрыс емес [1.119б.] деген редакция қосымшасы ескерусіз қалуға тиіс емес, өйткені ол пікір күні бүгінге дейін тиянағын таппағанын ескерер болсақ, шығарманың жанры жайында да арнайы тоқталы кету шарт болмақ.

1936 жылға дейін «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесі туралы не мақтаған, не даттаған арнайы болмағанымен әдебиетімізді, оның ішінде прозаны өркендету жолындағы табыстарымыздың бірі ретінде жеке де, көппен бірге де аталып келгені белгілі. Алғашқы мақалалардың даттауы мен мақтауы да Сәкенге үлкен ой салғандықтан кітаптың өңделген, толықтырған басылымына кірісуге ниеттенгенін Сәкен әркездегі сұхбатында айтып, жазып отырған көрінеді. Алайда, мынандай тарихи шындықтар мен жағдайларды еске сал кеткен артық болмас.

«Тар жол, тайғақ кешу» бір жағынан -тарих екінші жағынан-саяси сауат ашқан, үшінші жағынан-оқушыны өзіне еріксіз тартып отыратын өте көркем шығарма» [2,69б.] десе, бір жыл өтпей жатып, 1937 жылдың қара құйыны соққан кезде М.Қаратаев «Все же лишь несколько месяцев тому назад он переиздает свой, с позволения сказать «исторический» роман «Трудный путь, тяжелый переход», где не постыдился изображать себя героем и превести целую серию

контрреволюционных алашординских документов и портретов врагов народа. Это своеобразная вражеская энциклопедия» [3,36.] деп шыға келуі таң қаларлық жай емес еді.

Жалпы, «Тар жол, тайғақ кешу» қазақ әдебиетінің арғы –бергі тарихынан ойып орын алып келе жатқан кесек туынды болғандықтан ел-жұрт құлақ қойған, ғылыми орта тұжырымдаған «Қазақ әдебиеті тарихындағы» пікірді әрқашан есте ұстаған абзал: «Тар жол, тайғақ кешу» романы Сәкен прозасының биік шыңы, ол қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде шешуші роль атқарды. Фактілердің, документтердің молдығымен де, жазушының нақты көркем суреттеуімен де жеткізіп суреттейтін бұл күрделі роман әрі тақырып жаңалығымен, әрі тарихшылық пен суреткерліктің жарастық табуымен кімді болса да қызықтырады... Қазақстанда социалстикалық революция жеңісі туралы ең алғаш реалистикалық роман қалыптасуына жол ашты. Сонымен бірге республикада қоғамдық ой-пікірдің, тарихтық білімнің дамуына да орасан зор ықпал жасады»[4,329б.] деген негізгі тұжырымды Сәкен шығармашылығын зерттеген профессорлар Е.Ысмаилов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиевтар әрқилы эпитет-теңеулермен толтыра айтып, қазақ әдебиеттану ғылымында орныққаны белгілі.

Осынау тарихтық, әдебиеттік мәні зор шығарма табиғатын тереңдей тани түсу жолында өзіміз барлап-байымдаған, зейін жеткізген біраз жайларды айта кетпеске болмайды. Бұл үшін роман мен революционер-жазушының өмірбаянын алдымызға қатар жайып отырып сөз ету жөн-ақ. Онсыз роман сыры, кезең кескіні ашылмайды. Өйткені кітаптің атына айналған «Тар жол, тайғақ кешу» - түгелдей Сәкен өмірінің жолы ғой, түгелдей революциялық өмір-баян ғой. Мұны кітапқа жазылған алғысөзде Сәкеннің өзі де айтқан. «Бұл кітапқа, - дейді ол, - «Қызыл Қазақстанда» жазылған мақалаларымның «Тар жол, кешу» атты атын қойдым. «Ұлы өзгеріс», «Ұлы өткел», «Ұлы асу» деген аттар келіп еді. Көзбен көргендерім кітапта көбірек айтылған соң «Тар жол, тайғақ кешу» деген атты лайығырақ таптым. Бұл атты жалпы суретті мағынада алдым»[5,155 б.].

Роман Сәкеннің Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарияны бітірген кезінен, 1916 жылдың оқиғаларын баяндаудан басталады.

Ақмола уезіндегі қазақ елдеріне санақ комиссиясы шығады. Бұлар оңтүстік пен солтүстікке бөлініп аттанады. Оңтүстікке шыққан санақ комиссиясының бастығы Томск университетін сол жылы Асылбек Сейітұлы да солтүстік комиссиясына бастық болып Сәкен белгіленді.

Түрмеге түсіп, қатаң жағдайға ұшырағандарға ішінде Сәкен де бар. Ол «Тар жол, тайғақ кешуде» бұл халді, тұтқындық күйді былайша суреттейді: «Жаратылыстың құшағында өскен қазақ баласына темір шынжырлы тас қапас дозақтан қиын. Жаздың жұмсақ желі терезенің ашық көзінен кіріп, жібектей болып бетті шарпыды... Күйіп-жанған денеге жібек желдің жұмсақ демі шипа тәрізді тиеді. Үшқыр ой қапасты тастап, шарқ ұрып кетеді. Тұтқыннан босанған сұңқардай жер мен көкті кезеді. Қиырсыз кең, көкала кілем түріндей кең майса даланы шарлайды. Бұлақ сулары сылдырлай күліп, сумаңдай аққан, орманды елсіз тауларды кезеді. Мың түрлі құстарды шулаған, шалқылаған аққулы көлдері, көк жібек сулары реңдеп аққан өзендерді кезеді. Елге барады, елсізге барады. Уа, шіркін бостандық! Сенің қадіріңді қапастағы тұтқыннан басқа кім біледі? Мынау құшағын, төсін ашқан кең дала. Шіркін бостандық, шіркін кеңшілік-ай! Шіркін жаз. Жайылған ақ қаздай көгалға барып аунаған жанның арманы бар ма екен!»

Тұтқындағылардың халі күн сайын нашарлай түсті. Большевиктерді тергеуге және жалпы Ақмола уезіндегі большевикшілдікті жою жөнінде комиссия құрылып, оның бастығына монархист, Донның казак-орысы патшашыл Сербов тағайындалды. Түрмедегі большевиктердің халі бұрынғыдан да ауырлай түсті.

Бәріне де түрме киімдерін кигізіп, төсек орнына шөп салған қап тастады. Беретін тағамы – қара су мен сырты күйік, іші шикі қара нан. Түрме бөлмелерінің ауасы тар, қапас[6, 106 б.].

Осындай тар, қапас өмірде, қайғыру мен күйініш сезімімен қатар, көңіл сергітерлік жағдайлар да болып тұрады. Тұтқындардың кейбіреулері өлең айтып, не шикі наннан жасалған дойбыны ермек етіп отырса, енді біреулері алысқа шарықтап құлаш ұрып, қиялға түсіп кетеді. Темір торлы тас қамауда отырған бұл тұтқындардың ой-арманы, қиялы, бостандықты аңсаған көңіл күйі, сезімі «Тар жол, тайғақ кешуде» шебер суреттелген. Сәкеннің өзінің де:

Болса алыс қызыл күн,
Шұғыласын шашты алтындап.
Ғашығым менің – бостандық,
Келші алдыма жарылқап.

Отырмын күзет-қамауда,
Дұшпаннан тәнім жеңілді.
Жеңе алмас бірақ еш пенде
Асау, еркін көңілді, -[6.85 б.].

дейтін өлеңі осы тас қапаста, азаттық аңсаған күндерде туғандай.

Түрмеде отырған большевиктердің кейбірі елден келген туған-туысқандарымен хабарласып тұратын болды. Бірақ, күзетте казак-орыс солдаттарды тұрғанда түрме маңайынан ешкім жүре алмайтын еді. Тек крестьян жастарынан жинап алған солдаттардың кезегі келгенде ғана тұтқындарға туғандарымен тіл қатысуға мүмкіндік болып тұрды.

«Тар жол, тайғақ кешуде» революционер ер-азаматтармен бірге әйелдер образы да назар аудартады. Мәселен, революционер әйел Кондратьеваның тұтқын кезіндегі ерлігін Сәкен тебірене отырып әңгімелейді. Совдепшілер қолға түскенде дамыл таппай ас әкеліп, хат-хабар тасып жүрген Асылбековтың әйелі – Бану мен Павловтың әйелі, тағы басқа әйелдердің тұтқандармен байланыс жасауы, тапқыр қылықтары сүйсіндіреді. Омбыдағы Мұқан Әйтпеновтың әйелі – Бәтиманың образы есте қаларлық. Сәкен түрмеден қашып шыққан кезде, оған өз елінде қалуға болмай Түркстанға өтеді. Осы сапар үстінде ол революцияшыл большевиктерге тілектес қалаң елді көреді. Бұл жерде түрлі адамдар образы дараланып суреттеледі. Солардың ішінде кедейшілікті намыс көретін, өр көңілді, енді байларға, күштілерге қарсы күреске шыққан қайратты жігіт Ашай, ақкөңіл Сүйіндік бейнелері – сәтті жасалған образдар.

«Тар жол, тайғақ кешу» - жеке адамның естелігі ғана емес, заман уақыттың ең елеулі оқиғаларын, идеялық күрестерін, халық өмірін жаңашыл, революцияшыл дүние таным тұрғысынан суреттеген, қайшылықтар мен тартыстар диалектикасын революция шындығына сәйкес баяндаған, қазақ еңбекшілерінің түрлі ұлттар өкілдерімен тізе қоса отырып, азаттық үшін айқаста көрсеткен қаһармандығын жан-жақты баяндаған көркем шежіре. Құбылыстарды күрескер көзімен баяндау, тап тартысын таңытарлық оқиғаларды талғап, типтендіру де, революционер тұлғасын жасау да, революциялық романтика элементтері де, халық бұқарасының іс-әрекеттерін суреттеу қазақ совет прозасына алдымен осы роман арқылы келіп, творчество табиғатына сіңісті десек те ешбір асыра айту болмайды. [7. 135 б.].

«Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесінде сегіз жүзге тарта адамның аты аталып кейбіріне толық сипаттама, қайсыбіріне жол-жөнекей ескертпе жасалып жататындықтан біз қазақ тарихына, мәдениетіне, төңкеріс ісіне басшы- қосшы болғандардың сүйіктілеріне назар аудардық. Тегінде, роман- эссенің есім көрсеткішін жасап, әрқайсысына қысқаша болса да анықтама бере кету

қажеттігі сезіледі. Ол тарих үшін де, кімнің кім болғандығын анық тану үшін де, қаңқу сөздерді басу үшін де керек.

Сәкен 1927 жылғы басылымын 1936 жылы қайта қарап, толықтырған уақытта екі мақсат көздеген. Бірінші, қатайып, бел алып бара жатқан идеологиялық өктемдіктің қаһарына ілігіп қалмау үшін күні кеше ғана алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлердің Голощекин тұсында зәбір көруі, түрмеге алынып, тескен тау өткендерін ескеріп таптық тұрғыдан сынаған болып отырып тарихта аттарын қлдыруды көздегені байқалады. Бұрынғыдай сылып- сипап айтуға, портреттерін қайтадан жаңғыртып жариялауға болмайтындығын сезген Сәкен тұмандата сөйлеп, алабажақ бояумен беруге күш салғаны сондықтан.

Екінші, 1927 жылы асығыстықтан кеткен синтаксис секемдерін түзетіп, жаңадан тың оқиғаларды мөлдірете суреттеп беруі барысында ескі газет-журналдардан алынған материалды қырнап- сырнап, өңі ашықтарын қосып отырған.

Бұл процесс әрине өз шығармасының өміршең бола түсуі, оқушының жүрегіне төте жол табу үшін жасалғаны еш күдік келтірмейді.

Сондықтан да Сәкеннің тарихи оқиғалармен ғана шектеліп қалмай, оқушысын еріксіз елітерін іргелі көріністерге яғни, роман- эссеге көркемдік әр беретін пан, Нұрмағанбет, Шоқай, «болыс», Агай, Ықылас образдарының тарихи деректер ортасында еш бөтендігі білінбей қабысып кетуі әрине жазушы шеберлігінің олжасы.

Роман- эссенің және эстетикалық арқауын алаш қозғалысына жанастыра қарап, қазақ қайраткерлерінің бейнесін суреттеген шығарманың көркемдік сырларына азды- көпті барлау жасағанда «Тар жол, тайғақ кешудей» шығарманы қазақ әдебиетінде роман жанрының қалыптасуына ықпал етіп қана қоймай, XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалардың түсіну мәнін ұғыну, нақты сезіну, жанды бейнеде көру үшін қайталанбас шығарма екенін ұғуға тиіспіз. Әдебиетте өзінің игі де нұрлы жолын көрсетіп, дәстүр жасаған кезеңдік туынды, заманның тарихи-эстетикалық талап- талғамына әрқашан жауап беретін, ойландыратын-толғандыратын ұлы роман- эссені қадірлеп- құрметтеуге тиіспіз.

Дәуір жүгін көтерген тарихи- көркемтундыны келер ұрпақтармен жарқын жүзде табыса беру үшін мүмкіндігі болса Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» роман- эссесінің академиялық басылымын даярлауға барар жолда әуелі салыстырма басылымын жариялап алған абзал. Ол үшін не 1927 жылғы кітапты сол күйінде ешбір түзету, күзеусіз шығару, не 1936 жылғы нұсқаны негізге ала отырып «Қызыл Қазақстан» журналында жариялаған үзінділер мен 1927 жылғы кітаптың өзгеріске ұшыраған, қысқарған тұстарын қосып жарияласа Сәкентануға қосылған үлкен үлес болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.С.Сейфуллин. Тар жол тайғақ кешу.–Алматы. 1977.
- 2.С.Мұқанов. Өсу жолдарымыз. –Алматы. 1960.
- 3.Қазақ әдебиетінің тарихы. Үшінші том, бірінші кітап.–Алматы. 1967.
- 4.С.Сейфуллин. Шығармалары. Бес томдық. –Алматы: 1986-1988.
- 5.З.Ахметов.Өлең сөздің теориясы. –Алматы:1973.
- 6.М.Базарбае. Алғы сөз. Қараңыз: С.Сейфуллин. 50 томдық шығармалар жинағы. 1986. I том. 15-бет.
- 7.М.Қаратаев.Мировозрение и мастерство.–Алматы:1965.

Қ.МҰХАМЕДЖАНОВ КОМЕДИЯЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

БЕРКЕНОВА Р.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЙДАР ЖАНСАЯ

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализируется описание национальных особенностей в комедиях К.Мухамеджанова через действия героев.

Summary. The article analyzes the description of national features in the comedies of K.Mukhamedzhanov through the actions of the characters.

Қ.Мұхамеджанов комедияларының табиғатын тану қазақ комедиясын жанрлық тұрғыдан қарастыратын зерттеу еңбектерге кең жол ашады. Себебі ауызекі сөйлеу (тіл) пародиясы мен іс-әрекет пародиясы деген ұғымдар толық тілдік айналымға енген кезде сатиралық, музыкалық комедия бағытындағы әр алуан ойын-сауық түрлері мен жалпы қазіргі ауызекі күлкі табиғатын зерттеу мәселесі жаңа сұранысқа ие болуы мүмкін.

Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында», «Күдағи келіпті», «Қуырдақ дайын», «Өзіме де сол керек» комедиялары мен «Жат елде», «Көктөбедегі кездесу», «Біз періште емеспіз» драмаларын негізге аламыз[1].

Қ.Мұхамеджанов шығармаларына М.Әуезов, Ш.Айтматов, К.Симонов, А. Тоқмағамбетов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Әбішев, Ә.Тәжібаев, Т.Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, Р.Нұрғалиев, Ә.Кекілбаев, Б.Құндақбаев, Т.Тоқбергенов, Қ.Қуандықов, А.Жұбанов, Ж.Ахметәлиев, С.Қирабаев секілді қаламгерлер мен театр, өнер қайраткерлері жоғары баға берді.

Аталған ақын-жазушылар өнер адамдары, театр сыншыларының мақалаларында драмашы комедиялары мен драмаларында көтерілген әлеуметтік мәселелердің арасалмағы, поэтикасы, стилі, жанрлық ерекшеліктері жөнінде, комедияларының жалпы халықтық күлкі дәстүрімен байланысы туралы азды-көпті пікір айтылды.

Қ.Мұхамеджанов комедияларындағы қаһармандар іс-әрекеті арқылы рухани даму кезеңіндегі ұлттық болмысқа кереғар әсер еткен олқылықтар мен ұлттық ойлау жүйесіндегі қарама-қарсылықтардың сырын теориялық тұрғыдан дәлелдейді. Мақалада қазақ импровизациялық комедияларын әлгіндей екі топқа бөлу арқылы пародия туралы мүлдем жаңа концепция ұсына отырып, ауызекі тіл пародиясын дербес жанр дәрежесіне көтерген. Мұның өзі жалпы пародияның жеке жанр ретіндегі қызметін барынша ұлғайтады. Ғылыми жаңалығы - қазақ сатиралық және лирикалық комедиясының, сондай-ақ импровизациялық комедиялардың поэтикасын танудың методологиялық кілті болып табылады. Мақаламызда ұлттық ой-сана проблемасы мен мәңгірттік проблемасының арақатынасына алғаш рет зер сала отырып, өмірлік материалды пьесаның идеялық мазмұнын айқындаушы әрі автордың шындыққа көзқарасы ретінде қарастырамыз.

Қ. Мұхамеджанов жазған «Бөлтірік бөрік астында», «Күдағи келіпті», «Қуырдақ дайын», «Өзіме де сол керек»... атты комедиялардың барлығы да бүтін бір ұлтқа тән ұлттық ой-сана проблемасын қозғайды. Жекелеген адамдардың ой-санасындағы дамуына нұқсан келтіретін болса, онда ол ұлттық проблемаға жатады[2].

Қаламгер күлкілі мінез-құлықтардың ұлттық ой сана проблемасына айналуының басты ерекшелігі мен заңдылықтарына ыңғайлайтын қызықты ғылыми тұжырымдар жасаған. Мәселен: халық ауыз әдебиетіндегі күлдіргі образдар ұлттық ой сананың белгілі бір уақыт ішіндегі үлкен өзгеріске ұшырауының айғағы бола алмайды. Бірақ бұл кейіпкерлердің іс-әрекетіндегі күлкілі көріністердің о баста халықтың ой-сана дүмпуінің әсерінен туғандығы сөзсіз. Өйткені ұлттық ой-сана проблемасын көтеретін шығармалар не кейіпкерлер ең әуелі халық жан-дүниесінде пайда болған жат қасиеттер әлі өзінің нәтижесін толық

айғақтап тұрған уақытта көрініс береді. Ал кейіпкерлер іс-әрекетіндегі күлкілі құбылыстарға әр уақытта нақты бір өмірлік материал негізге алынады. Халық ой-санасындағы күлкілі әрекеттердің қандай да бір нәтижесі көрініс берген уақытта өмірлік материал да өзгеріске ұшырайды. Демек, халықтық комедиялық образдардың (Алдар көсе, Газша бала, Қожанасыр және т.б.) тууына өзек болған о бастағы өмірлік материалдың бір замандарда ұлттық ой-сана проблемасының көрсеткіші болған сөзсіз.

Сонымен ұлттық ой-сана проблемасы дегеніміз не? Айқындауышына ұлттық ой-сана проблемасы дегеніміз ұлттық ойлаумен ұлттық сана аралығындағы нақты жағдайдағы сипаттайтын эстетикалық категория. Ұлттық ой-сана проблемасы шегі бар құбылыс. Яғни ол да белгілі бір тарихи кезеңді қамтиды да, өзінің өзектілігін бірте-бірте жойып, басқа процестерге ауысады. Мұндай ауысу процесі ой-сана проблемасының нақты нәтижесінің аяқталғанын айғақтайды. Бірақ ол ұлттық ой-сана проблемасының жаңаша мазмұндауы болып табылмайды. Өйткені ұлттық ой-сана проблемасы әрбір тарихи кезең сайын түрленіп отыратын процесс емес, ол ұлттық сана табиғатының бүтіндей өзгеруіне тікелей қатысты құбылыс. Ұлттық сана болмысын өзгертуге әсер етуші күштердің барынша бас көтеретін тұсы ұлттық дүние танымын интеллектуальды дүние танымға қарай бет бұрған тарихи кезең. Олай болса, ұлттық ой-сана проблемасы үзілісті құбылыс.

Қалтай Мұхамеджанов пен оған дейінгі драматургиялық туындылардағы күлкі етілген объектінің ұлттық ой-сана қатысын дұрыс ажырату үшін диссертант қазақ әдебиетіндегі күлкі бағытын ескіден жаңаға қарай жылжушы және жаңаны тежеуші деп екіге бөледі. Мұның алғашқысына Қалтай Мұхамеджановқа дейінгі туындылар, екіншісіне Қ. Мұхамеджановтың өз туындылары енеді. Нақтылып айтқанда, комедиядағы күлкілі құбылыстың ескіден жаңаға қарай бағытталуының үш белгісі бар. Оның бірінші белгісі-таптық белгі. Яғни, күні өткен, ірге тасы қирай бастаған таптың күлкі нысанасына алынуы. Бұған Бейімбет Майлиннің пьесалары бастан-аяқ мысал бола алады. Ескінің жаңаға қарай жылжуының екінші белгісі-ескінің санадағы сарқыншағы немесе үйреншікті мінез-құлықтар. Үшіншісі юморлық сезім.

Енді осы юморлық сезім жөнінде академик З. Қабдолов былай дейді: «Юмор бар жерде ылғи сын бар деуге болмайды, юморға жазушы жұртқа тиер пәлендей пәле-жәлесі жоқ, бір алуан оқшау қимылдар мен құбылыстарды жай ғана көңілді күлкіге айналдырып, оқырманның ойын көзеп, бойын сергітуі де ықтимал» [3.]. Іс-әрекеттегі логикалық қайшылықтың ұлттық ой-сана проблемасына қатысын комедияға қатынасатын кейіпкерлердің барлығының іс-әрекеті арқылы анықтау міндетті нәрсе емес. Бұл мәселе әр комедияда әр түрлі санға ие болады. «Бөлтірік бөрік астындағы» мен «Құдағи келіптідегі» үш кейіпкердің іс-әрекеті ой-санадағы логикалық қайшылықты сипаттаса, бұл міндет «Қуырдақ дайында» Ережеп пен Жақанның ғана үлесіне тиіп тұр. Комедиялық туындыда ұлттық ой-сана проблемасы біртұтас формада да немесе бірнеше әлеуметтік проблемалардың жиынтық нысанында да бейнелене береді. «Бөлтірік бөрік астында», «Құдағи келіпті» комедияларында әдет-ғұрып, тіл, кадр меселесі ұлттық ой-сана проблемасының негізгі өзегіне айналса, «Қуырдақ дайында» тек кадр меселесінің айналасына топтастырылған [1].

Комедиялардың біріндегі көмескі ғана сезілетін өмірлік материалдардың немесе эпизодтық іс-әрекеттердің екіншісінде күрделеніп, толығып отыруы- интеллектуальды даму кезеңінің ұлттық ой-сананы өзгертуші күшімен тікелей сабақтас нәрсе. Яғни, ұлттық ой-сананың құбылу, өзгеру ағынының ерекшеліктеріне қарай жаңадан пайда болған өмірлік материалдар бір-біріне орын босатады немесе толықтырады. Авторлық концепцияның маңызын күшейтетін де осы ой-сана ағыны мен өмірлік материалдың алмасу ерекшеліктері. Ұлттық ой-сана проблемасы өте дамымалы құбылыс. Бұл процесс өзінің әрбір даму сатысында тек сыншыл көзқарасқа күшейткіш мән беретін күлкілі іс-әрекеттерге назар аудартады. Мұның айрықша маңызы бар. Өмірлік материал күлкі шақырмаса, онда оған деген сыншыл көзқарас та актуальды емес деген сөз. Сондықтан жаңадан пайда болған өмірлік материалдың комедиялық туындыда өзара орын алмастырып отыруы ең алдымен ұлттық ой-сана проблемасының асқыну процесін сипаттаудың әдісі.

Ұлттық ой-сана проблемасын қозғайтын комедиялардағы ерекше көзге шалынатын нәрсе - күлкілі іс-әрекет иелерінің рухани жан таяздығы жағынан егіз қозыдай ұқсас болуы. Бұл типтік бейнелердің ғана емес, сонымен қатар типтік өмірлік материалдардың жиынтығы. Типтік өмірлік материалдар интеллектуальды даму кезеңінде әртүрлі нысанда керінеді. Ұлттық ой-сана проблемасының бастапқы сатысында көрініс берген өмірлік материалдар жиынтығына деген сыншыл көзқарас сипатының соған

мазмұндас, бірақ басқа ортадағы типтік өмірлік материалға орай өзгеруін интеллектуальды кезеңнің даму заңдылығы реттейді. Бұл арадағы басты ерекшелік кезеңнің кейінгі сатысындағы сыншыл көзқарасқа өзек етілген өмірлік материалдың о бастағы өмірлік материал мазмұнынан алыстап кетпейтіндігі. Ұлттық ой-сана проблемасы өзінің нәтижесі анықталатын тұсқа жақындаған сайын күлкілі құбылыстың әлеуметтік қыртысы қалыңдары ғана өмірлік материалдың типтік жиынтығына айналады.

Қ.Мұхамеджановтың шеберлігі комедиядағы персонаждарды өзінің авторлық концепциясына бағындыра алатындығынан да сезіледі. Жалпы персонаждардың ұқсастығы Қ.Мұхамеджановтың барлық комедияларында кездесетіндігі сыншылар тарапынан айтылған. Алайда, Қ.Мұхамеджанов комедиясындағы кейбір персонаждардың ұлттық ой-сана проблемасын бедерлеуде ерекше маңыз атқарып тұрғанын айту керек. Әйгілі комедиялардағы күлкі шақыратын кейіпкерлер орнының алмасуы драмашының ұлттық ойлау мен өмірлік материалдың арасындағы үйлесімділікті реттеу мақсатынан туған. Автор персонаждарды алмастырғанда ұлттық ой-сана проблемасын айғақтайтын жаңадан туындаған өмірлік материал мен қаһармандардың ойлау жүйесі арасындағы қарама-қарсылықты дәл бейнелеуді көздеген. Күлкі туғызатын өмірлік материалға ұлттық дәстүрлі ойлаудың қарама-қарсы қойылуы ұлттық ой-сана проблемасының асқыну процесін айқындаудың өлшемі. Ал персонаждарды алмастыру ұлттық ой-санаға қатысты ең қауіпті проблемаларды сұрыптап екшеп суреттеуге көмектеседі.

Ұлттық ой-сана проблемасы дегеніміз - мәңгүрттік проблемасы. Ал, Қалтай Мұхамеджановтың авторлық концепциясы - мәңгүрттікке қарсылық концепциясы. Қалтай комедияларындағы мәңгүрттік проблемасы көкейкестілігінің басты бір себебі - ұлттық болмыстың бүтіндей өзгеруінің басқа күштерден гөрі тікелей ұлттық сананың өзі арқылы жүзеге асатындығы. Бұл ұлттың өзін-өзі тежеу процесін тездетеді.

Қ.Мұхамеджанов комедияларынан мәңгүрт адамның түр-түсін көрмейміз. Есесіне олардың іс-әрекеттерінде ұлттық болмысқа тән емес психологиялық өзгерістер бар. Драмашы осы жаңадан пайда болған ұлттық болмысқа тән емес нәрселерді ұлттық ой-сана проблемасы ретінде қарастырады да, болашақ ұрпақтың мәңгүрттікке ұшырауына тосқауыл қоюға ұмтылады[2].

Қ.Мұхамеджанов комедияларында мәңгүрт адамның көрінбеуінің өзі мұндағы мәңгүрттік идеясының ұлттық ой-сана проблемасының нәтижесі анықталмаған уақытпен сәйкес келетіндігінің айғағы. Мұның өзі мәңгүрттік идеясының көркем шығармада әртүрлі формада бейнелене беретіндігінің де дәлелі.

Қ.Мұхамеджанов - комедия жанрының шебері, оның пьесаларындағы күлкі ауызекі тіл пародиясы арқылы жасалған. Ол драмалық шығармаларында диалогты, диалогтың даралану заңдылықтарын, диалогтар даралығы бәсекелестігін шебер пайдаланды. Оның комедиялық және драмалық туындыларында қазақ қоғамында рухани дерттің белең ала бастауы кеңінен қамтылып, қазақ халқының алмағайып тағдыры, ұлы тұлғалардың трагедиялық бейнесі айқын көрініс тапты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхамеджанов Қ. Бөлтірік бөрік астында: пьесалар / Қ.Мұхамеджанов. - Алматы : Жазушы, 1965. - 177 б.
2. Мұхамеджанов Қ. Екі томдық таңдамалы шығармалар / Қ.Мұхамеджанов. - Алматы : Жазушы, 1978.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы, 1992.–351 б.

С.ЖҮНІСОВТІҢ «АЖАР МЕН АЖАЛ» АТТЫ ДРАМАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС

БЕРКЕНОВА Р.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ШАПАНТАЕВА А.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализируется описание национальных особенностей в комедиях К.Мухамеджанова через действия героев.

Summary. The article analyzes the description of national features in the comedies of K.Mukhamedzhanov through the actions of the characters.

Сәкен Жүнісов бірыңғай жазушылықпен айналысқан. Жарты ғасырға таяу шығармашылық өмірінде қазақ әдебиетін өркендетуге өлшеусіз үлес қосты. «Ақан сері» дилогиясы, «Жапандағы жалғыз үй», «Заманай мен Аманай» романдары қалың оқырман қауымнан да, әдеби сыннан да жоғары баға алды. «Ажар мен ажал», «Түтқындар», «Қызым, саған айтам», «Жаралы гүлдер», «Қос анар» тағы басқа пьесалары Республика театрларында қойылды. «Өліара» пьесасына 1986 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Балаларға арналған «Сонарда» деп аталатын алғашқы кітапшасы 1959 жылы шықты. Бұдан соң, 1961 жылы жас жеткіншектер үшін «Әжем мен емші және дәрігер», 1962 жылы «Кімнің мекені жақсы?», 1983 жылы «Сақау бәтеңке» сияқты т.б. кітаптары жарық көрді. «Өшпейтін іздер» повесін, 1965 жылы «Жапандағы жалғыз үй» романын жазып, орыс тіліне 1968 жылы аударылған. «Ақан сері» дилогиясының бірінші кітабы 1971 жылы жарық көрсе, 1977 жылы екінші кітабы оқырмандарына жол тартты, ал 1979 жылы орыс тіліне аударылды. 1987 жылы «Заманай мен Аманай» повесін жазды.

Көптеген шығармалары шет тілдерге аударылған. Л.Н.Толстойдың, С.Цвейгтің бірқатар әңгімелерін, О.Т.Гончардың «Перекоп», «Көкадыр» романдарын қазақ тіліне аударған.

Сәкен Жүнісов прозаик, драматург, публицист, әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері ретінде туған әдебиетінің өте маңызды кезеңдерін бейнелеген сүбелі шығармалар берген, халық өмірінің көркем шежіресі секілді сыр шертеді. Ол – ел-жұртына кеңінен танылған, халықтың сері азаматы, қадірменді ұлы, шын мәніндегі халық жазушысы. Оның қаламынан шыққан әрбір еңбегі үнемі халықтың жүрегіне жол тауып, рухани асыл қазынасына айналып отыр. Ол әдебиет пен өнер шеберлерінің ішіндегі аса дарындыларының бірі екені сөзсіз.

Кезінде белгілі жазушы Рамазан Тоқтаров Сәкен серінің 60-жылдық тойында шымыр да ширақ, олпы-солпысыз жинақы, ең бастысы ірі қаламгер қақында қапысыз қамтылған шүбәсіз шынайы адал сөзін арнай келе, Сәкен Жүнісов туралы ойын былай қорытындылаған екен: «Жазушы халық арасында жүргенде, ол дүние алақанында, ал, жазу столында отырып өзімен-өзі жапа-жалғыз қалғанда, дүние – оның алақанында» .

Қытайға ауған қаймана қазақ жұртының жетім жыртыстай жыртылып кеткен қаралы тобының тағдыр-талайын көшке ілесіп кеткен қаламгерлердің жазғанын жақсы білеміз. Ал ата-жұртта отырып, осы тақырыпқа арналған «Заманай мен Аманай» тәрізді классикалық туындыны берген қаламгерді көрген де, естіген де емеспіз. Бұл да Сәкен Жүнісовтің ғана қолынан келген сүйсіндірер сәттілік болды.

С.Жүнісовтің «Ажар мен ажал» атты драмасы – инсценировкаланған шығарма. Қазақ халқының бір туар ұлдары Б.Майлиннің «Раушан коммунист», М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні», Ғ.Мүсіреповтың «Ашынған ана» атты повесі, әңгімелерінің желісімен және өзіндік тың пікір дамытушылығымен кезінде көрерменнің жүрегіне жол тапқан шығарма болып және пьеса авторы алғаш рет драмашылар қатарынан көрінді. Шығарма дүниеге келген тұста екі түрлі

пікірдің болғаны баспасөз беттері мен ғылыми еңбектерде басылды. Әбу Сәрсенбаев: «Автордың бұл пьесасы - қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы үш ірі қаламгердің кейбір әңгімелерінің сарынын ғана алып, сол туындылардың тұтқынында қалмай, өзінше шешімін тапқан творчестволық жеке еңбек» [1], -десе, К.Нүрпейісов: «Бұл драматург тұсынан қазақ совет әдебиетінің аға өкілдеріне деген ілтипат, соларға деген тарту сияқты. «Ажар мен ажал» жазушының драматургия жанрындағы табысты дебюті деп қараймыз» [2],- дейді. Б.Құндақбаев: «...Пьеса шиеленіскен тартысқа құрылып, жанр талабына лайықты композициялық құрылыс, қызғылықты драматургиялық шешім табуының үстіне көркем тілмен жазылған. Автордың классик жазушылардың новеллаларын орынды пайдалана отырып, олардың стильдік ерекшеліктерін де сақтай білуі пьесаға өзіндік сипат, драматургиялық қуат, көрікті бояу берген» [3], ал С.Қирабаев: «М.Әуезов («Қорғансыздың күні»), Ф.Мүсірепов («Ашынған ана»), Б.Майлин («Раушан-коммунист») шығармаларының кейбір сарындары көрініп тұрғанымен, «Ажар мен ажал» – шын мәніндегі драмалық тартысы күшті пьеса» [4],- деп бағасын береді. Р.Нұрғалиев: «...үш бөлімнен тұратын пьесаға үш шығарманың материалы молынан пайдаланғанын, ...текст ұқсастығына назар аударғанын, пьеса алғаш сахнаға қойылған жылдары үш қаламгердің аты аталып, бертін келе алып тастау ақиқатқа қиянат екенін ескертсе; енді С.Жүнісовтың төл пьесасы, драма ретінде өмір сүруге қақысы барлығын айғақтайтын жәйттерге тоқталу қажет деп: сахналық шарттары, драматургиялық талаптары ескерілгендігін, Қазақтың алғашқы драматургтері Ж.Шанин, М.Әуезов, Ф.Мүсіреповтар эпос сюжетін, фольклор мотивтерін, аңыз қахармандарын творчестволықпен пайдалана отырып ұлттық әдебиетімізде бір алуан дәстүр жасап, оны әркезде Қ.Сатыбалдин («Аяғоз ару»), Ә.Тәжібаев («Халқым туралы аңыз»), Ш.Құсайынов («Алдар көсе») жаңа бояулармен байытты. С.Жүнісовтің драматургиядағы алғашқы пьесасын кеміту емес, үлкен ізденістерге, ешкімнің ортағы жоқ төл туындылар жасауға автордың мол қабілеті барлығына шәк келтірмейміз» [5, 165 б], – деп жас драматургке ақжолтай тілейді.

Драмалық шығарма болуы үшін, онда: драмалық жағдай, драмалық бейнелер, драмалық тартыс, диалог, монолог, әрекет, характерлар болуы міндетті. Аталған шарттардың барлығы да Сәкен Жүнісовтың «Ажар мен ажал» пьесасы бойынан табылады.

Пьесадағы әр кейіпкердің атқаратын жүгі әр қалай. Драмадағы тартыс - ширекқан, тартымды. Адалдық пен арамдық қатар өрбіп, психологиялық ахуалда әсер етіп, пьесаның басынан аяғына шейін тас түйін қалпын бұзбаған. Оқиға орталық қаһарманы – Ажардың айналасына жинақталған. Бір Ажардың өзіне ауыртпалықтың сан түрі түссе де мойымауынан - қос ғасыр тоғысындағы қазақ әйеліне тән шыдамдылықты, қайсар мінезді көрсетеді.

Пьесаның экспозициясы бірінші көрінісінде толықтай ашылмай, біраз созылықтылық күй кешкен. Бұған себеп: жас драматургтің тәжірибесінің қайнауы кемшін, ал тақырып жүгі ауыр, орталық кейіпкерлерінің ұнамды, ұнамсыз бейнелері жан-жақты терең болуында болса керек.

Н.Ғабдуллин: «Пьесада бүкіл іс-әрекет, бар оқиға біздің көз алдымызда дәл қазір өтіп жатқандай боп көрінуге керек. Сол оқиғалар сипатынан кейіпкерлердің өткен өмірін де, келешегін де білеміз. Автор драматургияның қатаң талабына оқиғаны бағындырады, бірақ геройлардың іс-әрекетінің даму заңдылығын берік ұстауға тиіс» [6, 13б.],-деп, пьесадағы оқиға арқауы өмірден алшақ болмауын қатаң ескертеді.

Пьесаның бірінші бөліміндегі оқиға, яғни болыс ауылының еріккен бай жігіттері Атан мен Қатай «арсыз көңілдерін» көтеру үшін жолға шығып, жуыр арада баласы мен келінін жерлеп, қолына қарап қалған 15-16 жас шамасындағы жетім қыз баласы бар соқыр кемпірдің қараша үйіне бас салып, есіктен сығылысып кіріп келеді. Амандық-саулық бітпей жатып, терезені тырналап, сырттан ит ұлиды. Осы жерде драматург шағын деталь арқылы (иттің аянышты ұлуы) алдағы болайын деп тұрған жамандықты психологиялық меңзеп, жандандырып тұр.

Пьесадағы Ажар бейнесі – күрделі тұлға. Шығарманың бірінші актісінде Ажар әлі жас шыбықтай майысқан, жан баласына тіке қарамайтын уыздай, пәк болып көрінсе, екі жауыздың озбыр қылығынан, қорғансыз әжесі боранда үсіп өлгеннен кейін, өмірдің қилы тұрмысын басынан кешіп, ысылады. Озбыр Атанның ісінен кейін екі қабат болып, дүниеге әкесіз сәби әкеледі. Пьесада оқиға шиеленісіп, драмалық тартыс күшейе түседі.

Академик З.Қабдолов: «Драмадағы ең шешуші нәрсе – тартыс. Көлемді эпикалық шығарманың сюжеті секілді, драмадағы тартыстың да кезең-кезеңдері – басталуы мен байланысы, шиеленісі мен шешімі болады; драматургиялық шығармалардың классикалық үлгілерінде бұл кезеңдер композициялық жағынан шебер қиыстырылып, оқиғаны өрбіту тәртібі жазылмаған заң ретінде катал сақталған» [7, 342б.],- дейді.

Драма оқиғасының шиеленісуі, тартыстың күшейуі - батыл ана - Ажар өзінің намысын қорлаған, жалғыз ұлы жас Олжатайын «солдатқа» іліктірген, орыс офицеріне қолжаулық қылғысы келіп, өзіне жала жаппақшы болған болыс Атанның зұлымдығына шыдай алмай, балтамен басын шабатын кезеңі. Өзі патша үкіметі құлағанша көп жыл айдауда болып келеді. Ал Олжатайы соғыста қаза табады. Осы эпизодтардың атқаратын салмағы терең. С.Жүнісов ойының шешімі – жалғыз ұлынан айырылса да, бүкіл ана атаулыны намыстан айырылтпау.

С.Жүнісовтің драмалық шығармаларындағы драмалық жағдай, драматургтің бейне сомдау шеберлігі, кейіпкерлерінің мінезі, қаһармандар арасындағы тартысы жайлы, тарихи шындық пен көркем шындықтың байланысы, дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық, инсценировкалаған шығармалар текстологиялық жағынан салыстырылып, дәлелденеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Сәрсенбаев Ә. Ажалды жеңген ана шежіресі //Қазақ әдебиеті газеті, 1968, 4 январь.
- 2.Нүрпейісов К. Ажалды жеңген ана //Социалистік Қазақстан газеті, 1967, 3 декабрь.
- 3.Құндақбаев Б. Есеужылдары //Қазақ әдебиеті газеті, 1984, 3. II.
- 4.Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: дәуірлеу мен жаңашапайымдау //Егемен Қазақстан., 4 бет, 16 шілде. 1999.
- 5.Нұрғалиев Р. Күретамыр. Алматы: Жазушы, 1973.
- 6.Ғабдуллин Н. Ғ. Мүсрепов – драматург. Алматы: Өнер, 1982.
- 7.Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1976.

ӘОЖ.82.106

ҚҰЛЫНШАҚТЫҢ АҚЫНДЫҚ ӨНЕРІ

АСУБАЙҚЫЗЫ М.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается поэтическое творчество Кулыншака.

Summary. The article deals with the poetic work of Kulynshak.

Құлыншақ ақынның ақындық өнері туралы ой-пікірлердің біразын өзінің замандас ақындарының, сонымен қатар кейінгі ақындар шығармаларынан да кездестіруге болады. Құлыншақтың замандасы Майлықожа ақын Құлыншақпен айтысқанда оны "бағы қалың, аузының қыдыры бар, аты озған ақын, елдегі құдай берген екі жүйріктің бірі, өлеңнің дүрі" деп жоғары бағалаған. Ал өзін Құлыншақ ақынның шәкірті санаған белгілі ақын

Молда Мұса:

Көтеншіде Құлыншақ өлеңші еді,

Шүү дегенде суырылып кетуші еді,

Қарсыласып бетпе-бет айтысқанда,

Еш адамнан жеңілдім демеуші еді, –

деп ақынның айтыскерлік өнерін жоғары бағалайды.

Құлыншақ ақынды өзінің замандас ақындары, кейінгі сөз зергерлері де мадақтай өздерінің жырларына қосып отырған екен. Олардың Құлыншақты өздеріне ұстаз тұтып отыруы да оның ақындық өнерпаздығының жоғары болғанын дәлелдейді.

Жыр алыбы атанған Жамбылдың өзі де өзіне ұстаз тұтқан ақындар туралы айтқанда:

Қаздай қалқып ерінбей,

Өлең тердім жасымнан.
Майлықожа, Құлыншақ,
Пірім еді бас ұрған, -

деп өлеңіне қосқан болатын. Молда Мұса (Мұсабек Байзақов) ақын сияқты өзін Құлыншақтың шәкірті санаған ақын Сұлтанбек Аққожаев та жоғарыда айтылған өзінің естелік өлеңінде ақынның өмірі мен шығармашылығынан көптеген деректер бере келіп:

Ұстазым – Орта жүздің Құлыншағы,
Өлеңнен кем болған жоқ берген бағы.
Қосылып құнанында ат бәйгеге,
Тынбай шауып кеп жүрді сынбай бағы, –

деп оның ақындығын дәріптей бағалайды. Ақын қыз:

Әзірше жоғары боп сөйлер сөзге,
Әкеңнің сыйланып түр әруағы.
... Әкеңнің өлең жазған өкпесіне,
Кәсібін құдай берген етпесін бе, –
деген екен [1, 326].

Көрнекті ақын, жазушы Асқар Тоқмағамбетов те бір өлеңінде Құлыншақ ақыңды Қаратау өңірінен шыққан аты әйгілі адамдармен қатар атап, бірге көрсете келіп:

Ақсүмбе, Абақ батыр Созақтағы,
Кем еді қай батырдан қазақтағы?
Құлыншақ, Бердібек пен Айтжан ақын,
Талайды сөзбен орап тұзақтады, –

деп оның ақындық, айтыскерлік өнерін құрметтей өлеңіне қосқан екен. Сыр өңірінің белгілі жыр дүлдүлдерінің бірі Бұдабай ақын Құлыншақты қарт Қаратау өлкесіндегі жүйрік ақындардың ішіндегі бірегейі ретінде көрсетіп:

Көтеншіде Құлыншақ,
Өлең сөздің ұстасы.
Майлықожа, Мәделі,
Бұлар оның тұстасы.
Сөздерінің бар еді,
Тістейтіндей қышқашы,
Ең озығы – Құлыншақ,
Өлең десе ұрыншақ.
Шу асауды тоқтатқан,
Бұғалықты бұрып сап, –

деп оның ақындық өнерін онымен тұстас ақындармен салыстыра келіп жоғары бағалаған екен.

Құлыншақтың ақынды өзі тұстас ақындар мен өздерін оған шәкірт санаған ақындар ғана құрмет тұтпаған. Оны туып-өскен жерінің халқы мен ақындары да ұмытпай естеріне алып отырады. Қазіргі кезде ақынның туған жеріндегі орта мектепке Құлыншақ ақынның аты берілген.

Құлыншақтың ақындығы туралы Қаратаудың теріскей өлкесінің шежіре жазушысы, әрі ақын Есіркеп Өмірбеков кезінде Құлыншаққа арналған "Еске алу" деген толғау өлеңінде:

Осы жұрт ұмытқан ба Құлыншақты,
Өлеңге бәйге атындай ұрыншақты, –

деп ақын атының елеп-ескерілмей, кей уақыттарда ескерусіз қалып келе жатқанын ескерте келіп:

Келгенде сексен ақын айтысуға
Мәреге бәрінен де бұрын шашты...
... Өлең десе, биіктен өрлеуші еді,
Егесте ешкімге дес бермеуші еді,
Толтыра кең даланы кернеуші еді, –

деп оның ақындық өнерін, шеберлігін айқындай, еске алып өлеңіне қосқан болатын [2, 416].

Құлыншақтың ақындық өнерпаздығы өзінің шығармаларынан да кең көрініс тапқан. Құлыншақ ақын өзінің "Ақын деп сыртымыздан әркім қанық" деген өлеңінде ақындық өнері, қабілеті жөнінде деректер береді. Ол өлеңінде ақын:

Құлыншақ сөйлер сөзден үялмайды,

Жалғанда жаннан айыл жия алмайды, –

деп өзінің ақындық өр бейнесінен хабар бере, ақындық қарымын бағамдайды.

Құлыншақ ақынның өз заманының көрнекті, ортасынан оза шыққан жүйрік ақын болғанын оны халықтың ақынды ерекше құрмет тұтуынан, онымен замандас, сонымен бірге кейінгі ақындардың Құлыншақтың атын ерекше ардақтайтынын жоғарыда көрсетілгендей өлең үзінділерінен де байқауымызға болады.

Адамзат келер-кетер, жүзге келер,

Пендені үйде өлсе де, түзге көмер.

Құдая иманымды саламат қыл,

Ағайын қайда бізді іздеп келер...–

деп артында елдің есінде мәңгі жүрер асыл сөз қалдырған Құлыншақ Кемелұлы (1840-1911) Қоңыраттың Саңғыл тармағына жататын Көтенші руынан шыққан.

«Көтенші» сөзі «Көктәнше», яғни «Көк Тәңірші» деген сөздің «майысқан» түрі. Бұл сөздің айтылымын қоңыраттардың бірқатар уақыт Шыңғыс ханның жасағанындай Көк Тәңірге құлдық ұрып келгендігінің бір белгісі ретінде қабылдауға болады. Тұтас мағынасы – «Көк Тәңіршіл ел».

Қаздай қалқып ерінбей,

Өлең тердім жасымнан.

Майлықожа, Құлыншақ,

Пірім еді бас ұрған! – деп Жамбыл жәкеміздің мойындағанындай жыр жампозына ұстаздық еткен. «Шора батыр» жырын жырлап, оны 1871 жылы Оңтүстікке жасаған сапарында жанына алып жүріп үйреткен.

Көрнекті ақын, жазушы Асқар Тоқмағамбетов те бір өлеңінде Құлыншақ ақынды Қаратау өңірінен шыққан аты әйгілі адамдармен қатар атап, бірге көрсете келіп:

Ақсүмбе, Абақ батыр Созақтағы,

Кем еді қай батырдан қазақтағы?

Құлыншақ, Бердібек пен Айтжан ақын,

Талайды сөзбен орап тұзақтады, –

деп оның ақындық, айтыскерлік өнерін құрметтей өлеңіне қосқан екен. Сыр өңірінің белгілі жыр дүлдүлдерінің бірі Бұдабай ақын Құлыншақты қарт Қаратау өлкесіндегі жүйрік ақындардың ішіндегі бірегейі ретінде көрсетіп:

Көтеншіде Құлыншақ,

Өлең сөздің ұстасы.

Майлықожа, Мәделі,

Бұлар оның тұстасы.

Сөздерінің бар еді,

Тістейтіндей қышқашы,

Ең озығы – Құлыншақ,

Өлең десе ұрыншақ.

Шу асауды тоқтатқан,

Бұғалықты бұрып сап, –

деп оның ақындық өнерін онымен тұстас ақындармен салыстыра келіп жоғары бағалаған екен.

Құлыншақтың ақынды өзі тұстас ақындар мен өздерін оған шәкірт санаған ақындар ғана құрмет тұтпаған. Оны туып-өскен жерінің халқы мен ақындары да ұмытпай естеріне алып отырады. Қазіргі кезде ақынның туған жеріндегі орта мектепке Құлыншақ ақынның аты берілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. – Алматы: Орда, 2003. – 259б.
2. Өмірбеков Е. Шәжірелі өлке. – Шымкент: «Ғасыр-Ш», 2002. – 211б.

Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІНДЕГІ ОБРАЗДАР

ТОҚСАНБАЕВА З.Н.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме: В статье анализируются образы в рассказе Б. Момышулы «Ушкан уя».

Summary. The article analyzes the images in B. Momyshuly's story «Ushkan uya».

Ұзақ тарихымыздың қай белесінде де халқымыздың абыройын өсіріп, ұлттың мақтанышына айналған даналар аз болмаған. Қымбат қасиет, сирек сипаттың бәрі бір бойына жиналған сондай бір туар азамат ұлдарымыздың бірі-Бауыржан Момышұлы.

Бауыржан - жаратылысынан ақын, суреткер адам. Ол таусылмас қайраттың, үлкен шабыттың адамы. Бұл оның жауынгерлік өнерінде қандай көрінсе, жазушылық өнерінде де сондай көрініп отырды.

Халықтық салт-дәстүр мен ұлттық рухты бойына терең сіңіріп өскен Б.Момышұлы ана тілінің қуатын, байлығы мен көркемдігін терең сезіне білген жан. Тек түйсініп-біліп қана есейген жоқ, өзі де бабалар дәстүріне сай өткір де шешен, қысқа да нұсқа, әрі көркем сөйлеу дағдысын молынан игерді.

Кез-келген өнер адамы өзінің балалық бал дәуірінен нәр алады. Өмір бойы сол бір қайталанбас қыр астында қалып қойған жастықтың жасыл белесінен келісті сурет, көркем бояу тауып, соны қайыра көз алдына елестетіп, жан дүниесі байып, жаңғырып отырады. Батыр-қаламгер Б.Момышұлы да өзінің бал дәуірін балалық, жалынды жастық шағынан мол қазына жинаған. Сол рухани қазынаның келісті көрінісін «Ұшқан ұя» туындысынан көруге болады.

Б.Момышұлы кейіпкердің ішкі ой-толғанысы арқылы басқа адамдарға мінездеме беру шеберлігін «Ұшқан ұя» повесінде айқын аңғартады. Шығармада әртүрлі характер, әралуан кейіпкерлер келбеті сомдалған. Жазушы солардың барлығын бас-басына жеке-жеке тоқталып, арнайы суреттеп жатпайды, бас кейіпкер көзқарасымен береді. Кейіпкердің тікелей сезім толқындарын суреттей отырып оның адамдар жайлы көзқарасын, олармен қарым-қатынасын нанымды жеткізеді. Повестегі бала Бауыржанның өз тарапынан айтылған ойлары осы пікірді дәлелдей түседі. Автобиографиялық қаһарманның жан тазалығы, албырт қиялшылдығы, темірдей тегеурінді сенім серпіні ішкі сөздер ағымы арқылы осылайша кеңінен танылады. Б.Момышұлының жазушылық шеберлігі – повестегі оқиғалардың үйлесімді қиыстырылуынан, тілінің көркемдігінен, кейіпкерлер психологиясының терең білгірлікпен сипатталуынан т.б. осы тектес бағалы қасиеттерінен терең аңғарылады. Повестің өн бойындағы оқырман назарын аударарлық психологиялық детальдар тек хас шебердің ғана қолынан шығар кестеге тән суреттер екені анық.

Жауынгер жазушының қаламынан туған алғашқы көлемді шығармасы-«Ұшқан ұя» [1]. Бұл Бауыржанның балалық шағын баяндаған, өскен, тәрбие алған ортасын суреттеген өмірбаяндық шығармасы. Повестің бірсыпыра көріністері С.Мұқановтың «Менің мектептерім» мен М.Әуезовтың «Абай» романындағы бейнеленген қазақтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрып суреттерін еске салады. Алайда «Біздің семьяда» Бауыржан Момышұлының өзінің түсінігі, өзіндік дүниетану тұрғысы және өзіндік көркем суреттеуі көзге түседі. Бұл повесть жазушының өзіне тән суреткерлік келбетін танытты. Шыншылдық, нақтылық, өмір материалын жетік білушілік жазушыға көптен көп қажет қасиеттер.

Қалың халық ортасында, қарапайым жанұяда туып өскен, жастай шешесі өліп, ақылды ана, қарт ана, үлкен әжесінің қолында тәрбиеленген Бауыржанның жасынан сезімтал, елгезек, ойшыл болып жетілгенін көреміз. Бала кезінен көрген-білгені, өмірден алған әсері жүрегіне жазыла берген, қар суындай бойына сіңе берген тәрізді, енді келіп сол жан түкпіріне іркілген қор есейген шағында, өмірдің ауыр кешуінен өткен шағында бұлақ суындай қайнап, бұрқылдап

сыртқа шыққан тәрізді. «Біздің семьяны» қызығып оқисың, сүйсініп оқисың. Бауыржанның жастық шағын өз басыңнан өткергендей сезімге бөленесің. Мұның сыры неде? Мұның сыры шығарманың көркемдік, суреткерлік қасиеттерінде, сыншылдық сипатында. Повесте шиыршық атқан сюжет жоқ. Бар әңгіме бір семьяның тағдырын, он-он бес жыл ішіндегі бастан кешірген өмір құбылыстарын баяндайды. Сондықтан шығарманың тартымдылық себебін автордың әлгі айтқан суреткерлік қабілетінен әңгімешілдік шеберлігінен, ағынан жарылып, ақтарыла адал сөйлейтін адамгершілік сарынынан табамыз. Мысалы, повесте автор үлкен әкесі Имаш, өз әкесі Момынәлі жайында былай әңгімелейді:

«Менің бабам Имаш 1911-жылы тоқсан екі жасында дүниеге салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті-менің әкем Момынәлі екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен. Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық аса сабырлы, ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ. «Үл біткеннің бәрі қазанның түп күйесіндей әкесіне тартып қара болды, қыз жағы өзіме тартып аққұбаша ажарлы шықты» деп отыратын еді, жарықтық. Әжем өзінің ұлдарына өңшең аққұбаша аруларды айттыруға ынтық болған. Соның кесірінен менің әкем Момыш отыз үш жасында да салт басты, сабау қамшылы жүріпті. Әжем оған: - Әй қара күл, мен құдайдан саған ай көрікті ақ перизат жолықтырғай деп тілеймін. Тым болмаса немерелерімізді жиіркенбей сүйейін, -дейді екен.

Бір кезде көрші ауылда үлкен той өтіпті. Той ойын сауықсыз болған ба? Үлкен киіз үйдің ішінде жігіттер мен қыздар айтысып жатса керек. Той дегенде қу бас та домалайды. Кемпір-сампырларымен ілесіп менің Қызтумас әжем де келген екен. Кәрі құлағы елең етіп, киіз үйден шыққан айтыс әнін естіп қалады.

-Біздің ауыл Мыңбұлақ басын ала,
Басындағы орамал жасыл-ала.
Көңілің бізде болса, а құдаша,
Біразырақ отырсаңшы қасыңа ала.

Қыздың даусы жайдара естілсе де, жалтара жауап қатып отыр екен. Кәдімгі бас қосқан жердегі бастама өлеңнен үзай қоймапты. Дегенмен сөз арасында «жақсы жігіт» дегенді жиілете берсе керек. Қызтумас әжем оны сезіпті.

Қарашаға, ендеше, қарашаға,
Кисе киім жарасар аласаға.
Бас қосыптық бұл тойда жақсы жігіт,
Өлең айтсақ болмай ма тамашаға.
Бірақ жігіт жағы алғашқы екпінінен танбай ынтық көңілін ұсына беріпті:

Мыңбұлақ сулары сылдырайды,
Сұлу қыздың бұрымы бұлдырайды.
Құдаша деп сыртыңнан құмартушы ем,
Ескергейсің ендігі біздің жайды.
«Құдашасына сонша өзеуреп отырған кім екен», -деп әжем есіктен сығалап қараса:
Қара батыр, құдаша, қара батыр,
Жау қайырап жасқанбай дара батыр.
Тәңір айдап өзіңмен бас қосыппыз
Осы кесе сіз жаққа бара жатыр,-

деп бір бойжеткен қара қызға аяқты бұрып тұрған өз Момышы екен. Әжем сонда ұлына айқай салып:

- «Өзің қазанның күйесіндейсің, күйеге күйе жүкса не болмақ, құдайым-ау!-деп баласын үйден қуып шығыпты» [2].

«Әкем содан айтыс қуып, әндетіп жүре-жүре 33 жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол менің шешем еді. Рәзияның тұңғышы Үбіш, онан кейінгілер Үбиан, Сәлима, Әлима кілең қыз бала болды.

Момыш әкемнің айтуынша, мен 1910-жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған Имаш бабам жан-жаққа

кісі шаптырып әкем де хабаршы жіберіпті. Біздің ауылдың Байтоқ деген кісісі алпыс шақырым Әулиеатаға ат сабылтып жетіп, әкем жатқан үйге кіріп келіп, бір ауыз сөз айтуға дәрмені келмей, Момышты құшақтап жылай беріпті. Әкемнің қарындасының үй-іші үрпиісіп, бір жаманат хабар жеткен екен деп қорқып қалады. Ақыры бәрі Байтоқты жұлмалай «не болып қалды, айтсаңшы» деп тақақтағанда ғана, Байтоқ:

-«Жеңешем үл тапты», -депті. Үрейден үрпиіскен жұрт енді мәз-мейрам болып, қуаныштары қойындарына сыймай Байтоққа сүйіншісін беріп аттандырыпты» [3].

Осылай жансырындай сақталған естеліктерден сұрыпталып, сомдалып жасалған адам образдары шығармада жаңадан өмір сүргендей әсер туғызады. Сырттай қатал, іштей мейірімді азиз жан, ардақты әженің образы бір тоға, «Тура Момыш» аталған әділ, еңбекқор, өнер иесі әке мен алып күшті, аңғал мінезді, Момынкүл ағаның образы, түп нағашысы тәкаппар, әпербақан Серкебайдың образы, шабандоз шал мен ең алғаш әйел теңсіздігіне қарсы тұрған қайсар Зейнептің образы, коммунист Садық Абламовтың жағымды образы және толып жатқан пасық бай, зәлім молда, жебір болыстардың образдары көз алдыңнан кетпейді.

Образдар жүйесі кесте бойынша қолдан жасаған сияқты емес, өмірде шын болатын табиғи қалпында құралған. «Рас, осындай болған, өз көзіммен көргем де» дейсің ішіңнен және дәл осы жас бала Бауыржанның көшімен көргені есіңе түседі. Қалыптасқан кестелі ой образ туғызған емес, жанды образдан жемісті ой туған. Образдар дүниесінің нанымды да әсерлі болатын себебі сол.

Автор өз жанұясына байланысты алуан оқиғаларды жүйелі суреттей отырып, Қазан төңкерісінің қарсаңы мен алғашқы жылдарындағы қазақ аулы бастан кешірген тарихи-әлеуметтік жағдайларды жинақтай көрсетеді. Шығармадағы Қожамқұлдың аулына жолдаған хатындағы:

«Кір жуып, кіндік кескен жер аман бол,
Шортандай жүзген айдын көл аман бол!
Бір басы ер жігіттің не көрмейді
Келгенше біздер қайтып ел аман бол!
Не келіп, не кетпейді ер басына,
Ермейді ер жігіттің ел қасына.
Келерміз төрт-бес айда елге қайтып,
Аз уақыт ойнап жүріп ор басына» [2],-

деген өлең жолдарынан –ақ көп нәрсенің сыры аңғарылады.

Қаламгердің өмір құбылыстарын іріктеп, типтік жағдайларда көре білуі, болған оқиғаларды тартымды детальдармен ұтқыр бейнеленуі шығарманың ой-мазмұн толымдылығын арттыра түскен. Мұндай ерекшелік –жазушының барлық көркем туындыларына тән.

Оқырманның жүрегінен өзінің биік орнын алған Б.Момышұлының батырлық, азаматтық, қала берсе жазушылық тұлғасы болашақ ұрпаққа үлгі боларлық, ерекше сипатқа ие, тот баспас тақырып.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Момышұлы Б. Алыстан сәлем жолдаймын.Көптомдық шығармалар жинағы.24-том.- Алматы: «Өнер», 2010.-208 бет.

2.Момышұлы Б. Шындығын айтқанда.Көптомдық шығармалар жинағы.15-том.-Алматы: «Өнер», 2010.-208 бет.

3.«Б.Момышұлының «Үшқан ұя» повесіндегі мақал – мәтелдердің тәрбиелік мәні.» Ұлт тағлымы. // № 1 2003 жыл

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АНАЛАР ОБРАЗЫ

АБДИРОВА С.М.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается образ матери в произведениях А. Кекильбаева.

Summary. The article considers in detail the image of the mother in the works of A. Kekilbayev.

Бүгінгі таңда әйелдің қоғамдағы орны, ой-таным шеңбері ұлғайып отырған шақта әйел тақырыбы қуатты арна ретінде осы ғасырдың аяғына таман жан-жақты танылып отыр. Қазақ әдебиеті тарихындағы әйелдер бейнесінің эволюциясы ерекше көрініс берген. Қазақ әдебиетінің қайнар көзі ауыз әдебиеті екенін ескерсек, «мінсіз ару», «ғажайып әйел», «адал жар» үлгісін жасау дәстүрі әсіресе әр алуан ғашықтық қиссалардан, эпостық жырлардан және аңыз-ертегілерден айқын көрінеді. Мәселен, «Ай астындағы Айбарша», «Күн астындағы Күнекей», «Айдай сұлу Айсұлу» ертегілерінде болмасын, «Жүсіп-Зылиқа», «Мұхаббат-наме», «Қозы Көрпеш- Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларында болмасын, сүйгеніне деген адалдық, үміт отын өшірмей, жарын ұзақ жылдар бойы күткен арулардың әсіресе сырт келбеті айрықша әсемдігімен ерекшеленеді.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Адамдық негізі – әйел» мақаласында әйелдің рөлі мен хал-жағдайы туралы былай дейді: *«Қай уақытта қай халықта болсын, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт – ақ жүректі екпінді ерлер. Халықты ілгерілететін дөңгелек солар. Оларсыз мақсатқа жақындау мүмкін емес. Бұлай болғанда аяқ аяғы өзімді қайта айтамын. Адам баласы тәуел болып, еркегі хайуандық дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп үй ішінің бірлігін, одан туықандық ұйымын кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолында тәуел таппақ тарақияты әйел халіне жала асады. Сол себепті әйелдің басында тәуел сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тәуеліміңді, бесігіңді түзе! Оны түзейін десең, әйелдің халін түзе».*

Жалпы, әйел заты өзі өте нәзік әрі сезімтал ғой. Соған қарамастан сан түрлі ерлік жасап, елдің сүйіспеншілігіне бөленгендер аз емес «Әбіш Кекілбаев – заманымыздың бір заңғар тұлғасы. Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да, оңайға түсе қоймас», -деп Қуаныш Сұлтанов «Кекілбаев кеңістігі» атты мақаласында айтып өткендей, Әбіш жайында сөз қозғау, оның шығармашылығын зерттеу, оған үңілу көп еңбек пен ізденісті талап ететін дүние. Бүгін біз де Әбіш атамның кейбір шығармаларына үңіліп, зерттеп көрейік деп шешімге келдік. Жазушыны туындыларында жаңа замандағы әйел – аналар бейнесін жасайды. Әбіш - адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы. Ә.Кекілбаев кейіпкерлері қарапайым адамдар болғанымен, олардың өзіне тән өмірі, тағдыры, мінез-құлқы бар. Жазушы олардың жан дүниесінің тереңіне барады. Кейіпкерінің жеке басындағы түрлі сезім иірімін сипаттай отырып, олардың іс-әрекетіне баға береді. Жазушы кейіпкерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін қара сөз күдіреті арқылы толғап жеткізеді.

Әбіш Кекілбаев «Құс қанаты» повесінде өз анасы Айсәуленің бейнесін сомдайды. «Ай-бала» образында ол аштық – тоқтық, қиын-қыстау тірлік кешеді. «Ай – ана» образы қиындыққа толы өмір сүреді. Күйеуі өліп, жесір қалады, алдына кездескен ауыр қасіретті ерлікпен қарсы алады. Ана еңбекқор болатын. Киіз басатын, көрпе қарпатын, арқан ширататын, үй жығып, үй

тігетін шаруалар шыққанда ауыл үйдегі келін біткен «жеңешелеп» бұған жүгіретін еді-ау. Нөрестені бесікке саларда, жаңа туған ботаның аузын үрерде, қозысы алмаған қара бауыр саулықты иітерде әйел біткен бұны іздеп шыға келер еді. Бұл жазған да бұлдану, бас тарту дегенді білмес еді. Ауыл тұрмысында бұның қолынан келмейтін жалғыз нәрсе - өсек айту. Айтатынын бір-ақ айтып қарап отырады. Абысын-ажыны мақтайын десе, не тауып айтатындарын өздері біледі, ал жамандайын дегенде, бар тауып айтатындары: - «Бетің бар, жүзің барды білмейтін сол бейбақты қойшы». Осы жолдардан –ақ ананың артық сөзі жоқ адам екенін көреміз.

Қиындық нәтижесінде өзінің бақытты болғанын түсінеді. Атасына түсінде атқан ойында: «Адам басындағы бақыт деген не? Қатын байғұс қай кезде басындағы бақытын бағалай білген. Қойнымда – күйеуім, бауырымда –ұл-қызым, төбемде –қара шаңырғым, қазаным-булы, жөргегіміз –сулы, азғантай нәпақамның (запасы) иісін шығарып, бас аман отырғанда неге ғана жоқтан өзгеге ренжіп, неге сонша тұлған тұттым екен деп өкінем». [1,30б.]

«Ай – ана» жесірліктің тауқыметін тартқан қайсар ана жалғыз ұлын өзі өсіреді. Колхоздың қым-қуыт тірлігімен жүріп, баласын оқытты. Ұлын аман – есен адам қатарына қосуды өз аналық мұраты деп біледі. Баласы да ақылды болып өсті. Өң десе өңі де ешкімнен кем емес сияқты. Ай маңдай, бұйра шаш, қоңқақ мұрын, ат жақты ашаң жігіт... Суретші болатын. Ана баласының қызмет бабымен Алматыға көшіп келді. Бірақ қала тірлігіне үйренісіп кете алмайды. Алматы-білім мен ғылымның ордасы еді. Мұнда білім іздеп келген жастар көп болатын. Қала жастары білімге құштар, әр салада жұмыс жасайды, ұйымшыл. Ал ана болса, жатса да, тұрса да ауылдағы көрші қызды ойлап, есінен шығара алмайды. «Балам үйленсе» деген арманы бір күні орындалады. Ұлы қыз әкеледі. Қарша қыз, жымыып төмен қарайды, қолында жылтырақ сөмкесі бар қыз дік-дік етіп табалдырықтан аттады. Анасы той жасады. «Содан бұл жататын кең бөлменің еденіне жеткенінше шүберек пен клеенка, жетпеген жеріне газет төселіп, көлдей дастарқан жайылды. Қақ төрге қақырайып бұл отырды. Жігіттерге еріп келген екі-үш келіншек бұны бүгін өз қазанының маңына жуытар емес. Ал, әлгі кетік қара білекті сыбанып тастап, аузы жалпылдап көк кастрюльге ас салып жүр. Біреуі ыдыс-аяқ жуып жатыр, біреуі шұжық турап жатыр, біреуі рюмка сүртіп жатыр. Әйтеуір, шүрменнің баласындай жабылған да кеткен. Бұл да түс көргендей айран-асыр». [2,39б.]

«Айсауле-әже» баласының бақытты болғанын қалайды, немере күтеді. Жаңа түскен жас келіні де әдепті, сызылып тұрады. Тек келіні енесімен сөйлеспейді. Келіннің қабағы түсіп отырса «Сен бірдеңе дедің бе? – деп сұрайды. Осындай жағдайда түнімен көз ілмей, бақырайып жатады. Бір уақытта барып бұрлығып ұйықтап кетеді. Кейін түс көріп қайта оянып, мазасыданып ойға батады. «Қой, бұдан былай жалғызымның жабырқау жанын одан бетер қинамайын. Мен түйіліп отырғанда, ол сорлының өңешінен дұрыстап тамақ та өтеді дейсің бе? Үстіме үлкен тау құласа да, қабағымды шытпайын...» - деп бекінеді. Ас үйдегі шаруаға араласып, жеңсік ас дайындайды. Үйге де береке кіріп, бала да, келін де ананың аялы алақанының жылуын қайта сезінгендей болады. Табиғат та оянып, күні ертең-ақ көктем шығады. Ал бұл көктем-ана арманы орындалған шақ болатын.(59б.)«Құс қанаты» - ғұмырнамалық повесі. Мұнда «Әбіштің анасы», «Айсәуле әже», «Ел анасы», «Кекілбайдың Айсәулесі» болып дәріптелген Айсәуле ана – қарапайым ғана көргені мен түйгені мол қазақ әйелі.

Қорыта келгенде, Ә.Кекілбаевтың «Құс қанаты» повесі – Ұлы Отан соғысы кезінде Жеңіс үшін аянбай еңбек етіп, жастық шағын, күш-жігерін ұрпағының тәрбиесіне арнаған аяулы аналарға арналған ескерткіш. Қазақ әйелдерінің адалдығы, баласына деген шексіз махаббаты, тектілігі бізге үлгі. Ана –қай кезде де баласының бақыты үшін небір қиындықты жеңе алатын күдірет. Ана –отбасының ұйтқысы, қоғамның тірегі. Баланың жеткен жетістігі ананың тәрбиесіне байланысты. Сондықтан бұл шығарманың бүгінгі заман оқырманы үшін де маңызы зор деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Кекілбайұлы. Құсқанаты кітабы, Алматы: «Өлке» баспасы, 2018ж.
2. Ә. Кекілбайұлы. Он екі томдық шығармалар жинағы 1 том Алматы: «Өлке» баспасы, 1999 ж.

ӘОЖ 82.09.

Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «СЫЛАҢ ҚЫЗ» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ КОМЕДИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ КӨРІНІСІ

ЖАРЫЛҚАСЫНОВА А.С.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье речь пойдет о проявлении комедийных элементов в пьесе Ж. Аймауытова «Сылаң қыз».

Summary. The article will focus on the manifestation of comedic elements in Zh. Aimaurov's play "Sylan kyz".

Жүсіпбектің драмалық шығармаларын жинап және зерттеп жүрген ғалым Бағыбек Құндақбаев. 50-ші жылдары ұлттық театр өнерін зерттеуді неден бастау керек деген мәселеге тірелгенде М.Әуезов Семейден және Жүсіпбек Аймауытов есімімен тікелей байланыста бастау керектішін айтқан. Бірақ Аймауытов жайлы әңгіменің ешкімге жарияланбауын ескерткен екен. Ол заман өтіп, есіл ағаларымыздың есімін дауыстап айтарлықтай болдық. Бірақ өкінішке орай театр тарихы мен сынында, драматургия туралы ғылыми әдебиеттерде, теориялық дүниелерде ол кісілердің алдын орап кеткен жағдайлар бар. Сонымен қатар Нұрғалиев Р., Бадыров Қ., Байғалиев Б. Сияқты кісілердің мақалаларында газет-журнал беттерінде Жүсіпбек пьесалары туралы бірлі-жарымды лебіздерін білдіруде [1]. Профессор Нұрғалиев Р: «Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби мұрасының негізгісі, салмақты саласы-драматургия» деп оншың пьесалық шығармаларының творчествосындағы үлесін арттыра түседі [2].

Жүсіпбектің қазақ драматургиясына алып келген төл туындылары өз алдына бір төбе. «Сылаң қыз» бір актілі шағын күлдіргі /комедия/ пьесасы кезінде көркем үйірмелер мен қазақ театрының алғашқы кезеңдерінде қойылып, 1922 жылы Орынборда кітап болып басылып шығады. Бас-аяғы 6-7 кейіпкерден құралған пьеса бай үйінің тұрмыс-салтын, жиһаздарын, сол сияқты күнделікті тұрмыс тіршілігін көрсетуден бастайды. Сол сияқты қазақ елінің тұрмысындағы, ғасырдың басындағы өзгерісті көрсетеді. Өмірі мал бағумен өткен аталарымыз, ақша санап сауданы кәсіп етуге бағыт бұрғанын байдың мынадай сөздері арқылы келтіреді.

Бай бауырсақты аузына салып жатып/ Сен әлі нет! «Салпауызда менің бес теңге жиырма бес тиын ақшам бар... Тағы кімде? Ә...Байжұманның баласында жиырма бес тиын күміс бар. Ақмұраттың баласында майда қалған жеті сом қырық бес тиын бар» [3].

Ал, енді осылайша елдегі қаразын санап отырған бай жалғыз қызы Бәтимаға бәтеңке сатып әперуге ақшасын қимайды.

Пьесада жазушы комедияға тән қасиеттерді басынан бастап сақтай отырып, оқиғаның соңын күлкімен күйеу таңдаған «Сылаң қыздың» соңында қылығының әшкереленуімен бітеді.

«Сылаң қызда» тұрмыстық жағдайды айту басым. Шымылдық ашылмастан бай үйінің тұрмысын айтудан бастап оның әйелімен арасындағы диалогта осыны айқын көреміз.

Байдың жалғыз қызы Бәтима көріністің басынан аяғына дейін басқа кейіпкерлер ауысып отырса да сахнадан кетпейді. Сөйтіп, соңында жігіт таңдаған «Сылаң қыз» махаббат жолында арман сыры ашылады. Қызға келген үш жігіт-Кәкім, Нұрмаш, Әбутәліп қылықтары

күлкілі әрекетке құрылған. Үш жігітте де көңілі бар, қайсысына тоқтарын білмей жүрген Бәтимаға үшеуі де бір сәтте келіп, әбден састырады. Бірінен соң бірі келген жігіттер кереует астына жасырынып, аяғында қыз әкесі келіп үстілерінен түседі.

«Сатиралық комедияның элементтерін түгелге дейін бойына сіңірген «Сылаң қыз» пьесасы басынан аяғына дейін оқыс қимыл-әрекетке, мысқыл сөзге, әзіл-оспаққа құрылған. Бір кездері пьеса көрермендердің сүйіп көреті спектаклі болған екен. Бәтиманың ролін алғашқы актрисалардың бірі Шәмсия Әлібекова орындап, қыздың әкесі Жабағының ролін-Серке Қожамқұлов, үш жігіттің бірі-Хакімнің ролін қазақтың еңбек сіңірген артисі Қапан Бадыров орындаған. Қойылымның режиссері Жүсіпбектің өзі болуыне бір күлкілі шешімдердің қиял жүйріктігінен құралған тапқырлыққа құрылыпты.[4.]. Сыншы С.Қирабаев: «Жүсіпбек пьесалары тек идеялық мазмұнының байлығымен ғана емес, драмалық тартыстың өткірлігімен, хараактер жасаудағы ізденістерінің әрқилылығымен ерекшеленеді. Ол адам бойындағы озбырлық, мансапқорлық, пәлекорлық мінездерді шебер ашады. Әлеуметтік әділетсіздік тудырған зорлықтың қоғамдық зұлымдыққа ұласып жатқанын шенейді. Осыларға қарсы күресті ол оқыған азаматтардың мойнына артады» –дейді[5.].

Жүсіпбек Аймауытов драматургиясы өзінің құнарлы тіл өрнегімен, айқын мінездері бар кейіпкерлерімен, биік халықтық идеясымен, өз заманындағы өзекті мәселелерді көтере білуімен, сахна тілінде ойнатуымен ерекшеленеді.

Ж.Аймауытов драматургиясының бір ерекше сипаты қай пьесасын алсаң да, оқиғаның басталуы шымалдық ашылмай тұрып, бұрыннан өтіп жатқан өмір тірлігінің жалғасы сияқты әсер қалдырады. Бұл автордың жиырмасыншы жылдардағы драматургияға енгізген жаңалығы. Ж.Аймауытов – психолог жазушы. Оның терең психологизмінің арқасында адам тұлғасы қазақ әдебиетінде мүлде жаңа, концептуалдық сипатқа ие болды. Ж. Аймауытов тұлғасы әлеуметтік ортаның үстемдігі мен табиғи жаратылысының күдіреті ортасында – қоғамға да, өзінің кісілік деңгейіне, болмысқа да бағынатын, көп жағдайда бір-біріне қарама-қайшы қасиеттерді бойына сыйдыра алатын, кемшілігі де, артықшылығы да бір басына жететін, күрделі де шыншыл бейнелер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжебаев Б. «Оңтүстік Қазақстан» газеті 1989ж., 10 қазан.
2. Нұрғалиев Р. Сегіз қырлы, бір сырлы дарын. «Қазақстан коммунисті» 1985 журналы №6, 88-б.
3. Аймауытов Ж. Шернияз пьесалар жинағы. 52 бет. Алматы. “Өнер”, 1990ж.
4. Құндақбаев Б. “Аймауытов және театр өнері” Алматы, “Өнер” 1980ж. 47 бет.
5. С.Қирабаев. Жаңа дәуір жаршысы. «Социалистік Қазақстан», 1989ж, 14 қазан.

ӘОЖ 82.09.

СӘКЕН ЖҮНІСОВТІҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ

ШАПАНТАЕВА А.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются драматические произведения Сакена Жунусова. Подробно рассматривается мастерство писателя в описании жизни Акана.

Summary. The article analyzes the artistic work of Saken Zhunusov. The skill of the writer in describing the life of Akan is discussed in detail.

Сәкен Жүнісов прозаик, драматург, публицист, әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері ретінде туған әдебиетінің өте маңызды кезеңдерін бейнелеген сүбелі шығармалар берген, халық өмірінің көркем шежіресі іспетті. Ел-жұртына кеңінен танылған, халықтың сері азаматы, қадірмен ұлы, шын мәніндегі халық жазушысы. Оның қаламынан шыққан әрбір еңбегі үнемі халықтың жүрегіне жол тауып, рухани асыл қазынасына айналып отыр. Ол әдебиет өнер шеберлерінің ішіндегі аса дарындыларының бірі екені сөзсіз.

1970-1990 жылдардағы суреткерлердің белді өкілі жазушы–драматург Сәкен Жүнісов. Драматургия – Сәкен Жүнісовтың проза жанрымен қатар дамытып келе жатқан жанры. Бүгінгі күні қазақ әдебиетінің проза, драма жанрында өзіндік стилі, қолтанбасы бар қаламгер. Әсіресе, трагедия мен комедияға қарағанда драма жазуға, драмада мәселе көтеруге, пьеса оқиғасын шиеленіскен тартысқа құруға, күшті характерлер сомдауда шеберлігін байқатып келеді.

Сәкен Нұрмақұлы шығармашылық жолын балаларға арналған шағын дүние жазудан бастаған. 1950-60 жылдары «Социалистік Қазақстан», «Қазақстан пионері», «Жұлдыз» т.б. республикалық газет-журналдардың беттерінде әңгімелері, сын-рецензиялары, ғылыми мақалаларымен көпшілікке танымал бола бастады. Қаламы төселіп, жазушылық өнерді жете меңгерген кезінде «Жапандағы жалғыз үй», «Ақан сері» романдарын, «Заманай мен Аманай» повестерін өмірге әкеліп, бүгінгі күні бұл дүниелері қазақ әдебиетінің алтын қорынан өз орнын алған шығармалар болып саналады.

Сәкен Жүнісовтің шығармашылық өнері қазақ әдебиеттану ғылымында әртүрлі қырынан зерттелініп, қарастырылып келеді [6]. Дегенмен, суреткердің екінші бір мол шығармашылық саласы – драматургиясы жөнінде арнайы ғылыми зерттеулер аз.

С.Жүнісов шығармашылық лабораториясындағы ерекшеліктердің бірі–белгілі прозалық туындыларының драмалық шығармаға айналып жатуы. Мысалы: «Жапандағы жалғыз үй» романы негізінде «Қос анар» драмасы, «Аш қасқырлар қамаған қызыл керуен» атты повесі бойынша «Өліара» деректі драмасы өмірге келді.

С.Жүнісовтің «Ажар мен ажал» атты драмасы – инсценировкаланған шығарма. Қазақ халқының бір туар ұлдары Б.Майлиннің «Раушан коммунист», М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні», Ғ.Мүсіреповтың «Ашынған ана» атты повесі, әңгімелерінің желісімен және өзіндік тың пікір дамытушылығымен кезінде көрерменнің жүрегіне жол тапқан шығарма болып және пьеса авторы алғаш рет драмашылар қатарынан көрінді.

Шығарма дүниеге келген тұста екі түрлі пікірдің болғаны баспасөз беттері мен ғылыми еңбектерде басылды. Әбу Сәрсенбаев: «Автордың бұл пьесасы - қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы үш ірі қаламгердің кейбір әңгімелерінің сарынын ғана алып, сол туындылардың тұтқынында қалмай, өзінше шешімін тапқан творчестволық жеке еңбек» [15],-десе, К.Нүрпейісов: «Бұл драматург тұсынан қазақ совет әдебиетінің аға өкілдеріне деген ілтипат, соларға деген тарту сияқты. «Ажар мен ажал» жазушының драматургия жанрындағы табысты дебюті деп қараймыз» [16],- дейді. Б.Құндақбаев: «...Пьеса шиеленіскен тартысқа құрылып, жанр талабына лайықты композициялық құрылыс, қызғылықты драматургиялық шешім табуының үстіне көркем тілмен жазылған. Автордың классик жазушылардың новеллаларын орынды пайдалана отырып, олардың стильдік ерекшеліктерін де сақтай білуі пьесаға өзіндік сипат, драматургиялық қуат, көрікті бояу берген» [17], ал С.Қирабаев: «М.Әуезов («Қорғансыздың күні»), Ғ.Мүсірепов («Ашынған ана»), Б.Майлин («Раушан-коммунист») шығармаларының кейбір сарындары көрініп тұрғанымен, «Ажар мен ажал» – шын мәніндегі драмалық тартысы күшті пьеса» [18],- деп бағасын береді.

«Ажар мен ажал»–тарихи драма инсценировка. Ғалым Р.Нұрғали «Күретамыр» атты монографиясында текстологиялық салыстырулар жасаған болатын. Біз кеңірек түрде драматург С.Жүнісов эпостан драмаға өту процесінде, үш актілі драмасына үш шығарманың материалын қанша пайдаланып, дамытып, өз тарапынан драмалық шығарма дәрежесіне көтеру үшін көркемдік шарттарды қосқанын анықтау үшін, М.Әуезов, Б.Майлин, Ғ.Мүсіреповтердің әңгіме, повестерімен текстологиялық салыстырулар жасаймыз, С.Жүнісовтің инсценировкалау процесіндегі өзіндік жетістігін танытамыз.

Пьесадағы Ажар бейнесі – күрделі тұлға. Шығарманың бірінші актісінде Ажар әлі жас шыбықтай майысқан, жан баласына тіке қарамайтын уыздай, пәк болып көрінсе, екі жауыздың озбыр қылығынан, қорғансыз әжесі боранда үсіп өлгеннен кейін, өмірдің қилы тұрмысын басынан кешіп, ысылады. Озбыр Атанның ісінен кейін екі қабат болып, дүниеге әкесіз сәби әкеледі. Пьесада оқиға шиеленісіп, драмалық тартыс күшейе түседі. Жүнісовтің «Ажар мен ажал» пьесасының тақырыптық негізі, авторлық концепциясы – «төңкеріске» дейінгі қазақ әйелдерінің басындағы әлеуметтік теңсіздік, ескі-салт сананың шырмауынын аса алмай құрбан болатын әйел затының ауыр тұрмысынан ащы сыр шертетін алғашқы қазақ драматургтерінің пьесалары: К.Тоғысовтың «Надандық құрбаны», М.Әуезовтың «Еңлік–Кебек», Қ.Кемеңгеровтың «Алтын сақина», т.б. алғашқы сахналық туындыларының аясында қалмай өзіндік жол ұстанып, барша ана атаулы адамзат баласының намысын аяққа таптатпай, тың пікір ұстанады. Соңында ажалды жеңген ананың, күрескер ананың ескерткішін сомдайды.

Драмада образ жасау мәнерін Сәкен Жүнісов шебер меңгерген жазушы екеніне көз жеткізуге болады. Образдарды даралаудағы көркемдік тәсілдердің бірі – психологизм. Кейіпкерлерінің жан дүниесін ашуда С.Жүнісов детальді сәтті қолдана білген. «Қызым, саған айтам...» драмасындағы Мұрат пен Разия диалогтерінде семьядағы кикілжің, келісе алмаушылық, соңында екі жаққа айырылуларынан тұрмыстық детальдің көрінісіне кездесеміз.

«Жаралы гүлдер» пьесасы - 1941-1945 ж.ж. соғыс кезінде тылдағы халықтың, әсіресе, жасөспірімдердің өмірін, тіршілік-тауқыметін шындықпен суреттейді. Жас бола тұра әке соғысқа кетіп, бар тұрмыс ауыртпалықты бұғаналары бекімесе де, жасымайды, өздерін іштей қайраумен, жеңіске қол ұштарын беріп жүргендерін ерлік санайды. Пьесада аты аталатын Бақыт, Қасым, Аплаш, Балташ, Балшекерлердің өмірлері, тұрмыс-тіршілігі бір болғанмен, әр кейіпкерлердің тек қана өзіне тән мінез даралықтарын дұрыс тауып, аша білген.

Жамбыл бейнесі - драматург С. Жүнісовтің жүрегінен өткен, қалауындағы Жамбылды көреміз. Ал, өмірдегі Жамбыл басқа болуы мүмкін.

Драматург С.Жүнісовтің стильдік ерекшелігінің бір қыры -соңғы жылдардағы пьеса жазу мәнерінен көрінеді. Алғашқы қалыптасу кезеңіндегі драмалық шығармалары құрылысына қарасақ прозаизм басым болса, ал, соңғы жылдардағы «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» және «Жамбылдың даңғыл, тарғыл жолдары» атты пьесаларында поэзиялық сипат басымын аңғардық.

С.Жүнісовтің драмалық шығармалары 1970-1990 жылдардағы қазақ ұлттық драматургия жанрындағы замандас драмашылар пьесаларымен салыстыра қарастырғанда, тақырып жағынан да, идея жағынан да, бейне жасау, тартыс тудыру, мінез сомдау тұрғысынан да назар аударарлық. Драмалық шығарма негізінен: трагедиялық, драмалық, комедиялық болып іштей жіктелгенімен, олардың Әрқайсысының бойынан бірінің табиғаты танылып жатады. Айталық, комедияға қоятын талапты драма, трагедияға қоюға болмайды, оның жанрлық табиғатына сәйкес өзіндік ерекшелік, белгілері бар. Ал, драмада трагедия, комедияның элементтері жүретін болса, керісінше шығармаға өң беріп, ажарлап тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жүнісов С. Ақан сері: 2 -кітап: Роман. -Алматы: Жазушы, 1977.
2. Жүнісов С. Ақан сері: Роман. 1 -кітап. -Алматы: Жазушы, 2003.
3. Жүнісов С. Ақан сері: Роман. 2 -кітап. -Алматы: Жазушы, 2008.
4. Жүнісов С. Көп томдық шығармалар жинағы. 1 -том: Пьесалар. -Алматы: Қазығұрт, 2005.
5. Жүнісов С. Көп томдық шығармалар жинағы. 2 -том: Пьесалар. -Алматы: Қазығұрт, 2005.

ТӨЛЕГЕН АҚЫН ЛИРИКАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚЫРЫҚБАЕВА М.Ж.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно проанализированы тематические особенности лирики поэта.
Summary. The article analyzes in detail the thematic features of the poet's lyrics.

Қазақтың дарынды ақындарының бірі Төлеген Айбергенов - поэзияның, оның ішінде лириканың болмысын терең түсінген тұлға. Оны Төлегеннің мына бір ойынан анық аңғаруға болады: «Поэзия – адам көкірегінің ең алыс түкпірлеріне дейін шымырлап-жаңғырып, шулап-буырқанып жететін ең сұлу жан сыры, тұтас бір халықтың басынан кешірген рухани өмірінің көркем бір шежіресі. Адамның сол ішкі жан дүниесінің шынайы адал сыры жайлы бүкпесіз ақтарыла сөйлегендіктен де нағыз поэзияның ғұмыры шексіз»[1,147б.] Ол өлеңге осындай талап қоя отырып, өзі де сол талап биігінен көрінген ақын.

Ақыннан аспан ғана биік шығар,
Ақыннан жұлдыз ғана түр жоғары,

- дейді ақынның өзі[1]. Төлеген Айбергенов ақындықтың парыз-міндетін имандай сыр қылып аса бір әсем өлеңімен иландыра, пәтуалы образбен ашып берген деуіміз әбден болады. «Ақынның образдары — ақыннан өзге ешкім де емес, тек бұл оның өлеңінде әртүрлі пішіндегі объективті тұрпаты ғана. Сондықтан осынау ұлы әлемнің тұтқасы ретінде «Мен» деп сөйлеуге толық хақысы бар...» - деп тұжырымдайды Ф.Ницше [2].

Академик З. Қабдоловтың лирика туралы тұжырымына зер салсақ, лирикалық кейіпкер (қаһарман) лирикалық өлеңдерде көрініс беретіндігін байқау қиын емес [2, 326 б.] Анықтаңқырап айтар болсақ: лирикалық қаһарман -ой-пікірі, сезімі, өмірге көзқарасы лирикалық шығармада байқалатын, образы лирикалық шығармалар арқылы жасалатын адам бейнесі. Лирикалық шығармалардың тууына ақынның өзінің сезгені, көргені әсер етіп, сол арқылы өз ой-пікірін білдіреді десек, бір жағынан, лирикалық кейіпкері - ақынның өзі деуге болады.

Ақынның өз азаматтық келбеті қандай және өлеңдеріндегі лирикалық қаһарман бейнесі қандай деңгейде? Бұл екі мәселенің де ақын өнернамасының болмысын, бітімін, салмағын анықтауда атқарар ролі аз емес. Олай болса ақынның шығармашылығына өз пікірін айтқан замандастарының куәлік сипаттамасына құлақ салайық: көрнекті ақын, дуалы ауыз Х.Ерғалиевтің бағасы мынандай: «Төлеген... жастық шаққа, махаббат тақырыбына табан тірейтін ақын. Оның ең басты ұстанған бағыты, діттеген мақсаты - өмірдегі адалдық пен пәктік, ақтық мәселелерді ақындық жүрекпен барлайды»[3].

Төлеген Айбергеновтің өлеңдері әр рухты, асқақ бейнелі, нәзік сезімді, адал жүректі өзгеше жаралған жанның мінезі танылатын, сонысымен оқырман назарын өзіне тартып, қиялды сергектікке, ойды тереңдікке жетелейтін туындылар. Ақынның өлеңі - белгілі бір дәрежеде өзіне тартады десек, Төлегеннің өлеңдерінен сезілетін әлгі қасиеттер оның лирикалық қаһарманына да тән. Сондықтан Айбергенов өлеңдерінен үнемі нәзік сезіммен адал сөйлеп тұратын қаһарман сөзі – байқалады. Сондықтан:

Тірлікті жатқан қоздатып,
Мен мынау Ата - Жердеймін.
Жанымның отын маздатып.
Түнде де дамыл көрмеймін.
Қалғыма, Әлем, мен саған,

Бәрібір тыным бермеймін,-деп толғанған Төлегеннің лирикалық қаһарманының сөзіне шүбәсіз сенесің [4,22б.]. Ақынның лирикалық қаһарманы қайда жүрсе де, не туралы жырласа да

адамға. Отанға деген сүйіспеншіліктің шыңында жүреді. Мейлі ол Түркістанға барып тарихымыз туралы тебірене ме, Қарақалпақ жеріне келіп достық жайлы толғана ма, немесе Маңғыстау өлкесіне сапар шегіпжасампаздықты көріп қуана ма. Семейге барып ұлылар тұрған жерге бас иіп шаттана ма,- бәрінде де сол шынайы сезім, терең ой ақын жырларынан айқын сезіледі.

Төлеген Айбергеновтің лирикасы сан-салалы, көп тақырыпты, орасан зор, ауқымды дүние. Ақынның шығармашылық бетін, қалам қарымын танытатын нәрсенің бірі - азаматтық әуен. Бұл топқа кіретін лирикаларда ақынның немесе оның лирикалық кейіпкерінің өмірге көзқарасы, арман-мұраты, адамдарға деген ыстық ықыласы, шынайы махаббаты ерекше танылады. Азаматтық әуенге толы лирикалық өлеңдерінде ақын адамдардың, туған жердің, отанның бейнесін асқақтата жырлайды, оларды ақынның лирикалық кейіпкері өз жүрегінің шуақты махаббатына шомылдырады.

Төлеген Айбергеновтің азаматтық лирикаларының ішінде туған жер тақырыбына арналған өлеңдері молырақ орын алады. Ақынның алғаш өлең жаза бастаған кезінің өзінде оның туған жерді шабыттана, тебірене жырға қосқанын көреміз.

Аяулым менің, Түркістан,
Алқынып жеткен алыстан[4].

Қазақтың ғана емес, бүкіл түркі дүниесінің рухани орталығы саналатын Түркістанның басынан кешкен қасіретті кезеңдерді жырға қосқан ақын – көз алдымызға зұлмат замандар салған небір қанды қырғындардың, зұлым шақтардың жан түршігерлік суреттерін әкеледі.

Төлеген Айбергеновтің «Семей» атты өлеңі - қазақ әдебиетіне Абайдай жыр тәңірін, Мұхтардай сөз алыбын берген өлкенің, Әміредей аспандағы аққумен ән қосқан саңлақ дүниеге келген топырақтың сыр-сипатын толғаған туынды.

Төлеген шығармаларында ерекше орын иеленетін Отан туралы отты өлеңдері «Маңғыстау саздары» циклына топтасқан. Бұл топтамада Т.Айбергенов ел мерейін асырған ерлер мен жерлер жайлы терең тебіренеді, өзгеше бір ақындық әлемін ашады. «Маңғыстау саздарындағы», «Мұнаралар», «Төстегі жаңғырықтар», «Шевченко мұнай ордасы» атты өлеңдер - қазақ елінің қаһарман адамдарының асқақ бейнесін танытатын шығармалар[4].

Т.Айбергенов азаматтық әуендегі лирикаларының бір парасы - оның достық, туысқандық тақырыбына жазылған өлеңдері. Ақынның орыс жұртына, қарақалпақ халқына, өзбек еліне, украина жеріне арналған өлеңдері - терең достық сезіммен жазылған туындылар.

Т.Айбергеновтің азаматтық лирикаларының ішінде өнер адамдарының бейнесін сомдаған арнау жырлары ерекше орын алады.

Ақынның Ғ.Құрманғалиевке, Ш.Қалдаяқовқа, Ә.Нұмахановаға, т.б. арналған өлеңдері-тек оның шығармашылығындағы емес, бүкіл қазақ әдебиетіндегі өнерпаздарға арналған таңдаулы туындылар қатарына қосылады. Жалпы, Т.Айбергеновтің арнау жырларына ортақ басты қасиет - ақынның өзі мен кейіпкері арасындағы ара салмақты тең ұстауы, өлең арнаған адамының тасасында қалып қоймай, автордың асқақ рухының биік дәрежеде сақталуы, өлең кейіпкері мен автордың өзара рухани жақындығы, авторлық идеяның шынайы көріністерінің шығармада шашау шықпай ақырына дейін сақталуы.

Т.Айбергенов - табиғаттың да тамаша жыршысы. Ол лириканың бұл түрінде өнімді де өнегелі еңбектенген ақындардың бірі. Бұл жолда ақын табиғатты жырлаудың сонау Абайдан басталып бергі Қасымға дейінгі дәстүрлерінен толық үйреніп, сол дәстүрді одан әрі жалғастырған дамытушылардың бірі болды. Ол табиғатты жырлауда да өзіндік өрнегі бар санаулы лириктердің бірінен саналады. Төлегеннің поэзия әлемінің асқан қадамы - табиғат лирикаларынан басталады. Қазақ баспасөзінде тұңғыш рет жарық көрген өлеңінің аты «Пейзаж», көлемі төрт-ақ жол.

Көк шықты таудың тарғыл тасын жарып,
Арықтан сулар жатыр тасып ағып.
Аямай жерге төгіп алтын нұрын,
Күн көзі күлімдейді қасын қағып.[4,12]

Бүкіл дүниені жанды қозғалыста суреттеген бұл өлеңнен Төлегеннің ізденістерін, өзіндік ерекшелігін танытуға деген талпынысын тануға болады. Ақынның бұл тақырыпта жазған

өлеңдері көп. Олардан: «Көктем», «Көктем әуендері», «Жаз қақпасы», «Жазғы кеште», «Күзде», «Қыс туралы» өлеңдерін атауға болады[4]. Т.Айбергенов - өмір, табиғат құбылыстарының сырына сергек қарап, оның қат-қабат, алуан сырларын ашуға сезіммен, оймен талпыныс жасаған ақын. Төлеген уақыт сыры, табиғат болмысы, Отан күдіреті, адамның ғұмырының мәні туралы терең тебіренген.

Т.Айбергенов махаббатты да көп жырлаған. Адам жанының қуанышы мен сүйініші де, шаттығы мен қайғысы да, сүйіспеншілік сырлары да ақын жырларында алуан қырынан көрінеді. Ақынның бұл тақырыпқа арналған «Өтті ғой сәулем ай талай», «Қарай берші әппағым», «Аралқызына», «Емес еді дүние қайғы, үй қайғы», «Мен сені көргем», «Марфуға», «Сені ойлады», «Мені ойла»... деген өлеңдері бар [4].

Төлеген шығармашылығын негізінен сыршыл өлеңдер құрайды. Демек, Айбергенов өлеңдерінде көңіл-күй лирикалары көбірек. Ақынның сырласуға шақыратын, өз мұң-шаттығын білдіретін көңіл-күй лирикаларында сезімталдылық та, ойлылық та бар. Т.Айбергенов лирикасы туралы Б.Кәрібаеваның «Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы» атты еңбегінде: «Төлеген нәзік жанды лирик, философ тұлғаға айналды. Сезім серпілісінің үзеңгісін қаға отырып, ой толғап, ақыл қорытады» деген пікірі - бірден-бір әділ баға.[5, Б:64-65.].

Өмір ғашық, бүкіл әлем мас маған,

Кезім заңғар, күн сияқты қырағы.

Менің денем Менделеев аспаған.

Металдардың қоспасынан тұрады.-

деп өзі айтқандай, Төлеген Айбергенов - әлі ашылған сырынан ашылмаған сыры көп, құпиясы тереңдегі ақын[6,23б.].

Төлеген ақынның лирикасын тақырыбына қарай жеке-жеке бөліп қарауға болмайтын тәрізді махаббат лирикасы туған жер табиғатымен үндеседі. Туған жер лирикасы көңіл-күй лирикасынан бөліне алмайды. Сағыныш жүрген жерде анасы да, ғашығы да, туған елі де бірге жүреді. Ақын жырлары уақыт талабына сай ірі-ірі зерттеулердің негізі болатынына сеніміміз зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айбергенов Т. Өрнекті өлең өрісті. 1967ж.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. А., 1976 ж.
3. Ерғалиев Х. Ағадан ақ тілек. «Қазақ әдебиеті» (20.05.1995)
4. Айбергенов Т. Аманат. А., 1975 ж.
5. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. А., 1988.ж.
6. Айбергенов Т. Бір тойым бар. А., 1989 ж.

ӘОЖ 82.09.

Ұ.ЕСДӘУЛЕТОВТИҢ ТУЫНДЫСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

ҚАСЫМБЕКОВ Ә.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье будет рассказано о творчестве У. Есдаулетова. В поэме проанализированы пути решения социальных проблем.

Summary. The article will tell about the work of U. Yesdauletova. The poem analyzes the ways of solving social problems.

Ұлықбек Есдәулетовтың көптеген шығармалары бар. Олар: «Қанат қақты», «Көздеріңе ғашықпын», «Жұлдыз жарығы», «Алтайдың алтын тамыры», «Ұлыстың ұлы күні», «Ақ керуен», «Жаратылыс», «Жүректегі жаратылыстар», «Алтай асулары», «Заман-ай», «Киіз кітап», «Ахилестің өкшесі», «Ынтық зар», «Әбілхаят»[1.].

Ақын шығармаларының ішінде «Қара пима» поэмасының алар орыны ерекше. Жалпы бұл поэма неліктен «Қара пима» аталды? – деген сауалға бұл туындыны оқыған әр оқырман жауап іздері сөзсіз... «Боранда үсіп, аяғы балтырынан кесілген жас баланың тағдыры туралы дастанның оқиғасын естігенде, көзіңе жас үйіріледі. Кейін аудио-таспаға түскен осы жырды талай кісінің көкірегі қарс айырылып тыңдағанын өз көзіммен көрдім. Бұл – Ұлықбек Есдәулеттің атышулы «Қара пима» поэмасы еді» - дейді Н.Қуантайұлы [2,8б.].

Алайда-дүлей ақ боран,
Ысырып,
Ұйтқып,
Бұрқырап,
Аттаған жанды қақпадан,
Қақпақыл қылар жұлқылап [2,90б.],-

деп басталатын поэма көпшілік жұртқа таныс. Поэма негізінен екі бөлімнен тұрады. Поэманың басында алай-дүлей ақ боран, қарға көмілген ауыл, «көңілін ой күпті қылған» балаға кездесеміз. Анасы өлген, ал әкесінің күйі болса:

Ішуге сылтау табылар,
«Ішемін,-дейді,-күйіктен:
Қызған соң айтар әні бар:
«Өмір-ау, неткен сүйікті ең!» [2, 91б.].

Поэманың көтерген басты тақырыбы - әке мен бала проблемасы, қазіргі заман. Қоғамымызда бел алып бара жатқан маскүнемдік, ішімдікке құмарлық жайлы сөз етіледі.

Қызып ап кейде «сорлым» деп,
Құшақтап ұлын жылайды.
«Арақты енді қойдым» деп,
Төсекке барып құлайды.
Әкесін сонда бас салып,
Кемсеңдеп,
ернін тістелеп
Көзінен ыстық жас тамып,
Жалынар:
«Папа ішпе!» [2, 92б.], -

деп. Көз алдыға жалынышты жүзбен қарап тұрған бала келері сөзсіз. «Халықтың аузында, әннің сазында жүруі үшін өлең қыран самғар биікке көтерілуі керек шығар. Әйтпесе бүкіл елге қалай еленеді. Ұлықбек жырлары сахнада, экранда оқылады, домбыраның күмбір үнімен жарасым тауып толғау болып айтылады. Бірде Алматыдан Қаскелеңге бару үшін таксиге түстім. Жүргізуші бір әншінің домбыраға қосып айтқан Ұлықбектің «Қара пима» поэмасын машина магнитофонына қосып, сүйсініп, елітіп тыңдаумен болды.

-Қандай қасірет, қандай аянышты хал, осыны қалай келістіріп жазған, - дейді әлгі жігіт.

-Бұл Ұлықбектің жазғаны ғой, мен оны білемін,-деп айқайлап жібергім келді. Өлең күдіретін түсінбегенге айқайласаң да ештеңе жетпейді. Онсыз да отты жырдың жылуына балқып отырған ақынжанды замандасымның рахатқа бөленген көңілін қысыр әңгімеге бұрғым келмеді. Осы арада ойыма студент Ұлықбек оралды. Осы «Қара пиманы» түбіт мүрт бозым шағында жазды. Алғаш рет өзі еңбек жолын бастаған «Дидар» газетінде жарияланды» - дейді Ғ.Байбатыров [3,9 б.].Поэмаға қайта оралсақ:

Кетемін! Бол, - деп, - хош аман...
Анасы ғайып жоғалды.
- Кетпеші, Мама «бес» алам!..-
- Кемсеңдеп бала оянды[4,95б.],-

деген, осы жолдардан анаға деген сәби махаббаты, сағынышы ерекше көрінеді.

«Достарым жүр ғой далада,
Отырғанша үйде қамалып,
Кетем деп ертең қалаға,
Айтайын да жаңалық!...»

Киінбек еді...

- Отыр! – деп,

Әкесі тыйып тастады.

- Салып қой пешке отын! – деп,

Қалтасын қармай бастады [4,96 б.].

Осы сәттен бастап оқиға шиеленісе түседі. Қалтасынан ақша, сатарға дүние таба алмаған маскүнем әке баласының пимасын қолтықтай шығады. Артынан жылап, жалаң аяқ жүгіріп шыққан балаға да қарамайды.

«Пимамды қалдыр, папалап», -

Баласы қалмай жүгірді.

Шарт етіп шойын шапалақ,

Омбылап қарға жығылды [24, 98б.].

Адам ағзасын улап алар «ащы суға» құмарлық әкені баладан, баланы әкеден айырады. Біздің қоғамда дәл осы күйді кешіп, қаңғып жүргендер аз емес. Жасөспірім балалардың түрмелер мен калонияларға түсуінің басты себебі осы сияқты. Ата-анасынан тәрбие көрмеген, ашқұрсақ балалардың, тірі жетімдердің қылмысқа бармасқа амалдары жоқ. Сараптауымызша, бұл поэманың көтерген тағы бір басты мәселесі – тәрбие. Қиындығын арақпен жеңбек болған әке балаға қандай тәрбие бермек деген ойға қаласың. Нашакорлар мен маскүнемдерді көріп өскен бала ертең қандай азамат болып шығары да беймәлім. Ақынды осы мәселе толғантады.

Күмілжір көрші:

- Ден сау ма?

- Ұлымды?

- Ұлың қалада

- Интернатта ма ол сонда?

- Жатыр ғой ауруханада... [4,100 б.].

Әкесінің бұл емделу орталығынан келген кезі. Келсе, үйі қаңырап бос тұрады, алдынан тек иті ғана шығады.

- Атама! Ұрттап тағы мен...

Құрысын...

Болғам шатылып...

Ұлыма сыйлық алып ем.

Берейін соны апарып... [4,101б.].

Кеш те болса, қатесін түзеген әкесі ауруханаға келеді. Баланың халін сұраған соң:

- Сыйлығы да бар әкеңнің:

Шыққанда өзің кисін деп,

Жап-жаңа пима әкелдім,

Аяғы тоңбай жүрсін деп.

...Жөтелден сонда қиналып,

Қолымен басып өкпені,

Баласы:

- Енді пиманың...

Қажеті маған жоқ... - деді.

Қараса...кеште баяғы...

Пиманы сатып ант ұрған...

Үсіген екі аяғы

Кесілген екен балтырдан!... [4,104б.].

Өзегінді өкініш өртейді. Мүмкін бұл әкеге қателігі үшін берілген жаза шығар. Осы орайда М.Шахановтың:

Бір адамға байланысты,
Бір адамның болашағы,-

деген жолдары еріксіз ойыңа оралады. «Неге әке үшін бала жазалануы керек?» деген сұрақ мазалары да анық.

Әйнектен сәуле бөлшек боп,
Әкенің түсті басына.

Бұл, әлде, оның сол сәтте

Ағарып кеткен шашы ма? [4,107б.]-

деп поэма аяқталады.Заманның айықпас ауруын, маскүнемдікті, оның тартқызар ашу-азабы жайлы тебірене жырлайды. Мұндай өзекті мәселені қозғауы ақынның азаматтық бет-бейнесін аша түседі десек қателеспес едік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Есдәулет Ү. 2 томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2006. – Т.1. – 392 б.
2. Қуантайұлы Н. Кестелі жырдың кемелі /Н.Қуантайұлы // Ана тілі, 2002.- №48.
- 3.Байбатыров Ғ. Қыран жырлар самғауы /Ғ.Байбатыров // Тіл мен діл, 2004.- №4
- 4.С.Торайғыровтың 110 жылдығына арналған Республикалық студенттер мүшәйрасы. Өлеңдер жинағы.-Павлодар, 2003-83.

ӘОЖ 82.09.

ЗЕЙНОЛЛА ШҮКІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

МАЛАМАНОВА Ж.М.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализируются тематические особенности произведений Зейнолла Шукирова.

Summary. The article analyzes the thematic features of Zeinolla Shukirov's works.

Зейнолла Шүкіров – қазақ поэзиясындағы теңіз сырларын романтикалық жырлармен өрнектеген ақын. Арал теңізінің шалқып жатқан кезеңінде өршіл ойлы жан әлеміне толқындардың қозғалысын, теңіздің шалқар кеңістігін, дауылды сәтіндегі аласұрған, тымық күндегі момақан қалпын, т.б. – өмір құбылыстарымен баламалы суреттерін өз жырларымен сабақтастырды. Ақынның теңіз келбетін жыр арқауына алған өлеңдері «Қайрат-кеме», «Теңізге», «Теңіз жыры», «Арал», «Теңізді тентек жел тербеп», «Шулайды теңіз», «Теңізбен кездесу», «Теңіздің жағасында», т.б. – бәрі де ақынның өмір ағынында адамдардың жан әлемі мен теңіз құбылыстарының тоғыса тұтасқан болмысын танытады.

Лирикалық қаһарман – тынымсыз қозғалыстағы теңіз – өмір ортасындағы романтикалық тұлға. Ақынның теңіз туралы өлеңдерінен табиғат құбылыстарымен егізделе өрілген ақын-күрескердің әрі нәзік, әрі өршіл рухты қайсар бейнесімен диалогтасамыз. Теңізбен сырласу – лирикалық қаһарман ақынның жүрек тебіреністерінің үні. Теңіз – өмір тынымсыз қозғалыстағы тіршіліктің шынайы болмысы. Адамдардың табиғаттың толық мүшесі тұрғысында өзін қоршаған құбылыстармен іштей сырласа өмір сүретіні – Жаратушы Алланың құдіреті арқылы жүзеге

асқан ұлы заңдылық. Зейнолла ақынның теңізбен тілдесе, сырласа жырлауы оның азаматтық лирикасындағы ұлттық-отаншылдық дүниетаным биіктігін дәлелдейді.

«Теңіз жыры» өлеңіндегі лирикалық қаһарманның теңізге арнай жырлауы да табиғатпен етене сезімтал адам жан ділінің ғажайып сырлы әлемін елестетеді:

Шалқар теңіз, шуылдайсың, неге алмайсың сен тыным,
Асыр салып көкке атылып, ойнайды ерке толқының.
Көбік шашып күркіреді, соғып жартас төсіне,
Бұрқ-сарқ етіп құлап түсіп, қайта ұрады өшіге...
Онан сенің қайтпас қайсар қайратыңды көрем мен,
Асқақ үнді жыр іздесем күнде саған келем мен,
Тымық түнде тұңғыққа қонақтаттың сен Айды,
Күміс Күн де көкжиектен қимай саған қарайды.
Қандай көркем маужыраған жазғы сабат кешкі уақ,
Мүлгиді ойшыл жасыл жаған,
Не тыңдайды жас құрақ?!
Сыршыл жырдың бір шумағын таптым ба екен сонан мен,
Терең ойда толқып жалғыз тебіренгендей болам мен [1, 30б.].

Қазақ поэзиясындағы азаматтық лирика жанрындағы шығармалардың даму жолы халқымыздың көп ғасырлар бойы қалыптасқан тарихымен сабақтас сипатымен ерекшеленеді. Байырғы түркі өркениеті жазба ескерткіштері, орта ғасырлардағы Қазақ хандығы (XV–XVIII ғғ.) кезеңіндегі XIX ғ. және XX ғасырдағы мұралар – бәрі де кейінгі әдеби дамудағы азаматтық-отаншылдық сарындағы шығармалардың көркемдік негізі болды. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясының азаматтық сарынмен толыға, толыса жырлануында осындай дәстүрлі көркемдік жалғастық тағылымын танимыз.

Зейнолла Шүкіров – қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби үдерістегі елеулі шығармаларымен даралана танылған көрнекті шығармашылық тұлға. Қырық жыл бойы төсекте жатқанда қолынан қаламы түспеген, оқуы мен шығармашылық қызметін ұштастырған еңбек ізденісін оның әдеби мұрасы – ұлттық рухани құндылықтарымыз тағылымын танытады. Шығармалары бастапқыда аудандық («Социалистік Арал», «Толқын»), бұдан кейін облыстық («Ленин жолы»), республикалық («Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті») баспа сөз беттерінде («Жұлдыз», «Жалын») жарияланды.

Ақынның алғашқы өлеңдерінен бастап, бүкіл шығармашылығы жолында оның туған халқы, Отаны, ұрпақтар тағдыры, адамгершілік-имандылық, тәлім-тәрбиесі туралы ойлары негізгі тақырыптары болды. Ақынның азаматтық лирикасы ата-бабалар қалыптастырған ұстаздық, тәлімгерлік ойлардың жалғасындай жырланды.

Зейнолла – қазақтың ақын-жыраулары поэзиясындағы азаматтық-отаншылдық дүниетаным көзқарастарын жаңа дәуір ақынына тән жаңашыл ойларымен өрбіге дамыта толғады. Философиялық толғаныстарымен қазақ өлеңінің халықтық деңгейін биіктетті. Азаматтық лирика – өмір қозғал философиялық көзқарастар аясында қамтитын толғаныстар әлемі. Өмір қозғалысындағы әрбір тіршілік иелерін, құбылыстарды, қасиеттерді үндес, үқсас ерекшеліктеріне орай баламалай жырлау барысында жеке адамдардың жалпы қоғамға, өркениетке қосатын үлесі айқындалады.

Ақын Зейнолла қазақтың ұлттық-этнографиялық дәстүрлі тұрмысы мәдениетіндегі өмірге күштарлықты, шынайы қабілетті, өнер сайысымен өрнектелген дала өркениеті адамдарының жан әлемі сілкіністерін, мұрат ұстанымдарын романтикалық-реалистік болмысымен бейнелейді. Мысалы, «Бәйгі» өлеңінің идеялық-композициялық желісінде өмір қозғалысындағы екі мәселе саралана қамтылған: біріншісі – тіршілік қозғалысындағы адамзат қауымына тән тынымсыз жүріп жатқан іс-әрекет, мұрат-мақсат жарыс-сайыс бәсекесі; екіншісі – азаматтық-отаншылдық парасатпен, шығармашылық шалқар шабытпен өмір сүретін өр рухты адамдар ұстанымен мәлімдеу.

Өлеңнің бірінші бөліміндегі тіршілік қозғалысындағы қарама-қарсылықты әрекеттердің, қасиеттердің егізделе өрілуі өмір шындығын айқын болмысымен көз алдымызға елестетеді:

«Қас тұлпар!» деп қыдыңдатып күр тайды,
Жұртқа әйтеуір ат оздырмақ бір қайғы.
Кім келерін көмбе басы көрсетер,
Бәйгі айырар жаман торы сүмпейды,
Қаса тұлпар көтермесіз өзі-ақ алда шырқайды [2, 102б.].

Поэзиядағы азаматтық көзқарас – шынайы өмірдегі барлық адамдардың жан әлеміндегі бұлқыныстарды, талпыныстарды танытады. Әрбір саналы адамның өзін қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортадағы өмір қозғалысындағы оқиғаларға, жаңалықтарға, өзіндік үлестерін қосатыны мәлім. Жеке тұлғалардың жаңалықтарымен жалпы тіршіліктегі адамдарға ортақ құндылықтар құралады. Өмір қозғалысы бәйгісінде жеке тұлғалардың әрқайсысының дара әрекеттері өзара әрі үндес, әрі өзгеше сипаттарымен айқындалады. Әсіресе, өнер иелерінің (ақындардың, жазушылардың, композиторлардың, суретшілердің, мүсіншілердің, сәулетшілердің) шығармашылық шабыты баураған жан-жүйе толғаныстарынан мәңгілік туындылар дүниеге келеді. Шығармаларының адамзат ұрпақтарына рухани қызмет ләззаттын беруін ойлаған өнер адамының шабытты еңбек бәйгісі аламанындағы психологиялық хал-ахуалының романтикалық-реалистік сипатын Зейнолла ақын өлеңі арқылы айқын сезіне аламыз:

Жан қинасам мыңдар үшін қинаймын.
Мен біреудің уысына симаймын,
Жан қинасам мыңдар үшін қинаймын.
Бірақ, жаппай көтермеге шаппандар,
Көп торыдан айылымды жимаймын,
Жалғыз шауып,
Бәйгіңді алып,
Мыңдар, саған сыйлаймын! [2, Б:102-103.].

Ақындардың азаматтық-отаншылдық ұстанымдары туған жерді, атамекенді жырлаған өлеңдерінен де мол байқалады. Қазақ даласының барлық аймақтарындағы таулар да, өзендер де, ормандар да, бетегелі белдер де, жалпақ жондар да, кең жазықтар да, т.б. барлық өңірлер – бүкіл қазаққа ортақ Отан. Зейнолла ақын да қазақ даласының барлық өңірлерін өзара сабақтас, тұтас Отан ұғымымен сүйген қазақ азаматына тән парасат биіктігі ұлағаты көзқарасын жырлайды.

Кең-байтақ қазақ жеріндегі көлдер де, таулар да, жусан көмкерген кең дала да, қойнауларды мекендеген ауылдар, күннің қызуы мен таза ауасы – бәрі де қазақ перзенттерінің жан ділі сыры болып төгілген:

Қандырған сусынымды егіз көлің,
Жүрсем де қай қияда соны іздедім.
Аңсадым бір қарауға Алатауға,
Құмарттым бір жұтуға теңіз демін [2, 158 б.].
... Бұл өмірде шеңберді де, параллелді көп сыздық,
Елеңдейсің кейде алдыңнан кесіп жұмбақ өтсе іздік.
Құба жондар...
Құба жондар талдырады көзінді,
Осы арадан басталардай әлем деген шексіздік [2, Б:159-160.].

Әлем әдебиетіндегі азаматтық лирика арқылы халықтардың ұлттық-отаншылдық және жалпы адамзаттық гуманистік көзқарастары

3. Шүкіров поэзиясындағы азаматтық-отаншылдық өлеңдер де классикалық мұралар дәстүрімен үндес сипатымен жырланған. Туған Отаны қазақ даласындағы ата-бабалар қалыптастырған кемел ойлы парасат, көркемдік ойлау биіктігінде жырлауды дамыта жалғастырған Зейнолла Шүкіров өлеңдері қазақ поэзиясының поэтикалық қазынасын байыта түскендігімен ерекшеленеді [3.].

Қорыта айтқанда, дарынды ақын Зейнолла Шүкіров поэзиясындағы азаматтық-отаншылдық өлеңдер арқылы халық ділінің мызғымас беріктігі дәлелденген. Жан-жақтан анталаған жат ықпалдармен арпалыса жүріп, туған даласын, жан жүйедегі қайсарлығын, күрескерлігін жоғалтпаған қазақ ұрпақтарының ғасырлар белестерінен өткен, енді жаңа

тарих асуларына аттанған жарқын болашақ жолы аңғарылады. Ақындардың азаматтық ұстаным жолын ұлықтаған қуатты жырлары арқылы қазақ әдебиетінің, тәуелсіз Қазақстанның әлем өркениеті кеңістігінде де өзіндік тұғырын биіктете беретін мемлекеттік бағдарына да зор сеніммен қараймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шүкіров З. Таңдамалы. Өлеңдер және поэмалар. - Алматы, Жазушы, 1976. -304 б.
2. Шүкіров З. Адам – Жер – Ана. Жыр кітабы. – Алматы, «Жазушы», 1974. -111 б.
3. Кәрібозұлы Б. Сырлы сөз сипаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 196 б.

ӘОЖ 82.09.

Қ.ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ТҮРБЕК Д.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проанализированы тематические особенности художественных произведений К. Жумадильдаева. В каждом произведении предусмотрено решение социальных, общественных проблем.

Summary. The article analyzes the thematic features of K. Zhumadildaev's artistic works. Each work provides for the solution of social, social problems.

Жазушы Қабдеш Жұмаділов туралы сөз болғанда, оның өзіне тиесілі тарихи міндетін орындаған ұлт азаматы, нағыз халықтық жазушы екендігіне ешкім күмән келтірмейді. Өйткені, Қабдеш Жұмаділовтің жеке басының тағдыры да, көркемдік әлеміндегі кейіпкерлерінің тағдыры да ұлы атамекендегі қандастары үшін мүлдем тосын құбылыс еді. Өзіне бүкіл көшпелі қауымның соңғы бір көшінің рухани қуаты мен бақ-талайын, азаттықты аңсаған арманы мен азабын, қуанышы мен қайғысының көз жасын аманат етіп тапсырған міндетті Қабдеш Жұмаділов ар-ожданына кір келтірмей, табандылықпен және шын ер жігітке тән қайсарлықпен орындап шықты. Ол сол арман-мүдденің жыршысы ғана емес, соны жүзеге асырған нысаналы тұлға дәрежесіне көтерілді.

«Қабдеш Жұмаділов – біздің буында өмірбаяны аса бай жазушы. Енді, міне, өмірден көрген, бастан кешкен сол ұланғайыр мол материал жазушының сарқылмас шығармашылық азығына айналып отыр. Бір елде туып-өсіп, есейген шағында екінші бір елге келіп, сол ел туралы көркем шығарма жазу – екінің бірінің қолынан келер жеңіл нәрсе емес. Бірақ Қабдеш бұл сыннан сүрінбей өтті. Оған бұл жолы да өзінің табиғи талантымен қоса өмір тәжірибесі көмектескені анық. Оның басқаларымыздан бір артықшылығы – өзі көрген екі түрлі өмірді, екі түрлі қоғамдық формацияны салыстыра зерттеуге мүмкіндігі бар. Осы қасиетті Қабдешті жазушы ретінде тез есейтті. Біздің көзіміз үйреніп, етіміз өліп кеткен көп мәселеге ол тың көзбен, сұңғыла реалистің көзімен қарай білді...» - Әкім Тарази өте жоғары бағалағандай, Қ.Жұмаділовтің шығармашылығы қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алады. Себебі, кез-келген шығармаларын оқыған адам әсер алмай қоймайды, кез-келген кейіпкермен бірге толқу үстінде отырады. Өйткені тарихи шындықты көркем, шебер бейнелеп, суреттеген. Жазушының шығармаларының тақырыптары да өзектілігімен оқырманын баурап алады.

«Тозақ оты» (2009), «Ақтұманың «Ханшайымы» (2009), «Көкжал» (2011) тарихи хикаяттарымен Қ.Жұмаділов осы жанрды шығармашылығының өнімді саласына айналдырып отыр. Оның көркем шығармаларында сана қатпарларында жатқан өткен күннің суреттері көп баяндалатыны мәлім. Мысалы, «Тағдыр» романы ұлт әдебиетіне «көші-қон» тақырыбын әкелді

және қазақтың басынан кешкен тарихи жағдаяттарының саяси-әлеуметтік, тарихи-психологиялық қырларын жан-жақты баяндап берді.

Алайда, туған өлкесінде саяси оқиғалардың салдарынан екіге бөлініп қалған ұлт тағдыры қос империяның аумалы-төкпелі, қазақтар үшін тым баянсыз саясаттарына тұрлаулы болып қалғаны да тарихи шындық.

Жазушы «Тозақ оты» хикаятында өзі жақсы білетін тарихи оқиғаларға тағы да қалам тартқан. Мақсаты: ілгеріде жазған шығармаларында айтылмай қалған оқиғаларды ескерусіз қалдырмау. Сонымен бірге, осындай оқиғаларды автор ел ішінен көп естіді әрі өзі де көзбен көріп, бастан кешті.

Міне, сол оқиғалар уақыт өткен сайын өзінің түпкі мәнін басқа қырынан аша түсіп, жазушының жан дүниесін үнемі мазалай берді. Шығарманың өзі де жазушының төл туындысы болып саналатындықтан, олардың да тіршілік иесі тәрізді жарыққа шығуға ұмтылатыны заңды.

«Тозақ оты» хикаяты жеке адамнан бастап, адамзат баласының бастан кешкен және кеше бермек қасіреттерін баяндаған. Бір кездегі өзгенің тарапынан көрген қорлықтар мен зорлықтардың үнемі еске алына беруі, оның әділетсіз екенін әшкерелейді. Тарихи уақыт жеке адамның санасынан сол сәттерді әр түрлі айла-амалдарымен өшіріп жіберуге тырсса да, бәрібір ұлт (қазақ) мінез-құлқына жамаған жағымсыз таңбалары қалады және қорқынышпен еске алынатыны да шындық.

Қ.Жұмаділов баяндаудың көркемдіктің қабатындағы оқиғалық желінінің шып-шырғасын шығармай еркін өрбiте беретiн қаламгер болғандықтан, Такламакан шөлiнде тiрiдей тозақ отына түскен Қытайдағы қазақтардың тағдырын Бағлан есiмдi кейiпкердiң басына жинақтаған. Ол: «Шыңжаң университетiнде қазақ бөлiмдерi ашылу керек. Қытайша, ұйғырша оқыған жастар ертең қазақ мектептерiнде қалай сабақ бередi? Сонан соң «Шыңжаң қазағы мәдениет жағынан Қазақстаннан алыстамауы керек. Сондықтан бiзге Қазақстан жазуын қолдану керек» дептi [1, 19 б.]. Содан «ұлтшыл», «қос жүрек», «шетелдiң қағып кеткен шегесi» деген саяси қатерлi атақ алып, «идеялық жағынан тазаруға» Тарымға жiберiледi. Мiне, осы жерден бастап жазушы «лагерлiк өмiрлердiң» қыр-сырын тәптiштей баяндайды.

«Ақтұманың «Ханшайымы» (2009) заманауи тақырыпта жазылған деректi-тарихи хикаят. Жазушы оқиғаға негiз болған нақты фактiлердi оқырманға айтып жатуды қажет деп таппаған. Себебi, қазiргi ел осы мазмұндас әнгiмелердi көп естидi. Хикаят болған және аңызға бергiсiз шын оқиғалардың негiзiнде жазылған. Бұл деректi көркем шығарма және бұған толық дәлел бар. Тарихи жағы оның деректiлiгмен де тiкелей байланысты, себебi бүгiн болған оқиға ертеңгi тарих.

Оқырманға (оқымаған оқушыны айтып отырмын) осы хикаятты қысқаша мазмұндасақ, оқиға негiзiнен «Ақтұма» аулымен байланысты өрбидi. Бір кездегi Шығыс өңiрдегi дүркiреген көп мал совхоздарының бiрi болған бұл ауыл, Одақ ыдыраған соң бүгiнгi тiлмен айтқанда «болашағы жоқ» болып қалған. Бар-жоғы алты-жетi үй қалған жетiм ауылда бұрыңғы жылқышы Сайлау марқұмның Аққайшасы кенже қызы Айсараның Алматыдан «тауып қап» ауылға әкеп салған кiшкентай Моншағымен күн көрiп жатады. Аққайша бұған да шүкiршiлiк етiп қояды. Бұл жоқ болса, не болғандай екен... Балалары өздi-өзi тiршiлiктерiмен әр облыста жүр. Айсарасы Алматыда, болған iске болаттай берiк боп, бәтуасыз, махаббатсыз бiр еркектiң (Нұрқанат) екiқабат қып тастап кеткенiне «асылып қалмайды», қайта қайратына мiнiп, тiрлiк етiп жатады. Жiгiт: «Мен алысты көздеген адаммын. Мақсатқа жетуiме байдың қызы жол ашады. Ал, сен маған масыл болудан басқа не бересiң?» [2, 72 б.] деп өз заманының «еңiреген ерi» өз уақытының «манифестiн» төтесiнен қойып, тайып отырған.

Жазушының «Көкжал» хикаяты әйгiлi Оспан батыр Исламұлы қатысқан тарихи оқиғалар, Орыс-Қытай-Моңғол қарым-қатынастары және олардың қол астындағы аз ұлттар мен қазақ халқының көтерiлiстерiнiң көркем шежiресiн баяндаған. Хикаяттың қасқаша мазмұны мынадай: Алтай қазақтары көтерiлiсiнiң басшысы Оспан батырдың тұтқынға түсiп, дәлiрек айтқанда 1951 жылдың 15-наурызында Үрiмжiдегi атақты екiншi түрмеге қамалғаны. «Бiр кезде Шәрiпхан төре, Бұқат бейсi, Ақыт қажылар жатқан түрме ғой бұл. Атақты Таңжарық ақын осында жатып, өзiнiң өлмес жырларын шығарған...» [3, 59 б.] деп автор анықтап айтқан Үрiмжi

түрмесінде шығарманың оқиғасы өрбиді. Осындағы бір жарым айға созылған тергеулердің хаттамалық барысы арқылы басты-басты оқиғалар айқындалады.

Ал Оспан батырды әдебиет тарихына, көркемсөзге «Көкжал» деп қашап жазған тұңғыш қазақ жазушысы – Қабдеш Жұмаділов. Және, Оспан туралы біздің әдеби мұрамызға проза жанрында өзінің тарихи-көркем қырымен кеп қосылған шоқтықты шығарма да осы «Көкжал» повесі[4.]. Бұл хикаят ұлт тәуелсіздігі тұсында, атап айтсақ жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығында жазылғандықтан, Оспан батырдың бұғауға бағынбаған ұлы рухын еске түсіреді. Себебі, ол аңсаған азаттықтың тұсында жарық көрген тарихи хикаят өзінің мазмұны мен идеялық жағынан бүгінгі оқырманға үлкен олжа болып, ой салады деп санаймын. Осының бәрі, әсіресе қарымды қаламгердің ұлтшыл ұстанымдарының нәтижесінде мүмкін болған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 «Тозақ оты». Хикаят. «Жұлдыз», №4, 2009. – 3-40-бб.
- 2 «Ақтұманың «Ханшайымы». Хикаят. «Жұлдыз», №9, 2009. – 57-75-бб.
- 3 «Көкжал». Хикаят. «Жұлдыз», №9, 2011. – 59-83-бб.
- 4 Оспан батыр Исламұлының туғанына 110 жыл. («Азаттықтың өшпес рухы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция). Алматы: «Атажұрт» баспасы, 2010. – Б.198-199.

ӘОЖ 82.09.

Р.МҰҚАНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕЛЕУДІҢ КӨРІНІСІ

ШУЛГАУОВА Г.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проанализированы проявления психологической репрезентации в творчестве Р. Мукановой.

Summary. The article analyzes the manifestations of psychological representation in the work of R. Mukanova.

Еліміздің тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінде Роза Мұқанованың туындылары арқылы кешегі кеңестік дәуірдің, бүгінгі демократиялық қоғамның бет-бейнесін, мақсат-мүдесін, беталысын көркемдік шеберлікпен суреттеп бергенін бүгінде көпшілік қауым мойындап отыр. Әңгіме және драма жанрында қалам сілтеген қаламгер Р.Мұқанова тоқырау кезеңіндегі ұлт тағдыры, елдегі саяси-әлеуметтік қайшылықтар, өтпелі кезеңдегі адам болмысы, оның ішкі жан-дүниесінің айналасындағы ортамен қабыспауы, рухани жадаулық сияқты мәселелерді, сондай-ақ бүгінгі демократиялық қоғамдағы адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы қайшылықтарды күн тәртібіне батыл қоя білді.

Осындай күрделі мәселелерді көркем бейнелеп, шығарманың басты идеялық нысанасына айналдырып, характерлердің арқасына жүк етіп салып, өмірлік мақсат-мүдделеріне айналдыру кез келген қаламгерден үлкен шеберлікті талап етері сөзсіз.

Қазақ прозасындағы Р.Мұқанованың әңгімелеріндегі тақырыптық-идеялық жағынан тереңдеуі, әдебиеттегі жаңаша көркемдік ізденістері байқалды. Себебі адам мен адам, адам мен қоғам, тұлға мен тобыр, ой мен сезім, мансап пен ұждан, ынсап пен ындын, арман мен мақсат, іс-әрекет пен көзқарас, дүниетаным мен мінез-құлық арасындағы қарым-қатынас пен талас-тартыстарды көрсету, әрқайсына өз көзқарасын білдіріп әділ «үкімін» айту жазушыларды жаңа көркемдік әдіс-тәсілдерге баруға, оны шеберлікпен игере білуге бағыттаған еді. Осындай өзекті

мәселелерді бейнелеп, барша адамзат баласын ойландырып отырған сауалдарға жаап іздеу мақсатында қаламгерлер терең тартысқа құрылған туындыларды дүниеге әкеле бастады.

«Қүдірет-кие» атты тарихи әңгімесін жазар алдында, Шыңғысхан жайлы тарихи деректерді ала отырып, Шыңғысхан мен інісі Хасар кейіпкерінің егжей-тегжейіне дейін біліп, оқиғаны жазар алдында өзіндік қолтаңбасы мен пайымына сүйенеді. Шыңғыстың әкесі-Есугей батыр. Оның бірінші, әрі басты әйелі Оэлун. Шыңғыстың қол астындағы Көкеш деген адам оның билігіне таласады. Бұл дерек тарихта жазылған. Ал, Р.Мұқанова осы сюжетті өзіндік шеберлігімен тарихта болған Шыңғыс хан мен әңгімедегі кейіпкері екеуінің нақты бейнесін ашуға тырысады. Шыңғысхан Көк тәңіріге қатты сенеді. Өйткені, өзіне дарыған ақыл Көкпен деп біледі. Жалпы, түркі халықтары Көк тәңіріге табынған. Оған деген сенімі мен түсінігі ертеден сонау Күлтегін тасынан да аңғарылады. Автордың көркемдік тәсілінің бірі-шығармаларында культтік фразеологизмдер жиі ұшырасады. «О, тәңірім», «Жасаған ием», «Құдайға күніне мың да бір тәубе қылушы едім», «Құдай біледі», «Алладан күт». Ананың балаға деген, баланың бауырға деген, ал бауырдың билікке деген сезімдері көрініс береді.

«О, тәңірім, азаптан құтқар, жәрдем бер! Бауырымнан шыққан өз балам бір-біріне дұшпан болып ұстасса, заманымда не қасиет қалғаны. Онда ел анасы атанған Өлең сорлыда не қадір бар. Тар құрсағымды кеңітіп, тас омырауымды иітіп, кеудеме басқан қос сәби ер жетіп, ел иесі атанғанда бір-бірімен неге бола, кімге бола жауықты? Жүрегімді жарып шыққан қос құлын бұл күнде неғып суынып, теріс айналып, берекесі қашты? Жауға қатал болам деп, қатігез болып кеткен бе? Бір анадан туған қос батыр-Шыңғыс пен Хасар ағайыншылығын ұмытып, көздеріне қан толғанда, қайсысыңа кінә артып, қайсысыңды ақтаймын»[1,36.].

Бұдан байқағанымыз әр суреткер өз шығармасындағы суреттеп отырған бейнесін қиялынан тудырып, талғамынан өткізіп, оған өзінше мінез, қимыл-әрекет беріп шығарманың өң бойында жандандырады. Ал Роза Мұқанованың әңгімелерінің дені әйел психологизмі, адам өмірінің өзгеше қырлары мен шығармашылығындағы философиялық түйіндерді шешуге тырысады.

Алайда әңгіменің басты тақырыбы-АНА. Аналық сезім. Әңгіме кейіпкері Өлең шешенің балаларына деген аналық сезімі, ханның да қараның да анадан туғанына, ана алдында Шыңғыстай әлемді билеген ханның өзі де бас иетіндігі. Бірақ не үшін, неге бола өлім үкіміне Шыңғыс ханның бұйырғанын түсінбеген. Білетіні - ол қатал, өзі айтқан жарлықтан ешқашан да бас тартпайды. Басын аламын десе, бесіктегі сәбидің де қылшадай мойнын қия салатын. Өлім. Әсіресе Шыңғыстың қолынан бұйырған өлім, қасиетті, күдірет жіберген, тәңірі сыйлаған ажал деп түсінетін.

Роза Мұқанова «Қүдірет-кие» әңгімесінде былай суреттейді: «Ішке біткен қызғаныш пен ашудан Шыңғыс хан арыла алмай, күні бойы ордасынан басын көтермей жатып алды. Күн өткен сайын Хасардың малын талатып, жұртын көшірткізді. Әйтеуір, бар ойы Хасарды бір тұқыртып, тоздыруға тырысқан. «жұпыны жұртта Хасардың омыртқасы сынып, жалғыз қалыпты» дегенді көп ұзамай Өлең-шешей тағы да естіп, өзінде күй болмаған соң, көшірісіп әкелуге Хасарға адамдар салған. Бірақ қарт ана Шыңғыс пен Хасардың арасындағы болған қақтығысты естіген сәттен кейін, мүлде қартайып кеткен. Самайына қыраулап ақ кіріп, белі бүкшііп, еңсесін көтеруден қалған. «Бел омыртқасы үзіліп, Хасар көшкен жұртта жатыр» дегенді естігенде-ақ, бұл Шыңғыстың әрекеті екенін айтпай-ақ іштей түсініп еді [1, 126.]. Әңгіме шеберлігі жазушылардың жан-жақты жаңалыққа бейімделуінен байқалады. Б.Майтановтың: «... тұлғаның қысымға ұшыраған өзіндік ерекшелігі ескерілді; дәстүрлі сюжеттік-композициялық сызбадан құтылу мүмкіндігі туды» [2, 57 б.], - пікірі нақтылайды.

Роза Мұқанова әңгімелерінде ащы шындықтың аражігін ажырата айта білу мен әлеуметтік өмірдің көлеңкелі жақтарын әшкерелеу, рухани жаңару дәуіріндегі егемендікті насихаттау мен құлдық санадан бой тарту, жаңалыққа күштарлық, ұлттық болмыстың жаңғыруына деген ұмтылыс бой көрсеткендігі анық.

Қызғаныш пен ашудан арыла алмаған хан өзінің інісінің малын талатып, жұртын көшірткізеді. Мұның барлығы ханның көзіне толған қан еді. Автор

психологиялық бейнелеудің бір түрі. Түс көру тәсілін шебер пайдаланады. Бүлтәсіл біздің әдебиетімізде кейіпкердің ішкі өмірін беруде жиі қолданылатын әрі берік дәстүрге енген көркемдік компонент. Оны жазушы жиі қолданбаса да ең онтайлы сәттерде сәтті пайдалана да біледі. Қайсыбір көркем дүниелердің көркемдік-идеялық мазмұнында көркемдік штрих, детальдарды сәтті қолдана білгендігі туралы атап өттік. Үлкен әдебиетке шағын жанрдағы шығармалармен келген Роза апай оны жанрлық жағынан байытты. Бірқатар дүниелерінде сыршылдық әуен, нәзік лиризм басым болса, ендігі бір шығармалары терең психологизмге кұрылды.

«Түс көру тәсілі-психологиялық бейнелеудің бір түрі. Бұл тәсіл біздің әдебиетімізде кейіпкердің ішкі өмірін беруде жиі қолданылатын әрі берік дәстүрге енген көркемдік компонент. Оны жазушы жиі қолданбаса да ең онтайлы сәттерде сәтті пайдалана да біледі. Тегінде, түс көру тәсілін қолданған қаламгерлер екі мақсатты мұрат тұтады. Бірі-үстің мазмұнын психологиялық талдау тұрғысынан интерпретациялағысы келсе, екіншілері-сюжеттік желіге арқау болар түс көру эпизодын поэтикалық қуаты мол әдеби құрал ретінде қарастырады» [3,91б.]. «Шыңғыс хан тұншығып жатыр екен, ұйқысынан шошып оянды. «Ойпыр-ай, -деді жалғыз өзі. –Мен бір сұмдық түс көрдім,-деді жан-жағына қарап. –Күдірет-кие... –Күдірет-кие...екен деймін. Әміршім мені дүниеге әкелген Өлең-шешем екен деймін». Көздері шатынап, Шыңғыс хан жаңағы түсті тағы есіне алды. Дағар жерге түсіп үлгермей аузы ағытылып келіп, ішінен бөлшек-бөлшек болып домалаған Өлең-шешесінің бейнесін көреді. Кесілген басы, қол –аяғы сатырлап бөлек-бөлек болып құлап жатыр екен. Жаны бар шешесінің басын не дағарға қайта саларын, не жерден алмайын деп екіұдай күйде тұрғанда, жаңағы шешесінің басы: «Көтер! Ал мына басты»,-деп әмір етеді. Бұл-Күдіреттің ісі. Оған сенің әмірің жетпейді. Шыңғыс балам. Көтер енді, қара жерге тастай көрме» [2,13б.],-дейді.

Мына әлемді адамдардың бір-біріне деген тартылыс сезімі бар. Ол ана мен бала махаббаты. Оның күдіреттілігі әңгімеде былай беріледі: «Шыңғыс келе жатыр. Анасының аяғына бас ұрып, кешірім сұрамақ. Рахымы түсіп, кешірім етсе, бұл дүниеде Өлең-шешенің алдынан кесе өтпейді деңдер!» -деді. Осы сөзді Шыңғыс хан теріс қарап, иегі кемсендеп, жанарына жас толып, қатты босап айтты. Бұл жолғы ұлы жорық бір ай кешігіп басталды [2,13б.]. Әңгімеде бүкіл әлемді бағындырған әміршінің ана алдында әмірші ғана емес, ана үшін ол оның перзенті болып қалатындығы мен әйел-ананың Алла берген күдіреті де көрінеді.

Роза Мұқанованың өзіне дейінгі қазақ әңгіме жанрының бар жетістігін бойына сіңіре отырып, ұлттық әдебиетімізге жаңаша ізденістер әкелу жолында талмай еңбек еттіп келеді. Қаламгердің шығармаларын сараптай отырып, бүгінгі талаптарға сай ғылыми байламдар жасадық.

Жазушының «Жарық дүние» (1994, «Жалын»), «Дүние кезек» (1997, «Жазушы») әңгімелер жинағы, «Күдірет-Кие» (2000, «Сөздік-Словарь») әңгімелері мен драмалық хикаяттары жарық көрді. 2001 жылы Рабғүзидің «Қисса-сұл-Әнбий-я» кітабын алғаш рет қазақ тіліне тәржімалады.

1996 жылы Қазақтың мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында «Мәңгілік бала бейне» пьесасы қойылды. 1997 жылы Ғ.Мүсірепов атындағы мемлекеттік академиялық жастар мен балалар театрында М.Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесінің желісінде драмалық қойылымы сахналанды.

Роза Мұқанованың 2001 жылы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында «Қыз жылаған» әңгімесінің желісімен кино түсірілді.

Жазушы-даматург Роза Мұқанова Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығының, «Жалын» журналының Т.Айбергенов атындағы сыйлығының (1989), Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (2002, «Күдірет-Кие»). 2011 жылы Еуропалық қоғамдастықтың ұйғарымымен Прага қаласында әдебиетке сіңірген еңбегі үшін Франц Кафка атындағы медалімен марапатталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанова Р. Муза. Әңгімелер мен хикаяттар. -Алматы:Жазушы, 2004.
2. Майтанов Б. Қаһармандардың рухани әлемі. – Алматы,1982. -246б.
- 3.Пірәлиева Г. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралдары. Оқу құралы. -Алматы: 2007.

ӘОЖ 82.09.

М.БАЙҒҮТ «ЖОҒАЛҒАН ЖҰРНАҚ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

СУГУРБЕК Ж

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно проанализированы особенности использования психологизма в рассказе М. Байгута «Жоғалған жұрнақ».

Summary. The article analyzes in detail the features of the use of psychologism in M.Baigut's story «Zhogalghan zhurnak».

Қазақ прозасы тарихында – желтоқсан тақырыбына қалам тартушылар аса көп емес. Қазіргі қоғам мәдениетіндегі болып жатқан өзгерістерге сай, оқырман қауым бірыңғай философиялық, психологиялық, тарихи романдардан гөрі, шынайы өмірдің шындығына негізделген, тарихи-саяси, ақпараттық-интеллектуалдық мәлімет беретін деректі роман жанрына қызығушылық танытуы да түсінікті.

Өз шығармаларында уақытқа үн қосумен бірге, өткеннің өшпес ізін де, атап айтар болсақ еліміздің ақтаңдақ тарихы болып қалып отырған Желтоқсан ызғарын да тұңғыш аңғарған жазушылардың бірі – Мархабат Байғұтұлы. Ол іс-әрекеті, мінез-құлқы өзгеше кейіпкерлердің бейнесін сомдауға талпынды.

Мархабат Байғұттың «Жоғалған жұрнақ» [1,188б.] әңгімесі оқыс хабардан басталып, оқырманын еліктіре түсетін әдіске құрылған.

«Жұрнақ көке жынданып кетіпті». Әңгіме оқушы баланың көзімен беріледі. Жазушының шеберлігі айқын. Оқып шыққан жан кейіпкер тағдырына жаны ашиды. Жалған пафостан ада. Текемет кенті тегіс білетін Қонақбай ағайдың жалғыз ұлы. Жұрнақ тек желтоқсан қасіретінің құрбаны болған жас жігіт Жұрнақ. Оның есімі әншейін берілмеген. Бұл жоғалған ұрпақтың символы. Мәңгірттену аллегория арқылы симптомдары айтылған. «Жынды Жұрнақ адамдарды бір-бірінен айырмайтын, кісі танымайтын, кімнің кім екенін мүлде білмейтін». Қазіргі қазақ баласының кейпіне ұқсайды, ана тілін білмейді, өзі мен жатты, ақ пен қараны ажырата алмайды. Ұлтсыздану мен жаһандану дертіне шалдыққан ұрпақ қасіреті бейнеленген. Санасы мәңгірт. Ұлтының қасиетін танудан қалып, қазақтыңтан аулақ кетіп барады. Жұрнақ – текті әулеттен. Сондай озық жасты заманы қор қылды. Мәскеуде оқып жүрген білімді жігіт. Алматыға сүйген қызы Алмаға келгенде тепкіге ұшырайды. Басынан арматура темірімен ұрған. Жұрнақтың жындануының негізгі себебі сүйген қызынан айрылуы, сол бір қазақ қыздарының көрген қорлығы. Әкесі тіл мен әдебиеттің маманы. Ол күйіктен қайтыс болды. Директор Сағындықовтың анасы ғана жынды Жұрнақтың бетінен сүйеді. Оған кейін Жұрнақ: «Жоқ, сізді танымаймын, бірақ бетімнен сүйгеніңізді білем ғой, неге білмеймін» дейді. «Ана байғұс ал кеп еңіресін-ай сонда». Директор Сағындықовтың анасы. Жұрнақ жынданған, қоғамдағы асыл қызметінен айрылған. Текті ағалар да заманға күйлеген. Сондықтан қалың елі қазағы қорғаусыз. Жұрнақ айнала жұрттан ән-күйден сабақ беретін Сағынышты, директор Сағындықовты тануы тегін емес. Бұл қазақтың тегі мен өткеніне сағынышты, тектілікті аңсауды түспалдайды. Бұл

символдық әңгіме. Жұрнақ өлерінде туған үйінің табалдырығына кеп тізе бүгеді. Автор мұны санасында сағыныш деген ұғым өлмеген деп түйіндейді.«Басқалармен тақырып ортақ, объективті ұқсас болған күннің өзінде, хас шебер туындысында өмір құбылыстары ұлттық топырақ исін жоғалтудан, бояу- реңінен айырылудан ада болса керек.

Өйткені өнердің даралық сипатын көрсететін, оның табиғатын ашатын негізгі эстетикалық категорияны - бейнені халықтық ұғымнан бөліп қарау – оны мансұқ ету- дейді Р.Нұрғалиев [2, 146 б.].

Мектебіміздегі барлық мұғалімдерден биік көрінетін ағайымыз мұқым-мүлде кішірейіп кеткен екен.Бәрінен де бетер қайран қалдырғаны қалжыраңқы Қонақбай ағайымыздың жайшылықтағы жылуарлы жанарының бұрынғы нұрынан жұрдайлығы еді» [2,88б.] – деп, автор көтеріліске қатысты деген ұлының қай қуыста, қай түрмеде жатқанын білмей жаны қиналған, елінің, жұртының еңбегі сіңген абыройы мен беделі бір ұлағатты ұстаздың тергеу мен тексеру жанын жегідей жеп қойғанын суреттеу мезетін сәтті шығара білген.

«Нұры тайған жанарды» суреттеу арқылы автор болашағынан, «үміт еткен көзімнің нұры балам» дегендей үміті үзіліп, мойынұсынған пенденің бейнесін берген. Жазушының көрсетіп отырғаны, ел аман, жұрт тынышта төрт құбыла сай шаңырақтың төбесі ортасына түсіп, кешегі Мәскеуде оқуын оқып, бітіріп келе алмай, тіктеп жатқан ұлымен мақтанып жүрген әке, кіріптар болып, көзін көтере бетіне қара алмай жүзімен жер шұқып жүргені. Бұның сыры неде деп мәңгілік жауабын бірде тауып, бірде таппай, оқиға желісін трагедиямен ширықтыра түседі.

Тура туған табалдырығына тізерлеп, кіндік кескен үйіне басын иген тәрізді.» Жалпы шығарманың әлеуметтік мазмұнын, жазушы үй, қарашаңырақ мотиві арқылы айқындап отырады. Демек, қаламгер ұлттық танымға тән мотивтер мен дәстүрлі символдарды шебер пайдалану арқылы Желтоқсан қасіретінің қазақтың халықтық рухына тигізген зардаптарын аша білген.

Әңгіме негізін құрайтын екі желі бар. Біріншісі: Заман, қоғам әділетсіздігі, екіншісі: Ортаның, әлеуметтің жеке адамға қиянат, озбырлығы. Осы арқылы автор қазақ жұртының бауырмалдық, өзара мейірім, қайырым қасиеттерінен де азғындай бастағандығының ауыр суреттерін береді: Ал қалың жұрт «жынды» атаған Жұрнақ жанында мейірім мен ізгіліктің шуағы мол. Әке шаңырағына деген адалдық, өз туған босағасына деген сүйіспеншілік сезімдерін жадынан шығармауы оның шын мәнідегі адамдық болмысын биіктете түседі. Қоғам қысымы, қолдан жасаған қысастық пен ортаның зәбірі оның болмысын аласарта алмайды. Шығарманың көркемдік қуаты да осында.

Желтоқсан көтерілісі туралы көркем дүниелер көп деп айта алмайсыз. Бірақ ауызды қу шөппен сүртуге де болмайды. Желтоқсан туралы түсірілген көркем фильмдер дегенде «Қызғыш күс» пен «Аллажар» еске түседі. Ал, көркем әдебиетте біраз дүниелер баршылық. Солардың бірі қарымды қаламгер Мархабат Байғұттың «Жоғалған жұрнақ» деген әңгімесі. Әңгімеде оқиға желісі бұрынғы Брежнев алаңында емес, тас еден түрмеде де, қуғын-сүргінде де емес, қарапайым қазақ ауылында өтеді. Алматыдағы Желтоқсанның жаңғырығы Қазығұрттың баурайындағы алақандай ауылға теңіздің толқынындай болып соғылады. Ауылдағы ағайын оқиғаға әрқалай баға береді. Желтоқсан талайлардың тағдырын тәлкекке салады. Көлемі жағынан онша ауқымды емес, бірақ көтерген жүгі ауыр дүниені селт етпей оқымау мүмкін емес. Қазақы мінез-құлықты, қым-қуыт тіршілікті керемет кескіндей білетін Махаң оқырманын үнсіз егілтеді, сол кездегі мектеп оқушысының көзімен Желтоқсан қасіретін жүрегімен сезіндіреді. Кейінгі жылдары драматург ретінде көрерменге бірқатар тәуір дүниелерін ұсынған Мархабат Байғұттың жуырда жоғарыдағы әңгіменің желісімен жазылған «Жоғалған жұрнақ» атты трагедиялық қойылымы Шымкенттегі Ж.Шанин атындағы облыстық драма театрында сахналанды. Қойылымның режиссері Иманалы Сапаров, көркемдік жетекшісі Ерғали Оразымбетов. ...Бәрі де Алматы вокзалынан басталады. Осы жерге сүйген жігітін күтіп алуға асыға жеткен бойжеткен қыз – Алма. Ал, сүйген жігіті –Мәскеудегі ең үздік оқу орнының студенті – Жұрнақ туған ауылына да аялдамастан, түп-тура Алматыға тартып кеткен. Қойылымда сексенінші жылдардың соңындағы

қазақ жастарының мінез-құлқы, жігері, өмірге деген ерекше күштарлығы өте шебер суреттелген[3, 146 б.].

Олар өздерінің алып мемлекетте өмір сүріп жатқанын мақтан ететін, келешегін керемет көретін нағыз белсенді студенттер. Жастардың өзара әңгімесінен сол кездегі саяси жағдай, дәлірегі Горбачевтің қайта құру, жариялық саясаты, тіптен оның Қонаевпен арадағы салқынқандылығы да аңғарылады. Жастар отанымыздың жүрегі деп мақтан ететін Мәскеуде оқитын Жұрнаққа қызыға қарайды. Мәскеуде бәрі тамаша, бәрі кереметтей көрінеді. Бірақ сол Мәскеу төрінде жүрген Жұрнақтың пікірі басқаша. Ол Кремльдің озбыр саясатын, өзге ұлттарға «тобыр, тағы» деп қарайтын отаршылдық пиғылын өз көзімен көріп, санасымен түйсінген...

...«Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қонақбайдың Мәскеудегі ең үздік оқу орнында оқитын ұлы-Жұрнақ Алматыға келген сапарында көтеріліске қатысып, темір торға камалыпты» деген сөз Қазығұрттың баурайындағы Айқұмырсқа ауылына де жетеді. Біреулер даттаған, біреулер бейкүнә Жұрнақты, алаңға шыққан жастарды жаладан арашалағысы келеді. «Бәсе-бәсе, Қонақбайды қайта-қайта облысқа тергеуге шақыра беруі тегін емес, Жұрнақ бірдеңені бүлдірмесе бүйте ме?» деген пыш-пыш әңгіме айтылады. «Жоқ, алаңға шыққан жастар маскүнем, нашақор емес» дейді қариялар. Кезінде Шымкенттегі педагогикалық институтты үздік бітіріп, дипломмен бірге ауылға қалыңдығын да қоса әкелген Қонақбай, бертінде келіншегі егіз ұл тауып, оған Жұрнақ пен Жалғау деп ат қойған Қонақбай ағайға бұл үлкен соққы еді. Жалғау жас күнінде шетінеген. Оның артынша әйелі де о дүниелік болған. Енді міне, өмірдегі жалғыз шырағы Жұрнақтан тірідей айырылып отырғаны мынау. Ақыр соңында қайғыға шыдай алмаған Қонақбай ағай құсадан қайтыс болады... Желтоқсан қаншама адамның тағдырын талқан етпеді десеңізші.

... Кезінде Мәскеудегі ең үздік оқу орнының студенті, Алма деген ақмаңдайлы қалыңдығы бар» деп жұрт әңгіме еткен Жұрнақ ауылға жынды болып оралады. «Әй, бір сом берші» деп әркімге алақан жайып, жаман коляскасын сүйреткен ол «жынды Жұрнақ» атанады. Сол жынды Жұрнақ күндердің күнінде жаман коляскасымен тас тасып жүреді. «Мұны қайтесің?» дегендерге «Ескі үйімнің орнын таптым, сол жерге там саламын», – дейді. Ескі үйінің іргетасына тас тасып жүрген Жұрнақ тастардың үстіне көк жалаушаны іледі. Осы жерде автордың, жалпы туындының негізгі идеясын байқайсыз[4.].

Ол идея – желтоқсаншылардың азаттық рухын жаңғыртқаны, тәуелсіздігіміздің тұғырын қалап кеткені, ұлттық санаға сілкініс әкелгенін көрсетуі еді. Боранда тас тасып жүріп, үсіп өлген Жұрнақ автордың өзі айтқандай, «жынды емес еді, ол адам еді». Ол тәуелсіздік жолындағы құрбандық еді. Бір қуантары, премьерға жастар көп жиылды. Қойылым барысында олардың жиі-жиі қол соғуы, «Жоғалған Жұрнақтың» жүректеріне жол тартқанын байқатса керек. Желтоқсанның өшпес рухы жастардың бойында жалындай берсін, сол рухты сезіндіре білген осындай дүниелер көбейе бергей!

Мархабат Байғұт, жазушы, «Алаш» сыйлығының лауреаты, қойылымның авторы: Қазақ тарихында көптеген көтерілістер болды. Солардың ішінде Желтоқсан көтерілісінің жөні бөлек. Ол ұлттың санасын өзгерткен, санаға серпіліс әкелген көтеріліс. Желтоқсан қазақты дүниежүзіне танытты. Желтоқсан туралы қаншама кітаптар жазылды, бірақ Желтоқсанға қазақы көркемниеттік көзқарас емес, мазақы көзқарас бар. Өкінішке қарай, Желтоқсанның намысы мен рухын ұмытып кете береміз. ...Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мұражайда, ақын Ханбиді Есенқарақызының ұйытқы болуымен Желтоқсан оқиғасына арналған мазмұнды іс-шара өтті. Оған оншақты желтоқсаншы қатысты. Сол жерде бір келіншек – Желтоқсан оқиғасы кезінде 16-17 жастағы бойжеткен сөйлей алмай қайта-қайта булыға берді. «Кешіріңіздер, мен айта алмаймын», – деп отырып қалды. Ол нені айта алмады? Ол оқиға кезінде мұздай қаруланған жендеттердің тепкінің астына алып, арматурамен ұрғанын, мұзға жатқызғанын айта алмады. Мәшинеге малша артып, Алматыдан алыстағы омбы қарға лақтырып тастағанын айта алмады. Қаншама студенттер оқиғаға қатысқаны үшін оқудан шықты, тағдырлары талқан болды. Шығарма осы Желтоқсанды бір сәт болса да жадымызда жаңғыртсақ деген ниеттен туындап еді. О баста бұл әңгіме ретінде жазылған. Кейіннен ол мектеп, жоғары оқу орындарында сахналана бастады.

Ойы терең, қиялы ұшқыр, қаламы жүйрік, кең тынысты, жұлдызы жарық, суреткерлік өрнегі өзгеше жазушы М.Байғұт бұл күндері шығармашылық толысудың асқақ биігіне көтерілген қаламгер! Жазушының жан сырын ашып, түсініп – түйсінгісі келген оқушы оның әрбір жаңа кітаптарын асыға күтері хақ. Үздіксіз ізденісте жүретін, көп жазу емес, көркем жазуды мақсат еткен қарымды, қажырлы қаламгерге шығармашылық жаңа табыстар тілейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Байғұт М. Бұла бұлақ. Әңгімелер/Мархабат Байғұт.-Алматы: Раритет, 2012.-384-б.

2 Нұрғали Р. Әдеби және дәуір талабы. –Алматы: Жазушы, 1976. – 300 б.

3 Байғұт М. Төрт томдық шығармалар жинағы, Алматы : «Қазығұрт» баспасы, 2005.

4 Байғұт М. «Жоғалған жұрнақ» (Желтоқсанға 20 жыл. әңгіме. Шымкент, «Жебе» 2006),

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

I СЕКЦИЯ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ

ИБРАГИМОВА Г.Қ. «ШАҢНАМЕ» ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ЖЫРЛАУЫНДА.....	3
ҚҰРМАНБЕКОВА А.Т. КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ АҚЫНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫ МЕН ЛИРИКАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ.....	5
ОРЫНБАСАРОВА А.Т. ҚАЗАҚТЫҢ ТҮРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ «ЖЫЛАУ-ЖОҚТАУ» ӘН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	9
ОРЫНБАСАРОВА С.Қ. ХАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДА САТИРА МЕН ИРОНИЯНЫҢ КӨРІНСІ.....	13
ТАЗАБЕКОВА Ж.Ж. Т.ҚОЖАКЕЕВ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ.....	17
АЛИПБАЕВА С.Н. XIX ҒАСЫРДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИ МЕКТЕПТІ АЙҚЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	20
АБДИЕВА К.А. С.СЕЙІТОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	24
СЕМБАЕВА Б.П. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНИСТЕР.....	27
ҚАНАТҚЫЗЫ Д., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ӘРІПТІҢ АЙТЫСТАРЫ МЕН СӨЗ ҚАҒЫСТАРЫ.....	30
ОСПАНОВА М.Д., ПЕРТАЕВА Э.Қ. А.БАЙТҮРСЫНОВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ.....	35
БИТАБАРОВА Г.Қ. МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ.....	38
КЫРГЫЗАЛИЕВ А.Е. Қ.А.ЯССАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ ПОЭТИКАСЫ.....	41
ОСПАНОВА А.Б., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ХҮІІІ-ХІХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ САТИРАСЫ.....	44
ТИЛЕУШОВА А.Т., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ШЕБЕРЛІГІ.....	47

II СЕКЦИЯ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТАТТИБАЕВА С.Х. ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ.....	51
ҚОЖАХАНОВА Ж.С. ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУ.....	54
БАЛТАБАЕВА Н.Т. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ МЕКТЕПТЕРДЕ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРУ ТУРАЛЫ ҰСТАНЫМЫ.....	58
АЛКЕЕВ Е.Б. ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ТУРАЛЫ.....	60
АЯПБЕРГЕНОВА Т.М. ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУ МҰМКІНДІГІН ІЗДЕНУ, АҚПАРАТТЫ ТАЛДАУ МЕН ИГЕРУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КІТАПХАНАНЫҢ РӨЛІ.....	64
ПИРНАЗАРОВА Г.Г. АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ МОТИВАЦИИ УЧАЩИХСЯ.....	67

АБДУЛЛАЕВА Ә.Ж., КУБЕЕВА С.О. ТҮРІК ТІЛІН ҚАЗАҚ ТІЛДІ СТУДЕНТТЕРГЕ ОЙЫН ТҮРІНДЕГІ ӘДІСТЕРМЕН ОҚЫТУ	70
АБДРАШОВА А.Қ. ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ӨЗ БЕТІМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	72
ОНЛАНБЕК Г.Ж. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ	76
ЖАНДРАСИНОВ К.К. МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯ	81
БИМЫРЗАЕВА Г., ХАДЖИДУРСУНОВА С. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	85
РАХИМОВА Ж.И. ШЕРХАН МҮРТАЗА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ	88
ТЛЕПОВА Б.П., СЕМЕМБАЕВА Г.А. ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ШКОЛЕ	90
РАИМБАЕВА Ж.С., КУДЕБАЕВА З.Н. КОУЧИНГ КАК ПРОЦЕСС ЭФФЕКТИВНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ КОЛЛЕГ	92

ІІІ СЕКЦИЯ ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҰСТАНЫМДАР

ХАЛЫМБЕТОВА А.А. БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫ ТУРАЛЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ, САЯХАТШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	97
ИГИЛИКОВА Э.С., БАЙЖОЛОВА А.К. СЛЕНГ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	102
БАИМБЕТОВА А.А., БӨЛТЕКОВА Д.Б. МАҒЖАН, СӘКЕН, ЛИЯС ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ	105
БАИМБЕТОВА А.А., ТҮЗЕЛБЕК Ж.Б. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	110
БАИМБЕТОВА А.А., ҚАБЫЛБЕК А.Т. ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР	113
БАИМБЕТОВА А.А., СЕРІКБАЙ Т.Қ. АНАФОРАЛЫҚ ТІЛ БІРЛІКТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ	117
ШОРМАҚОВА С.М. ҚАЗАҚИ ТҮРМЫСҚА ҚАТЫСТЫ ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕРДІҢ ХАЛЫҚТЫҚ СИПАТЫ	121
ЫҚЫЛАСОВА Қ.Б. ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӨНЕР АДАМДАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІ	125
ОМАРОВА А.О. С.БАЛҒАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЗАМАНА ШЫНДЫҒЫ МЕН ЗАМАҢДАС БЕЙНЕСІ	131
БИДАЙ М.С. С.БАҚБЕРГЕНОВ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ КЕЙШКЕР ТАБИҒАТЫ	134
ЕСЕМБЕК Э.Т. М.МАҒАУИННІҢ «ЖАРМАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ «ЖАРМАҚ» ҰҒЫМЫ	139
УСЕНОВА И.Е., БЕРКЕНОВА Р.А. Ж.ДӘДЕБАЕВТЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	141
ЖАҚЫШБЕКОВ Е.Е. Ә.ТАРАЗИДІҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ГАЛЕРЕЯСЫ	144
УНЕРБАЕВА Л.Қ. ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МОДЕРНИСТІК ЖӘНЕ ПОСТМОДЕРНИСТІК БАҒЫТТАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ КӨРІНІСТЕРІ	147
ТҮРҒАНБАЙ Г.Б., БЕРКЕНОВА Р.А. С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМ	151
БЕРКЕНОВА Р.А., АЙДАР ЖАНСАЯ. Қ.МҰХАМЕДЖАНОВ КОМЕДИЯЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР	155

БЕРКЕНОВА Р.А., ШАПАНТАЕВА А.Т. С.ЖҮНІСОВТИҢ «АЖАР МЕН АЖАЛ» АТТЫ ДРАМАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС.....	158
АСУБАЙҚЫЗЫ М. ҚҰЛЫНШАҚТЫҢ АҚЫНДЫҚ ӨНЕРІ.....	160
ТОҚСАНБАЕВА З.Н. Б.МОМЫШҮЛЫНЫҢ «ҮШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІНДЕГІ ОБРАЗДАР.....	163
АБДИРОВА С.М. Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АНАЛАР ОБРАЗЫ.....	166
ЖАРЫЛҚАСЫНОВА А.С. Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «СЫЛАҢ ҚЫЗ» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ КОМЕДИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ КӨРІНІСІ.....	168
ШАПАНТАЕВА А.Т. СӘКЕН ЖҮНІСОВТИҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ.....	169
ҚЫРЫҚБАЕВА М.Ж. ТӨЛЕГЕН АҚЫН ЛИРИКАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	172
ҚАСЫМБЕКОВ Ә.Қ. Ү.ЕСДӘУЛЕТОВТИҢ ТУЫНДЫСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ.....	174
МАЛАМАНОВА Ж.М. ЗЕЙНОЛЛА ШҮКІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	177
ТҮРБЕК Д. Қ.ЖҮМАДІЛОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	180
ШУЛГАУОВА Г.Б. Р.МҰҚАНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕЛЕУДІҢ КӨРІНІСІ.....	182
СУГУРБЕК Ж. М.БАЙҒҮТ «ЖОҒАЛҒАН ЖҮРНАҚ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	185

Шартты б.т.11,5
Қағазы офсеттік
Қағазы офсеттік басылым. Таралымы 100 дана
Тапсырыс №118

ХТИИ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 73 А

